

8 63 (5к)
А 40

Қырықбай Алдабергенов

*Императорский Российский
казацко-землеметный отряд
содержания
истории
(1731-1917)*

Павлодар

Б 63 (5С)
АНО

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Қырықбай Алдабергенов

**Патшалы Ресейдің Қазақстанды отарлау
саясатының тарихынан (1731-1917 жылдар)**

Павлодар – 2003

ББК 63.3 (5Каз)
А-69

Пікір жазғандар:

- Асылбеков М.Х. - ҚРҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор
Қосаяқов Б.Қ. - тарих ғылымының кандидаты, доцент
Ешмұратов А.Қ. - тарих ғылымының кандидаты, доцент

Қырықбай Алдабергенов

Патшалы Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының тарихынан. -Павлодар: «Университет баспа орталығы», 2003.-199 бет.

ISBN-9965-652-59-1

Бұл монографияда XVIII-XIX ғасырларда Ресейдің түрлі қалаларында реакциялық, буржуазиялық-демократиялық және революциялық бағыт-бағдарда шығып тұрған басылымдарда шет аймақтар, оның ішінде Қазақстан туралы да жарияланған материалдарға талдау жасалынады. Кітап авторы, тарих ғылымының докторы, профессор Қ.Алдабергенов сол арқылы патшалы Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыт-бағдарын анықтап, өзіндік зардаптарын көрсетеді. Еңбек жоғары оқу орындарының тарих, саясаттану, журналистика, филология факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына және ізденушілер мен аспиранттарға арналып жазылған.

С. Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

ISBN-9965-652-59-1

ББК 63.3

© Алдабергенов Қ., 2003

© Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова

Кіріспе

Қоғам дамуының өзгерістерге толы қазіргі кезеңінде өткенге көз салып, ой елегінен өткізу парызымыз.

Ал, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары өз бастауын сонау XVIII-XIX ғасырларда шығып тұрған көптеген газет-журналдардан алатындағы белгілі. Мәселен, өткен XIX ғасырдың өзінде ғана Ресейде алуан түрлі бағыт ұстаған жүзден астам басылымның болғаны-ақ көп нәрсені аңғартқандай. Олардың барлығы да, мысалы, демократиялық бағыт ұстанған «Современник», «Отечественные записки» немесе либералдық-буржуазиялық бағыт ұстанған «Вестник Европы» мен «Русский Вестник» журналдары да отарлық шет аймақтар туралы материалдар жариялап, орыс оқырмандарының арасында түрлі қоғамдық пікірлер тудырып отырды.

Бұл басылымдар Ресей империясының қол астына қарайтын отар елдер туралы бөлім ашып, оларды орыс халқына арнайы таныструды алдарына мақсат етіп қоймаса да «Одан-бұдан», «Ғылым», «Саяси хроника» сияқты бөлімдерінде кавказ халықтары, түрікмендер, башқұрттар, қалмақтар, бұқаралықтар, хиуалықтар, сарттар, қырғыз-қайсақтар (казактар) сияқты шығыс халықтарының тұрмысы, салт-сана, әдет-ғұрып, кәсіпшілігі жайынан көптеген оң және теріс (кейде әдейі бұрмаланған) мағлұматтар таратып, түрлі мүдделерді көздеді.

Себебі, XVIII-XIX ғасырларда шығып тұрған әр газет-журналдың өз бағыт-бағдары болды. Мысалы, жаңағы айтқан «Современник», «Отечественные записки» мен либералдық - буржуазиялық бағыт ұстанған «Вестник Европы», «Русский Вестниктердің» мүдделері екі бөлектің. Сондықтан, әр журналда жарияланған материалдардың бағдарларына байланысты өзіндік ерекшеліктері болды. Әрі осы басылымдарда отар елдер, бұратана халықтар туралы басылған дерек, мәлімет, зерттеулерде түпкі билеушілік мақсат, журналистикаға тән әдіс-тәсілдер мен қатар ізгі ниет те төбе көрсетіп қалады.

Мәселен, түрлі басылымдарда авторлар құрамының әр саланың, әр мамандықтың иелері яғни, әркелкі болуына байланысты, олардың ұстанған бағыты-бағдары да әркілі болды. Мысалы, «Отечественные записки» журналында материалдары жарияланған авторлардың дені жазушылар, Ресей география қоғамының мүшелері, саяхатшылар болса, керісінше, «Русский Вестник» журналында материалдары жарияланған автордардың негізі-шенеуніктер немесе әскер басшылары, былайша

айтқанда миссионерлер еді. Сондықтан, Орта Азия, Кавказ өңірі, Қазақстан туралы, бұл мемлекеттердің елі, жері, тарихы, шаруашылығы, әдет-ғұрпы жайында екі журналда бір мәселеге арналып жазылған материалдар мазмұны, фактілері, тіпті жазылу стилі жөнінен де бір-бірінен айырмашылығы көп болатын. Осыған орай бұл материалдардың қайсысы шындыққа жанасымды деген сауалға, тек оларды өзара салыстырып адал талдау жасау арқылы ғана жауап беруге болады.

Сондықтан біз бұл еңбегімізде көптеген проблемаларды сол әңгіме арқауы болып отырған тарихи жағдайлармен байланыстыра қарастыруға күш салдық. Себебі, XVIII-XIX ғасырлардағы Ресейдің ішкі-сыртқы жағдайы, капитализмнің дамуы, сауда қатынастары, өнеркәсібінің өркендеуі, олардың шет аймақтарға әсерінің баспасөзде көрініс табуын зерделемей, тек бір бағытта талдау жасасак онымыз сыңаржак болары сөзсіз.

Сөйтіп, бұл демократиялық бағыт ұстанған "Колокол", "Отечественные записки" немесе либералдық-буржуазиялық бағыт ұстанған "Вестник Европы" мен "Русский Вестник" журналдарының сандарында казак тақырыбына жарияланған еңбектердің сол кездегі қоғамға, одан қала берді казіргі заманға азды-көпті қажеті бар ма? Жоқ, әлде керісінше, бұл тақырыптар тар шеңберде, тек патшалық Ресейдің отарлық саясат жүргізу үшін қолданған құралы болды ма? Бұл басылымдарды зерттеуіміздің себебі қандай,- деген сауалдарға тоқталсақ, онда мына жағдайларды атап өтер едік:

- журнал беттерінде казак тақырыбына жарияланған хабар, мақала, очерк, зерттеу еңбектер казак халкын баска ұлттарға, әсіресе Евопа елдеріне таныстыруға, олармен қарым-қатынас жасап, достасуға игі әсерін тигізді;

- бұрыннан өзімізге белгілі тарихи деректердің кейбір келелі, көленкелі жақтарын нақтылай түсуге көптеген материалдар береді. (мәселен, егіншілік, табиғат байлықтары, қоршаған ортаны қорғау, жұмысшылар тұрмысы т.б.); казак халқының өткен салт-сана, әдет-ғұрпына мәдениетіне байланысты мәселелерге ерекше көңіл бөліп, оларды оқырмандар арасына кеңінен таратуға қызмет етті;

- еңбекте орыс журналистикасындағы казак тақырыбының даму кезеңдері де назардан тыс қалған жоқ. Мәселен, алғашында орыс авторларының жарияланған материалдарында хабарлау (информациялық) сипаты басым болды. Олар орыс оқырмандарын казак

халқының қоғамдық болмысымен, шаруашылық кәсібімен, халық ауыз әдебиетімен, салт-санасымен таныстырады.

Бұл мағлұматтар әлі де болса зерттелмеген бейтаныс өлке туралы орыс және шетел адамдарының танымдық сұранымдарын аз да болса қанағаттандырып отырды. Сондай-ақ, орыс журналистерінің бәрі ел арасындағы жақсылық пен жамандық куәгері, жеткізушілері ролінде ғана қалып қоймай, қазақ халқына іштей бүйрегі бұрылып, өздерінің оларға деген оң қабақтарын таныта білді. Бұлардың шындықты қазақшылдығында көрсетуге талпынған еңбектері Ф.Булгарин сияқты шовинистік көзқарастағы жазушысымақтардың ойдан қосып қаралап, бүкіл қазақ халқының ар-намысын аяққа таптаған шығармаларын жоққа шығарып отырды.

Ал, XIX ғасырдың екінші жартысында әсіресе орыс демократиялық баспасөзіндегі қазақ тақырыбы бұрынғыдан да жаңа сапалық қасиетке ие болды. Енді, «Колокол», «Отечественные записки» беттерінде проблемалық және перспективалық сипаттағы публицистикалық материалдар жариялана бастады. Сөйтіп, алдыңғы қатарлы орыс публицистері патша үкіметінің отарлық саясатын ашкерелеп, қазақ халқының қоғамдағы тарихи орнын белгілеуге халқадірінше үлес қосты.

Бірінші бөлім

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты туралы
орыс басылымдарында жарияланған материалдар

Бірінші тарау

Реакциялық бағыттағы газет-журналдар

казактар туралы

1 «Вестник Европы» журналындағы отарлық шет аймақтар тақырыбы

Кезінде либеральдык-буржуазиялық бағыт ұстанған «Вестник Европы» журналы бір ғасыр бойы патшалық самодержавияның саясатын насихаттап, шапшауын көтерген көптеген газет-журналдар ішіндегі ең бір белді де беделдісі болып саналды. Сондықтан да бұл басылымда отарлық шет-аймақтар - оның ішінде Қазақстан туралы да көптеген материалдардың басым көпшілігі белгілі бір мақсатты көздеген миссионерлік, яғни жаулап алушылық пиғылдағы еңбектер болды. Сөйте тұра көптеген авторлар өз шығармаларында шындықты бұрамалағанмен өміршең болмайтындығын түсініп, нақты мәселелерді көрсетуге тырысқан. Мысалы, «Вестник Европының» 1809 жылғы 7.8 сандарында жарияланған орыс жазушысы, зерттеушісі Н.Р.Мамашевтің казак халқының салт-сана, тұрмыс-тіршілігіне арналған очерктер циклы осындай дүние. Онда автор казак халқының бауырмал, ақкөңіл және жау жүрек, әрі сауықшыл, ән мен жырды жанындай сүйетін өнерпаз жандар екенін айта келіп, олардың атбегілік өнерін үлкен сүйіспеншілікпен былай деп суреттейді: «Қырғыздар төрт түлік малдың ішінен жылқыны ерекше қастерлеп, қасиет гүтады. Жылқы олар үшін мінсе көлік, ішсе сусын, жесе тамақ. Ал, ат жарыс, бөйге, қыз қуу, көкпар ойындарынан соң-ақ дүниежүзінде аттың құлағында ойнайды деген ағылшындардың өзі де олармен бақ сынастыруға бара қоймас» [1].

Бұдан соң осы журналдың 1818-1823 жылғы сандарында әдебиетші Г.И.Спасскийдің "1816 жылы қырғыз даласында болған экспедиция жазбаларынан мазмұндамалар" [2] деген ұзақ ғылыми мақаласы жарияланды. Ол мақалада алғаш рет казак даласының географиялық жағдайларына, табиғат байлықтарына, кен орындарына жан-жақты көңіл бөлінеді. Түркістан өлкесі, ондағы саяси жағдайға, Бұқар, Қокан, Хиуа хандықтарының жаугершілік әрекеттеріне баға беріледі.

Міне, XIX ғасырдың алғашқы жартысында осындай танымдық материалдар "Вестник Европының" беттерінде көп жарияланды. Ол арқылы орыс оқырманы, әсіресе, патшалық самодержавия көп жағдайдың байыбына барып, отарлау саясатының өздері үшін тиімді де, тындырымды тәсілдерін ойластырып, жүзеге асыра бастады. Осыған орай мысал ретінде "Түркістан көрмесі және біздің Орта Азиядан тапқандарымыз" атты мақаланы көлденең тартуымызға болады. Ол еңбектің қысқаша мазмұны мынаған саяды: "Петербург тұрғындары өткен айда аз да болса біздің Орта Азиядан тапқан көптеген заттар көрмесімен танысты. Бұрын орыс зиялылары Түркістанды тек қағаз жүзі бойынша білуші еді. Енді бұл олқылықтың орны толған сияқты. Әйтсе де, азаматтарға ол көрменің әлі де болса толық қанды еместігін, тек үлкен істің бастамасы болып отырғандығын ескерткіміз келеді. Сондықтан көрмеде Орта Азия өлкесінде өмірде жиі кездесетін түрлі өсімдіктердің, үй жануарларының, түйенің, қырғыз жылқыларының, үй-жабдықтарының, мақтаның түрлері, тағы басқалар жоқтың қасы.

Сонда да, бұл көрме үшін Северцев, Татаринов, Верещагиндерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Осы өлке жайындағы неғұрлым толық мәліметті орнитологиялық және минералогиялық коллекциялардан табуға болады. Мұнда сан және сапасы жағынан сирек кездесетін заттар бар. Коллекция құрамында құрлықта тапшы құстар бар: бүркіт, қаршыға сияқты даланың мақтаныштары кездеседі. Ал, рудаларға келсек, қырғыз жерінде темір, қорғасын өте көп болуға тиісті. Осындай көмір мен темірге бай өлке келешекте шаруашылықты тез дамытуға мол септігін тигізері сөзсіз.

Мануфактуралық бұйымдардың тізімінде мақта-мата және теріден тігілген бұйымдардың түрлері өте көп. Бұл бұйымдар (кілемдер мен теріден басқалары) онша маңызды, сапалы емес. Әрине, мұның бәрі де қол жұмысы. Жалпы, мақта және мата шығару ісі мұнда нашар жолға қойылған.

Ал, адамдар, олардың күнделікті тіршілігіне пайдаланатын құралдары тек эскиз-суреттер арқылы ғана көрсетілді. Тек, мұнда киіз үй мен қырғыздың бай-манабының зираты ғана көрсетілуде (Верещагиннің суреті). Осыдан-ақ біздер бұл өлкенің өте бай, келешегі мол екенін көреміз. Өндіріс нашар жолға қойылған. Бірақ сауда ерте дамыған. Кокан, Бұқара, Қытай, Ауғанстан, Шығыс Ресейдің артық заттарын алып отырады. Мұнда ағылшындардың да өз үстемдігін құрғысы келетіндігі

белгілі болып отыр. Сондықтан орыстар жол катынасын жақсартып, бүкіл билікті өз қолына алуы керек” [3].

Осы арада біздер орыстар мен ағылшындардың арасында Орта Азия мен Қазақстан өлкесі туралы ұзақ жылдарға созылған даулы мәселеріне тоқталмай тұрып, ең алдымен жол катынасын жақсарту, яғни, темір жол салу идеясының қалай пайда болып, журналға жарияланғандығы туралы әңгімелемекпіз. Осыған орай “Вестник Европының” бетінде “Орта Азия теміржолы туралы екі кітапша” деген мақала жарияланып, онда Орта Азиядағы Орынбор және Екатеринбург бағытындағы темір жолдарын өзара салыстырып, Сахарада жаңа жолдар салу негіздерін іздеп, Орынбор мен Ташкент аралығында тура теміржол салу туралы ұсыныс енгізеді.

Ол ұсыныстар мынадай еді: біріншіден, “Чтобы среднеазиатское сырье, особенно хлопок, вытеснило заграничный вывоз в Россию сырья того же достоинства, необходимо возможно более сократить расстояние; отделяющее Ташкент от всех важнейших торговых и промышленных пунктов империй” [4], екіншіден, “Таким образом, при подробном сравнении путей через Оренбург и через Екатеринбург, в торговом, административном, военном, политическом и экономическом отношении, а также в отношении постройки и эксплуатации, все выгоды оказываются на стороне Оренбурга – Каратугайского направления” [5].

XIX ғасырдың екінші жартысы Ресей үшін крепостнойлық заңдарын жойылып, капитализмнің орыс өмірінің барлық саласына меңдей енген кезі болатын. Сондықтан да патшалық самодержавияның қанды шенгелі қарауындағы болан елдерге бұрынғыдан да бата түсті. Олай деуіміздің сыры мынада жатыр. Қырым соғысы аяқталысымен орыстар қырғыз және кокандықтарға арнайы жасакталған әскери экспедиция жіберіп, көп мәселені өз пайдаларына шешіп, Орта Азияның билігін жеке-дара иемденген болатын.

Әрине, Ресейдің мұндай саясаты шетелдіктерге, оның ішінде бөлістен дәмелі болып, шет қалған ағылшындарға ұнаған жоқ. Сондықтан олар, орыстар Орта Азияны жаулап алу арқылы Индияға жол ашып, қауіп төндіруде деп шу шығарды.

Ал, Ресей болса, ағылшындар мен екі ортадағы онсыз да солқылдақ қарым-қатынасты бұрынғыдан да өршіте түскілері келмегендіктен 1864 жылдың қараша айының 21 жұлдызында арнайы циркуляр қабылдады. Онда орыстардың Орта Азияға жасап отырған

экспедициясының ешбір жаулап алушылық ниетте емес екендігі, қайта өз территориясын шапқыншылықтан қорғау және олармен сауда-саттық, қоршылқарым-қатынасты жақсарту, цивилизациялау мақсатында екені айтылды.

1. Циркулярда орыс линиясындағы екі бекініс, бірі Қытайдан Ыстықкөлге дейінгі, екіншісі Арал теңізінен Сырдария жағасын алып жатқан, бір-бірімен бекіністер арқылы жалғасып жату себебі көшпенділердің жиі-жиі шабуыл жасауына тосқауыл ретінде салынған деп түсіндірілді.

2. Орыстардың бұл бекіністері соншалықты ыңғайлы, құнарлы әрі сауда-саттыққа икемді жерлерде орналасуының өзі келешекте Орта Азияның халқын отырықшылыққа, егін егуге және цивилизацияландыруға айтарлықтай көмек тигізуге тиіс деп күтілді.

3. Ең соңында тез арада бұл шекара линияларының тұрақтылығын біржолата шешу керек. Өйтпеген жағдайда орыстар өшпенділік, тіпті қызығушылық ретінде өз шекараларын кеңейте беруі мүмкін деген шындыққа жақын болжаулар айтылды.

Бірақ циркулярдың бұл тектес мазмұнына шетелде, оның ішінде Англияда ешкім сенген жоқ. Олар осы мазмұндама орыстардың қауіпті жоспарларын жасыру үшін жамылған тондары ғана деп білді. Ал, шындығында Орта Азиядағы кейінгі жағдайлар орыс циркулярына керісінше ағылшындардың ойлағандарындай болып шықты. Ресей Түркістанды жаулап алумен және Шымкент қаласын бағындырумен шектеліп қалған жоқ. Орыс әскерінің жаңа экспедициясы 1865 жылы Бұхара әміріне қарсы шығып, Ташкент қаласын қиратып, империя құрамына қосты.

Араға бір жыл салып олар Бұхара әміріне қарсы соғыс өртін қайта тұтандырды. Сылтаулары тұтқындағы орыс офицерлері мен солдаттарын босату болды. Соның нәтижесінде Ходжент қаласы мен Қоқан хандығының бір бөлігі Ресейге тиесілі болып, жаңадан құрылған Түркістанның қол астына кірді. Осының барлығы Англияда таяуда ғана шыққан орыс циркулярын жоққа шығарды. Шетел баспасөзі жаңа мазмұндаманың бояуы да кеппей жатып, оның бар мазмұны кері шығып, құрғақ уәдеге айналды деп шу көтерді.

Бірақ, бұл кезде Ресейде өз міндеттемелерін орындай қоятындай еш мүмкіндік жоқ еді. Себебі, Орта Азия хандықтарының өзара қырқысулары аз болғандай орыс шекарасына шабуылдарын үдете түсулері отқа май күйғандай әсер етті. Оларға керегінің өзі де осы

болатын. Осындай оқиғаларды пайдаланып, патшалы Ресей Орта Азия халықтарына қарсы әскер қолданып, күш жұмсауға мүмкіншілік алды. Бұл аз болғандай Англияның сол кездегі премьер-министрі Лорд Россаль орыстар Индияны жаулап алмақшы, сондықтан Орта Азияны екі жақтап (бірігіп) колонияға айналдырайық деген ұсыныс жасады. Бірақ, орыстар көл-көсір олжаны олармен тегіннен-тегін бөліскілері келмегендіктен тағы да орыстардың Орта Азияны жаулап алу ниетінде емес екендіктерін айтып, ағылшындардың көңілін басқа жаққа аударуға тырысты.

Бірақ, көп ұзамай Ресейдің Самарканд пен Бұхараны жаулап алуы Англияда тағы да мазасыздық тудырды. Орыстар деді ағылшындар Орта Азияны бірте-бірте толық жаулап алған соң Ауғанстанға, одан Индияға ауыз салады. Сондықтан біздер оларға сенбеуіміз керек. Олардың алғаш бекіністері осыдан 20 жыл бұрын Каспий теңізі кеңістігінен басталып, Орынбор және Сібір даласы арқылы Ертіс өзеніне келіп тірелді. Енді, екінші линия Каспий теңізінен бастап Красноводск арқылы Әмударияға, Хиваның оңтүстігіне қарай және Әмударияның ағысымен Памир жоталарына дейін салынды. Ең соңында, үшінші линия Астробад қаласынан Персия шекарасына дейін (Гератаға дейін), одан Әмударияға дейін немесе Қандығар арқылы Кабулға дейін тартылады. Онда Мервті басып алу түкке тұрмайды. Ол Ресейге Индияның кілтін әпереді. Содан соң Англияға Ресеймен теңесу жоқ деп іш тарта бастады.

Иә, араға жылдар салып ағылшындардың орыстардан бекер сақтанбағандары растала бастады. Орыстар Кветта қаласын соғыссыз алды. Индия мен Ауғанстанның арасына жаңа линия (шекара) орнатты. Кабулге елшіліктерін жіберді.

Міне, осының бәрі де ағылшындарды бұрынғыдан да ашындыра түсті. Бір сөзбен айтқанда, олар орыстардың Орта Азияға жеке дара үстемдік құруын қаламады. Оны биліктен қайткен күнде де шеттеткісі келді. Сөйтіп, Ресей мен Англия арасында 1869 жылдан бастап қайтадан Орта Азия істері жөнінде ұзаққа созылған келіссөздер жүргізіле бастады. Орыстар Ауғанстанды Орта жер, Ешкім оған қол сұқпайды деп сенім берді. Ал ағылшындар болса, Бұхараның оңтүстігінде жатқан Әмударияны Орта жер қылайық. Ауғанстан жерінің ондай мүмкіндігі жоқ деген ұсыныс енгізді. Сонда бұл жер енді екі мемлекетті бөліп жататын шекара есебінде болмақшы еді. Алайда, орыстар оған келіспеді.

1869 жылы Ост-Индияның королі Лорд Мейо Петербургке орыстармен келіссөзге Дуглас Форсайтаны жібереді. Онда олар екі

мемлекет арасында келіспеушілік (шекара жөнінде түсінбеушілік) болмауы үшін сол кездегі Шир-Али-Ханның иелігіндегі жерлер Ауғанстанның шекарасы болып есептеледі деген тұжырымға келіседі. Алайда ағылшындар 1875 жылы бұл келісім дұрыс емес, оны жүргізген елшінің толық өкілдігі болмаған еді деп келісім шартты бұзады.

Осы жылдары Англияның министрлері ауысады. Енді кабинеттің басына Дизраэли келеді. Содан бастап ағылшындардың барлық шығыс елдеріне деген көзқарасы мүлдем өзгереді. Орыстарға және олардың Түркия мен Орта Азиядағы иеліктеріне қолдан келген бар кедергілерін жасап бақты. Ағылшындар бұл жолы да орыстар Мерв қаласын жаулап алып, Индияны өздеріне отар ел қылмақшы деп дүрлікті. Кезінде "Вестник Европы" журналының бетінде осындай халықаралық мәселелер, саяси жағдайларға арналған көптеген материалдар жарияланды. Солардың бірі "Ресей мен Англия Орта Азияда", [6] - деп аталады. Оның авторы профессор Мартенс негізінен жоғарыда сөз болған жайларды кеңінен талдап, екі ірі держава арасындағы текетірес, бақталастықтың оларға қарасты шет аймақ – бодан елдерге зияннан басқа пайдасы жоқ екендігін көрсетеді.

Бұлар біз қарастырып отырған басылымдағы Қазақстанға байланысты басты деректер мен оқиғалар болса, сонымен қатар Сыртқавказға, онда тұратын мұсылман халықтарына да байланысты біраз мәліметтер бар екен. Соның алғашқысы Евгений Ковалевскийдің "Кавказдың этнографиялары" [7] туралы очерктері. Мұнда автор ең алдымен Сыртқавказ халықтарының оның ішінде батысқавказдың этнографиясымен алғаш танысып, дүниежүзіне жария еткен (1700-1703 жылдар) академик Гюldenштедтін жолжазбаларына сүйене отырып, ол жерлерде, тауларда кезінде Азиядан Европаға қоныс аударған мұсылмандардың да тұратынын тілге тиек етеді.

Мәселен, Гюldenштедтін «Жолсапар» деген еңбегінің бірінші томының 467- бетіндегі: «372 жылы ғұндар аландарды тас-талқанын шығарып, жеңіп, оларды өздерінің әскеріне қосып, батысқа қарай шеру тартқан. Уруш елін бағындырған. Ғұндар – Ордоста, Орта Азияда, қазақ сахарасында Түрк қағанатынан бұрын жасаған түркі тілдес көшпелі тайпалардың арғы тегі. Алып көсем - Оғыз ханның тұсында ғұндар 24 әкімшілік ұлысқа бөлініп, Қытайды бағындырып, көп заман оларға салық төлеттірген. Сол кезде ғұндар Еділ мен Днепр, Обь өзендерінің аралығын, солтүстік Кавказ жерін мекендеген. Осы арада мемлекет құрып, Византияны құлатуға қатысқан» деген деректі келтірген.

Будан соң автор Сырткавказда тұратын черкестер мен абхаздардың тіл, дін және басқа жағынан туыстас ел екендіктеріне тоқталып, олардың тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарына кенінен мән береді.

Журналдың келесі бір санына жарияланып, біздің назарымызды аудартқан тағы бір материал В.Стасовтың «Менің сыншыларымның сыны», [8] деген әдеби - зерттеу мақаласы болды. Алдымен автор Шығыс халқының жазу-сызу өнеріне мән береді. «Батыйда 600 мың жауынгерден тұратын әскер болған. Оның 16 мыңы татарлар, қалған 450 мыңы басқа ұлттардан. Шыңғысхан ұйғырлардан өз халқы үшін жазу-сызу алған. Оларда Будда діні болған».

Будан соң ол шығыс халқының ауыз әдебиеті, оның ішінде ертегілері мен повестері туралы мынадай ой айтады. «Сказки об Иванушке – дурачке, о морской царевне, о Василисе Премудрой, о двух из сумы, дожде, о гуслях самолюдах, о трех царствах, переполохе и Иисусе, о солнце, луне и звездах, о Бабе-Яге и т.д. Вообще, большинство сказок наших не имеют в основе своей ничего русского, и восточные оригиналы их, иногда прозаические, но гораздо чаще стихотворная, легко обозначаются при изучении древне-восточной поэзии и литературы».

Пікірі дәлелді болуы үшін автор академиктер Шафнер мен Буслаевтардың «Европа мен Азияда тараған көптеген ертегі, әңгімелердің түп нұсқалары Индиядан шыққан» деген тұжырымдарын көлденең тартып, «Сказки о некоем славном богатыре Урслане Елезаровиче», «Рустам», «Шах-намаларды» талдап, көрсетіп мынадай қорытындыға келеді. «Трудами западных исследователей (особенно Бендел) доказано, почти вообще нет на западе таких сказок, которые было бы самостоятельно и не происходили бы с Востока, из Азии».

Жалпы бұл басылым туралы ойымызда жинақтай келе айтарымыз, «Вестник Европы» журналында кезінде Шығыс халқы, оның ішінде казактар жайлы да саналуан мәселелерді көтерген көптеген материалдар жарияланған. Олардың біркатары либералдық-буржуазиялық бағыт ұстанған дүниелер болса, екіншілері демократиялық-реалистік бағыттағы еңбектер еді. Сайып келгенде қандай да бір автор болмасын өмір шындығынан асып, жоқтан бар немесе бардан жоқ жасай алмайды. Әрине, сол кезеңде казак халқын бұратана, жабайы, таза көшпелі, мәдениетсіз ел ретінде көрсетуге тырысушылық болғанымен ол шындыққа жанаспай жатты.

2 «Русский вестник» журналы казак жеріне қоныс аудару, тіл, шокындыру және мал шаруашылығы мен егіншілік туралы

Ресейдің казак даласын отарлауы қоныс аудару саясатының негізгі қарқын алуына орай дамып отырды. Қоныс аудару негізінен төрт кезеңде жүргізілді.

1-ші кезең – 1867-1897 жылдар. Бұл кезде өкімет тарапынан қоныс аударуға дәйекті зейін қойылмай, селкос жүргізілді. Елде өнеркәсіп қаулап өсіп келе жатқан бұл тұста патша өкіметі тегін жұмыс күшінің шығысқа ағылуына мүдделі болған жоқ. Сөйтіп, 1881 жылы қоныс аударудың «Уақытша ережесін» жасауға кірісті. Бұл құжат 1889 жылы жарық көрді [9].

2-ші кезең – 1897-1905 жылдар аралығында қуаңшылық болып, егіннің бәрі шықпай қалуына байланысты аштыққа ұшыраған орталық аудандардағы шаруалардың Қазақстанға, шығыстағы шет аймақтарға қоныс аударуы жиіледі. Әсіресе, ол 1891 жылдан бастап кең етек ала бастады.

Шаруалар толқуларына тосқауыл болып, біржағынан солардың көмегімен шұрайлы жерлерді алып қалу үшін Ресейде көшіп-қонуды заңдастырып, оны насихаттау өріс алды. Тіпті, қоныс аударушыларға ақшалай көмек беріп, оған ауылшаруашылық құралдарын, тұқым т.б. керектерін сатып алуға жәрдем ұйымдастырылатын болды. [10]

3-ші кезең – 1905-1910 жылдар аралығы. Бұл кезең 1905 жылғы 9-шы қаңтардағы «қанды жексембімен» байланысты болды. Осы тұста орталық аймақтардан «бүлікшіл» шаруалар топтарын басқа жаққа көшіру және сол жерге тұрақтандыру шаралары белгіленді. Бұған Столыпиннің аграрлық рефомасының да белгілі дәрежеде әсері болды.

4-ші кезең – 1910–1917 жылдар. Бұл кезең қоныстандырудың жаңа кезеңдері аталып жүр. Патша өкіметі бұл тұста «жулактар» шаруашылығын өркендету арқылы шеткері аймақтардан өздеріне сенімді тірек таппақ болды. Ал, казактарды бақылап отыру үшін әскери күш ретінде ұстап, оның шығынын жергілікті халықтан жинау қажет деп табылды. [11]

Сөйтіп, патша өкіметінің 1889 жылғы 13-ші шілдеде қабылдаған «Қоныстандыру саясаты туралы» жаңа заңынан соң Европалық Ресейдің түпкір-түпкірінен жерсіз кедей орыс шаруалары Батыс Сібірге қарай жұмақ өмір іздеп, лек-легімен ағыла бастады. Мұнда, Европалық

Ресейден Сібірге апаратын екі басты бағыт болған. Алғашқысы – Пермь мен Түмен арқылы, одан Батыс Сібір өзендерінің бойымен, соңғысы – Самар, Златоуст, Селебе арқылы Сібір теміржол торабы бойымен өтетін су және құрылық катынастары еді.

Мәскеуден шығысқа қарай алыстаған сайын орыс шаруалары үшін ғасырлар бойғы езгі мен кедейшіліктен соң өздерін бір түрлі еркін сезіндіретін жеңілдік те байқалған. Мәселен, мұнда Европалық Ресейдің орталық немесе оңтүстік батыс губернияларындағыдай халық жиі қоныстанбаған. Табиғат көрінісі де әртүрлі. Абыр-сабыр өмір тынысы мен әрлі – берлі қозғалыстар да байқалмайды. Өзендер арқылы катынас жасаған кемелер де қоныс аударушы шаруаларды шектен тыс көп тасымалдайтын. Одан барлық губерниялардың өкілдерін жолықтыруға болар еді. Мысалы, курскіліктер, орловтықтар, еділдіктер бір – бірлерінен оңай ажыратылатын.

Көктем мен жаз айларында Пермь мен Түменнің жолдарында көлік күтумен күндерін өткізген мыңдаған қоныс аударушы шаруалардан қала тіршілігі қиындап кететін болған. Әсіресе, 1891 жылы бұл қалаларда Европалық Ресейде болған құрғақшылық пен аштықтан соң Сібір жерлеріне лап қойған ішкі губерниялардың шаруалары жүздеп емес, мыңдап жиналып қалатын болған. Сондықтан, оларды діндеген жерлеріне жоспарлы түрде кеме немесе отарбамен уақытында жеткізу мүмкін емесін. Әрі мыңдаған адамдарды тасымалдайтын көлік саны да жетіспейтін. Бірақ, осындай қиыншылықтарға қарамастан шаруалардың емшектен жас нәрестелерінен бастап, өздерінің немерелерінің соңдарынан ерген шағдарына дейін Сібірге бет түзеп, ең жатқан бай өлкеге орнығуға асықты.

Түмен стансасы – Пермьнен кейінгі қоныс аударушы шаруалар жиналып, көлік күтетін екінші бекет. Мұндағы табиғат көріністері де Оралдың ар жағындағы Уфа немесе Нижегород губернияларындағыдай. Айырмашылығы, мұнда ондағыдай бір селодан екінші селоға дейін ондаған шақырымға созылып жататын егіс алқаптары жоқ. Сібірдің адам қолы тимеген әсем табиғат әлемі бірден көзге түскен. Бірақ, шаруалар бар-жоғы он шақты жылдың ішінде мұнда Оралдың арғы жағындағыдай жокшылық, жердің жетіспеушілігі болатындығына көз жеткізген. Себебі, сол кездің өзінде-ақ, Сібірдің кейбір аймақтарында басқалардан ертерек қоныс аударып үлгергендердің айтуынша, құнарлы жерлердің тапшылығы сезіле бастаған. Ал, бір кездегі қазақ жері болып саналған Омбы қаласы Түменнен 600-650 шақырым – ақ қашықтықта жатқан [12].

Түмен – Сібір қалаларының ішіндегі ең көне қалалардың бірі. Оның іргетасы 1586 жылы қаланған. Кезінде қылышынан қан тамған Сібір хандығының қаһарлы астанасы болған қаланың Тобыл өзенінің Ертіске құяр сағасына орналасқандығына қарамастан, XIX ғасырдың соңына өзінің бұрынғы атак – данқын жоғалта бастаған. Кезінде патшалы Ресей үшін шаруалар және оларды қоныстандыру мәселелері ең бір шешуі қиын іс болған. Осының нәтижесінде XIX ғасырдың соңында кең – байтақ Сібір өлкесіне Европалық Ресейден 26547 отбасы немесе 171559 адам қоныс аударған. Олардың көпшілігі Курскі және Томбы губернияларынан болған.

Сөйтіп, Сібір жеріне қоныс аударшылардың тасқыны жыл өткен сайын күшейе түскен. Оны мына кестеден анық байқауға болады:

Жылдар	Отбасы	Жан саны
1885	1932	9676
1886	2382	11826
1887	2604	13900
1888	4242	26129
1889	4478	28341
1890	5496	33720
1891	11000	67994
1892	13239	80015

Кестеде көрсетілген жылдардағы қоныс аударушылардың негізгі тасқыны Томбы губерниясында орналастырған. 1885 пен 1895 жылдардың аралығында бұл жерге 40874 отбасы немесе 26346 адам тұрақтаған. Осы жылдары Приамур өлкесіне 2499 отбасы немесе 17013 адам, Үркіт губерниясына 123 отбасы немесе 515 адам, Түркістан өлкесіне 17 отбасы немесе 71 адам қоныс тепкен.

1894 жылғы құрғақшылық, әсіресе, су тапшылығы қоныс аударушылар үшін өте қиынға түскен. Бұл жайында «Русский вестник» журналы «Шаруалар бір жұтым суға жету үшін құдық басында сағаттап кезекте тұрады. Алайда, олардың көпшілігі уақыттарын босқа өткізіп, бала-шағаларына сусыз қайтушы еді. Оның үстіне шаруаларға арналған асхана да нашар жұмыс істеді. Себебі, ыстық су жетіспеуші еді», - деп жазды.

Бірақ, Европалық Ресейден Сібірге қоныс аударушылардың тасқыны толастамаған, қайта көбейе түскен. Мысалы, 1894 жылдың 20-

шы мамырында Түмен бекетінде жиналған шаруалардың саны 4124 адам болса, 22-ші мамырда 5935-ке жеткен. Араға бес күн салып, олардың саны 7 мыңға артса, 3-ші маусымда 17804 адам болған. Бүкіл маусым ішінде Түменнен Батыс Сібірге жол катынасы арқылы 8071 адам, кемемен 22051 адам аттандырылған. Мұның өзі күн сайын орта есеппен мың адамнан жөнелтілген деген сөз. Сондықтан, Түмен бекетіне жиналған 17 мың адамды тасымалдау үшін 17 күн кажет болған. Бірақ, оған мүмкіндік жоқ еді. Әсіресе, кемелер жетіспеді. Әрі осы 17 мың адамның үстіне күн сайын жаңадан 700 адам келіп, қосылып отырған.

Ал, Түмен бекетінде көлік күту кезінде шығынға ұшыраған адамдар саны жөнінде «Русский Вестник» былай деп жазды: «1894 жылдың 9-шы сәуірі мен 31-ші тамызының аралығында Түмен бекетінде 893 адам өлген. Олардың 15 жастан жоғарылары 56, қалғандары балалар еді. Бұлардың 78,5 проценті 5 жасқа дейінгілер болатын». Міне, қоныс аударушылардың Түмен бекетінде көлік күтіп өткізген екі-үш аптасы осындай қайғылы оқиғаларға толы болған. Оларды Түменнен кейінгі жолда да осындай қиындықтар күтіп тұрған. Кемелер келуінен күдер үзіп, шаршаған шаруалар көлік жалдап жолға шыққан. Ал, олардың ең көп бөлігі Түмендегі жағдайдан да қиын әрі азапты, қайғылы оқиғаларға апаратын іске бастарын тіккен. Олар баржамен Батыс Сібір өзендері арқылы Томбы, Барнаул, Омбы, Павлодар, Семейге аш-жалаңаш күйлерінде жандарын шүберекке түйіп аттанған [13].

Мұндай көріністер ХІХ ғасырдың соңында, Сібір жерінде үйреншікті оқиғаға айналған. Өйткені, көктем сайын Европалық Ресейдің халқы тығыз орналасқан губернияларынан өз жерінде болашақтан күдер үзген шаруа алдарындағы азын-аулақ мал-мүліктерін болмашы қаражатқа сатып, алыс Сібірге амалсыз аттанатын болған. Бұрынғы Отандарында оларға енді орын жоқ. Сөйтіп, сан мыңдаған қоныс аударушы шаруалар беймәлім Сібірге ынтық болып, миссионерлік жолға түскен. Жоғарыда айтқанымыздай, олардың бір бөлігі жол бойында шығын болған. Ал, екінші бөлігі бөтен жерді басып алушы, тонаушы, зорлықшы болып шыққан.

«Русский вестник» журналының 1897 жылғы 7-ші санында: «Европалық Ресейдің әр түпкірінен қоныс аударған 15 мыңға жуық шаруалардың Селебе қаласындағы теміржол вокзалының маңында жиналып қалғандығы туралы» хабар берілген. Басқа сөзбен айтқанда, қала тұрғындарынан да көп бұл тобыр баспанасыз, тамақсыз көлік күтумен күндерін өткізген. Олардың бұл қалада жиналып қалу себебі,

Батыс Сібір теміржол басқармасында шаруаларды жөнелтетін паровоздар мен вагондар саны жетпеген.

Сөйтіп, әсіресе, Батыс Сібір темір жолы құрылысын салуға байланысты және оның Обь өзеніне дейінгі аралыққа жеткізілуіне орай, XIX ғасырдың соңында орыс өкіметіне бағынышты кең-байтақ өлкенің өмір - тынысы бұрынғыға карағанда әлдеқайда ұлғая түскен. Мысалы, экономика жағынан алатын болсақ, Сібірдің ішкі бөлігінен – Ақмола, Павлодар уездерінің аймағынан табылып, кәдеге жаратыла бастаған тас көмірдің өзінен-ақ, мыңдаған сом пайда алынған. Сондай-ақ, Батыс Сібір темір жолы құрылысының аяқталып, іске қосылуы патша өкіметінің жүргізіп отырған көш-кон саясатына да сөз жоқ, он әсерін тигізген. Әу, бастан қоныс аударушы орыс шаруаларының аялдама бекетіне айналған Түмен шаһары бұрынғы мәнін жоғалтқанымен, оның орнына Селебе, Петропавловск және Омбы қалалары келіп қосылды.

Өткен ғасырдың соңында көш-кон қозғалысы қыр облыстарына қарай ығысты. Мысалы, Алтай таулы округіне, Тобыл және Томбы губернияларына. Сондай-ақ, салынып жатқан Сібір темір жолын жағалай Шығысқа қарай бет алды. Қыр облыстарының ішінде отарлық қозғалыстың дәл ортан жолында жатқан Ақмола облысы қоныс аударушыларды ең көп қабылдаған өлке болды. Ал, Семей, Жетісу, Орал және Торғай сияқты облыстардың жерлері Батыс Сібір темір жолынан біршама қашықтықта орналасқандықтан, бұл тұста орыс шаруаларының саны Ақмола облысына карағанда әлдеқайда аз болған. Бірақ, бұл облыстарда да олармен іргелес, аралас жатқан Томбы және Тобыл губернияларының жерлері сияқты артық-ауыс, құнарлы бөліктері көп болатын. Алайда, бұл жерлердің ең шұрайлысын негізінен 1895 жылы қоныс аударған шаруалар иемденген. Ал қалған жерлер соңғы екі жылда қоныс аударғандардың қолына көшкен. Ол аз болғандай, енді орыс миссионері темір жолдан алыста жатқан казак жерінің ішкі бөліктерінен казактар мен орыс шаруаларына арнап жаңа егіс алқаптарын дайындау жұмыстарымен айналысқан. Сөйтіп, Батыс Сібір темір жолы құрылысының салынуы, казак даласына отырықшы өмірдің біртіндеп қалыптасуына жағдай туғызған. Оның айғағы, сол тарихи кезеңде казак жеріне орыс шаруаларының шектен тыс көп келіп, еркін қарым-қатынас жасауында болатын.

Енді, жоғарыда аталған облыстарда осы мақсатты жүзеге асырумен қандай мекемелер айналысқан? ~~Қандай қоныс аударған шаруаларға~~ кімдер басшылық жасаған? Сол ~~Торайқор~~ ~~қор~~ ~~ру~~ ~~нд~~ ~~ер~~ бөліп берген, -

атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

деген сауалдарға тоқталайық. Патша үкіметі қабылдаған 1891 жылдың 2-ші науырызында «Қыр облыстарын басқару» заңына сәйкес бұл істі уездерде олардың басқармалары мен басшылары жүзеге асырып отарған. Ал, облыстарда бұл міндет облыстық басқармалар мен ішінара екінші шаруашылық басқару бөлімшелеріне жүктелген. Осындай міндеттерді орындау жолында олар алдын-ала жасалған келісім бойынша Сібір теміржолынан шеткері жатқан қазақ даласына ішкерілей еніп, Томбы губерниясынан әрі Шығысқа қарай жаңадан қоныс аударуға тиісті орыс шаруаларына арнап жаңа учаскелер дайындау жұмыстарымен айналысқан.

Көп жағдайда оңтүстік–батыс Сібірдің далалық облыстары Европалық Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударған шаруалар үшін жабық болып келген. Бірақ, мемлекеттің арнайы шешіміне қарамастан, бұл өлкеге қоныс аударғысы келгендердің саны жыл өткен сайын көбейе түскен. Шетсіз- шексіз кеңістік, ең бастысы кейбір уездердің құнарлы топырағы шаруалардың назарын аудармай қоймаған. Сондықтан, жергілікті әкімшілік олардың талаптарымен есептескен. Қазақтарды шұрайлы жерлерден ығыстырып, орыс шаруаларына жаңадан егістік алқаптар берген. Ең алғаш рет оңтүстік–батыс Сібірдің қыр облыстарында орыс шаруаларын қоныстандыру туралы ұсыныс 1874 жылы, кезінде Батыс Сібірдің генерал–губернаторы болған генерал Казнаковтың аузынан шыққан. Оның патша өкіметіне арнап дайындаған есебінде: «Абайлап, көшпенділерді ығыстырмай, қырғыз даласының ішкі бөлігіне отырықшы орыс тұрғындарын қоныстандыру қажет. Сонда, орыстардың қырғыздармен жиі араласуы, европалық халықтың оларға күн сайын беретін тәлім-тәрбиесі жартылай жабайы халықтың тұрмыс деңгейін, мәдениетін арттыратын болады», - деп баяндаған. Бұл ұсыныс кезінде II-ші Александр назарына да ілігіп, бұл мәселені шешуді министрлердің талқысына ұсынған көрінеді. Олар Сібірдің қыр облыстары тезірек генерал Казнаковтың ұсынысынан басқа да түйінді мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін растады. Әсіресе, экономикалық, әскери, саяси және де басқа да жақтарынан.

Қазақ даласына орыс шаруаларын ресми қоныстандырудың алғашқы кезеңі 1879 жыл. Бірақ, бұл тек бастамасы ғана еді. Ең алғашқы рет Көкшетау уезінде II елді мекенге орыс шаруалары орналастырылған. Оларға егіс алқабына жарамды деген 18090 десятина жер бөлініп берілген. Бұл II елді мекенге 240 отбасы иелік жасаған. Осы селолардағы тұрғындардың көпшілігі, яғни 40 отбасы Тобыл губерниясынан, қалған

270 отбасы Европалық Ресейдің 8 губерниясынан, атап айтқанда – Қорған, Тамбов, Пермь, Сарытау, Воронеж, Харьков, Самар және Орынбор губернияларынан. Әу, баста оларға жер аз мөлшерде берілген. Сондықтан, бұл жердің құрамына ауылшарушылығы жұмыстарына қажетті алқаптардың барлығы енгізілмеген. Мысалы, жәмшөп дайындайтын, баубакша егетін. Сөйтіп, бұл өңірге қоныс аударушылар ақырында өздеріне қосымша жердің берілуін талап еткен. Соның негізінде оларға қосымша жер беріліп, тіпті, басқа игерілмеген тың жерлерге көшулеріне де рұқсат етілген.

Өз Отанында қуғын-сүргінге ұшырап, жер иелігіне құмартқан қоныс аударушылар саны жыл өткен сайын көбеймесе, азаймаған. Көпшілігі, әсіресе, бірден жер үлесі тимегендер өздерін жатсынбай, қарсы алған қазақтың жеріне қалай не болудың жолын ойластырып, істің соңын байқастан, күткен. Әрине, өз атамекенінен қуылып, құнарлы жерлерге орыс шаруаларының орналасуы қазақтардың арасында наразылық тудырған. Олар орыстарға қарсы бас көтеріп, егіс алқаптарына өрт қойған. Орыс қоныс аударушыларын мұндай қатерден тек атқа мінген қазақ ағайындарының жалаңдаған қылыштары ғана сақтап қалған. Мемлекеттің арнайы рұқсатынсыз өз беттерімен көшіп келгендер тек Ақмола облысының өзінде ғана мыңдап саналған. Мысалы, осы облыстың Атбасар, Петропавл және Көкшетау уездерінде кезбелікпен келгендерінің саны 9 мыңнан (тек ерлері ғана) асып кеткен. Олардың бақытына орай осы кезде дала өлкесіне жаңадан сайланған генерал-губернатор барон Таубе келіп, орыс шаруаларының қазақ жеріне ешкімнің рұқсатынсыз-ақ қоныстануына жағдай жасаған. Сөйтіп, қазақ даласында бұрын қоныстанған орыс шаруаларының поселкелерінің санын қоспағанда, жаңадан II село бой көтерген. Әрине, мұның өзі, яғни, барон Таубенің қазақ жеріне орыс шаруаларының үлкен тобын еш қиналмай-ақ, шектен тыс биліктің аркасында қоныстандыра салуы ерлік ретінде қабылданып, жалғасын тауып отырған. Ақыр соңында жергілікті әкімшіліктің олардың жаңа легі үшін басқа учаскелер іздестіру жұмыстарымен арнайы айналысуларына тура келген [14].

Өткен ғасырдың соңында Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай сияқты кең-байтақ бес облыстың алып жатқан жері кімді болсын қызықтырмай қоймаған. Нақты деректерге қарағанда бұл бес облыстың жалпы жер көлемі 1914013 шаршы шақырым, ал халқының саны 2667290 болған [15].

Енді, жоғарыда көрсетілген ұшан-теңіз казак даласына қоныстану сипаты қандай болған деген сауалға келсек, онда мысалы, Торғай облысының әрбір тұрғынына бір шаршы шақырымнан, ал Жетісу мен Орал секілді халық неғұрлым шоғырланған облыстардың өзінде әр шаршы шақырым жерге орта есеппен екі адамнан келген. Жиырма уездің жетеуі екі жүз мың шаршы шақырымнан астам жер көлемін алып жатқан. Осы уездердің кейбіреуі көлемі жағынан Европалық Ресейдің – Уфа, Самар, Вятка және Орынбор сияқты оңтүстік-шығыс губернияларынан әлдеқайда аумақты болған. Уездердің арасында ең тығыз орналасқан деген Оралда қала адамдарын қоспағанда 290 мың халық тұрған, ал қалған он төрт уездің халқының саны 100000 – ға жетпеген [16].

Осы ұлан-ғайыр бес облыстың тұрғындары негізінен жергілікті халықтар–казактар болған. Сол кездегі ішкі істер уәзірлігінің нақты деректеріне қарағанда қыр облыстарының казак тұрғындары шамамен 2153011 болған. Ал қалған 514279-ы орыстардың - Сібір, Жетісу, әсіресе, Орал казак әскерлерінің және қоныс аударған шаруалар мен қала адамдарының есебінен толыққан. Жергілікті тұрғындардың қатарында бұрынғы Үлкен, Орта, Кіші Ордалардың казактарымен қатар 1734-1864 аралығында орыстарға бағындырылған Жетісу өңірінің кейбір бөліктерінде көшіп жүретін қарақырғыздар да енгізілген. Кең-байтақ даланың өң бойында Оралдан Зайсанға және Ыстықкөлге дейінгі аралықтың бәрінде де казактар бір ортақ тілде сөйлеп, көшпелі халықтың дәстүрін сақтаған. Олар өмірдің табиғи ағымына қарай баяу да болса, шаруашылықтың отырықшы және жартылай отырықшы түрімен айналысқан.

Қазак даласына көшпелі халықтан басқа аз мөлшерде тараншы мен дүңғандар сияқты отырықшы тұрғындар да болған. Олар бұрын өздері мекендеген Құлжа ауданы мен Іле өлкесі Қытайға қайтарылған соң Жетісу облысының кейбір уездерінде тұрақтап қалған. Қоныс аударғандардың саны ерлері мен әйелдерді қоса есептегенде 56981 адам болған. Олардың 46786-сы тараншы да 10 мыңы дүңғандар екен. Бұл аз ұлттың өкілдері Жаркент, Верный, Пржевальскі мен Бішкек уездерінде 46 елді мекен тұрғызып, 273768 десятина жерді иеменген. Осы отырықшы халықты басқалар-қытайлар деп атаған. Себебі, мұсыман дінін ұстағанмен, басқа жағынан қытайлықтардың үрдісін еске түсірген.

Ғасырлар бойы дала казактарының арасында солтүстік пен оңтүстіктен ислам дінін уағыздау жұмысы өз жемісін бермей қоймаған.

Өйткені, көшпелі казактардың арасында ислам дінін таратуға толық жағдай бар еді. Оған алдымен елдің Азиядан Европаға баратын негізгі жолдың торабында орналасқаны, екіншіден, көршілес мұсылман халқымен тіл жағынан туыстас болып келуі көп септігін тигізді. Үшіншіден, орыс өкіметі мұсылман дініне алғашқы кезде онша мән бермегендіктен, оған қолдау көрсетіп, жағдай туғызып отырды.

Мысалы, 1782, 1784, 1796 жылдары Екатерина екінші патша казак даласына татар мектептерін салдырып, көшпелі казактарға бөліп беру үшін казынаның есебінен құранды бастырып, таратуға жарлық берген. Кейінірек, ислам дініне жағдай туғызу туралы мұндай жарлық болмаса да, оның көшпелі казак арасында таралуына шек қойылмаған. ХІХ ғасырдың соңына дейін патша әкімшілігі казак даласында татарлардың білім таратуын мақұлдап келген. Орыс шенеуніктері татар молдалары көшпелі халыққа орыс азаматтығы мен мәдениетін таратады деп, олардың қолына казак жастарының тәрбиесін сеніп тапсырған. Оларды өз карауларында әкім, саудагер және тілмаш, хатшы ретінде ұстаған. Осындай жағдай тудырылып отырған сәтте дейді А.Васильев: «Қырғыздардың мұсылман болғандығына таңданып қажеті жоқ. Қайта олардың әлі де жаман мұсылман екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл жерде жекелеген тұлғалардың емес (бай мен болыстар), ал, қалың халықтың ой-өрісін айтып отырмын. Жекелеген тұлғалар қазірдің өзінде-ақ нағыз мұсылманға айналып, тіпті өздерінің ұлттық ерекшеліктерін жоғалтып, татарлардың өмір салтымен өз дінін толық қабылдап алғанға ұқсайды». А.Васильевтің ойынша мұның шешімі далалық казактың сан қатпарлы рухани өмірі мен табиғат сыйлаған бай қабылет-дарынында жатыр. Сондықтан, казактардың ойлау мүмкіншілігі, қабылдау дәрежесі мұсылман діні талаптарынан әлдеқайда жоғары болуы керек [17].

Ұзақ жылдар бойы казактардың өз жазу-сызуы болмағаны белгілі. Олар жазумен ислам дінімен танысу арқылы ғана жүздескені ақиқат. Қазактарға өз тілдеріне тән емес араб транскрипциясымен жұмыс істеу, оны игеру оңайға соқпаған. Бірақ, еңбек, уақыт жоғарыда айтып кеткен ыңғайлы жағдайлар өз жемісін бермей қоймаған. Сөйтіп, бұл транскрипция казак халқының өміріне екі түрлі мақсатпен - діни және тұрмыс қажеттерін орындау үшін енгізілген. Ал, ол кездің өзінде өзін аз болса да мұсылман деп санаған әрбір казак балаларына араб-татар кітаптарын оқытып, жазуға үйрету ата-ананың парызы деп түсінген. Осыған карамастан, кезінде орыстың белгілі миссионер-ориенталистері -

Ильминский, Радлов және т.б. пікілері бойынша араб-татар транскрипциясы казак тілі үшін жарамсыз деп табылған. Олар белгілі бір жағдайда күштеп енгізілген бұл транскрипция казак тілінің фонетикалық ерекшеліктерін жасырып және қадірін кетіріп, татар тілінің көлеңкесінде қалып қояуы мүмкін деп топшылаған.

Ал, бұл ориенталистердің пікірін Санкт-Петербургтегі шығыс тілдері факультетінің ұжымы: 1. Қазіргі кезде түркі-татар халықтары қолданып жүрген араб әліппесі семантикалық тілдердің фонетикалық сипатына сәйкес келетін болғандықтан, түрік-татар тілдеріндегі дыбыстарды дәл беруге жарамды және 2. Орыс әліппесі еуропалық және азиялық тілдердің аралығындағы ең бай тілдердің бірі болғандықтан, араб тіліне қарағанда түрік-татар тілінде кездесетін дыбыстарды жеткізуге жарамды, сондықтан жергілікті халықтың тілінде шығарылуға тиісті қандай да бір басылым болмасын орыс әліппесінің үлгісінде басылуы керек», - деп патшалық Ресейдің отарлау саясатының мүддесін көздеді [18].

Бұрын-соңды казак тілін зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарында казак тілі – түркі тілдерінің арасындағы ең бай және ең таза тіл екендігі айтылады. Бұл тілдің байлығы казактардың рухани байлығын көрсетуге арналған мақалаларда, шешендік сөздерде, ертегілер мен батырларды дәріптейтін жырларда, тұрмыс-салт жырларында мол орын алған. Қазак тілі шын мәнінде түркі тілінің үстеуі ғана. Бірақ, мұның маңыздылығы сонша, ол орал-алтай тобына жататын башқұрт, татар, чуваш, якут (саха), алтай тілдері сияқты жоғары топқа жатады. Қазак тілінің тазалығын айтқанда, бұл оның жартылай көшпелі тұрмысына байланысты сақталып келген деп түсінген жөн.

Алайда, осының бәріне қарамастан ХІХ ғасырдың соңында патша өкіметі казактардың араб әліппесін пайдалануға тиым салатын жарлық шығарған. Әсіресе, мұндай транскрипцияны пайдалану қажеттігін жанұшара қорғағандар Түркістан генерал-губернаторы Кауфман және Орынбор генерал-губернаторы Крыжановский болған. Бұлардың алғашқысы арнайы комиссияда бұл мәселені алдын-ала қарастырып алған соң, оны тезірек іс жүзіне асыру үшін халық ағарту уәзірлігінің бұрынғы уәзірі граф Д.А.Толстойдан патшадан рұқсат алып беруін өтінген.

Ал, граф Толстой болса өз кезегінде 1876 жылы Орынборда, Орынбор генерал-губернаторы Крыжановскийдің, Қазан мұғалімдер семинариясының директоры, Орынбор оқу округінің жанашыры Лавровскийдің және басқа да жауапты адамдардың қатысуымен жалпы

бұратаналарға, оның ішінде казактарға да білім беру мәселесі бойынша ерекше мәжіліс өткізген. Бұл мәжілісте граф Толстой өкіметтің басты мақсаты казактарды татарланудан сақтау, қорғау болуы керектігін айтқан. Сондықтан, оларға арналған бұйрық-жарлықтар татар тілінде емес, казактардың өз ана тілінде жазылуы тиіс. Бірақ, казактардың өз жазу-сызуы болмағандықтан, орыс әліппесін қабылдауды ұсынған.

Граф Толстой Петербургке қайтып оралған соң жоғарыда аталған мәжілістің қорытындысын өзінің 1876 жылғы мемлекет пайдасы үшін жасалған есебінде келтіріп, ішкі істер уәзірлігімен алдын-ала уағдаласқан келісім бойынша императордың алдына саяси маңызы бар кезек күттірмес мәселе ретінде қояды. Онда: 1. Барлық ресми іс-қағаздарын казак тіліне аударып, орыс әрпімен жазу, сөйтіп татарлардың ықпалынан біржолата арылу қажетті және 2. Осыған орай даладағы татар тілмаштарын бірте-бірте казактардың өз есебінен толықтыру керектігін айтқан. Граф Толстойдың бұл ресми өтінішіне көп ұзамай-ақ патша «келісемін» деп қолдау көрсеткен.

Сөйтіп, казак тіліне орыс транскрипциясын қолдану мәселесі патшалы Ресейдің отарлау саясатының пайдасына 1877 жылы ресми түрде осылай шешілген болатын. Алайда, казак тілінде орыс транскрипциясын пайдалану (қолдану) жөнінде осындай қысым жасалуына қарамастан, іс жүзінде олай болмай шықты. Мысал ретінде, Омбыдағы дала генерал-губернаторлығының кенесінен Акмола, Семей және Жетісу облыстарының «Ведомостволарына» айрықша қосымша болып, 1894 жылдың бірінші қаңтарынан бастап шыға бастаған «Дала уалаятының газетін» айтуымызға болады» [19].

Бұл газет екі бөлімнен тұрады. Ресми бөлімде казактарға патша өкіметінің түрлі бұйрық-жарлықтары түсіндірілсе, ресми емес бөлімде казак халқының өздеріне байланысты түрлі материалдар жарияланды. Екі бөлімде жарияланған материалдардың мазмұны орыс тілінде беріліп, казакшаға аударылып отырылды. Бірақ, осының бәрі де орыс әрпімен емес, араб-татар транскрипциясы арқылы тараған.

1895 жылы казак жерінде дін мәселелеріне қатысты біршама әкімшілік өзгерістер болған. Біріншіден, Акмола және Семей облыстары жаңадан ұйымдастырылған Омбы епархиясының басқармасына бағынады. Екіншіден, Тобыл епархиясының казак бөлімі өз алдына жұмыс істеуін доғарып, Семей облысында әмірін жүргізген Томбы епархиясымен бірігіп кетеді. Бұл екеуі де күдіретті Синод тағайындаған басқарманың жана бастығы архимандрит Сергейге бағынған. Миссионер

Путинцевтің хабарлауы бойынша 1896 жылы Акмолада – 2, Қарқаралыда – 2, Атбасарда – 1 казак шоқындырылған. Ал, казактарды шоқындыруға арналған төртінші елді мекенде 1895 жылға дейін дін адамы болмаған. Одан кейін 1895 жылдың қазан айында миссионерлік қызметке Қазан діни академиясының арнайы курсы бітірген Максимов деген діндар жіберілген.

Жоғарыда айтылған казактарды шоқындыруға арналған үш елді мекендегі діни уағыздаушылардың жұмысы бірден алға басып кете қоймағаны байқалады. Оны олардың өздері де ашық мойындаған. Бірақ, олар бұл істе тәжірибелері мол Сібір миссионерлері, Қазан архиепископы Владимирдің айтқандарын болашаққа бағыт етіп ұстаған. Олар дін жолын уағыздауға кіріскендерге: «Біздің апостолдық қызметіміздің маңыздылығы оның санында емес, сапалығында. Сендер ешкімді шоқындырмай-ақ қойындар. Мәселе онда емес. Мәселе дінді уағыздай білуде. Біздің міндетіміз дінді уағыздап, оны естігілері келгендерге жеткізу, ал шоқындыру болашақ ұрпақтың ісі», - деп ұзақ уақытқа жоспарланған біртіндеп шоқындыру саясатының жолын көрсеткен [20].

Осыған орай христиан дінін уағыздаушылар Акмола қаласына жақын орналасқан казак жатақтарымен діни бағытта әңгімелер өткізген. Бұл казактардың кейбіреуі өздерінің орыс дінін қабылдауға дайын екендіктерін білдірген.

Бірақ, бұл казак-мұсылмандар үш апта бойғы қарым-қатынастан соң кенеттен миссионерлерге баруын қойып, олардан реті келгенде жасырынып қалып отырған. Ақырында, олар шоқынбайтындықтарын кесіп айтқан. Осыдан соң көп ұзамай миссионерлерге өздерінің казак даласындағы шоқындыру әрекетіне қарсы мұсылмандық қозғалыстың өріс алғандығы туралы хабарлар болады. Орыстардың байқауынша казактардың арасында әсіресе, Акмола уезі казактарының мұсылман дініне берілуі күрт артып, мұсылманшылыққа байланысты барлық талап-тілектер жүзеге асырылып отырылған.

Миссионер Путинцевтің ойынша, бұл көрініс казактардың арасында заңдастырылған молдалардың мұсылман дінін уағыздауының жемісі болған. Себебі, ол кезде Акмола уезінде Түркістаннан шыққан жолаушылардың молдалар көбейіп кеткен. Қазак даласына миссионерлердің ізін ала ислам дінін уағыздаушылардың жана толқынының аяқ басуы христиан дінінің бірден белең алып үстемдік жүргізуіне бөгет жасаған. Бұл тұста мұсылмандарды ғайбаттаудан басқа амалдары қалмаған орыс

миссионерлері: «Қырғыздардың арасында бықсып жатқан отқа май күйіп, мұсылман фанатизмін өршіткен солар болатын. Оларға және оларды қолдаушылардың қатарына жергілікті қала молдалары, қырғыз бен татар және сарттардың байлары, даланың бар бұрышында арамшөптей қаптап кеткен Қызылжардың татарлары мен ауыл мешітінің молдалары да қосылды», - деп жазды.

Осы орайда мұсылман дінін уағыздаушылар өз сөздерін іспен тиянақтап, уәделерін орындап отырған. Олар ислам дініне селқос қарайтындарға немесе екі ойлы адамдарға да ақыл-айламен, тіпті кейде күшпен де әсер ете білген. Әсіресе, олар кедейлер мен тапшылықтан мұқтаждық көрушілерге мықты материалдық көмек көрсетіп өз жақтарына шығарып алып отырған. Сөйтіп бұл жолғы күрес тең болмай шыққан. Христиан діні исламның көлеңкесінде қалып қойған. Алайда осының барлығы да Путинцевтің айтуынша мұсылман дінін таратушы молдалар мен кожалардың уағзынан болған уақытша көрініс еді. Себебі орыс миссионерлері күн өткен сайын казак даласына тереңдей еніп, христиан дінінің үстемдігі үшін ХХ ғасырдың соңына дейін созылған күрес жолын бастаған болатын.

Сондай-ақ, жаңадан шоқындырылған казак өмірін бақылау жұмысы да орыс миссионерлері үшін оңайға түспеген сияқты. Себебі түрлі қатерге толы тынышсыз қала өмірі оларға үнемі кері әсерін тигізіп отырған. Сөйтіп христиан дінін қабылдаған әрбір казак өзін орыспен деп сезінген. Тіпті оны аңдаусызда казак деп атап қалса ренжіген. Қыз-қыза келе енді олар өз бойына орыстың бар қадір-қасиеті мен салт-дәстүрін қабылдап алуға тырысқан. Жаңадан шоқынған казактар қала өмірінің түрлі жағымсыз жақтарымен тез әуестеніп, бұрын-соңды ешқашан көрмеген және туған ауылдарында тиым салынатын ойындарға, арак құмарлыққа тез бейімделген. Сондай-ақ, жаңадан шоқындырылған казактарға орыс тұрғындарының тарапынан да түрлі кедергілер жасалынған. Олар шоқынған казактарды кемсітіп, отансыз, дінсіз, артта қалған жартылай жабайылар ретінде қабылдаған.

Бірақ Ақмола, Қарқаралы сияқты тұрғындар аз қоныстанған дала қалаларында казактар мен татарлардың, өзбектердің ірі бай-шонжарлары тұратындықтан және бұл қалаларда көптеген молда, кожаларды басқа да дін таратушылары бар мешіттер орналасқандықтан, орыс миссионерлерінің шоқындыру әрекеті казак жұртында табыссыз, баяу жүргізілді. Жоғарыда аталған дала қалаларында қарағанда миссионерлерге өздерінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін Ақмола,

Қарқаралы, Атбасар уездеріндегі елді мекендер әлдеқайда тиімді болған. Шоқындыруға арналған орталықтарды қаладан ауылдық жерлерге көшіруді Омбы епархиясының басшылары қолдап, жергілікті әкімшіліктердің материалдық көмектерінің арқасында бұл іс там-тұмдап болса да жүзеге асырыла бастаған.

Сөйтіп жергілікті жерлердің алғашқы шоқындыру орталықтары Қарқаралының Баянауыл стансасында (Қарқаралыдан 180 шақырым) Атабасардың Донской поселкесінде) Атбасар, Александров елді мекенінде (Ақмола қаласынан 25 шақырым) орналасты. Жоғарыда аталған барлық елді мекендер христиан дінін таратып қана қоймай, оны орнықтыру үшін де қолайлы болған. Міне, орыстардың тарапынан кен саҳарадағы казактарды шоқындыру міндетінің алғашқы қадамдары осылай басталған.

Бұған карама-қарсы сол кезде казактардың өмірінде берік орын алған мұсылмандық белгісі де күн өткен сайын арта түскен. Барлық жерде бірдей, әсіресе сұлтандар мен билердің арасында балаларына мұсылманша білім беріп, тәрбиелеу әр ата-ананың парызы саналған. Мәселен, бұрын казактардың өз ішінен шыққан молдалар өте аз болған. Олардың көпшілігі Қазан татарлары еді. Енді орыстардың Түркістанды жаулап алуынан болар казактардың жас жігіттері Бұқараға, Персияға, Меккеге жиі кеткен. Олар онда парсы, араб тілдерін оқып, мұсылман заңдарын үйренген.

Қазак даласында ХІХ ғасырдың соңына дейін, егін шаруашылығын дамытуға байланысты шаралардың түрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерге орай өз шешімін таппай келгендігі белгілі. Сол кезеңде казак жері қоныс аударушы орыс шаруалары есебінен толықтырылып отырылса да, егіншілікке жарамды жерлер және диканшылықпен айналысатын адамдар жайлы нақты ғылыми мәліметтер болған емес. Сондықтан, орыс миссионерлері патша әкімшілігінен ХІХ ғасырдың сексенінші жылдарында Батыс және Шығыс Сібір шаруалары мен бұратаналарының шаруашылық және экономикалық хал-ахуалдарын зерттеп, білу үшін арнайы зерттеу ісін ұйымдастыруды талап етті. Өйткені, тек осындай жан-жақты зерттеуден соң ғана көптеген құпия сауалдарға жауап қайтарып, ең бастысы кен саҳараның егіншілікке және көшпелі шаруашылыққа жарамды жерлерін айқындауға болар еді.

Сонда казак халқының өмір сүру дәрежесі мен сан қырлы шаруашылығына байланысты мына мәселелер анықталар еді: 1. Көшпелі шаруашылықтың қоршаған ортаға қатысы; 2. Көшпелі шаруашылық

жағдайында әрбір отбасының күн көру дәрежесі; 3. Қандай жағдайда ол экономикалық жағынан тиімді болады; 4. Көшпелі шаруашылық жүргізу үшін қандай жер иелігі қажет; 5. Қазак тұрғындарының жерге қожалық ету құқықтары; 6. Жерді иеленудің және оны пайдалудың негізгі түрлері мен олардың көшпелілердің шаруашылықтарына әсері; 7. Қазак даласын отарлау бағысында олардың көшпелі шаруашылықтарын ығыстырып, жойып жібермеу үшін не істеу керек? Бұл сауалдар төңірегіндегі азды-көпті мәліметтерді жергілікті зерттеушілерден алуға болатын еді. Бұл мәселелер төңірегінде толық зерттеулер ол кезде жоқ болатын. Алайда қазак даласына европалық Ресейдің тұрғындары көп губернияларын қоныс аударған шаруалардың ең шұрайлы жерлеріне орналасқандықтарына күмандануға болмайды.

Әйтсе де бұған қарама-қарсы фактілер кездеспей қалмаған. Мысалы, Жетісу облысының көпшілік жері тасты, сазды, күмді болып келеді. Әу баста табиғаттың өзі бұл жерді көшпелі өмірге лайықтап жаратқан секілді. Сондықтан егіншілік мұнда тек суармалы алқаптарда ғана жүргізілген. Бұл жердің ауа райы қолайсыз аймаққа жататындықтан егіншілер құрғақшылыққа жиі ұшырап отырған. Булану процесінің тез өтетіндігі сондай, дикандардың зор күшпен 3-5 күн аралығында жинаған ылғалдары айналдырған бір-екі сағаттың аралығында кеуіп кететін болған. Қатты жауын болғанда, бұл араның сор топырағы батпаққа айналады да, ал күннің аптаған ыстығында тез күйіп, тас болып қатып қалады. Мұнда негізінен өз отандарында ғасырлар бойы жерден жокшылық көрген орыс шаруалары қоныстанып, олар қалай да жерді мол қамтып қалуға тырысқанымен, кейіннен жағдайды өз көздерімен көргеннен соң, алғашқы ойларынан бас тартуға мәжбүр болған.

Жетісу облысына дейінгі аралықтың жер бедері дәл осындай болып келген. Бұл аймақтың ширек бөлігі көлдер мен шөлді күмдардан тұрған. Ал қалған бөліктері тау жоталары мен суландыруға жарамсыз, мал шаруашылығына ғана ынғайлы қыраттардан құралған. Мұнда тау етектеріндегі қолдан суландыруға болатын алқаптар ғана егіншілікке пайдаланылған. Ал негізінен осындай сазды, күмдауыт жерлерді игеру үшін өте қымбат ирригациялық жабдықтар қажет болатын.

Семей облысының топырақ құрамы мен ауа райы ауылшаруашылығы жұмыстарына онша сай келе бермейді. Себебі бұл аймақ ыстық қапырықтан суық аяздарына кілт ауысып отырады. Тек облыстың шығыс бөлігі ғана тау өзендерінен нәр алатын болғандықтан жер жыртып, тұқым себуге жарамды болған.

Ақмола облысындағы жағдай да осындай, топырақ пен ауа райы ауылшаруашылығы жұмыстарына жарамсыз. Тек Есім суынан нәр алатын солтүстік батыс беткейі мен Көкшетау уезінің казак стансалары мен орыс шаруалары тұратын селолардың маңайында, тұшы көлдері мол жерлерде егіншілікпен айналысқан. Облыстың қалған бөлігі суы аз, тек мал жайылымына ғана жарамды жазықтықтан. оңтүстік батысқа қарай 70000 шаршы шақырым шөлді аймақты алып жатқан. Яғни, бұл жер шетсіз-шексіз «Сарыдала» болған. Ал Орал өңірінің бергі жағындағы казак даласы Орал және Торғай облыстарының құрамына енетін Самар және Орынбор губернияларымен шектесіп жатқан. Осыншама аймақтан тек, Орал, Ақмола, Николаев уездері ғана ауылшаруашылығы жұмыстарына қолайлы болып саналған.

Қазақтардың өткен ғасырда да егін шаруашылығымен айналысқанына күмән келтірудің қажеті жоқ. Себебі, ол уақытта қазақтардың көпшілігі көшпелі өмірден жартылай отырықшылыққа көшіп үлгерген болатын. Біздің ата-бабаларымыз ежелден нанды аз тұтынған. Басты тамақтары болып мал өнімдері саналған. Тек казак жеріне орыстар келгеннен бастап мұнда нанға деген сұраныс көбейе түскен.

Қазақтардың арасында егіншіліктің нашар дамуына, олардың көшпелі өмірлерінің ешбір қатысы болған жоқ. Керісінше олар топырағы құнарлы жерлерде астық шаруашылығымен мейілінше көп айналысқан. Бірақ далаларындағы жергілікті жағдайлардың ерекшеліктері көшпелі халықтың өмірлік қажетін қамтамасыз ететін мал шаруашылығын олардың негізгі кәсібіне айналдырған. Мал басының аман болуы қазақтардың өмір-тіршілігін жақсартқан. Алдарына салған малдарынан айырылған қазақтар қолы қысқарып, кедейлердің санатына қосылған. Олар көбіне келімсек орыстарға немесе Сібір қазақтарына жалданып ең қиын, ең ауыр жұмыстарды атқарған. Қалаберді өздерінің байларына жалданып, солардың кіріптарлығында болған. Кезінде көшпелі қазақтар айналысқан егіншілік жұмыстарының барысын мынадай деректерден байқап, осы деректер негізінде олардың орта есеппен қанша астық өнімдерін алып отырғандықтарын (жыл сайын) есептеп шығаруға болады:

Торғай облысы	Үй саны	Себілген тұқым	әр шакканда	үйге
Омбы уезі	6514	52 пұт	0	

Петропавл	10830	1005 пұт	0,09
Акмола	25885	2332 пұт	0,09
Көкшетау	11839	931 пұт	0,09
Атбасар	12674	1613 пұт	0,12
Облыс бойынша	67743	5936 пұт	0,08

Торғай облысы	Үй саны	Себілген тұқым	әр шакқанда	үйге
Акмола уезі	16504	15812 пұт	0,95	
Николаев	22293	26661 пұт	1,19	
Ырғыз	15856	266 пұт	0,15	
Торғай	13749	1904 пұт	0,13	
Облыс бойынша	68402	47042 пұт	0,68	

[21].

Екі облыста да негізінен казактар тұрған. Бірақ басқарылу әдістері әртүрлі болған. Мәселен Торғай облысы, Орал облысы сияқты жалпы заңдылықтар бойынша басқарылған. Ал Акмола облысы, Семей және Жетісу облыстарымен бірге ерекше есепте тұрған [22].

Егіншілікпен ең аз шұғылданатындар Акмола облысының казактары деп саналғанымен, оның оңтүстік уездерінде айтарлықтай көлемде егіс алқаптарын ежелден-ақ (арықтар арқылы) өзен, көл суларымен нәрлендіріп отырған. Одан кейінгі орынды Семей облысының казактары иемденген. Олардың 17861 десятина егіс алқабы болған. Мұны облыстағы 116196 отбасына шакқанда әрқайсысына 0,14-тен келген.

Семей облысында да әсіресе, Өскемен және Зайсан уездерінде суармалы егіс алқаптарында көп дән себілген. Мәселен Өскемен уезінің шығыс бөлігінде егіншілікпен қатар бау-бақша ісі да жақсы дамыған.

Көшпелі казактардың арасынан астық шаруашылығын дамытуда өткен ғасырда ерекше табысқа жеткен Жетісу, Орал және Торғай облысының халқы астық шаруашылығымен орыстардың жаулап алу кезеңіне дейін де шұғылданған. Ал кейіннен көшу орындарын жиі ауыстыруларына, рулар арасындағы қактығыстарға байланысты казактардың бар күнарлы жерлері мен мал жайылымдары орыстарға берілген. Осыдан соң бұрынғы жартылай көшпенді халық амалсыз астық шаруашылығымен айналысу үшін егістікке жарамды жер іздей бастаған. Олар облыстың басты өзендері Іле, Шу, Қаратал, Лепсі, т.б. суы мол алқаптардың бойына ауысқан.

Жетісу казактарының егіншілікпен айналыскандары туралы мынадай деректер бар. Бұл деректер уездер бойынша былай көрсетілген:

Жетісу облысы	Үй саны	Егіс алқабы	Әр үйге шакканда
Верный	29424	26466 дес.	0,89
Қапал	23914	13125 дес.	0,55
Лепсі	27417	14643 дес.	0,53
Пржевальск	18006	22209 дес.	1,25
Пішпек	22946	21804 дес.	0,95
Жаркент	13804	218 дес.	0,8
Облыс бойынша	135254	100407 дес.	0,74

[23].

Орал және Торғай облыстары туралы сөз қылғанда осы облыстардың Ақтөбе және Николаев сияқты солтүстік уездерінде казактардың егіншілік кәсібі келімсек казактар мен орыс шаруаларынан қалыспаған. Алайда осы уездердің аukatты казактары егін орағы кезінде астық машиналарын жалға беріп, жергілікті шаруаларға әмірін жүргізген. Осы облыстың оңтүстігіне қарай орналасқан жартылай көшпелі казактардың егіншілікпен айналысулары өте қиынға соққан. Ал, Орал облысының Гурьев уезіндегі казактар егіншілікпен мүлде айналыспаған. Оның себебі топырақтың құнарсыздығынан еді.

Казактардың егіншілікпен айналысуы қауымдық құрылыс сипатын еске салады. Жерді бірнеше үйдің иелері бірігіп өңдейді. Көбіне рулас адамдар. Егіс алқаптары онша көлемді емес.

Бірақ Торғай облысының Ақтөбе және Николаев уездерінің аukatты казактары 40-50, тіпті 100-200 десятина егіс алқабына тұқым себетін кездері болған.

Әдетте егіс алқаптары мал қыстаулары мен жайлауларынан алыста жатқан. Жерді өңдеп, тұқым сепкен соң казактар өздерінің туыстарымен бірге мал соңынан кеткен. Қос басында егінді баптап, суаруға бірнеше адамдар ғана қалдырылған. Орақ кезінде казактар жайлаудан қайтып оралған. Астық өнімін де өзара тең бөліске салған. Қыстаудың маңына болашақ тұқымды сақтап, қалғанын сатуға шығарған.

Өткен ғасырдың соңында казак даласының бес облысындағы мал саны 13955556-ға тең болған. Шамамен 250 миллион сомға бағаланған. Ішкі істер министрлігінің сол кездегі деректері бойынша әрбір облысқа шаккандағы казактардың жан, мал басы мынадай болған:

Облыстар	Тұрғындар саны	Ірі кара	Ұсақ мал	Барлық мал саны
Торғай	364647	1143989	1743623	2878612
Орал	559552	91648	2127180	3043665
Жетісу	666319	1274240	3696273	4970543
Семей	576578	57934	2006431	2799886
Ақмола	500174	975733	1414287	2390060
Барлығы	2667290	1039942	8851614	13955556

[24].

Бұл дерек көрсеткіштен, тек бір ғана мал шаруашылығы кәсібін өзi-ак мемлекеттік маңызы бар іске айналып, отаршылдардың тәбетін бостан-басқа ашпағаны көрініп тұр.

3 «Московские ведомости» газеті отарлау саясатын жақтаушы

Кезінде либералдық-буржуазиялық бағыт ұстанған бұл газет патшалы самодержавияның саясатын насихаттап, шашбауын көтерген белді басылымдарының бірі болып саналған. Сондықтан, оның беттерінде отарлық шет аймақтар, әсіресе, Қазақстан жайында да миссионерлік бағыт ұстанған, яғни жаулап алушылық пиғылдағы материалдар көп жарияланған. Бұған «Московские ведомостидің»: «Діні, мәдениеті, экономикалық жағдайы, тілі мен тарихи мұралары бізден тіпті бөлек, бізбен ешқандай байланысы жоқ миллиондаған қырғыз тұрғындары мекендейтін шетсіз, шексіз дала мұхитын - өзімізге қаратпай бос қалдыру және этнографиялық орыс территориясы қылмау – басқа снымсыз», - деп жазуы куә.

Өткен ғасырдың соңына қарай қазақ жеріндегі көш-қон қозғалысы қыр облыстарына қарай ойысты. Әсіресе, Ақмола облысы орыс қоныс аударушыларын ең көп қабылдаған өлке болды. Сонда да Қазақстанға үсті-үстіне жүз мыңдап ағылған келімсектерге жер жетпей жатты. Осыған орай, енді «Московские ведомости» газеті – «1877 жылғы Түркістан өлкесінің статистикасына сүйенсек, Сырдария облысында отырықшылардың – 94000 үйі және көшпенділердің 124000 күркесі болған. Отырықшылар 300000, - ал көшпенділер 18000000 десятина жерді иемденген. Бұл цифрлар өлкеде пайдаланылмай бос жатқан жерлердің көп екендігін көрсетеді. Мәселен, тек қана бір Ферғана облысында – отырықшылардың 121000 үйі, 600000 десятина жері,

көшпенділердің – 24700 күркесі, 3000000 десятина жері бар көрінеді. Ал, Амударияда болса отырықшылардың үй саны – 13280, көшпенділердің күркелерінің саны 8100.

Отырықшыларында - 45700, көшпенділерінде 1300000 десятина жер бар. Соныктан осы өлкедегі барлық бос жерлерді орыс шаруаларына алып берсек егіншілікті дұрыс жолға қоюға болар еді», - деп орыс әкімшілігінің назарын оңтүстік өлкелерге аударды.

Бұл шаралар көп ұзамай жүзеге асырыла бастады, жергілікті халықты тонау, зәбірлеу, кемсіту солтүстіктен оңтүстік аймаққа ауысты. Патша өкіметінің осындай басып алушылық саясатын «Московские ведомости» газеті: «Жетісудағы шұрайлы 860000 десятинаға жуық жердің 600000 десятинасы казактардікі, 60000 десятинасы – орыс шаруаларынікі, қалған 17000 десятинасы ғана облыстың өз тұрғындарінікі, яғни қырғыздардікі. Оның үстіне жергілікті чиновниктер тарапынан Түркістан өлкесіне қоныс аударушы шаруаларға жәрдем ретінде Сырдария облысында орыстар үшін жаңадан 30 алқап дайындалды. Жуық арада осы жерлерге 2 мыңға жуық отбасы немесе 10 мың адам қоныстатын болады» [25], - деп оқырмандарына қуана жария етті.

Сонымен қатар бұл газет кей жағдайда патша өкіметінің казак жеріндегі отарлау саясаты, оның ішінде, әсіресе жер мәселесі, қоныстандыру жұмыстары бойынша көптеген кемшіліктердің жіберіліп отырғандығын сөз етіп, оған негізінен жергілікті халықтың қарсылық білдіріп отырғанын тілге тиек етіп, оларға деген іштерінде бүрк- сарк етіп қайнап жатқан ашу-ызыларын: “Басшылар керек емес жерлерге қоныстанушыларды шақырды. Олар белгіленген мөлшерден он есе артық келді. Сөйтіп, жер үшін тартыс басталды. Ақырында, әкімшілікке орыс шаруаларының қырғыз жеріне қоныс аударуларына тиым салуларына тура келді. Өкінішті оқиға. Басшылардың Қостанайға қатысты орыстарды тоқтатқаны дұрыс, алайда оны қырғыздардың қарсылығы бойынша істегені өкінішті. Екі жыл өткен соң қырғыздар орыстардың түгелдей қуылуын және өздеріне ерекше муфти сайлануын талап етіп 3 млн. жергілікті халықтың атынан арыз жазып Петербургке депутаттар жіберуге әзірленуде. Оның соны неге апарып соғары бір күдайға ғана аян нәрсе» [26], - деп сыртқа шығарады.

“Московские ведомости” газеті жоғарыда айтқанымыздай бұратана елдерде отарлаудың барысы қалай және оларды жүргізуге қандай кедергілер кездесіп отыр, оның себебі неде деген сияқты жайларды

камтитын материалдарды да жариялап отырған. Мәселен, “Значение колонизации для наших окраин” деген мақалада: “Орта Азияны дамытудағы біздің еңбегіміз жайлы, біздің қол жеткен табыстарымыз туралы күллі әлем біледі. Ал, Торғай облысындағы басқару ісіміз керісінше, басқаларға беймәлім болып отыр. Оның себебі неде, енді соған назар аударайық.

Ғасырдан астам уақыттан бері бұл өлке орыстарға бағынышты. Оның Торғай, Ырғыз, Қарабұтак сияқты қалаларының негізі 1845-1848 жылдары қаланаған. Соған карамастан орыс әкімшілігінің тұратын үй, басқаратын кеңсе таба алмай, әркімдерге жалынышты болып жүргендері күлкілі мәселе. Бұл бұрын - соңды орыс тарихында кездеспеген оқиға. Осындай немқұрайлық пен берекесіздіктің арқасында орыс поселкілері мен онда тұратын адамдардың саны күн салып азайып бара жатыр. Мәселен, қазір азая-азая Торғайда – 472, Ырғызда – 673, Қарабұтакта – 268 тұрғын қалды”, - [27] деп налицы.

Осының бәріне де карамастан казактар туралы “Московские ведомости” газетінің беттерінде кейде он-прогрессивтік бағыттағы материалдар да жарияланып қалып жүрді. Мәселен, “В киргизской степи” деп аталатын мақаланың авторы казак елі орыстар жаулап алған кезенге дейін өзіндік мәдениеті, елдігі, басқаруы бар мемлекет болғандығы туралы өз отандастарына былай деп ескерту жасайды:

“Өткен ғасырда қырғыздардың бар ісін билер шешетін. Өйткені, үнемі өз халқының арасында болып, олардың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы білген билердің қате шешім қабылдуы мүмкін емес еді. Сондықтан, олардың ісіне ешкім, ешқашан араласпаған. Ең бастысы, билердің кеңесіне туыскандық қатынастар ықпалын тигізбеген.

-Әйтсе де, орыстардың қырғыз даласына келіп, олардың ішкі өміріне тікелей араласуы мән-жайды мүлде өзгертіп жіберді. Онда патша үкіметі енгізген әміршілдік тәртіп дала өмірінің түп-тамырына балта шапты. Әсіресе, қырғыздар үшін 1863 жылы қабылданған үш жылдық сайлау жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан Ата заңдарынан тайқуға әкеп соқтырды.

Себебі, сайлау алдындағы қырғын талас, қызыл сойқан үш жыл бойы қайталанумен болды. Әкімдікке кандидаттар, ірі-ірі партияларға бөлініп, өзара тартысқа түсті. Ұрлық, тонау керек десеңіз кісі өлтіру де көбейіп кетті. Дауды шешетін биге кім көп сыйлық жасаса, көбірек ақша берсе сол адам қылмысына карамай-ақ болыс болып шыға келетін

болды. Адал, өз ісіне берілген, жауапкершілігі мол деген кейбір уезд басшыларының өздері де мұндай бассыздықы тоқтатуға қауқарлары болмай қалды. Сөйтіп, жаңа сайлау жүйесі адам құқыын бұзушылыққа жол берді. Ал, болыстыққа тек бай қырғыздар таласқаны белгілі. Сондықтан, олар атақ-шен жолына малын да, байлығын да, тіпті жанын да беруден тайынбайды.

- Енді, жергілікті патша чиновниктері билерді де лауазымды орынға іскерлігіне, ақылдылығы мен әділдігіне қарай емес, қаншалықты таныстығы мен сүйенері барлығына қарай сайлайтын болды. Содан келіп, билердің халық алдында қадірі кетіп, сенімсіздік тудырды.

Кейбіреулер қырғыз болыстарында партиялардың болуы жергілікті әкімшіліктің әлсіздігін және жабулы жатқан қылмыстардың көптігін көрсетеді дейді. Бұл қате пікір. Мұны қырғыздардың партия үшін қандай да болмасын іске бара алатынын білмейтін адамдар ғана құптауы мүмкін. Себебі, жазаға тартылған адамның қылмыскер орындығына отырғанға дейінгі ісі бірнеше қолдан өтеді - дознание, тергеу, сот. Бұл тәртіп қырғыздарға жақсы таныс. Қазір жалған куәлік ететін адамдар да көбейді. Оларға тәжірибелі чиновниктер алдын-ала істің мән-жайын таныстырып, сот алдында қайтіп, қалай жауап беру керек, тергеушінің алдында өзін қалай ұстауы керек, барлығын үйретіп, дайындап қояды. Сондықтан бұл істі шатыстырып, не айтып, не қойғанын білмей сасатын адамдар жоқ.

Оның үстіне, әрбір бай қырғызда, партияның басшысында орыс басқармасы бар қалаларда өздерінің жеке кеңесшілері, жақтаушылары, адвокаттары бар. Олар орыс әкімшілігіндегі өз жұмыстарын солар арқылы шешіп, жайғастырады.

Бұдан шығатын қорытынды осы мақаланың авторы сол заманның шынайы көрінісін өз қалпында көрсете білген деп айтуымызға болады. Себебі, кезінде орыстар қазақ жеріне өз заңдары мен биліктерін алып келіп, отарлау саясатын сол арқылы жүзеге асырды. Сондықтан жергілікті халық орыстардың өздеріне екі қайнаса сорпасы қосылмайтын реформаларының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сана, ел басқару дәстүрлерінен айрылған.

Ендігі мәселе миссионерлер хақында. Құдайға шүкір патша үкіметінен бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ жерінен миссионерлердің (дін уағыздаушыларының) аяғы арылмай келе жатыр. Ал, сол кездегі христиан діні уағыздаушыларының алдарына қойған басты мақсаттары-

казак халкын шоқындыру арқылы ұлт ретінде жойып жіберу болатын. Осыған орай Ресейден арнайы жіберілген миссионерлер де, қызмет бабымен келген шенеуніктер де казактардың дінге қалай қарайтынын бақылап, әлсіз тұстарын тауып, өз діндерінің мәртебесін асыруға тырысты. Осыған орай 1877 жылы Дала генерал-губернаторы Калпаковский: "Бұдан 20 жыл бұрын Акмола, Семей, Жетісу облыстарының қырғыз даласында орыс шаруаларының қоныстары жоқ деуге де болатын еді. Қырғыздардың арасына орыс шаруаларын ауылдарға, қалаларға қоныстандыру мен үшін оңайға түскен жоқ. Орыстар қырғыз даласына өздерінің тілдері, әдет-ғұрпын және православие дінін ала келді. Мен мұны қырғыздарға әсер етпейді,- деп айта алмаймын.

Қазіргі кезде қырғыздардың ескі әдет-ғұрып, салт-санасы босаңсыды, ал жаңасы әлі құрыла қойған жоқ. Ал, мұндайда босаңсыған халық өзіне діннен тіреу іздейді. Қырғыздар өздерін мұсылманбыз дейді, бірақ көпшілігінің сол дін туралы түсінігі жоқ. Бұлардың арасына могомет (ислам) дінін насихаттап, таратып жүрген саудагер татарлар, бұхарлықтар. Сондықтан, оларға кедергі жасай отырып, мынадай босаңсып тұрған қолайлы кезеңді пайдалана отырып, қырғыздарды христиан дініне қабылдау керек [28],- деп жазған.

Жалпы отар елдің тұрғындарын біртіндеп орыстандыру жайын патша үкіметі ерте заманнан –ақ ойластырған. Мұның өзі 1731 жылғы сенаттың Еділ халықтары үшін арнайы мақсатпен құрған "Новокрещенская контора" дегенімен де айқындала түсті. Сондай-ақ, 1799 жылы арнайы миссионер кадрларын дайындайтын Қазандағы рухани академияның ашылуы, оның үстіне орыстардың палатасы мен қатар қоныс аудару кеңесінің өзі алысты көздеген, сүркия шаралар еді.

Бұл туралы "Московские ведомости" газеті кезінде Томбы, Алтай Қырғыз епархиясы миссиясының 1890-1891 жылдары атқарған жұмысының есебін жариялады. Онда Алтайдағы христиан дінінің соңғы табысы қырғыз даласына ауысуға мүмкіндік әперді. Алайда, ол жердегі жағдайымыз қиын. Миссионерлердің айтуына қарағанда, біріншіден, қырғыздардың мінез-құлқы христиандарға жат, екіншіден, олардың молдалары мықты, жергілікті халықты шоқындыруға қатты қарсылық көрсетуде. Сондықтан да, әзірге ісіміз алға баспай тұр. Ал, қолға алынған істі ортан жолда қалдыруға болмайтындықтан, арнайы адамдар дайындалуда. Мәселен, осындай игі жұмыстардың нәтижесінде А.С.Петров деген мырза Москва университетін аяқтаған соң, Қазандағы

мұсылмандыққа қарсы курста оқып, татар тілін үйреніп алудың барысында өз маңына бірнеше шоқынған татарларды тартып отыр. Оның үстіне осылардың күшімен қырғыз тіліне біздің “Святое писаниемыз” да аударылып жатыр.

Қалай болғанда да соңғы жылдары қырғыздар бізге келіп жатыр. Жылына бірнеше адамнан шоқынады. Қазірдің өзінде олардың ұзын саны жүзге толды, біздің басты максатымыз қырғыз даласын иемдену. Ендеше, таяу жылдары Қырғыз епархиясын орталыққа орналастырсақ, әрі шоқынған қырғыздары сол жерлерге көшірсек, біздің қырғыздарды өзімізге тартуымыз күшейе түсер еді” [29], - деп жазылған.

Бұдан шығатын қорытынды орыстар казактарды шоқындыру үшін қолдан келген бар айла-шараларын жасап баққан екен. Олардың казак жеріне бірден топ ете түспей, біссіміллеларын Алтай жақтан бастағандары да көп нәрсені аңғартқандай. Ең алдымен, миссионерлер алтайлықтардың балаларын оқытып, дәрігерлік көмек көрсетіп, бауырларына тартқан. Одан соң осы тәсілді қолдана отырып, казак даласына кіруді де жоспарлаған. Ол үшін қарапайым казактардың тілін табу максатымен жоғарыда айтқанымыздай миссионерлерге татар тілін үйреткен. Сөйтіп, қайткен күнде де кең далаға христиан дінін таратуды көздеген.

Бұдан қалай болған күнде де осы өзіміз қарастырып отырған “Московские ведомости” газетінің либералдық-буржуазиялық бағыт ұстанғанымен кейінгі ұрпаққа өткен заманның шындығын көрсететін басылымдардың бірі болғандығын байқаймыз. Өйткені, бұл газет кезінде патшалы Ресейдің өзінің шет аймақтарында отарлау саясатын қандай тәсілмен жүзеге асырып жатқандығын бірде мақтана, бірде қайғыра жазу арқылы-ақ, казак халқының орыстардан көрген барлық қайғы – қасіретін тайға таңба басқандай көрсетіп берген.

4 «Восточное обозрение» газетінде казактар мәселесінің жазылуы

Ресейде 1870–1880 жылдары феодалдық монархиядан буржуазиялық монархия еліне айналу кезеңінде газет ісінің қарқынды дамуы ерекше көзге түседі. Осыған орай, мұнда 1865 жылы шыққан баспасөз туралы уақытша ережелерге сәйкес буржуазиялық газеттердің көптеп жарық көруіне мүмкіндік туды. Енді жеке адамдардың иелігінде

басылымдар тек астанада ғана емес, Ресейдің губерниялық қалаларында да пайда бола бастады.

Осындай буржуазиялық-либералдық бағыттағы газеттердің бірі - 1881 жылы Иркутск қаласында дүниеге келген «Восточное обозрение» газеті еді. Оның шығарушысы Н.М.Ядринцев, редакторы В.А.Ошурков болатын. Басылымның атына сай онда көбіне шығыс халықтарының тұрмыс-тіршілігін қамтитын мақалалар көп жарияланды. Әсіресе, қазақтардың елі, жері, табиғат байлығы мен шаруашылық жайы жан-жақты талданып, жазылды. Оның өзіндік жай-сыры да бар болатын. Себебі, бұл кезеңде Қазақстанда орыстардың әскери қалалары, шекаралық бекіністері одан әрі нығайтылып, ішке қарай бойлап ене бастаған болатын.

Осыған орай, мәселен, «Восточное обозрение» газеті «Сібір өмірінің хроникасы» айдарымен берілген мына бір хабарында: «Астаналық газеттер финанс министрлігі жергілікті тұрғындар өмірін жақсарту керектігіне назар аударғаны туралы хабарлап отыр. Ол жерде соңғы кезде сауда елеулі түрде дамып келе жатыр. Бүгінгі таңда Қарқаралы мен Павлодар арасында Баянауыл арқылы өтетін телеграф желісін тарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар финанс министрлігі қажетті мекемелермен келісіп, жәрменкеде сатылатын әрбір бас мал үшін алынатын салықты осы елде почта, телеграф қатынастарын одан әрі дамытуға жұмсамақ ниетте» [30], - деп қазақ халқына жанашыр, қамқоршы ретінде көрінгісі келсе, екінші бір мақаласында: «Жақын арада мемлекеттік кеңесте Түркістан өлкесін бағындыру жөніндегі жоба талқыланбақшы. осыған байланысты жергілікті өкімет орындарынан Самарқанд, Ферғана облыстарында егіншілікке пайдаланатын бос жердің қалмағандығы, ал Сырдария бойындағы жарамды алқаптар түгелдей орыс қоныс аударушыларына берілгендігі туралы қуанышты мәлімет алынды», - деп шын мәніндегі өз бет-бейнесін ашып берді.

Жалпы, бұл газеттің беттерінде жалтақ, екі-үшты, жалпылама материалдар көп басылған. Мәселен, «Русские ведомости» газеті ішкі мемлекеттік департаменттің біріккен кеңесінде ішкі істер министрлігінде Ақмола, Семей, Орал облыстарын басқару туралы қаулысының жобасын талқылау туралы жазды. Енді бұл жерлерді билеу құқығы дала губернаторының, әскери губернаторы мен облыстың басқармалар қолына берілді. Сот үкімін шығару ісі де облыстық соттар мен сенаттың өкілдігіне тапсырылды. Сөйтіп, бұдан былайғы жерде орыс емес халық үшін оларға арнайы шығарылған заң бойынша халық сотының үкімдері

қолданылатын болды [31], - деп казак жеріндегі жекедара билеу саясатының қаншалықты тереңдеп кететіндігін басқа басылымның сөзімен жеткізсе, енді бірде Семей, Ақмола облыстарында алғашқы ауылшаруашылық мектептері жұмыс істей бастағандары туралы: «Мұнда алғашқыда қырғыздардың ұл-қыздарына орыс тілін-үйретумен қатар, ауылшаруашылық ғылымы, оның ішінде егіншіліктен де дәріс беру көзделгенді. Оның үстіне тәжірибе жасауға қажетті учаскені жергілікті казактардан жалға алуға тура келді. Алайда, бізге әзірге бұл оқу орнының бағыт-бағдары түсініксіздеу болып тұр. Өйткені, мектепте басқа пәндермен қатар жаратылыстану сабағы да өткізілуге тиіс болатын. Бірақ, онда тек орыс тілін оқытумен ғана шектелуде. Сондықтан, қырғыз балалары қандай мақсатта тәрбиеленіп жатқандығы белгісіз» [32].- деп хабарлап, істің бұлай бет алғандығына кейістік білдіргенсиді.

Сонымен қатар, «Восточное обозрение» газетінің беттерінде казактардың елі, жері, табиғаты, салт-сана, дәстүрі туралы да көптеген материалдар жарияланған. Соның бірі казак даласын танып, білу мақсатында жасалған экспедициялардың қорытындылары жайлы, газет казак жеріне жіберілетін осындай экспедициялардың басты мақсаты шұрайлы жерлерді басып алуға, патшалы Ресейдің экономикасын дамытуға қажет, пайдалы кен-қазбаларының орнын анықтау болғандығын ашық жаза отырып, өзінің осы мәселеге арналған кезекті бір материалында: «Омбы қаласында 1891 жылдың 18 қаңтарында кешкі сағат сегізде Ю.А.Шмид өзінің 1889 жылдың жазында Ақмола облысының Оңтүстік бөлігі мен Бетпақдалаға жасалған саяхатының нәтижесі жайында хабарлама жасады. Алдын-ала дайындалған хабарламаның бағдарламасы бойынша төмендегідей мәселелер қаралды:

1. Экспедиция барысында тындырылған істерге қысқаша анықтама;
2. Облыс жерінің орогидрографиялық сипаты мен типтік ерекшеліктері;
3. Бетпақдала шөлі, Шу өзенінің төменгі сағасы мен керуен жолдары;
4. Оңтүстік көшпенділерінің жерді пайдалану ерекшеліктері;
5. Қорытынды.

Бірақ, осы облыстың сүренсіз табиғаты туралы Степанов мырза да газетіміздің өткен сандарында жазған болатын. Сондықтан, Ю.А.Шмидтің бұл жасаған хабарламасында ғылыми тұрғыдағы тың жаңалықтар болмады» [33].-деп қынжылыс білдірді.

Отарлау саясаты барысында патша өкіметі газет-журнал беттерін асқан шеберлікпен пайдалана білу арқылы да казак халқын ғасырлар

бойы қалыптасқан салт-сана, әдет-ғұрыптарынан, тілі мен дінінен айыру бағытында да талай жымысқы істерге барған. Бұл жөнінде басылымның «Қасиетті синодта бұратаналардың тілін үйренуді жүйелі түрде өткізу бағытына ерекше мән берілуде. Себебі, жергілікті халықтың тілін білмеу, миссионерлердің христиан дінін таратуларына кедергі болуда» [34], -деп жазуының өзі көп нәрсені аңғартқандай.

Мұның өзі миссионерлік жымысқы әрекеттердің қазақ жерінде өткен ғасырдың соңына таман кең құлаш жайғанын көрсетеді. Мәселен, сол кездері қазақ тілін, салт-дәстүрлерін жетік білетін миссионерлер ауыл-ауылды аралап жүріп, христиан дінін уағыздаған. Мұндай әрекеттер алғашқыда жасырын, құпия түрде жүргізілгенімен кейіннен ашық уағызға айналған. миссионерлердің діни уағызына ең алдымен қазақтың жетім ұл-қыздары, кейіннен азын-аулақ берілетін заттай, ақшалай сыйлыққа қызыққан кедейлер түсті. Сөйтіп, шоқынғаннан кейін олардың туғанда қойылған аты-жөндері өзгертіліп, Иванов, Петров, Сидровтардың қатарларын толықтырды.

Кезінде газет бетінде әйел теңдігі мәселесі де сөз болған. Әрине, мұнда қазақ әйелдеріне тән барлық жақсы қасиеттер бұрмаланып, кері көрсетілген. Оны мына бір: «Әйелінің қыз туғанына бұл халық қуаныш білдірмейді. Әрине, оны ұзатып көп қалын мал алуға болады. Бірақ, қыздың жасауына да көп қаражат шығару керек. Бөтен семьяға келін болып түсетін қыз, сол шаңырақтың басыбайлы құлына айналады десе де болады. Күйеуі мен оның туған-туысқандары келіндерін, егер ол дүниеге ұл бала әкелген болса ғана сыйлап, құрметтейді. Оқырмандарымызға осы арада жесір әйелдің азабы туралы да түсінік бере кеткен жөн сияқты. Өйткені, бұл мәселеден, жесір әйелдің бүкіл тайпа меншігі болған жабайылық кезең белгісі байқалады» [35], - деген жалғыз ауыз мысалдан-ақ айқын көріп, біліп сезінуімізге болады.

«Восточное обозрение» газетінің назарынан қазақ еркектерінің осал жақтары да тыс қалмаған. Мәселен, ол өзінің бір санында: «Орыстармен араласып, тығыз қарым-қатынаста болған осы елдің еркектері түбі күні өзінің ұлттық киімін бойынан сілкіп тастайтын болады. Ең бастысы, олар енді, ғасырдан-ғасырға ұласқан дәстүрлеріне менсінбей қарап, орыс тілінде сөйлеуге тырысады. Оларды құлақтан тұқыртып ұстап, өзімізге бағындыру үшін бізге керегінің өзі осы. Сонда, орыс мәдениетін үйрендім деп шалқактаған қырғыздың шын мәнінде бойына жинақтағанның бәрі де іске алғысыз орыс асының қалдықтары сияқты шайындылар болып қалады. Сөйтіп, бұратаналардың қолы бүкіл

дүние жүзіне үлгі боларлықтай шынайы мәдениетке ешқашан да жетпейтін болады» [36]. -деп айызы кана қағыта жазған.

Басылымда орыс мәдениетін, тілін, дәстүрін бұратана халықтар арасында таратудың ең басты құралдарының бірі, дәнекері ретінде орыс әйелдері атанады. Басқа ұлттың еркегімен тұрмыс құрған орыс әйелінің күйеуіне өз дегенін істеп, жіпсіз байлап-матап ұстайтындықтарын тілге тиек ете отырып: «Орыс қоғамында, орыс әйелінің қызметтері жоғары бағаланады. Оны келешекте қиындығы мол, игі іс күтіп тұр. Орыс әйелдерінің ендігі міндеті түтінмен әбден ысталған киіз үй ішінде жалпы адамзаттық мәдениет алауын жағу» [37],-деген мәселені ашық күн тәртібіне қояды.

Патшалық Ресей кезінде өз мүдделеріне сай қызмет ету үшін арнайы мектептер ашып, бұратана халық арасынан мамандар дайындағаны белгілі. Ол оқу орындарында дәріс тек орыс тілінде жүргізілгендіктен, оның түлектері көбіне-көп біржақты білім алып, өз халқы үшін қызмет істей алмайтын дәрежеде болатындығын мына бір мысалдан-ақ айқын аңғаруға болады.

«Өзінің статистикалық еңбектерімен әйгілі Вернер мырза Павлодардағы ауылшаруашылығы мектебі мен дала өлкесінің қоныс аударушылар бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Мектеп бұл қалада орыс мемлекетінің 1885 жылы қабылданған «Қырғыздарға арналған төменгі дәрежедегі ауылшаруашылық мектептерінің жарғысына байланысты жұмыс істей бастаған еді. Кезінде оған басқарма тағайындалып, мұғалімдер қызметке шақырылған. Ал, қазір осы мектептің қал-жайы нашар. Ауылшаруашылық саласы бойынша дәріс оқылмайды. Орыс тілін оқыту дәрежесі де төмен түсіп кеткен. Бірақ, енді бұл мектепке меңгеруші болып Вернер мырза тағайындалған соң бұратаналар белгілі бір бағытта білім алып, Ресей үшін қалтықсыз қызмет істейтін дәрежеге жете алады деп сенеміз» [38].

Мұндай мысалдардан «Восточное обозрение» газетінің де сол кездегі буржуазиялық басылымдарға тән бағыт-бағдар ұстанғанын көреміз. Міне, осындай жайларға байланысты бұл басылым бетіндегі қазақ тақырыбына арналып жарияланған материалдарда баяндау, хабарлау сарыны басым болған. Сондықтан да, көбіне-көп редакция ұжымы шет аймақтар, оның ішінде қазақ жерінде шатшалық Ресей таралынан жүргізіліп отырылған отарлау саясаты туралы мәселелерге жалпылама шолу жасап қана қойған. Ал, нақты оқиғаларға тікелей пікір айтып, тұжырым беруден бойын аулақ ұстаған.

5 «Исторический вестник» журналындағы казак жеріне деген қызығушылық

1865 жылы шыққан «Баспасөз жайлы уақытша Ережеге» сай көптеген жанашыл көзқарастағы, демократиялық бағытқа бет бұрған басылымдар патшалық үкімет тарапынан бақылаудың күшеюіне, олардың алдын-ала жасалған цензурасыз шығаруға рұқсат бермейтін талаптарынан табылмағандықтарына байланысты жабылып жатты. Ал, мұндай бағыттан бөлек, патшалық үкімет саясатына қарсы келмейтін газет-журналдар үзіліссіз шықты. Отарлау саясатына байланысты материалдар жазып, бұратана елдерден түрлі мәліметтер жеткізуге үлес қосатын басылымдар үнемі қолдау тауып та жатты. Орыс журналистикасы тарихын зерттеуші В.Березина мынадай деректер келтірді.

«Қазак жеріне елшілікке келген сыртқы істер коллегиясының тілмашы, ірі дипломат М.Тевкелевке арнайы журнал шығарудың тапсырылуы тегін болмаса керек. Журнал бетінде казак даласының жалпы географиясы, ондағы халықтардың тұрмыс жағдайы, экономикасы, айналысатын кәсібі, елді мекендердің саны, көрші елдермен қарым-қатынасы жайлы тұрақты жазып тұру тапсырылды» [39].

Міне, «Исторический вестник» журналы осындай ой-ниет талабынан туындаған басылым болды. Сөйтіп, бұл журналдың алғашқы саны 1880 жылы Санкт-Петербургте шықты. Ол Ресей жеріне кең тараған басылымдардың бірі. Журналдың Мәскеу, Одесса, Харьков, Саратов қалаларында арнайы бөлімдері жұмыс істеді. Редакторы болған С.Н.Шубинский журналға басшылық жасаумен бірге, қаламы жүйрік, өте білімді жан ретінде журналдың тарих, әдебиет зерттеу саласындағы жетекші журналисі болды. Оның Хиуаға, Бұхараға жасаған сапарларынан жазған жолсапар очерктері мол.

Журналдың бағдарламасы орыс және шетел тарихи шығармалары, монографиялар, роман тағы басқа әдеби дүниелер, саясат жазбалары көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндары, көрші елдердің салт-дәстүрлері, тұрмыс тіршілігі жайлы материалдарды, орыс және шетел әдебиетінің библиографиясы, тарихи материалдар мен құжаттарды қамтыды.

Қазак жерін отарлау саясатын жазудан, қызығушылық туғызып отырудан «Исторический вестник» журналы да тыс қалған жоқ. Бұл басылым беттерінен Түркістан, Орта Азия жайлы мәліметтер, зерттеу

енбектердің жиі көрінуінен аталған аймаққа ауған ықыластың молдығын аңғарамыз. Сондықтан да, «Исторический вестник» журналы бұл туралы өз бетінде “Қазақ жері орыстар үшін тек географиялық жағдайына қарай ғана емес, оның орыстарға беретін пайдасы үшін де өте маңызды” [40], - деп жазды.

Осы ой нық бекіген басылым беттерінен отарлау саясатын барынша қолдаған, оның ішінде басқыншылықтың барысын көрсеткен материалдар желісі үзілмейді. Қазақ жеріне орталық Ресейдің шаруаларын қоныстандырып, тұрақтандыру олардың шаруашылық жүргізу саласында үкіметке қандай шаралар атқару керектігіне назар аударады. Басып алынған жерлерді кеңейте түсу мәселесін сөз етеді. Соның бірі-отарлау саясатындағы «Оң қол» ретінде пайдаланылатын негізгі күш казактар болуы керектігін Г. Дукнасов деген автор: «Бірінші болып, орыстардың Орта Азияны отарлаудағы біздің мемлекетімізге сенімді тірек болатын негізгі күш - казактар екендігін көрсетті. Кавказ, Орта Азия орталығындағы сияқты біздер бұдан кейін де, казактар күшінсіз ештеңе жасай алмайсыз. Сондықтан да, казактардың көңілін қалай да тауып отыруымыз керек. Казактарды басқыншы күш ретінде пайдалана отырып, оларға басып алған жерлерін беру артырына алдамдамайтындай жағдай жасау арқылы біз көп жеңіске жете аламыз. Басып алған жерлерін өз меншіктеріне иеленген казактар, сол жерді кеңейту үшін-ақ, өздері жаңа жерлерді жаулай береді. Соның арқасында Ресей ол жерлерді де өз заңы үкімін жүргізіп, бұратананы басқын етіп, тіпті оларды орысқа сіндіріп жіберіп отыра аламыз», - деп көрсетті.

Одан әрі казактарды Ресейдің әскери күштері ретінде пайдаланудың нәтижесінде «Башқұрт та, қалмақ та, татар да және басқа жаң-жұрттықтар өздерімен өздері казак арасына сінші, нағыз казак бола бастады, сонымен көзге көрінбейтін бір күш әсерімен казак еркіндігі бостандығының идеясын жалаудатып жүріп, орыс мемлекетінің идеясын таратушы және орнатушы болып отыр. Мұндай орыс күшінің бекем екенін айтпасак та болады, өйткені соның нәтижесінде орыс мемлекеті нығая түсті» [41], - деп жазды.

Алғашында алдамшы саясатпен сыналап кіріп, енді есігінен сығалатпауға айналған, бүкіл ісін өзі шешкен халықтың қазыналы жер қойнауын, иен-тегін байлығын игеруде патша үкіметі арнайы экспедициялар қыметін молынан пайдаланған. Міне, осы жай «Исторический вестниктің» басты тақырыптарының бірі болған. Журналдың «Сын және биография» бөлімінде үнемі жаңадан жарық

көріп жатқан кітап, зерттеу, тарихи еңбектерге сын-пікірлер беріліп тұрған. Сондай кітаптың бірі «П.И.Рычковтың 1762 жылғы шығармалары», -деп аталады.

Бұл зерттеу сол кезден бір ғасыр бұрын жазылған дүние болса да, 1888 жылы Орынборда қайта басылып шығады. Мұның өзі, кітаптың казак халқын танытудағы өте бағалы болғанын білдірері анық. Кезінде жазушы М.Сәрсекеев «Жұлдыз» журналына «Капитан Рычковтың жазбалары» деп мақала да жазыпты. Енді осы жазушы ағамыздың аудармасынан алынған П.И.Рычковтың казактарға берген сипаттамасынан үзінді оқып көрелік.

«Бұлардың табиғи зеректілігі өздері типтес халықтардың көбінен озық, бірақ олар өзіндей қараңғы халықтармен салыстырғанда өзара тату тұрмайды. Қырғыз-қайсақтардың әйелдері еркектерінен гөрі әлдеқайда кішіпейіл және өте-мөте мейірімді. Еркектері тегінде үй шаруасына қарамайды, жаугершілікке бейім, көбіне серілік құрып, бос жүруге құмар. Әмбе осыны өздерінше мақтан көреді. Ал, әйелдері керісінше, сондай еңбеккер» [42].

Осы орайдағы тағы бір сын А.И.Макишевтің «Түркістан және ондағы орыстардың отарлау қозғалыстары туралы» деген зерттеу кітабында берілген. Онда «Біздің Орта Азия жайлы істеріміз жыл өткен сайын үлкен қызығушылық туғызып келеді. Әр кездегі біздің қозғалыстар жөніндегі мәліметтер әлі күнге дейін бір жүйелі, тұтас болмай жатыр, бұл жана зерттеушілерге қиындық тигізуде. Профессор А.И.Макишевтің еңбегі жүйелілігімен, көп мәліметтілігімен анықтамалары молдылығымен құнды. Кітапқа кіргізілген жер бедері көрсетілген карталар мен әскери іс-қимылдар жоспарлары оның бағасын арттыра түсті», - делінген.

Бұл басылымның қалайтыны қапысыз хабардар ететін, олжалы сапар нәтижесі. Бұдан олар барлық орыс халқы секілді өз елінің баю жолын көреді. Соны аңсайды. Сол мақсаттағы пайдасы мол зерттеу еңбектерінің ескерусіз немесе ұмыт қалмауын қадағалайды. Осының айғағы ретінде мұнда Н.М.Пржевальскийдің Орта Азияға жасаған үшінші саяхаты жөніндегі жана еңбегінің шыққандығы туралы хабарланған. Одан әрі бұл кітап орыс ғылымына өте зор пайда келтіретін «Шын мәнінде автордың өзі айтқандай – «**Научная рекогносцировка Центральной Азии**», - деп бағалайды.

Осылай, казак даласының шексіз байлығын сезінген сайын патша үкіметінің араны ашыла түскен. Экспедициялар жиілей түсті. Енді,

мұндай зерттеу жұмыстарына ірі-ірі шетелдік ғалымдар да тартылды. Мәселен, Санкт-Петербургке неміс ғалымы, жер танушы, географ А.Гумбольд осындай экспедиция жұмысына шақырылды.

Міне, сөйтіп казак даласының біраз жерін шарлаған А.Гумбольдтың «Сібір және Каспий теңізіне жасалынған саяхат» атты кітабы осындай ізденіс, зерттеуінің жемісі болды. Оның бұл еңбегіне Тобыл, Барнауыл, Өскемен, Нарын, Семей өлкелерінің тұрғындарының өмірі өзек етілді. «Исторический вестник» журналы бұл экспедиция жұмысының нәтижесіне орыс қоғамының ризалығын жеткізіп, ғалым еңбегін «өз дәуіріндегі география ғылымының аса зор жетістігі» – деп жазды. Алайда, бұл Ресей үшін тек ғылыми жетістік қана емес, сонымен бірге отарлау саясатын іске асыру үшін таптырмайтын жолнама, құрал да болып табылды.

Қазак жерінің шұрайлы, егін егуге жарамды, кара топырақты аймактарын ерте білген патшалық Ресей үкіметі осы жерлерге шаруаларды қоныстандырып, астық шаруашылығымен айналысуға кірісе бастады. Осыған орай «Исторический вестник» журналында казак даласындағы егіншілік мәселесіне арналған, көптеген материалдар жарияланып тұрды. Сөйтіп, басылым ұжымы казак жерінің құнарлы, егістік дала екендігін айтып, ішкі Ресейдің шаруаларын қызықтыру, насихаттау арқылы олардың казак жеріне көшуіне мұрындық болып, патшаның отарлау ісін одан әрі тереңдете жүргізуіне жағдай туғызды.

«Мәселен, осы орайда журнал Түркістан өлкесіндегі жүзім шаруашылығы туралы «Жалпы, Түркістан өлкесіндегі жүзімдік аумағы – 19.705 мың десятина, барлық беретін өнімі – 7 млн. 600 мың пұт. Өлкенің жүзім шаруашылығы келешектегі байлық көзі болатындығын байкатады. Түркістан жүзімінен француз шарабынан кем түспейтін шарап даярлауға болады, өйткені кейбір сорттар құрамында 32 процентке дейін кант бар» - деп мәлімдеген. Бұлардан басқа жер мәселесіне байланысты зерттеу еңбектеріне пікір білдіріп, рецензиялар жазып отырды. Соның бір көрінісі мынау. Журнал 1910 жылы В.И.Кузнецов деген автордың Көкшетау уезіндегі іс-шараларына байланысты еңбегіне мәлімдеме берсе, 1911 жылы оның Омбы, Петропавл, Атбасар және Акмола өңірлерін зерттеген материалдарына арнайы тоқталды.

Журнал қырғыз шаруашылығын зерттеу тақырыбындағы бұл еңбекті жоғары бағалайды. Себебі, ендігі бір шаруа-казак жерінде отырықшылыққа айналған ел шаруаларының жағдайы мен дамуы және

әрі қарай пайдалану үшін керекті жерлерді анықтау, мемлекеттің отаршылық қорына кіретін жерлерді белгілеу еді. Авторлардың кей мәселеге білмегенсіп қарайтын тұстары бар.

Айталық, Ақмола жерінде «қырғыздар бұрын болмаған. Олар мұнда Ресей билігі орныққан соң келді» дейді. Әрине, ол кез Ресей мемлекетінің казак жерін «түгел біздікі» – деп иеленіп тұрғанын ескерсек, мұндай тырнақша ішіндегі қателіктерді» де түсінеміз. Өйткені, тарихты, тарихи шындықты бұрмалап, кейін ешкім қарсы уәж айтпайтындай етіп жазу сол кезде-ақ әріден ойластырылып жасалынған «қателіктер» екені анық.

Орыс зерттеушілері, әрине, ұлы Сервантес айтқандай «жалған тарихшы, жалған ақша табушы ретінде жазалануы керек-ақ» деген ұлағатты білген жоқ емес, білді. Сөйте тұра теріс жазды. Сонда, казактардың кең даланы мал жайлауы етіп, бір жерде отырмай, сайын даланы ат сауырына «бөктеріп» жүре беретін сақи салтын бағаламай, орыс оқырмандарына көшпелі елдің отырықшы жұртсыз жерлерін иесіз етіп көрсету мақсат болғаны белгілі. Қазақтың жерін қалауынша кесіп-пішуге келгенде «көрегендік» танытып, «Даланы қырғыздармен бұлай толтыру (отырықшы ету) ол жерде әскери күш орыстікі болып тұрғанда, оның үстіне Ресей ресми түрде иеленіп отырғанда, біздің көзқарасымызша, қырғыздардың қазіргі Ақмола облысының даласын тарихи иемдену құқықтарын қайта қарауға тұрады», - деп кесімді пікір айтады.

Патшалық Ресей отарланған Азия халықтарының ішінде саны жағынан да, жері жағынан да басым, сол кең даладай ақ көңілі мен көптігіне қарамайтын, ала ауыз, бір сөзбен айтқанда дегеніне көндіріп, уәжіне сендіріп, айдағанына жүргізе алатындай казак елін идеологиялық жағынан құлдыққа түсірудің зор саяси маңызы барлығын бастан-ақ біледі. Сол жолда жүргізбеген саясаты жоқ. Ең басты мақсаттары казак жерін жік-жікке бөлу еді. Бұл орайдағы үлкен шаралары - хандық жүйені жойып, патша үкіметі тарапынан қолданылған Кіші Сұлтан – правительдік, Орта жүздегі аға сұлтандық секілді жаңа жүйені өмірге енгізу болды. Ал, Ұлы жүзде билік жүйесі бұл кезде әлі де датқалар қолында болатын.

Осының негізінде казак жері негізінен үш аймаққа бөлініп, әр аймаққа әр қилы саяси-әлеуметтік жағдай қалыптасты. Оларды бір-бірінен ажыратып, байланыстары шектелінді. Тіпті, араласып тіршілік жасаудан да қалып бара жатты. Мұндай жағдайда казак халқының

біртұтас салт-санасы мен тілдегі тұтастықтары да ыдырай бастады. Отаршылдардың ой-армандарына айналған орыстандыру саясатын оңай жүргізудің сәті осылай тұды.

Өйткені, бұдан бұрын Қытай империясы мен Орта Азиядағы хандықтардың қатысын шектемей тұрып, патша үкіметі әлі де халықтың рухани дүниесіне араласа қоймағанды. Сөйтіп, өзінің орыстандыру туралы ойын, идеологиялық рухани қысымын бөгетсіз билікке ие болғанша бүркемелей тұрды. Алдымен, әр жерде бекіністер салып, ел билеу орталықтары–қалаларға орналасып, келімсектерді орналастыра берді. Салынған қалалардың атаулары орыс тілінде қойылды. Осыдан бастап патша үкіметі бұрынғы саясатын өзгертіп, халықтың рухани ішкі тірегі болған мәдениеті мен дініне, тілі мен тарихына қатысты қара ниетін ашты. Бұрын құпия түрде жарияланып келген миссионерлік саясаты - отарланған елді православие дініне шоқындырып, орыстандыру ісіне кірісті. Қазақ жерінде ашыла бастаған түрлі мектептер осы міндетті жүзеге асырудың тиімді әдісі еді. Сөйтіп, бұл өлкедегі оқу-ағарту мәселесін миссионерлік мүдде тұрғысынан пайдалануға жан сала кірісті.

Бұл үшін қазақтарды басқа мұсылман жұртының рухани әсерінен ажыратып, араб графикасы негізіндегі жазуының орнына орыс алфавитін кіргізуді шешуші шара деп тапты. Осы міндеттерді жүзеге асыруда Ильминский зор көлемді жұмыстар жүргізді. Ең бастысы, айлакерлік саясатының жүзін жарқыратпай, жұрт үрікпейтіндей жасау үшін қажетті кісілерді қазақтың өз арасынан іздеді. Өйткені, бұл әдіс саяси жағынан сенімді, іске көп кедергісіз асатын жол еді. Осы мақсатты Ильминский 1869 жылы Ағарту Министріне жолдаған хатында «Ы. Алтынсарин жана алфавиті» жөніндегі түсінігінде жазады. Осындай, қазақ жерінде орыстандырудың зәрлі уы жайыла берді.

Мәселен, бұл жай М.А.Мересьевтің «Орыс жат-жұрттықтарының жағдайлары жайлы» мақалаға берген рецензиясында айқын көрініс тапты. Рецензия авторы Ядринцевтің жатжұрттықтар жайлы жазған еңбегіне шүйлігеді. «Біз үшін өкініштісі, Ядринцев Ш.Уәлихановты қырғыз елінің болашағына үлгі етіп көрсетіп, «мұндай оқитын жандар аздығына, «әлі де Уәлиханов, Катанов, Банзаровтар шығатынына сенім білдіреді» [43],- деп орыстан басқа халыққа еш жақсылық тілемейтін ойын байкатады. Журнал қызметкері орыс әдебиетіндегі Я.М.Ядринцевтің атқарған қызметін, сіңірген еңбегін лайықты бағалау керектігін айтып, мақала авторына тойтарыс береді. Алайда, мұны

Шоканға ара түсу деп түсінуге болмайды. Өйткені, «бұратана халықтың білімді өкілдерін жақтаған журнал көзқарасы да көрінбейді. Тек, талассыз жай. «Шокан сынды дара дарындылар» орыстың өз ортасынан ойлары аспайтын оқымыстыларын шошыта бастағаны.

Орыстандыру саясатын жүргізудегі бір бағыт–казак елінің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен кеңірек танысу болып табылады. Сондықтан, жауланған жұрттың жақсысы мен жаманын жеткізу немесе казакка «көрген кісінің сөзімен» баға бергізу бұл басылымда көп кездеседі. Осындай, казак халқының тыныс-тіршілігіне көрсететін бір суреттеу, баяндаумен жазылған дүние А.К.Гейнстің «Қырғыз ауылдарында» («Жетісу сапарынан очерктер») атты еңбегі.

Мұнда біздің салт-дәстүрімізге, болмыс-бітімімізге көп тоқталып, «Жартылай жабайы, жас баладай аңғал халық, кулығы да бар, бірақ аяр емес, көбінесе қатыгез, бірақ жалпы алғанда дөрекі ғана, ең аяғында занға құлак асқыш, билікті сыйлайды. Әйтседе, қайсар әрі еркіндікті сүйетін жұрт. Қырғыздар адамды өздеріне тарта алады, кейде керісінше де әсер береді» [44], - деп көсіле әңгімелейді.

Асылы, автор көп нәрсені дұрыс айтқан. Осындай, бұрын естіп, білмеген жұрт жайлы жан-жақты жазылған еңбектер патша үкіметінің шенеуніктері үшін де, басқа мүдделі адамдар үшін де өте маңызды болғаны анық. Қазактың көңіл-күйін даламен байланыстырады. Оны өздерінің жолбасшылары болып келе жатқан казак жігітінің туған жерге табаны тиісімен көңіліндегі пайда болған өзгерістерін, қуанышын автор еркіндік аңсап, көкке самғаған күсқа теңейді. Өзі де бірте-бірте казак жеріне терендей береді. Талғар, Түрген, Бозінген асуы, Асы жазығы, Киікпай шаткалы сияқты Алатаудың сұлулығына сүйсінеді. Қазақтардың өз сезімдерін табан астында өлеңмен өретіндерге танырқайды. Жұрттан «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» жырын жазып алады. Оны бір өлеңшінің айтуымен:

Я гордостью полон,
Стою на вершине.
И ветер лишь вольный
Соперник мне ныне, -

деп орыс тіліне аударарды.

Очерктің тұла бойынан Гейнстің казак жерінде алғаш болып, көзіне әрі жат, әрі жылы көрінген жайларды аса қызықты етіп жазғаны байқалады. Қазақтардың сыртқы бейнелері жек көргізетіндігін, орыс мұжығының көбіне оларды адам деп санамайтындығын, оның барлық

құқын мойындамайтынын жаза келе автор «алайда қырғыздар өздерін басқа кішкентай халықтар сияқты ұмыттырмайды» деп мойындайды.

Осындай казак елінің салт-дәстүр, тұрмысы жайлы материалдармен қоса басылым өз беттерінде казак жерінде болып жатқан соңғы елеулі жаңалықтарды да хабарлап отырған. Мысалы, «Исторический вестник» журналының «Смесь» бөлімінде Түркістан жеріндегі археологтар жұмысы жайлы материал жарияланады. Олардың бірінде «Әмудариядағы көне қала орны» жайлы жазса, екіншісінде Ташкент қаласындағы археологиялық үйірме жұмысы жайлы: «Жергілікті газеттердің жазуынша, аталған үйірме өздеріне отандастардың ғана емес, шетелдік ғылыми қоғамдар мен мекемелердің, мысалы Лейпциг археологиялық қоғамы және Стокгольм ғылым академиясының назарын аударып үлгерді. Соның ішінде ең маңыздысы «Полковниктің Әулие ата уезінен Орхон жазуларын табуы», - деген мәлімдеме жариялайды. Бір ерекшелігі бұл хабарлардың көпшілігі «Түркестанские ведомости» газетінен алынған. Мұның өзі кезінде Ресейден шығып тұрған орыс басылымдарының өзінің шет аймақтарындағы газет-журналдарды да үнемі назарда ұстап отырғандықтарын аңғартады.

6 «Императорлық орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбалары» казак даласында қалыптасқан саяси-экономикалық қатынастар мен салт-дәстүр мәселелері туралы

Өз кезінде «Императорлық Орыс Географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбалары» журналында казак елінің саяси-экономикалық қатынастарына арналған түрлі материалдар жиі жарияланып, қоғам отырысында талқыланып, сынға ілігіп немесе лайықты бағасын алып отырған. Тақырыбы, мазмұны және шындыққа бір табан жақындығы жағынан осы көп еңбектің арасынан біздерге бір табан жақын көрінгені И.Крафтың «Қырғыздардың Ресей қол астында болуы» [45], - деп аталатын мақаласы болды. Себебі, онда осыдан бір ғасырдан бұрын жазылған материалда «қырғыздарды бағындыру: қорқыту-үркіту, ірі-ірі қантөгістер, саяси және экономикалық қысым жасау арқылы жүзеге асырылды», - деп ашық жазылған.

Егер осы мақала төңірегінде біраз ой жүгіртіп көрсек, онда XVIII ғасырда казактарға солтүстіктен - башқұрттар, Сібір казактары, батыстан - Волга қалмақтары, Шығыстан - Қалдан-Церен бастаған жоңғарлар,

онтүстіктен – Бұхар және Хиуа хандықтары анталап, әбден берекесін кетіргені белгілі. Өйткені, «актабан-шұбырынды, - алкакөл сұламадан» соң «Елім-айлап еніреген елдің» жағдайы, тұрмысы ерекше нашарлаған болатын. Сондықтан, жоңғар шапқыншылығы тұсында казактар Орта Азияға ішкерілей еніп, Кіші жүз – Ақтөбе, Ырғыз уезіне, Орта жүз – башқұрттарды қуа жүріп Қостанай қаласына қарай жылжыды. Әйтсе де, ол кезде казак рулары арасындағы жауластық, өшпенділік, барымта үш жүздің басын біріктіруді қиынға соқтырды.

Күні кешеге дейін, қызыл империя тұсында Қазақстанның Ресейге ресми түрде қосылуы 1731 жылдан басталады деп айтып та, жазып та келген жоқпыз ба? Тарихи тұрғыдан келгенде осы дұрыс па? Жоқ әлде бұрыс па? Негізінен бұл процесс бір жыл емес, жарты ғасырдан астам (1730-1824 жылдар) уақытқа созылған, күрделі саяси-экономикалық, тарихи құбылыс қой. Ал, бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарар болсақ, онда одан кейінгі жылдары да казак жеріндегі отарлау саясатына қарсы дүмпулер мен толқулардың өрши түспесе, бәсеңсімегені белгілі.

XVIII ғасырдағы казак хандарының ішіндегі ең беделді әрі ықпалды дегендерінің бірі - Әбілхайыр хан болатын. Алайда, кезінде Кіші Орданың бір бөлігін онымен жағаласа жүріп Қайып ханның да басқарғаны мәлім. Міне, сондықтан «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» дегендейін бұл екі ханның да аспан астындағы жұлдыздары қарсы болып, өмірлерінің соңына дейін жауласып өткен. Әсіресе, Әбілхайыр хан билікке өте құмар болған. Соның бір көрінісі мынау. Ол өзінің қол астындағыларға сөзін өткізе отырып, өзге хандарға сес көрсетудің құралы, әрі қиын жағдайдан шығудың амалы ретінде көрші мемлекет – Ресей империясынан көмек сұрап, өтініші қабылданса адал қызмет етуге дайын екендігін білдіреді. Осы мақсатпен көп ойланыс-толғаныстан соң 1730 жылы сенімді серіктері - Құлымбет Құлтаев пен Сейіткүл Құдайқұловтарды Петербургға аттандырады. Өз кезегінде іздеген жерден табылған Анна Иононовна елшілерді зор құрметпен қарсы алып, әрқайсысына жеке-жеке қымбат сый-сияпат көрсетеді. Сөйтіп, орыс патшайымы реті келіп тұрған істің оң болуын тілеп, казак жеріне арнайы жабдықталған экспедиция жіберді. Олардың мақсаты – казактардың Ресейдің қол астына қарауға қаншалықты екендіктерін анықтау арқылы Әбілхайыр ханның аңтын қабылдау болатын.

Бірақ, қарапайым халық экспедиция мүшелерін наразылықпен қарсы алады. Олардың райынан қорыққан Әбілхайыр орыс елшісін бой тасалау үшін Уфаға аттандырмақ болады. Алайда, экспедиция мүшелері

ханнан жауап алмай патша ағзамға барса екі ел арасындағы карым-катынастын қиындап кету мүмкіндігін сездіреді. Осылайша казак жерінде Құрылтай жиылысы шақырылады. Оның алдына Әбілқайырды жақтаушылар аз болды да, казактын зиялы тобы екі жікке бөлінеді. Кейіннен орыс елшісі Тевкелевтің тілінің майдалығы мен қолының жомарттығы арқылы ғана халықтың бір жартысы Әбілқайыр жағына шығады. Олардың арасында аты алты алашка мәшһүр Қанжығалы Бөгенбай батыр да бар болатын. Осылайша акыры мәжілістің қорытындысы империя елшісі Тевкелевтің пайдасына шешіледі.

Елші орыстарға дем беретін хабарды Петерборға жеткізуге асыққанымен жолы болмай, тауы шағылады. Өйткені, құрылтайдан соң ел арасында қайтадан толқулар басталады. Халық құрылтай мәжілісінің шешімімен мүлде келіскісі келмейді. Антқа қол қойған Сәмеке хан да одан бас тартады. Осы арада Әбілхайыр орыс экспедициясын амалсыздан кері Уфаға аттандырады да, өзі Арал манына жан сауғалап көшіп келеді. Сол жерде Қарақалпақ ханымен кездесіп, оны Ресей империясының қол астына бағынуға үгіттейді. Арада біраз уақыт өтіп, Кіші ордада жағдай тұрақталған соң ғана Әбілхайыр орыс шекарасына барып, Ресейге адалдығын білдіріп ант береді.

1732 жылы Әбілхайыр хан ұлы Ералы сұлтанды бас қылып, Уфадағы орыс әкімшілігіне екінші рет елшілік жібереді. Бұл кезде Сәмеке хан да қарап жатпай, орыстармен байланыс жасауға әрекеттенеді. Бірақ, патша шенеуніктері бұл жолы да Сәмекеден гөрі Әбілқайырды іш тартып, он қабақ танытады.

Сөйтіп, 1734 жылдан бастап патша үкіметі Ор өзенінің бойынан бекініс сала бастайды. Ондағы мақсаты – қала салып, артилерия орнатып, әскер әкеліп, казак хандарын шақырып, күдіретшілік көрсету. Көп әскер айбарымен олардың үрейін ұшыру. Реті келсе аманатқа балаларының бірін алып қалу. Акыры дайындық жұмыстары аяқталып, орыстар Әбілхайырды қаланы тамашалауға шақырды. Оны шаһарды саған арнап салып жатырмыз деп сендірді. Бірақ, олар қала салудың соңы жеке дара билікке апарып соғатындығын жасырып қалады. Орыс шенеуніктері осы жолы Әбілхайыр ханнан алдап-арбау арқылы казак жеріндегі алтын кен орындарын біліп алмақшы болады. Әрі бұған қосымша Аралға пристань салып, теңіз әскерін енгізуді көздейді.

Ресей империясы казактармен қатар башқұрттарға да ауыз сала бастаған болатын. 1737 жылдан бастап башқұрттар орыс басып алушыларының отарлау саясатына ашық қарсылық көрсетіп, қарсы

шықты. Міне, нақ осы тұста патша шенеуніктері Әбілхайырды қолшоқпар ретінде шебер пайдалана білді. Сөйтіп, казак ханы башқұрттардың ішкі ісіне араласып, көтерілістерді аяусыз басып, жаншып, мал-мүліктерін талап-таражға салады. Соның нәтижесінде 1738 жылы башқұрттар Әбілхайырды хан етіп сайлады. Сонда жүріп ол башқұрт қызына үйленеді. Дәл осы кезден бастап Әбілхайырдың жеке басында өзгерістер пайда болады. Олай дейтініміз казак ханы бұл кезде Ресей империясына қырын қабақ таныта бастайды. Орынбор бекінісіне келіп, қала маған арналып салынған, өзіме қайтарып беріндер деп орыстармен жүз шайысады.

Осыған карамастан Орынбор бекінісінің бастығы Татищев казактардан айырылып қалмау камын ойлап, Әбілхайырға кешірім жасайды. Сөйтіп, Татищев пен Бөгенбай батыр кездесіп, келіссөз жүргізудің барысында Әбілхайыр Орынборға шақырылып, патша үкіметіне адал қызмет етемін деп екінші мәрте ант қабылдайды. Оның үстіне аманат қылып өзінің ұлы Қажы Ахметті Татищевтің қолында қалдырады.

Қалай болған күнде де, әуелде Әбілхайыр хан Ресейдің қол астына кіруге асықса, кейін онымен жауласып кетеді. Бұл казак ханының найза бойламас қулығы ма, әлде өз халқының алдындағы жауапкершілігін түсінгендігі ме? Міне, біз қарастырып отырған еңбектің авторы Н.Крафт осы сауалға жауап іздейді. Және оған өзі казак ханының аузымен былай деп жауап қайтарады: «Ертең мені артымда қалған ұрпағым бірнеше жылдан соң еске алар. Сондықтан, адам артында өзіне сай естелік қалдыру шарт. Мені ұрпағым қалай бағалайды, оның алдында кешірілмес күнәға ұшырағаным маскара емес пе? Мен олардың алдында ауыр күнә жасадым деп өзімді-өзім қажай беремін» [46].

Міне, байқап отырсақ Әбілхайыр өз ұрпағы алдында жасаған ісінің ауырлығын сезген сияқты. Әрі, Ресей империясына жалтақтап, жөн-жосықсыз қызмет ете беруді хан басына ар санаған да болар.

Әбілхайыр орыстарға екінші қайтара ант бергенде Ордаға онымен қоса Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан да қоса шақырылды. Бірақ, олар жайлауымыз алыс деп Орынборға сылтауратып бармай қалады.

Патша өкіметі казак ханының көмегімен башқұрттардың көтерілісін қатан жазалайды. Әрі басқаларға сабақ болсын деген ниетте олардың басын, құлағын кесіп, көзін ойып, дарға асады. Әбілхайырға Шона батырды ұстап бер деп қокан-лоқы жасайды. Алайда хан оны ұстап беруден бас тартады.

1743 жылы Әбілхайыр берген антын екінші рет бұзып. Волга калмактарын шабады. Сол жылы калмактармен бірге жоңғарларға қарсы аттанады. Бұған Қалдан-Церен ызаланып, оларды жазалау үшін 20 мың әскер шығарады. Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанның ауылдары осының кесірінен көп жапа шегіп, адамдары жан-жаққа босып кетеді. Бұл жолы жоңғарлар казактарды Орынборға дейін қуып әкеп, ойсырата жеңеді. Міне, осы кезде Орынбор коменданты жоңғарларды тоқтатып, орыс деген ұлы ел бар, бұлар сол елдің қолының астындағы адамдар. Бұлар енді шабуылдаса, орыс елі олар үшін соғысатынын айтып, мәлімдейді. Бұған карамастан 1742 жылы жоңғарлар казактарға қарсы тағы да шабуылға шығады. Абылай хан қолға түседі. Әбілмәмбет болса, жоңғарларға тізе бүгіп, баласын аманатқа беріп, өзі Түркістанға көшіп кетеді. Қалдан-Церен Әбілхайырға елші жібереді. Олар онда бітім жасасқысы келгендерін айтады. Міне, осы кездерде казак пен жоңғарлардың жақындасу әрекеті пайда болады. Мұны білген Орынбор бекінісінің жана бастығы Неплюев Әбілхайырды Орынбор бекінісіне шақырады. Екі жаулас халықтың бітісіп, бір-біріне жақындасуы орыс империясының пайдасына шешілмейтіні анық. Сондықтан да олардың арасын ажырату ниеті басым тұрды. Сөйтіп, ол үшін Абылай ханды жоңғарлардың тұтқыннан босатып алу үшін Қалдан-Церенге елшілер жіберіледі. 1743 жылы Абылай хан тұтқыннан босайды. Казактар осы кезде орыстарға мүлде бағынғысы келмейді. Әбілхайыр хан аманатқа берген баласы Қажы Ахметті басқа баласымен алмастырғысы келеді. Бірақ, бұған Неплюев көңісі келмейді. Осылай Әбілхайыр хан Неплюевпен мүлде жауласып кетеді.

1744 жылы Неплюев «Занасной план» деген жоспарды ойлап шығарады. Онда казак шекарасының бос жеріне үйіп-төгіп әскер ұстау, онда казактардың толқуларын басу үшін керектігін айтып, патша ағзамға мәлімдейді. Қалмак ханы Дондық Гайшаны казактарға қарсы үгіттеп айдап салады.

1754 жылы Әбілмәмбет Ресейге ант береді. 1747 жылы Әбілхайырға сен бізге қарсы шыққан калмак, волга-дон казактарын айдап саламыз дегенді білдіреді. Әйтсе де, Әбілхайыр оны тыңдамай, өз қызын жоңғарларға бермек болып, құда түседі. Қызының қалың малына Түркістанды алмакшы болады. Сөйтіп жүргенде, Оңтүстікте Ежелгі жауы Барақ сұлтанның қолынан қаза табады. Патша өкіметі Әбілхайыр өлімін тексеруге арнайы комиссия құрады. Әбілхайырдың артында

қалғандары өкіметтен Барак сұлтанды жазалауды өтінеді. Бірақ патша өкіметі Барак сұлтанды жазаламақ түгілі өз бауырына тартады.

Міне, Әбілқайыр хан өлген соң казак даласын бағындыру туралы осындай саясат жүріп жатты. Қазак хандарының арқасынан сипап, мол байлық беру арқылы бұл саясат орныға бастады. Бірақ, бар ханды кінәлай беруге болмас. Бір сөзбен айтқанда, казактарды Ресей империясының қол астына енгізген Әбілқайыр хан мен оның антына қол қойған елу алты кісі. Бағындырған осылар әйтсе де, Әбілқайыр хан өмірінің соңғы жылдарында Ресейге бағынғысы келмей бұлтакқа салғанын мақаланы оқи отырып, көзіміз жетіп отыр. Оның жоңғар ханымен бітісіп, қыз берісуі жақындасу ниеті осыны аңғартса керек. Бұл арада Әбілқайырға жан-жақты баға берген жөн болар. Осы кезеңде өмір сүрген казактың Абылай хан, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Қабанбай батырлары, Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке билері болғанын ұмытпауымыз керек. Олардың бәрі де казактың үш жүзінің басын біріктіруге күш салды.

Қазактардың тарихи тақырыбымен қоса, шаруашылық қатынастары да сөз етілді. Орынбор бөлімі географиялық қоғамының жазбаларында казактардың егіншілікпен айналысуы мен отырықшылыққа көшу мәселесі де жазылыпты.

1868 жылы 29 сәуірде жоғарыда айтылған егіншілік, отырықшылық тақырыбына жазылған казак оқымыстысы Мұхамед Сейдалин Сұлтанның «Торғай өзені бассейніндегі егіншілік» мақаласы қоғамның жиналысында талқыланды. Мақалада егіншіліктің казак даласында пайда болуы, оның даму тарихы, жер өңдеу тәсілі, жалпы еңбек күралы, егіншілікпен айналысатындар саны туралы мәлімет берілген. Мұны журналдың бетіне жариялау туралы шешім қабылданды. Автор мақаласы журналдың бірінші шығарылуында басылды.

1868 жылы бұрынғы Орынбор казактарының жерінде екі облыс құрылды. Біріншісіне - орта және шығыс облыс казактары, екіншісіне - батыс бөлігі мен Орынбор казак әскерінің жері кірді. Торғай төрт уезге бөлінді: Елек, Николаев, Ырғыз. Облыстық басқарма Орынборда орналасты. Торғайда көлемі 500 шаршы шақырым жер 56467 киіз үй болып, тұрғындар саны 338802 адамға жетті. Облыста жан басына шаққанда 137 десятина, ал ауданда 47 десятина жерден келді. Ал, 1917 жылдан кейін болса, мұнда казакқа жер бөле келгенде 16 десятинадан - ақ келген. Бұл дерек казак жерінің келімсектерден көз ашпағандығын білдіреді.

Енді, автор мақаласына оралайық «Торғай облысының шығыс жағындағы Қарақоға, доғал және соған жақын маңдағы шұрайлы жерлері егіншілер мекен еткен. Бұлардың көбісі жартылай көшпелі және жартылай отырықшы жандары негізінен қыпшақ және арғын руларынан. Егіншілер бұрын қатты жұтқа ұшырады, малы өліп немесе көшіп-қонуға малы болмаған тақыр кедейлер. Сондықтан да, егін өсіруге мәжбүр болған жандар. Кейінгі кезде олардың өсірген егіні өз басынан артылып, руластарына артығымен жетіп отырған. Бұл жерге саудагерлер күз айында келіп, табын-табын малды астыққа айырбастап, қызу сауда жасады», - делінген мақалада.

Одан әрі ғалым егіншіліктің шығу төркініне тоқталады. Малы жұтқа ұшырап, қиналған қазақтар егін өсіруді үйренеді. Қазақтар көбінесе малмен, сүтімен қоректеніп, астық өнімін онша пайдалана қоймаған. Бір себептен тұқым сепкеннен, мал баққан қолайлы болған. Екіншіден, егіншіліктен гөрі тұз өндірген әлдеқайда тиімді еді. Сондықтан олар егіншілікке онша мән бермеген.

«Қазақтардың айтуы бойынша өткен ғасырдың басында егіншілік пен айналысу қыпшақ Сейіткүлдың есімімен байланысты. Ол Құтоба – Торайғыр, оның ішінде қара руынан шыққан жан» [47]. Оның өмір сүрген кезені 1770-1830 жылдар. Қазақта ол қыпшақ Сейіткүл делініп, аты аңызға айналған жанның бірі. Көнекөз қыпшақ және арғын руынан шыққан қариялардың айтуынша табиғатында салмақты, сирек кездесетін ақылды кісі болған. Отанының Россияға қарауына және Орта Азияның төндірген қаупіне назаланып, екі жақты да жақтырмаған. Әсіресе, ол Ресейді жек көрген.

Еркіндікте сайрандап, бостандықты сүйген ұл, халқының болашағын ең қауіпті көршісінен күтқарғысы келген. Олардың елінен іргесін аулақ салып, малғұн-кәпірлерден алыс, басқа жақтан қоныс іздеген. Тек сонда ғана олардың езгісінен құтыламыз дейді. Осы жолда ол барын салып, отбасын тастап, еліне бос жер іздеген азамат.

Осы мақсатына біршама жыл жұмсап, еліне лайықты ел таба алмайтынын сезген соң, туған жеріне қайта оралады. Табаны таусылып, қанша жер жүрсе де өзінің отанындай кең байтақ жер жоқ екеніне көзі жетеді. Ол енді Торғай даласын ешқашан тастап кетпеуге бекінеді. Сөйтіп, өзі аралаған елдердің мәдениеті мен шаруашылық қатынастарына лайықтап, өз елінің кәрі-жасын баулығысы келеді. Орта Азияның бақша салу, жеміс өсіру мәдениетімен өз нәрін көркейткісі келеді. Көптеген жеміс түрлерінің тұқымдарын әкеп, өз жеріне

отырғызды. Солардың ішінде өнім бермегені өрік пен жүзім ғана болады. Оларды көп суаруға тура келді. Сейіткүл өз айналасындағы дос-жаран, туған-туысқандарымен қосылып, егіншілікпен айналысты. Барымта мен ұрлықтан бойын аулақ салды, оның мұнын соңғы малына дейін тартып алса да алған бетінен қайтпады. Осыған орай балшықтан бекініс тұрғызды. Кейін, ол Сейіткүл бекінісі аталып кетті. Осыдан соң Сейіткүлдың шаруасын көріп, малынан айырылған тақыр кедейлер Сейіткүл тобын көбейте түсті. Сейіткүл егіншілікпен айналысқан жұрттын басын біріктіретін қала тұрғызсам деп армандады. Өкінішке орай, мезгілсіз ажалдан ақиқат азамат 1830 жылы қайтыс болды. Сейіткүл тарихта осындай жан болған.

1830 жылдары егіншілер саны 80-ге жетті. Кенесары көтерілісінен кейін тоқтап қалды. 1846 жылы егіншілер саны қайтадан өсті. 1866 жылы 500 шаныраққа жетіп онан соң 900-ге өсті. Міне, Сейіткүл бастаған игілікті іс осылай жалғасын тапты.

Торғай жерінің ауа райы күрғақ және ыстық келеді. Ол кезде әрі жер өңдеу құралы тіс қана болды. Бір тіс терен қаза алмады. Орыс соқа, тырмасын казактардың көбі білмеді. Әйтсе де, дәулетті адамдарға оларды сатып алғызып отырды. Ол адамдар сауын жалы, жұмыс күшімен қамтамасыз етіп отырды. Тырманың орнына кетпенді пайдаланды. Су жүретін арықтар казылады. Жылына егінді үш реттен суарып отырды. Бір жерге егінді екі жыл бойы салып, бірінші жылы-арпа, екінші жылы-бидай егіліп, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы жылдары парға қалдырылды. Арпа қалдығы бидайдың жақсы тынайтыны ретінде есептелген. Қазақта десятина дегенді білмеген. Шығырмен суарған егінді оларда мынадай жыр айтылып, үлкен мереке өткізген:

**Шығырдың шын атасы Әл-Шынар,
Шынарға сиынбасаң шығыр сынар.
Әлиге Шынарменен көп сиынсаң,
Қашанда тәнірі онғарып ісін тынар [48].**

Егінді суару үшін алтыдан тоғызға дейін өгіз, алты жұмыс қолы қажет болған. Сонымен Торғай облысында 1866 жылы 2,091 мың десятина жерге егін егілген. Әр десятина 200-300 пұт арпа, 150-180 пұтқа дейін бидай берген.

Қазақтарда сауданың өлшемі қой болған. Қойға баға қойылып, сол бағамен салыстырмалы жүрген. Сонда арпаны алты пұтқа, бидайды төрт пұтқа жеткізіп, оның орнына қой беріп отырған. 1866 жылы арпаға – 19099, бидайға-14287 қой келіп, барлығы егіншілерде 33386 қой

жиналған екен. Тоғыз шаңырақтың әрқайсысына 37 қойдан келген. Бірақ бәріне бірдей емес. Әркім қосқан үлесіне қарай алып отырған. Бір айта кететіні мал жинап, қонды болған қазақ қайтадан көшпенді тұрмысқа ауысып кеткен. Қазақтар тек бидай түрінде сатқан. Олардың үлкен диірмені болмаған. Егінді орақ пен пышак көмегімен ораған [49]. Тұқымның атасы Орта Азиядан шыққан. Екіншілердің мұраптары болған. Барлық туындаған дау-дамай мәселелерді осылар шешіп отырған.

Міне, байқап отырсақ, қазақтар осылай егіншілікпен айналыса бастаған. Бұл журнал бетіндегі осы тақырыпқа келтірілген жалғыз мақала емес, мұнан соң да мақалалар жазылды. Журналдың төртінші шығарылуында жарық көрген ғалым Б.Дауылбаевтың «Торғай облысы Николаев уезі қазақтарының өмірі туралы» әңгімесінде 1836-1880 жылдарды қамтыған. Ол былай деп жазған: «Бұдан елу жыл бұрын қазақтың оның ішінде қарабалық, танабұға, көлден рулары, барлығы үш мың шаңырақ жаз айында Тобыл өзенінен Ұрғашы өзеніне дейін көшіп-қонып, ал қыстауға Аят, Тоғызак өзендеріне қарай жылжыған. Олар қысқа шөп дайындап, егіншілікпен айналыспаған. Олардың үйі, жер кепелері болмай, киіз үйде тұрып күнелткен. Тұрақты мал қамайтын қонсы-қоралары болмағандықтан қыстау, күзеу дейтінді білмейтін. Қыстау-қыста орналасатын жері, күзеу-күзгі мал жайылымы» [50].

Ол кезде қазақтар әртүрлі жағдайлардың ықпал етуіне байланысты әсіресе, 1835 жылы орыс, башқұрт, татарлармен аралас қоныстануы нәтижесінде тұтас бір халықтың қасиетін жойды. Себебі, оның бір бөлігі көшпелі тұрмысты кешсе, екінші бір бөлігі отырықшылыққа үйренді. Олар әдет-ғұрып, талғамы, діни-сенімін, барлық мінез құлқын өзгертті.

1853 жылы әуелі кедейлері, сонан соң байлары егіншілікпен айналыса бастайды. Домбар мен Шұбар болыстарында 1870 жылы жүз үй болса, қазақтар осы кезде тұрақты үйдің болуын пайдалы санап, өздеріне үй сала бастайды. Көбінесе, жер кепелер, үйлер мен қора қопсыны басында орыстар, башқұрттан үйреніп салды. Қазақ ақсақалдары өз үйлерін мадақтайтынды шығарды. Сөйтіп, бүтін бір халықтың ұлттық сипаты өзгерді. Міне, қазақ халқы егін салумен айналыса отыра, бірте-бірте отырықшылыққа көшті. Далада саудасаттық қатынасы жандана түсті. Қазақ даласына прогрессивті өзгеріс, жаңа леп келді. Есесіне қазақтар бос жатқан далаға сырттан келуші келімсектер тасқыны толастамады. Қазақтардың әсіресе, шұрайлы

жерлеріне қоныс тепті. Оған Дауылбаев мақаласын оқып көз жеткізуге болады.

«Известия Оренбургского отдела ИРГО»-ның 1916 жылғы санында А.Добросмысловтың «Торғай облысындағы мал шаруашылығы» мақаласы жарық көрді. Онда казактар өмірінің тірегі мал болған. Хан байлығының мөлшері де сонымен анықталған. Жесе ет, ішсе сүт, жүрсе көлік болған малын бәрінен артық бағалаған. Қазак даласының табиғаты тек мал өсіруге ыңғайлы болған. Ғалым казак малының індеттен арылуын, жүргізген алдын ала-шараларын казактар орындамайтын, көбіне-көп жұттан гөрі малдың аурудан өлім-жітімге ұшырайтынын сөз етеді.

«Императорлык Орыс Географиялык қоғамы Орынбор бөлімшесі жазбалары» журналында саяси, егіншілік, отырықшылық, мал шаруашылығы тақырыптарымен қоса, казактардың салт-дәстүрі мен әдебиетіне де көп көңіл бөлген. Журнал-жазбаның екінші шығарылуында Мұхамед Сейдалиннің «Қазак поэзиясының үлгілері» [51] атты мақаласы жарияланып, бір-екі казак өлеңдерін берген. Ғалым Мұхамед Сейдалин Досалы сұлтанның баласы, Сейдалы сұлтанның кенже ұлы болған. Досалы сұлтан кезінде Пугачев бастаған көтеріліске қатысқан. Кейін орыстарға ұлы Сейдалыны аманатқа берген. Мұхамед Орыс Географиялык қоғамының белсенді мүшесі болған аз казактың бірі. Европалық білімі бар ғалым мұралары әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді. Оның журнал бетінде жарық көрген мақалалары орыс ғалымдарының мақалаларынан кем түсіп жатқан жоқ. Соған орай ол өз кезеңінің алғыр да ойлы азаматы болғанға ұқсайды.

Әрбір казак екі ауыз сөздің басын құрап табанда өлең шығара білген, өз жанынан суырып салатын болған. Қазактар хиссаны жатқа айтқан. Оны екі шекті домбыраға салып та, кейде домбырасыз да айта білген. Олар өлеңді бірнеше сағат бойы айта алатын. Қазак өнері туралы орыс ғалымы А.Васильев осы жазбаның 1903 жылғы еңбегінде казактардың «Үш жігіт туралы» аңызын [52] жариялап түсініктеме берген. Оның казакша және орысша нұскасын қатар берген. Васильев казактар мұны «хисса» деп атайды. Және оның көп кездесетінін атап өткен. Жалпы, келтірілген хисса мазмұны мынандай: Ертеде бір патшаның (Мысыр елінде) өте сұлу қызы болыпты. Ал, атакты бір байдың ержеткен үш ұлы болса керек. Үшеуі де қызға ғашық болады. Бірде олар алыс сапарға жүрмекші болады. Сапарға шықпас бұрын қызға не қалайтынын айтады. Үлкеніне – кілем, орташасына – айна, кенжесіне

–тарак тапсырады. Олар қайтарда бәрін алып, жолға жиналса, қыз өліп қалғанын айнадан көреді, кілемге мініп, еліне ұшып келеді. Кенжесі қыздың шашына тарак тигізсе, ол тіріліп кетеді. Сұлу ең кенжесіне тұрмысқа шығады.

Ғалым зерттеуші Алекторов А.И. қазақтың көне ертегі, мақал-мәтелін, хиссасын жинаған адамның бірі. Оның қазақтың ертегісін, мақал-мәтелін аударып, соған арналған еңбектері біршама. Әдебиетке қоса қазақтың салт-дәстүріне де біраз мақала жарияланған.

Журнал-жазбаның бірінші шығарылуында 1870 жылы Ыбырай Алтынсариннің екі бірдей мақаласы берілген. Олар Ыбырайдың «Жазушы» баспасынан 1988 жылы шыққан жинағында қазақшаға аударылып басылған. Бірақ онда соңғы мақаласы 1879 жылы жарық көрген дейді. Бұл қате түсінік. Екі мақала да 1870 жылы жарық көрген. Оған И.Плотников деген орыс ғалымы сын мақала жазған [53].

«Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру» [54] этнографиялық очеркі өлген адамның жаназасын шығарып, садақа үлестірілуі, шариғат заңы бойынша ысқат беру және оның мөлшері, үй-ішінің қара жамылуы, өлікті бейітке жерлеу, жоқтаулары, туысқан, жақын-жамағайындарының бата кылуы, аза беруі, оның басына құран оқып тұруы, қыркын, жылын беру, ас беру рәсіміне дейін бүге-шігесіне дейін тізіліп жазылған.

Өлген адамды қазақтар әдетте үш-төрт сағаттан артық, көп дегенде жарты тәуліктен артық сақтамаған. Ал сол сағатта өлген адамның үйіне төңіректегі ауылдың молдалары шақырылып, олар шақырысымен тез келіп жетеді. Шариғат бойынша арулап, жуып, жаназасын оқып келгеннен кейін, оның көйлек-көншегі кедейлерге үлестірілген, сонан соң молдаларға садақалар үлестіріліп берілген, ол ысқат деп аталған. Ысқат қазақтардың түсінігі бойынша молдаларға шариғат заңы бойынша берілген төлем мен өлген адамның кінәсін тарту деген сөз. Мұхамедтің шариғаты бойынша ысқат өлген адамның тірі күнінде балиғыға жеткен кезінен бастап, күніне бір рет оқилатын намаздың оқылмай қалған қазалары, және рамазан айты (мұсылмандардың ораза ұстайтын айы) оразасыз өткізген үшін құдай жолы садақа түрінде кедейлерге берілуі тиіс, [55] – деп жазылған.

Иә, Ыбырай жазған очерктегі рәсімдердің көбі бүгінде сақтала бермеген. Ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр бізде тоз-тозы шығып, ұмытылып келеді. Тамырын тереңге жайған алып бәйтерек революция дауылына шыдап тұра алмады. Тәуелсіздіктің шуақты

көктемнен соң ес жиып, тіліміз бен дінімізді күнттай бастадық. Оған да шүкіршілік. Ыбырай атамыз очеркінде шарифат заңдары бойынша істелетін рәсімді келтірген. Онда өлген адамның тірі кезіндегі әрбір күніне 30 кадак бидайдан, ал рамазан айының әрбір күніне 35 кадак бидайдан сонда 365 күнге 337 пұт, 20 кадак бидай ысқат берілуі керек. Бұл баға бойынша акшаға шағылады. Акша малға аударылған. Ал мал молдаларға үлестірілген [56].

Ал егер өлген адам кедей болып шамасы келмеген болса не істеген дейсіз? Ыбырай ол кезді де түсіндіре кеткен. Егер өлген адам кедей болса да шығаратын талабын орындау үшін ысқатқа алған малды аса қымбат бағалаған. Мысалы, 20 сомның жылқысын 100 сомға бағалаған. Көріп отырсыздар әлді-әлсіздердің жағдайына карап, кедейлерді де жерге қаратпаған. Бай өз малын да бөлісіп отырған. Оны очеркті оқып отырып көз жеткіземіз. Бұл дәстүр қалайша орындалады. Өліктің бір жағында басына таман, оның баласы не туысканы отырады, ал екінші жағында, құран оқып молда отырады. Сонан өлген адам жоғарыдағы айтқанымыздай, балиғыға жеткенінен бері күйлі адамның балалары он үш жастан, кедей балалары он бестен бастап есептегенде неше жас жасаған болса, өлген адамның туысканы молдаға құранды беріп: «Әкемнің, ағамның, не сондай бір туысканымның күнәсін қабыл етесіз бе?» деген сұрақ қойып отырады. Молда құранды ала беріп: «Қабыл етемін» деп жауап қайтарып отырады [57]. Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады. Беттерін тырнап, қан қылады. Бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалықты күштірек екенін көрсеткісі келсе, беттеріне де жараны көп салады. Қазіргі заманда әйелдердің бетін тырнап, жылауы еш жерде кездеспейді. Кездесе қалса мұның өзі қазаққа тым ерсі көрінер еді.

Енді өлікті бейітке жерлеу рәсіміне тоқталайық. Молдалар өлік басына келіп жаназа оқиды. Жаназадан кейін бейітке апарылады. Бейіт ауыл төңірегіндегі ең биік жерге қазылады. Ал оның үстіне салынатын ескерткіш алыстан көрінетін болуы үшін қатары биік етіліп жасалынады. Еркектердің ескерткіштерінің төбесіне найза, әйелдердің бейітінің үстіне не бақан, немесе піспек, ал балалардыкіне бесік қойылады. Қазір бұл рәсім сақталмаған. Ертеректе қазақтар бейітке карап, оны елсіз далада жөн сілтейтін белгілер ретінде қолданды. Бейіттің суға жақын болуы қарастырылады. Өйткені жолаушының су тауып ішу мақсаты көзделеді екен.

Өлген адамның әйелі, оның қызы, апа-карындастары және ауыл әйелдері күн сайын өлеңге қосып, дауыс шығарады. Бұл «жоктау» деп аталған. Жоктау өлеңде марқұмның өзі, оның тірі кезінде істеген ісі мақталады. Қайтыс болғандығы үй-ішінің, туған-туыстарының бақытсыздыққа ұшырағаны еске түсіріледі. Бата оқи келген қонақтардың алдында өлген адамның өмірі туралы жоктау айту оның қызына немесе, егер жас болса оның әйеліне тапсырылады. Ал егер бұлар өз жанынан жоктау өлеңін шығара алмайтын болса, өлік шығарушы үйден басқа адам айтады. Бата оқу үшін өлген адамның өзінің дәулетіне қарай, (өлген адамның көңілдегісіне қарай) ысқатқа жерлеуге шыққан шығынның орнын толтыру үшін екі, үш, жеті не оншақты жылқы, түйе жетектеп келеді. Бұл аза деп аталады. Келушілерді өлген адамның туыскандары зор құрметпен қарсы алады. Ал әйелдер жоктау айтып қарсы алады. Жоктау құран оқи бастағанда тоқталады.

Өлген адамның ер-тұрмандары, киімдері, қару-жарақтары және басқа жақсы заттарының бәрі үй-ішінде болады. Үйдің сол жағына ұшы сыртқа шығарылған ұзын найза қойылады. Найзаның ұшына үлкен орамал байланып, егер өлген адам жас бала болса-қызыл, орта жастағы адам болса-қара, қарт болса-ақ орамал байланады. Мақсаты жүргіншілерге қай жастағы адам өлгенін білдіру. Бір жылдан соң қайтқан кісінің асын беретін болған. Ыбырай мақаласында ас беру рәсімі толық баяндалған. Оны орыс И.В.Плотников те жан-жақты зерттеп көріп, біліп жазған.

Енді Ыбырай Алтынсариннің екінші мақаласына тоқталсақ, осы мақалаға И.В.Плотников өз көзқарасын білдіріп, кей жерлерін толықтырып жазып алған. Енді екі мақаланы салыстырып көрелік. Бұл жерде Ыбырай көркем очерк ретінде жазса, Плотниковтың ғылыми тұрғыда қарап жазғанын айта кету орынды болар.

Мақаласының басында Плотников былай деп жазған екен. «Бір қарасаң қазақтар тұрмысымен таныс адамдар үшін бәрі де ойдағыдай дұрыс. Ал мақаланы кезен-кезенімен алып қарасақ, ұсақ-түйек жайлар ұмытылып, кейбір тұстар үстірт суреттелген [58]. Қомақты да көркем дүние, оның этнография саласындағы құнды еңбектерінің бірі. Өйтпегенде талғамы мен талабы өте жоғары Географиялық қоғамы өз басылымынан бекерден-бекер орын бермеген болар еді.

Қазақтардың өзара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде өздерінің достығын жекжат болып нығайтқысы келген адамдар бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі

кыз тапса, оларлы некелеп, бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді. Бұл әдет қазіргі уақытта қалып барады, мұны көршілес халықтардың бірқатар ықпалының нәтижесінде деуге болар еді. Бірақ солай бола тұрса да, бұл әдет көп реттерде әлі күнге дейін бар. Екі-үш жасар ұлы бар дәулетті қазақтың қайсысы болса да баласына өзі сықылды дәулетті қазақтың, беделді біреудің қызын айттыруға тырысады.

Баласы 10-11 жасқа толысымен-ақ оның ата-анасы тиісті кәдесін беріп, қалыңдығына ұрын жібереді. Баласын өзінің күйіне және жалпы жағдайына қарай жасы толмай тұрып та, жасы толғаннан кейін де үйлендіре береді, бірақ көбінесе, балиғыға жеткенше үйлендіріп қояды. Ақаулы қазақтар баласын 11-12 жасында-ақ үйлендіре береді,-дейді «Қазақтардың құда түсу және той жасау дәстүрлері» очеркінде[59].

«Ал енді мынандай реттерде, мысалы, біреудің жалғыз баласы болса, сондықтан ол қазақтарша айтқанда, «баласына келін әперіп, қызығын көргісі келсе, 8-9 жасында үйлендіре салады» [60],-десе Ыбырай мақаласында, оған Плотников былай деп түзету енгізген: «Алтынсарин жазғандай қазір балаларды 8 не 9 жасынан үйлендірмейді, бұл қазақ даласына ішкерілей енген сайын кездесуі мүмкін. Бұл өзі жұбайлық өмірдің қажеттілігі, ерлі-зайыптылардың өзара жауапкершілігін түсінбеген жағдайда өте сирек кездесетін құбылыс болып табылады. Қазір қазақтардың ұғымында 15-тегі қыз отау иесі деп саналады, қалыңдық 13 пен 15 жас аралығында ұзатылады. Тек байлар ғана қызын 20-ға дейін ұстайды. Одан әрі Плотников бұл сирек кездесетін құбылыстың себептеріне үңіліп, талдайды. Оның түсіндіруінше, қалыңдық әке-шешесі бірдей қайтыс болған жағдайда, оның асыраушысының тұрмысы кедей болғандықтан уыздай жас күніне қарамастан күйеудің әкесінің қолына беріледі. Бұл күн көріс қамын ойлау, яғни қалыңдықты асырау, өсіріп, бағып-қағып, ер жеткізу деген сөз. Мұның өзі қалыңдыққа төленген қалың малдың шығының өзіне қайтару ниетінде жасалатын іс. Балалар бір ошақтың, бір шаңырақтың астында бірге тәрбиеленеді. Ал табиғи сезімдері оянған соң, бір-біріне қосылуға рұқсат етіледі. Қазақтарда баланы ерте үйлендірудің себебін ғалым зерттеуші мынаған саяды. Оларда махаббат сезімі ерте оянады, олар ерте ер жетеді.

Плотников мынандай жағдайдың кездесетінін айтып өткен. Кейде қалыңдықтың ата-анасы тұрмыстары нашар болғандықтан қызды қайын атасының үйіне асырауға береді. Белгілі жасқа келген соң, екеуінің некесін қиған.

Ал одан әрі Алтынсарин мақаласына тоқталатын болсақ, шаңырақтағы он жасар баланы алды жеті-сегізге келген балалары бар әйелге үйлендіреді екен. Бұл әдетте баланың ағасы өліп, оның артында қалған әйелі болса кездеседі. Мұндай реттерде әйел әменгерлік дәстүр бойынша өлген күйеуінің туған інісіне, дәстүр бойынша оның туған інісі болмаса, онда туған-туыскандарының біріне шығуы тиіс. Ал егер өлген кісінің жесірді алатын жас туыскандары болмаса, онда ол әйел (жас та болса) алпыс не жетпіске келген шалға тиюі тиіс. Қазақтардың жалпы неке шарты бойынша екінші ерімен жас айырмашылығы да, оның тілегі де, сол сияқты басқа дәлелдері де есепке алынбайды. Әменгерліктің мұндай правосына басқа рудың адамдарының қандай да болса қол сұғуы, бітіспес дау туғызады. Міне, мұндай араздықтың түбі кейде кісі өліміне апарып соғып, жесір дауы деген үлкен дауға айналып отырған. Ол әрі көбіне-көп бітіспес даулардың бірі болған. Қазақта жесірін жіберіп алған жанды адам қатарына санамаған.

Плотников мақаласында қазақтарда әменгерлік заңы бұлжымай орындалып келетінін, қайтқан кісінің ағасы кіші (өлген інісінен кіші) інісінің пайдасына бола бас тартуы мүмкіндігін, ол ретте жасы кіші іні ағасына ат-шапан айыбын тартатындығын, кейде жесір әйелдер әменгерлердің өз рұқсатымен осы рудағы алыс туыскандарына да ерге шығатындығын сөз етеді. Сонда жесірге үйленген туысқан ат-шапан айыбымен қоса, түйе сыйлаған. Егер жесір ері тірі кезінде сол шаңырақтың сый құрметіне ие болған жан болса, бұрынғы қайын енесінің тілегімен жасауы, бар дүние мүлкімен аттандырылған. Шынында да қазақтардың жесір дауы бітіспес көп жылға созылған. Егер ақсақалдардың ордалы жиынына жесірінен айырылып қалған адам қатысса онда: «Жаман неме жесірінен айырылып, қалай жүрсін, өлсеңші онан да» [61].-деп басқа руластарының, бөгде адамдардың көзінше ықтырып, дыбысын шығартпаған.

Ыбырай мақаласында әйелінен айырылып қалған қазақтың екінші қайталай үйленуі, оның екінші қайын атасына айып және де қалын малдан көп айып төленетіндігін тілге тиек етеді. Қазақ қызы әйелі өлген кісінің өзін айттыруын өзіне қорлық санаған екен. Сол кездегі әдет-ғұрып бойынша ол адамды «Үйі сынық» деп атаған. Сонымен бірге мақалада қазақ байларының көп әйел алуын, оның себептерін түсіндіреді. Оның басты себебі шарифат заңының жол беруі, әйелін өзі сүйіп алмай ата-аналарының еріксіз қосуы бойынша делінеді.

Осы орайда біздің ойымызға еріксіз Мұқтар Әуезовтың «Абай жолындағы» Абайдың Ділдәға үйленуі оралады. Мұнда белгілі бір мөлшерде шындық бар. Онда олар өзі сүймеген әйелден өзіне ұнайтын қасиеттерді таба бермейді. Сөйтіп ерлі-зайыптылардың арасы суыйды, оған балаларының анасы ретінде ғана қарайды. Ал егер ол дәулетті болса, өз бақытын екінші жаннан іздеуге асығады. Сонымен ол екінші үйленуге мәжбүр болады. Кей ретте әйелінің мұрагер боларлық ұл таппауы сияқты себептер.

Ыбырай қазақтың сол кездегі мынадай: «Байтал көп болса, құлында көп» деген мақалын келтіреді. Қыз айттырудың бұл тәртібі Есім ханның тұсында енген деген пікірді айтады. Және қазақтар сегіз атадан жақын қыз бермеуге тырысқан. Неғұрлым қыздарын, не ұлдарын алыстағы жек-жұртпен жақындастырса, соғұрлым олар үшін мақтаныш болған.

Мақалада құда түсу, құда түскендегі рәсімдер, қалыңдыққа төленетін қалыңмал құнының мөлшері айтылады. Қазақтарда қырық жеті бес жиырма деген ұғым ерте қалыптасқан. Алтынсарин 50 жылқыны бес жиырма деген, ал негізінде ол екі жиырма. 16 жылқы өсе ұрпак бере келе 20 болады. 60 қой келе 80 қой, бұл бір жиырма болып есептелген. Бес жиырма әсіресе қазақ даласының Орталық және Батыс бөлігінде, көбінесе арғын руында сақталып келген.

Плотников Алтынсарин ұрын келген күйеуді сипаттап жазғанда кейбір тұстарын ауыстырып, не жіберіп алған, дейді. Жалпы ұрын келу өте қауіпті болған, ата-анасы білсе, үлкен айып төлететін болған. Ыбырай ұрын келуден бұрын жасырын келуді тастап кеткен, не мұны аса қажет деп санамаған да болар.

Бірінші ол құдалық шартынан басталған. Бұл ретте жеңгелері қалыңдықты күйеуге кездестіріп, әртүрлі айла-амал тауып, тіпті ата-анасының қасынан да алып кетіп жүрген. Қалыңдық көбінесе, күйеу жігіт ұрын келгенде қарсылық білдірген. Жеңгелері болса аз-мұз сый үшін әрен көндіріп, ұрсып та алатын болған.

Ұрын келгенде күйеу өзіне тіккен шатырға енеді. Жеңгелері тігілген шатыр үшін жігіттен байғазы алатын болған. Бұл шатыр байғазы деп аталса керек. Байлары жібек шапан немесе көйлек, екі аршын бархыт, үш тон, бір аршын патсайы, он аршын сиса беруі керек.

Орта дәулетті адамдар сиса, жібек мата, сисаның ұшына күміс акшалар тігілетінді. Бұл қалыңдықтың ең тәуір деген жеңгесіне берілетін

сыйлықтар екен. Олардың бәрі де жұрт жиналып, солардың көзінше таратылып отырған.

Алтынсарин мақаласында мына бір кезен айтылмаған екен. Жас жұбайлар отау болғанда тез түтін шығу үшін қыз коштасар алдында туыстарының үйін аралайтын болған. Қалыңдыкка сыйлықтар тарту еткен. Қалыңдыкка сыйлықтар қол ұстатар, үйге көрімдік т.б. сыйлықтардың қайтарып беру есебінен берілген. Егер бір себептермен қалыңдық бара алмаса, өздері әкеліп беріп отырған.

Алтынсарин алғашқы түнді суреттегенде күйеуді қыздың аулына келуі, қыз қашарда бәрін тізіп, суреттеп береді. Қыз сыртта тұрады екен.

Плотников мақаласында қыз сыртта емес, іште күйеу отырған үйде болады, бірақ оның қасында емес, алыста әрірек көзге көрінбес тұста отырған, күйеуді тамаққа тойғызып, қалыңдықпен бірге, бір шатырда қалдырған. Сондағы кемпір өлді, ит ырылдар, көрпе қимылдар рәсімдері Алтынсарин мақаласында орындары бір-бірімен алмасып кеткен.

Плотников мақаласында рәсімдер рет-ретімен берілген: қол ұстатар, үйге кіргізу, ит ырылдар, шаш сипар, қасына жатар, көрпе қимылдар, кемпір өлді, шымылдық шешер, қол ұстатар, қалыңдық пен күйеу жігіттің орамал алмасуы.

Үйге кіру үшін әйелдерге жібек шапан сыйлаған. Ит ырылдардан соң күйеу төсекке жақындағанда шаш сипары болады. Оған жібек орамал берілген. Қасына жатарға бес-алты метр сиса берілген. Көрпе қимылдатарға көрпені алғаш қозғалтқаны үшін, кемпір өлді мен шымылдық ашқаны үшін де сыйлықтар тарту етілген. Шымылдық ашар рәсімі өзге рәсімдерге карамастан келесі күні істелген. Соңында қалыңдықты ала келу деп аталатын рәсім жасалған.

Үйді құрған және жасактаған әйелдерге сыйлық берілетін болған. Кейінгі киіз үй құрғанда құдай жолына деп құрбандық шалған. Қой сойып, етін түтел асқан. Мойынын кесіп жегенде, оның сүйегін шаңырақтан атқан. Бұл үйден тезірек түтін шығару мағынасын беру үшін істеліп, «мойын атар» деп аталған. Алдыңғысы «отау жабар», кейінгі «мойын атар» деген рәсімдер Алтынсарин мақаласында мүлде айтылмай кеткен. Бұдан бір жарым ғасыр бұрын жасалып келген атам казак дәстүрінің бүгінде бірі жасалса, екіншісі жасалмайды. Қалың мал, ұрын келу, жесір дауы, ала кету сияқты дәстүрлер ұмытылған. Әр заманның өз талабы, өзіне сай заңы бар.

Енді «Орыс Географиялық қоғамы-Орынбор бөлімшесі жазбаларының» бірінші шығаруындағы казактың ежелгі салт-дәстүрін

молынан зерттеген орыс ғалымы В.И.Плотниковтың «Ас беру» («Поминки») этнографиялық очеркін алып қарайық.

Әдетте ас қайтқан кісінің жылына арнап берілетін ертеден келе жатқан, қазір аты сақталып келген дәстүр. Соңғы ас беру рәсімі халқымыз қайта қауышқан ардагер ұлдары, асыл азаматтары, бетке ұстар перзенттері Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай батырлар тағы сол сияқты адамдарға жасалған. Енді сол осыдан жүз жыл бұрын ас беру рәсімі қалай өткізілетін болған.

Барлық ас беру рәсімі жазда ғана өткізілетін болған. Плотников Орал ведомствосындағы Құламбай деген атакты байдың 1860 жылғы берілген асының басы-қасында болып, содан көргендерін ғылыми тұрғыдан саралап, бірін қалдырмай жазған екен. Ас берудегі рәсімнің алдында, яғни он күн бұрын көрші, қоныстас ауылдарға шабармандар жіберілген. Осыны естіген казак ауылдары ас беретін ауылға жақын көшкен, оған өте көп адам жиналатын болған. Ол тігілген киіз үйлер ас беруші ауылға төрт шақырымдай орналасқан. Ақ киізден 140 үй тігілген. Аса құрметті жанға бөстек, жастық қалғандарына көрпе-қоныш төселеді екен. Ал киіз үйлердің қас ортасын ала бере сымдылығы екі жүз кісілік бұқар шатырын тіккен. Оның ортасына үлкен аяқ қойылып, қымыз толтырылады. Бұл аяқ сом күмістен құйылса керек. Жүз қырық жер ошак қазылып, астың өзіне алпыс жылқы іріктелініп алынып, екіге бөлініп сойылған. Сойылған етті дайындау үшін он екі үлкен киіз үй тігілген. Молда әр сойылған жылқыға келіп, құран оқитын болған. Сойылған малдың терісінің бір бөлігін молдаға, қалғанын мал сойып, басы-қасында жүрген адамдарға үлестірілген. Алпыс жылқыға қоса сексен қой сойылған. Он екі қадақ палау дайындалады екен. Құламбай ауылына келгендер өздерімен бірге саба-саба қымыз әкелген. Ер, әйелі бар, бәрі де сәнді киініп келетін, мұның өзі ас беру қайғылы рәсім ретінде емес, үлкен мереке ретінде аталып өтсе керек.

Мың адам жиналып, соған тамақ дайындалады. Нағыз ас беретін күн былай суреттеледі: «Ол күні Құламбай ауылына бес мың адам жиналған. Сыйлы ақсақалдар мен билер бір бөлек, қарасақалдар бір бөлек, жастар бір бөлек жайғастырылады. Әр киіз үйге он бес табактан ет тартылады. Ақсақалдар қолымен ет асатқан. Ет сонынан қымыз берілген, қымызға еттің буымен кейбір казактар мастана бастайды. Қымыз ішіліп болған соң палау тартылды» [62].

Қазақтар дастарқан үстінде қалған тамақтарды әркім өз үйіне бөлісіп алатын болған. Тамақ желініп болған соң даладан таяқтың ұшына

кызыл орамал байлап ат шабарға шақырган адамның даусы естіледі. Қазақтар көліктеріне мініп, ат шабатын жерге жиналатын болған. Бәйге сөресіне бәйгеге тігілген заттар, сыйлар қойылады. Бұл жерде бәйгеге қосар аттарды алып келеді. Бар жиылған жүз отыз жеті атты іріктеп, үш жастан үлкендерін бір бөлек үлкен бәйгеге, ал үш жасқа толмағандарын құнан бәйгеге шығарады. Ал әр аттын үстіне он, он бес жасар бала отырғызылып, үстіне сиса көйлек киіп, бастарын орамалмен тандырады. Аттың құйрығы шабыста бөгесін болмас үшін өріліп қойылатын болған. Жалына әшекей үшін түрлі-түсті шүберектер байланады.

Үлкен бәйге отыз бес шақырым, құнан бәйгеге он екі шақырым белгіленеді. Алғашқы жолды желіп, қайтар жолда қатты шапқылап келетін болған. Аттарды бәйгеге аттандырып салғаннан соң жұрттың көнілін аулау мақсатымен күрес басталатын. Күрес алаңына етек-жеңі түрілген палуандар шығады. Әр рудан бір палуаннан шығарылып, жеңімпаз деп тоғыз таңылады. Алғашқысына – түйе, сегіз сом күміс ақша, екіншісіне – ат, үшіншісіне – ат, төртіншісіне – көйлектік мата, бесіншісіне құндыз терісі, алтыншысына – мылтық, жетіншісіне – қанжар, сегізіншісіне – шапан, тоғызыншысына – екі сом күміс ақша берген. Палуандар күресі аяқталып біткен соң, құнан бәйгеге аттанған аттар келе бастайды. Құнан бәйгеге тоғыз орын белгіленеді. Бұл қазақтардың тоғыз, үйірімен үш тоғыз, ырымымен байланысты болса керек. Біріншісіне – ат, құндыз, жеті сом күміс ақша; екіншісіне – сегіз сом күміс ақша; үшіншісіне-жеті сом ақша; төртіншісіне – құндыз алты сом ақша; бесіншісіне – бес сом күміс ақша; алтыншысына – құндыз бен төрт сом ақша; жетіншісіне – төрт сом күміс ақша; сегізіншісіне – мылтық пен үш сом ақша; тоғызыншысына – мылтық тарту етілген. Бәрі тартылып болған соң үлкен бәйгенің аттары көріне бастайды. Қазақтар «әне, көрінді, міне келдімен» кикүдасып асыға күткен.

Үлкен бәйгеге озып келген 13 атқа жүлде берілетін болған. Біріншісіне – үш тоғыз; түйе, сегіз ат (бұл бір тоғыз), ер-тұрман, сегіз ат, (бір тоғыз), қытай күмісі, сегіз сом ақша (бір тоғыз); екіншісіне – түйе, сегіз ат, қытай күмісі, сегіз сом ақша, ат, сегіз сом күміс; үшіншісіне – түйе, сегіз ат, қытай күмісі, сегіз сом ақша; төртіншісіне – түйе, сегіз ат, қытай күмісі, сегіз сом ақша; бесіншісіне – сегіз ат, қытай күмісі, сегіз сом ақша; алтыншысына – түйе, ат, құндыз терісі; жетіншісіне – түйе, күзен терісі, он сом ақша; сегізіншісіне – түйе, күзен терісі, мылтық; оныншысына – ат, күзен терісі, он сом; он екіншісіне – ат, мылтық; он үшіншісіне ат берілген. Бәйге таратылған соң қазақтар ауыл –

ауылдарына тарай бастаған. Олар астан алған әсерлерін келесі бір мерекеге дейін жыр кылып айтып жүрген.

Осы аста алты жүз пұт ет, елу пұт күріш, жүз елу саба кымыз, (әрқайсысына он шелек) жиырма бес пұт шай, сегіз пұт кант жұмсалған. Асқа көмектескен жалшы - малшыларға да мал сойылып, үлестіріліп берілген. Атап айтқанда, жиырма кой, сегіз ат, сегіз пұт күріш, екі пұт кант, төрт пұт шай жұмсалған.

Міне, байқап қарасаңыз казактар аз шығынданбаған. Әйтсе де қай-қайсысы болсын асты жақсы өткізу: мактау есту, ас соны аңызға айналуы - олар үшін үлкен мәртебе, дәреже болып есептелген.

Екінші тарау
Демократиялық бағыттағы газет-журналдардағы
казак тақырыбы
I «Колоколдағы» ашық әңгіме

Еркін пікірлі, революциялық бағыт ұстанған «Колокол» газетінің 1857-1867 жылдар аралығында шетелде шығып тұрғандығы белгілі. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресейде қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты Англияның астанасы Лондонда кіндігін кесуге мәжбүр болған бұл басылым беттерінде Россиядағы шаруалар қозғалысы, крепостниктік правонын маскаралығы, патша үкіметінің шет аймақтардағы отарлау саясатының жай-күйі туралы ашық әңгімелер айтылды.

Мәселен, газеттің 1862 жылғы 1 мамыр күні жарияланған «Сібірден» деген материалында орыс шенеуніктерінің казак жерінде жүргізіп отырған тонаушылық іс-әрекетін былай деп суреттейді: «Бұрын орта жүз қырғыздары өздеріне тиесілі салықты мал басымен төлейтін. Ол енді ақшамен ауыстырылды. Бұл орыстар үшін ең пайдалы салық түрі болып отыр. Осы салық елден қалай жиналады. Енді соған тоқталайық. Әр үш жыл сайын приказ мүшелері ауыл-ауылды аралап, күні бұрын жасалған тізіммен таныстырады. Әрине, мұндай тізімде мал басының шамадан тыс көбейіп көрсетілетіні мәлім. Ал, өздерінде жоқ мал басы үшін кедей қырғыздардың артық салық төлей алмайтындығы тағы да белгілі. Осы үшін приказ мүшелері қырғыздардан үстеме салық алып, шексіз баю жолына түскен. Осындай көріністер Кіші жүз қырғыздардарына да тән болған. Оған мысал, 1858 жылы қырғыз даласына келер алдында Катенин өзін ешқандай қошеметсіз-ақ қарсы алуды бұйырса да, шенеуніктер жоғары лауазымды мырзаны лайықты күтіп аламыз деген желеумен халықтан 60000 сом ақша жинап алған».

Бұл материалдарда осымен қатар казак жерін тонау ісімен жекелеген адамдар ғана емес, бүкіл патшалық мемлекет аппараты да айналысып отырғандығы сөз болады. Әсіресе, казактар мен әскер қызметкерлерінің жергілікті тұрғындарға көрсетіп отырған зорлық-зомбылықтары еш бүкпесіз жазылып, кімнің болсын ашу-ызасын тудырады. Сенбесеніз мына мысалды оқып көріңіз: «Қырғыз даласын еш кедергісіз тонаушылардың бірі-казактар болып тұр. Себебі, бұл каракшы тобыр Кавказ бен Байкал өңірінен басқа жерлерде өздерінің қандай каракшы-тонаушы тобыр екендіктерін көрсетіп баққан болатын. Ал, сіздер осы

казактардың қырғызға қалай қарайтынын білесіз бе? Оның бүкіл дүниемүлкін, малын казак өзімдікі деп санайды. Сондықтан казакқа қырғыздың малын тартып алу түкке тұрмайды. Оның қойын жылқысын ұрлап алуды жігітшілік санайды. Ең сорақысы осындай жағдайға офицерлер де көзжұмбайлықпен карап, кейде өздері де бір ауылды түгелдей тып-типыл қылып тонап кетеді. Осындай қарақшылықпен аты шыққан офицерлер де бар. Олар есаул Бутаков, подполковник Аббакумов сияқты толып жатқан олардың сыбайластары. Бұдан шығатын қорытынды қырғыздардың есебінен бүкіл Сібір әскері пайда тауып отыр деуге болады» [63].

Иә, сөйтіп, тарихи деректерге сүйенер болсақ, онда «Колоколда» сөз болып, казак ауылдарын тонауда ерекше көзге түскен подполковник Аббакумов Қапал округінде болғаннан кейін ондағы ру ақсақалдары көтерем аттармен, 8-10 қойларымен ғана қалған.

Екіншіден, қарақшы Аббакумовтың тонаушылық істері Кенесары сұлтанның есімімен де байланыстырыла айтылатын жерлер бар. Ол былай болған. Шын мәнінде кезінде Кенесарының соңына түскен орыс әскерлері оны ұстауға асықпаған. Себебі, казак жерінде неғұрлым ұзақ болған сайын, олар соғұрлым мол пайданың астында қалған. Ал, орыс әскерінің мол пайдаға кенелу себебі мынада еді. Өйткені, Кенесарының көп аттылы әскері бар деген желеумен мұнда казактардан құрылған атты әскер шақырылып, олардың тамағы, атқа жемі казактардан ақшалай, заттай өндіріліп беріліп отырған. Оның әскерінің, әсіресе, басшылары Аббакумов сияқтылардың казак жеріндегі жорықтардан қандай пайда тапқандары туралы кезінде «Колокол» газеті былай деп жазыпты: «Бірақ, сол уақыт ішінде олардың көп пайда тапқаны соншалық, олар еліне қайтқаннан соң мысалы Карбышев, Волховтар фабрика ашып, саудамен айналысса, Аббакумов қырғыздаласындағы тонаушылық жорығын одан әрі жалғастыра берді» [64].

Сондай-ақ бұл басылым беттерінде патшалы Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты кезіндегі келенсіз, жөн-жосықсыз, ешқандай мәні жоқ, басқа елдің берекесін кетірген істер қатан сынға алынған. Мәселен, «Азияны жаулап алу тарихына ескертпе» деген материалда «Орыстардың Азияны жаулап алуы туралы Россиядан гөрі шетелде көп айтылып жүр. Мұнда біздің азиялық саясатымыздың барысы туралы мағлұмат аз. Екіншіден, ондағы саясат бұрынғы Ермак пен Хабаровтың жүйесімен жүргізіліп келгендіктен ешқандай нәтиже бермей отыр» [65].-

деп халықпен ақылдаспай күпия жүргізілген саясаттың жеміссіз болғандығын айтады.

Жоғарыда біздер 1840 жылы казак жерінде Кенесары сұлтан бастаған ұлт-азаттық көтерілісті басу үшін казактардан атты әскерлер құрылып жорыққа шыққандықтарын айтқамыз. Міне, өз материалдарында «Колокол» газеті осы мәселеге қайта оралып, патша шенеуніктерінің тонаушылық әрекетін былай деп сынға алады: «Осы жорықтардың арқасында артиллерия поручигі Аббакумов 30.000 сом тауып, есаул Волков жорықтан соң Омбыда кең сарайдай үй салып, тері өңдеу заводының негізін қалаған, ол подполковник Карбышевтің бұл жорықтан түсірген табысы 200.000 сомға бағаланған [66].

Екіншіден, «Колокол» газеті казак жерінде қоныстанып, өздерін қожайын сезінген казактардың іс-әрекеттерін жалаң сипаттап қана қоймай, көбіне олардың жергілікті халықтың мал-мүлкін тонауда қолданған әдіс-айла-шараларын да әшкерелеп, сынап отырған. Оған мына бір материалдың мазмұнымен танысу арқылы көз жеткізуге болатын сияқты: «Қырғыз даласын казактар өздерінің алдындағы Ермақтың жорығы кезіндегідей қару жұмсап, күш көрсету арқылы жаулап алуда. Осы орайда полковник Слуцкий казактарды қырғыз даласындағы цивилизация жаршылары деп жаңсақ айтып жүр. Ал, дұрысын айтсақ олар Ертіс бойына тонаушылық ниетпен келуде. Әрі шаш-етектен байлыққа батуда.

Ал, қырғыздардың казактардан үрейленгендіктері соншама, байқаусызда малдары олардың жайылымына түсіп кетсе, айып төлеп әзер құтылатын болған. Оның үстіне казактар бұл үстемдіктерін мақтан тұтып, бір-бірлеріне ерлік істерін айтып отырған. Мысалы, бірнеше казак бас қосып қырғыздың сиырын ұрлап әкеліп, қораларына қамап қойып мынадай шарт қояды. Ізденгер, егер сиырды бұл жерден таппасаңдар бізге күдік келтіргендерін үшін айып төлейсіңдер.

Қырғыздар сиыр мына қораның ішінде деп шейхгауз есігін нұсқағанда, казактар оның кілті бізде емес көрші бекіністегі офицерден алып келіндер деп жұмсап жібереді де, өздері қораның артқы қабырғасын бұзып, сиырды басқа қораға жасырып қояды. Ақыры, кілт әкелініп қораның есігі ашылғанда онда ешқандай мал болмай шығып, қырғыздардың өздері казактарға жала жапқаны үшін айыпты саналып, ұрланған сиырының үстіне тағы да қосымша айып төлеген» [67].

Бұдан шығатын қорытынды патша шенеуніктерінің жергілікті халықпен санаспай, өз іс-әрекеттерін көбінесе патша алдында беделге ие

болатындай мақсатқа ғана жұмсанлықтарын көрсетеді. Осы орайда казак халқының мүддесі төмендетілгені соншалық, олар өз жерлерінен себепсіз қуғындалып, ешқандай жазықсыз қанға бөктірілген. Мұндай қаракшылық іс-әрекеттерге патша шенеуніктері өздерінің жеке бастарының даңқын арттырып, құрмет-қошеметке, пайдаға кенелу мақсатында барған. Оған мысалды алыстан іздеп қажеті жоқ. Бұған да нақты жауапты осы өзіміз сөз қылып отырған басылымның бетінен табуға болады. Бұл туралы «Колокол» газеті өзінің 1867 жылғы тамыз айында шыққан номерлерінің бірінде былай деп жазды.

«1854 жылы Алатаудың баурайында Верный бекінісі тұрғызылып, 1855 жылы оның жанынан станица бой көтерді. Бұл колония. Ұлы жүз қырғыздарының ең шұрайлы жерлерін тартып алып, қырғыз даласын біздің иелігімізге мәңгілікке қосты. Гасфорд осы еңбегі үшін «Амурский» деген титулын алған Муравьев сияқты «Занлийский» титулын алуға дәмелі еді. Бірақ оған ондай титул берілмеді. Сондықтан патшаның көзіне ілігу мақсатында ол бейбіт жатқан кокандықтарға қарсы соғыс ашты».

Сөйтіп, «Колокол» газеті де, онда өз материалдарын жариялаған авторлар да патша үкіметінің шет аймақтардағы отарлық саясатында жіберіп отырған кемшіліктерін сынаудан бас тартпаған және оған тарихи факті ретінде қараған. Осы тұрғыдан алғанда, «Біз орыс үкіметінің қырғыз даласын жаулап алу ниетінің 1800 жылдан туындағанын байқадық», - деп жазады газет. Осының дәлелі ретінде сол өлкені зерттеп, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін танып білу үшін экспедициялар құрылды. Бірақ, арада көп жылдар өткен соң бұл мәселенің қайтадан туындап отырғаны бізді танқалдырады. Үкіметтегілер бұл өлкеде енді қандай жұмыстар атқармақ, қырғыз даласын орыстар осыдан 10-12 бұрын жаулап алған жоқ па еді, - деп сұрақ қояды да одан әрі казак жеріне қайта-қайта экспедициялар жіберудің қажет емес екендігін тілге тиек ете отырып, патша үкіметі енді казак даласында қандай саясат жүргізер екен деген сауалға жауап іздейді.

Бұл орайда газет ұжымы күн тәртібіне: «Бұл өлкеде орыс мектептері ашыла ма? Әлде мұсылман мешітін салған дұрыс па? Діни сенімдер мәселесінде ислам бола ма, жоқ әлде Гасфордтың ойындағы ислам мен протестант араласқан жаңа дін бекітіле ме? Қырғыз даласын бұрынғыдай қуыршақ сұлтандардың қолымен приказ мүшелері басқара ма, әлде Орынбордағы сияқты сұлтан билігі үстем болар ма екен?» - деген басты шараларды қоя отырып, қайткен күнде де мұның бәрі де

жергілікті халықтың ерекшеліктерімен есептесе отырып жасалуы керек деген қорытындыға келеді.

Сонымен қатар басылым ұжымы осы арада Черняев басшылық еткен Сібір әскерінің «ерлігін» сынай отырып, оларға мынадай сауал қояды: «Біз Черняев мырзадан Әлиеата тұрғындары өз еріктерімен беріліп тұрғанына қарамастан қаланы неге соғыспен алғанына жауап беруін сұраймыз, жазықсыз халықтың қаны тек патшаға жіберілетін рапортта жақсы аталу үшін ғана төгілді ме?»

Енді, осы «Колокол» газетінің жазуы бойынша сол кездегі казак жерін басқарушылар кімдер болған, олар патша үкіметінің казак жерін отарлау саясатына қандай үлес қосқан немесе жергілікті тұрғындар үшін қандай жақсылықтар жасаған деген сауалдар төңірегінде Орынбор өлкесінде билік құрған генерал-губернаторлардың жасаған, тындырған істері бойынша байымдап көрелік.

Орынбор өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы Перовский еді. Оның ойынша «қырғыздардың даласы сол дала қалпында қалып, қырғыздар номад ретінде өмір сүруі керек еді». Ол Орал бойындағы жерлерді жыртуға, шөбін шабуға рұқсат бермеді. Сонымен қатар ешқандай бекініс те салмады.

Ал, Перовскийдің орнына бұл өлкеге генерал-губернатор болып келген Обручев болса, керісінше даланың солтүстік батыс жағындағы казактарды қуып шығып, ол жерге казактарды қоныстандырды. Ол Перовскийдің іс-әрекетіне қарама-қарсы казак даласына бекіністерді көптеп салып, бұрын даланы жөн-жосықсыз кезе беретін әскери отрядтардың санын қысқартты. Н.Обручев осы тұста өзінің жаулап алушылық пиғылдағы адам екенін: «Ембіге қарағанда Сырдария бойында бекініс салған дұрыс сияқты» деген мәлімдемелерімен растап отырды. Оның бұл ойы кейін Түркістанды жаулап алып, Сырдария линиясын құруға себеп болды. Алайда, Обручев кейін патша үкіметі жасағандай қырғыз даласына тереңдей кіруді ойламаған еді. Ол тек Үстірт, Қаракұм, Бетпақдаламен шектелмек еді.

Обручевтен кейін Орынбор өлкесіне қайтадан генерал-губернатор болған Перовский казак даласын орыстармен қоныстырмай, оларды еркіндікте қалдыратын сынай танытты. Бірақ, Сырдария бойында қоқандықтармен қалығысып қалған ол, Ақмешітті жаулап алуға мәжбүр болды. Осыдан кейін Сырдария бойында оның басшылығымен салынған бірнеше бекіністер, тіпті Арал теңізінде кішігірім флот та пайда болды.

Ал, Перовскийден кейін осы өңірдегі билікке ие болған Катенин енді басы артық казак жерін жаулап алмауға уәде берген болатын. Себебі, оның ішкі есебі бойынша жана жерлерді жаулап алатын қаржыны бекіністер салуға жұмсап, қаржы шығынын азайту еді. Бірақ осының бәріне карамастан ол Россиядағы достарына жазған хаттарында казак жеріндегі жаулап алу саясатын тоқтатпай одан әрі жүргізе бергісі келетіндігін айтқан. Алайда, кейін ол қайтыс болғаннан кейін, патша үкіметінің қамын ойлайды деген Катениннің де қазынасын 100.000 сомын талан-таражыға салғаны анықталған.

Катениннен кейін Орынбор генерал-губернаторлығының басшылығына адал, әділ адам қою мақсатында осы қызметке Безак тағайындалады. Бұл туралы басылым кезінде: «Ол генерал-губернаторлардың ішінде алғаш болып қырғыз даласына тәртіп орнатуды мықтап қолға алған еді. Ең алдымен Безак Сырдарияда хат тасымалын ұйымдастырып, жағымсыз істерімен көзге түскен чиновниктерді сынап, сөгіс беріп отырды. Көпшілік одан күрделі өзгерістер күткен еді. Бірақ оны жоғары басшылар жана қызметіне көп тұрақтатпай, басқа жаққа ауыстырып жіберді», - деп жазды.

Бұдан соң Безактың орнына қыр облыстарына генерал-губернатор болып оның жақын туысы Крижановский тағайындалады. Оның казак жерінде жүргізген іс-әрекетіне газет: «Крижановский болса саяси өмірге кездейсоқ келген, өте надан адам болатын. Сондықтан оған төрт миллионнан астам халқы бар, өзіндік тарихы, салт-дәстүрі, саясаты мен шаруашылығы бар қырғыз өлкесін басқару оңайға соққан жоқ» [68], - деп кері баға береді.

Жалпы А.И.Герцен мен Н.П.Огарев ә. дегеннен-ақ «Колоколдың» басты бағыты туралы: «Везде во всем, всегда быть со стороны воли против насилия, со стороны разума против предрассудков, со стороны науки - против изуверства, со стороны развивающихся народов против отстающих Правительств. Таковы общие догматы наши» [69], - деп жазған болатын.

Міне, сөйтіп шетелде шығып тұрған он жыл ішінде «Колокол» газеті өзі көздеген мақсат үдесінен шықты деп айтуымызға болады. Себебі, басылым бетінде «Шындық ба?» айдарымен үзбей Ресейден келіп түскен хабарлар легі беріліп отырылды. Бұл хабарларда зорлық-зомбылық көрсету, заңсыздықтарға жол беру фактілері баяндалады. Бірқатар материалдар «Под суд!» айдарымен беріліп, онда редакция, қоғамнан жасырылып құпия сақталған мәселелерді жария етіп отырды.

«Колокол» газетіне осымен қатар 1857-1861 жылдар аралығында либералдық бағыт тән болды. Бірақ, кейін 1861 жылғы шаруалар реформасына көңілі толмаған олар бұл бағыттан біржолата бас тартты.

8 «Отечественные запискидін» озық ойы

Күні кешеге дейін казак халқының тарихын жүйелі зерттеу жұмысы XVIII ғасырдың отызыншы жылдарынан, яғни Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің Ресейге бағынуынан басталды деген сыңаржак ұғым орын алып келді. Әйтсе де Ресейдің казак халқына, оның жеріне деген қызығушылығы өте ерте кезден басталған. Тіпті орыстардың көне жазбаларында казактар – «қырғыз-қайсақ ордалары» жөнінде айтылды. Атышулы «Повести временных лет» шығармасында немесе Нестеровтың 1206 жылғы дейінгі жылнамасында: 965 жылы Святослав «козар» – «касогтарға» соккы берді. 1065 жылы «касогтар» Ростиславқа зекет төлеп тұрды деген мәліметтер кездеседі. Қырғыз-қайсақтарды Ресейге қосу Иван Грозныйдың кезінде ойластырылған. Мысалы, Н.И.Новиковтың «Продолжение древней российской вивлофики» басылымында мынадай хабар бар:

«1534 жылдың қыркүйек айының 8-жұлдызында ұлы мәртебелі князь Иоани Васильевич» ноғай халқының басшысы князь Шыйдияк пен ел мырзаларына сенім хат жіберді».

Орыстар мен казактардың ара-қатынасын одан әрі анықтаған басты себептердің бірі – Қазан (1552 ж.) және Астрахань (1556 ж.) хандықтарының Ресейге қосылуы және Ермактың (1581 ж.) кең-байтақ Сібір жерін жаулап алуы болды. Осы кезден бастап, казак даласының шекаралары орыс жерлеріне жақындай түсті. Сөйтіп, XVI ғасырдың соңында-ақ казактар орыстармен қоныс алас елге айналды. Расында, ол кезеннің орыс авторлары казактардың елі, жері, тарихы турасында көбінесе ерте кезеңге жататын араб, түрік, қытай және батыс Европа дерек-көздеріне сүйеніп отырған. Осыдан барып “казактар туралы тарихи деректер XVIII ғасырдың отызыншы жылдарына дейін бір жүйеге түсірілмей, шашыранқы жазылып келінді” деген пікір туындап, көптеген ғылыми сипаттағы еңбектер аңызбен ұштастырылып, авторлардың қиялымен астасып жататындығы айтылады. Бірақ бұл мәселені тереңірек қарастырып, оның түптамасына бойлаған әр адам жоғарыда айтылған пікірге бірден қосыла қоймас деп ойлаймыз. Себебі, сонау ерте дәуірден бері шетел және орыс басылымдарында казак елі,

оның жер жағдайы, экономикасы, тарихы мен этнографиясы туралы материалдар мол басылып, жарық көрген. Бұл жерде сол кезеңде түрлі басылымдарда жарияланған материалдар авторларының қилы көзқараста болып, әртүрлі бағыт-бағдар ұстанғанын, себебі олардың бірі-демократ қаламгер болса, екіншісі Ресей География қоғамының мүшесі, саяхатшысы, үшіншісі - патша әкімшілігінің шет аймақты бағындыруға жіберген шенеунігі мен әскер басшысы болғанын ескергеніміз жөн. Кезінде осындай авторлардың бірі-Сібір ерекше корпусы штабының бастығы, генерал-майор С.Б.Броневский болған. Ол өзінің "О киргиз-кайсаках Средней Орды" деген жазбаларында казак халқының шығу тегін, тілін, кәсібін ғылыми тұрғыдан зерттеуге тырысып, алғаш пікір білдірген адамдардың бірі. Автор татардың "қырғыз" сөзі (қыр-дала, ғыз-адам) – "дала адамы", ал "кайсақ" сөзі (кай-кім, сак-секемшіл) – "кім секемшіл" деген ұғымдарды береді деген тұжырым айтады және казактар татар тілінде сөйлейді дейді. Осы тұста С.Б.Броневскийдің бұл пікірі дұрыс па, жоқ әлде, ойдан шығарылған ба? деген заңды сұрақ туады. Өкінішке орай, тарихта әлі күнге дейін "казак" сөзі қайдан шыққаны, қай кезде шыққаны туралы нақты мәлімет жоқ. Бұл жайында Ә.Диваев "Қырғыз өмірінің беттерінен" [70] деген еңбегінде казак ұғымы "акказ" деген сөзден десе, басқа зерттеуші-ғалымдар казак сөзін "еркін халық", "дала халқы" деген ертегі – аңыздармен байланыстырыла айтады.

Әйтсе де, ғылымда казактардың шығу тегі туралы екі ұғым бар. Біріншіден, Вамбери казактарды Х.Порфирородный мен Фирдаусидің еңбектерінде кездесетін "касог" не "казактардың" тікелей ұрпағы деп санаса, екіншіден, барлық басқа авторлар казактар тарих сахнасына тек XV ғасырдың екінші жартысында ғана келді дегенді айтады. Алайда, казактардың шығу тегі туралы М.Тынышбаев: "Карамзин орыс жылнамаларына сүйене отырып, 968 жылы Святослав Кубан өзенінің солтүстігінде "касогтарды" талқандағанын дәлелдесе, X ғасырдың жазушысы, Византия императоры Константин Порфирородный Таматарихидың (Тмутаркани) шығармасындағы жерді, Кубан өзенінің алқабын "Казахия" деп атайды. Г.Эверс араб жазушысы Ибн-аль-Варди ол елдің халқын "касогтар" немесе "казактар" деп аталған – дейді. Левшин 1020 жылдары өмір сүрген атакты парсы ақыны Фирдауси өзінің "Рустем" дастанында казактар мен казак хандары туралы да жырлады десе, Карамзин орыс билеушісі Мстислав Владимирович 1022 жылы

(оған 1065 жылдарға дейін алым төлеп тұрған) Тмуторкани княздығын бағындырды” деген мәліметтерді келтірген.

Тағы бір тоқтала кететін жай, Никонов жылнамасы бойынша монғолдар орыс жерлеріне (өздерінің алғашқы шабуылы кезінде 1223 жылы) қазақ жері, Кавказ таулары арқылы келген. Олар Қалка өзенінің бойында қыпшақтар мен оңтүстік орыс княздықтардын бағындырып, шығысқа бет алған.

Осы мысалдардан С.Б.Броневскийдің казактардын шығу тегі туралы жазғанда, кейбір тарихи материалдарға жете көңіл бөлмегені байқалады. Әйтпесе, Қазақстанның шығыс пен оңтүстік шығыс аудандарында біздің дәуіріміздің сонау алтыншы ғасырының өзінде-ақ, Орта Азия халықтары сияқты, казактар да ортақ түркі тілінде сөйлеген. Соған карамастан, біз қазақ халқының шығу тегі жөніндегі мәселенің жете зерттелмегенін, “казак” деген этнонимнің табиғаты туралы және казак халқының қашан қалыптасқандығы туралы ғылымда әр түрлі болжамдар барлығын жақсы білеміз. Сөйтіп, VI ғасырда тарих сахнасына шығып, кейіннен екіге бөлінген Түркі қағанатының шығыс бөлігінің орнына VII ғасырда Ұйғыр қағанаты келгендігі, соңғысын 840 жылы қырғыздар талқандағаны Б.Бартольдтың “Киргизы” деген еңбегінен белгілі, әрі “Қырғыз” этнонимі VII-VIII ғасырлардағы түркі халықтарының ортақ ескерткіші болып есептелетін Орхон жазбаларында да жиі кездесетіндігі анықталып отыр [71].

Осы ежелден келе жатқан жалғастың үлгісі бар. Ол Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи-Рашиди”, Қадырғали Жалаиридін “Жамиат тауарих” жылнамаларында ұштасады, шежірелерге кейіннен келіп қосылған Ш.Уәлихановтың, М.Шорманұлының, А.Ниязовтың, Ә.Бөжейұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің осы саладағы еңбектері кейінгі ұрпақ үшін асыл мұра болып табылатындығында дау жоқ.

Сондай-ақ, біздің оқырмандарымыз 1911 жылы Орынбордан шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының “Түрік-қырғыз, казак һәм хандар шежіресі”, 1903 жылы Қазаннан шыққан Нұрхан Наушабайұлының “Манзумат казакиясы”, 1914 жылы Уфада жарық көрген Ғұсманғали Садықовтың “Қырғыз-казак шадманиясы” шежіре, зерттеулерімен де жақсы таныс деп ойлаймыз. Бұл салада кезінде орыс зерттеушілері: А.Левшин, В.Вельяминов-Зернов, Н.Аристов, Г.Потаниндер де көп ізденіп, тер төккен.

С.Броневскийдің өз еңбегінде тағы бір мұлт кеткен жері – оның казактар татар тілінде сөйлейді деуі. Ал, осы мәселеге төнірегінде көп

ізденіп, еңбек жазған белгілі орыс тарихшысы В.Н.Татишев кезінде” ... Европа жазушылары ... барлық шығыс, батыс Азияны Ұлы Татария деп атайды. Бірақ халықтардың өздері бұл сөзді қолданбайды... Қырғыз-қайсақтар ежелден татарлар деп аталғанымен олардың татарлармен байланыстыра аз [72] болғандығын айтып кетті. Ал, бүгінгі таңда осының айғағы ретінде көне қазақ тілінің сонау XIII ғасырдан бастап-ақ қыпшақ – оғыз диалектісінің негізінде туындағаны белгілі болып отыр. С.Б.Броневский қазақ халқының орыстарды паналауының себебі шарасыздықтан туған тарихи процесс екендігін көре білді. Ол: “Патша шапқыншылық, ұрлық-қарлықпен айналысқандар шекара маңында ұсталса, оларды үнемі қазақтардың жазалауына беріп отырған. Міне, Ресейге аз да болса пайда келтірілмейтін, абырой әпермейтін бұл шара қырғыздардың жиі көтерілуіне себеп болды. Ал, патша рұқсатын өз жеке бастарының пайдасына шешуді көздеген қазақ атамандары өздеріне қарсы келген көптеген адал жандарды себепті де, себепсіз де ұры-қары ретінде көрсетіп, аяусыз жазалап, қуғынға ұшыратып отырды”, -деп жазды. Бұл жерде С.Б.Броневскийдің шындықты айтып отырғанын көреміз. Себебі, қазақтар көбіне шекараға айырбас (мал, астық т.б.) жасау үшін барғанда ұсталатын болған. Екіншіден, біздің ата-бабаларымызға орыстардың қазақ жеріне қоныс аударып, қамалдар салуы ұнамаған. Сондықтан, қазақтар 1760 жылдарға дейін шекараға жақын орналасқан орыстардың елді мекендерін тонап қана қоймай, олардың қазақ жері арқылы өтетін сауда керуенін де тоқтатып тастаған.

1772 жылы II Екатерина Орынборда қазақтарға арнап ерекше басқарма (шекара экспедициясын) ұйымдастырады. Ол қазақтың малдарын қыста Ресей аймағына жіберуге рұқсат етіп, қазақтармен әділ қарым-қатынас жасауға мән береді. Мешіт, мектеп, сауда орталықтарын салу үшін қаржы босатады.

Осыған орай Д.Мордовцевтің “Өткен ғасырдағы орыс мемлекетінің қайраткерлері және Пугачев” деген еңбегінде “1782 жылы Уәли сұлтан Орта қырғыз-қайсақ ордасының ханы болып тағайындады. Сонымен қатар бұл Орданың қырғыздарының өздері көшіп жүретін шекараларға жақын жерлерге мешіттер салуға рұқсат етілді” [73], -деп жазылған.

Әйтсе де, бұл шаралар нәтиже бермей шабуыл жалғаса бергендіктен, қазақтармен шекара тұрғындарының арасындағы қатынасты шешу үшін 1784 жылы далаға жаңа шекара соты жіберіліп, тікелей отарлау саясаты басталды.

Осындай экономикалық және әскери қысым көрсетудің барысында казактар ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейін екі оттың ортасында қалды. Бір жағынан оларды орыстар, екінші жағынан хиуалықтар мен кокандықтар өздеріне бағындыруға күш салды.

1833 жылы казак даласының жаңадан тағайындалған генерал-губернатор Перовский малды қыста ішке жібергенде алынатын алым-салықтың мөлшерін көбейтті. Қазактардың бұған сөзсіз келісуі үшін ол Каспий теңізінің Шығыс жағалауының Ново-Александровск қорғанын салдырды. Оның ойы-казактардың ел басшыларын бағындыру, көнбегендірді тұтқынға алу, ең бастысы орыстардың Азиямен сауда байланысын нығайту еді.

Орыстардың бұлай қоныстануы казактарды қатты шошындырды. Олар далаларға өрт қойып, қарсылық жасауын тоқтатпады. Бұл туралы кезінде былай деп жазыпты: "Беделді қырғыз руларының арасында далаға басқарудың жана ережелерін енгізуге байланысты көптеген наразылықтар пайда болды. Қарсылық көрсетушілердің басында Ғұбайдулла Уәлиханов, Сержан Қасымов және Сартай Шыңғысов сияқты сұлтандар бар еді. Олар өздерін қолдаған қарақшылармен бірігіп, далада тәртіпсіздіктер жасады. Біздің сауда керуендерімізді тонап, басқарудың жана түрін қабылдап, сыртқы округтардың құрамына енген қырғыз ауылдарына шабуыл жасап, малдарын айдап әкетті. Сонымен қоймай халықтың санасын ұлап, оларды орыс үкіметі енгізген басқарудың жана түріне қарсы шығуына зорлап көндірді. Даладағы бұл тәртіпсіздіктер көп ұзамай ашық көтеріліске айналды. Сондықтан, оны басу үшін қарудың күшін жұмсаудан басқа амал қалған жоқ" [74].

Сөйтіп, 1840 жылы орыстар казак даласына өз биліктерін жүргізуді мықтап қолға алды. Бұл мақсатқа жету үшін Обручев Орда және Сырдарияда қорғандар (бекініс) салып, казактарды тізгіндеп алды. Бекіністердің жанынан сауда орталықтары ашылды. Осындай себептермен орыстар Сыр бойында тұрақтап қалды. Бірақ, даладан тыныштық кетті. 1855 жылы Есет Көтібаровтың бастауымен бас көтеру күшейе түсті. Қазактарды қудалау, Ақтерек ойпатындағы егістік алқабын тартып алу және Бұқар көшін Сыр арқылы орыстардың кемесімен өткізу сияқты жайлар халықты көтеріліске шығарды. 1866 жылы әсіресе, Бөрі сұлтан ерекше көзге түсті. Осының барлығы халықтың отарлық өктемдікке деген наразылығын көрсетті.

1822 жылы М.Сперанский жасаған патша өкіметінің "Сібір казактары туралы жарғысы" шығып, осы жарғыға байланысты Орта

жүзде хандық билік жойылғаны тарихтан белгілі. Осы “Сібір казактарының жарғысында”: “Еділдің батыс жағалауынан Ертістің шығыс жағалауына дейінгі, Есілден Сырдарияның оңтүстік жағалауына дейінгі кең дала казактардың жері екендігі заң жүзінде танылып, “Сібір казактарының Отаны-Омбы облысының сырты”, -деп атап көрсетілген. Ең бастысы, осы заңмен танылған құқық негізінде казактар өз жерінде өзінің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы және Ресейдің заңдары негізінде өзін-өзі басқару құқына ие болады делінген. Сөйтіп, казак жері басқа ешкім қол сұқпайтын төл халықтың меншігінде болады-мыс. Мәселен, патша үкіметінің 1822 жылғы 22 шілдедегі “Бұратаналарды басқару туралы” жарғысында ресейліктерге бұратаналардың жерінде өздігінен қоныстануға қатаң тиым салынады. Жарғыда Ресейліктер бұратанадан жерді тек қана қоғамдық шарттар негізінде алымды қожалыққа ала алады деп көрсетілген. Бұған көшпелі бұратаналардың қатарына жатқызылған Сібір казактары да енгізілген. Ал, олар қазіргі Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Көкшетау, Қарағанды, Жезқазған, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарын қамтыған – Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы, Аягөз, Баянауыл, Үшбалық, Аманқарағай округтері болатын. Бірақ, патша өкіметі ұлт-аймақтарындағы отарлау саясатын өрістетіп, казактың барлық шұрайлы жерлерін қоныс аударушы орыстарға тартып алып берді. Сөйтіп, өзі шығарған заңдарды өзі бұрмалап, казактың жерін орыстардың меншігіне айналдырды. Бұл жөнінде казак даласын басқару туралы заң жобасына пікір білдірген комиссия: “Қазак даласына шекаралардан казактарды, сондай-ақ ішкі және Сібір губернияларынан орыс шаруаларын кіргізу, оларды казактар тегіне алу орыстардың көп мөлшерде казак даласына тереңдей енуіне мүмкіндік берді. Приказдардың тұрақты орналасу жерлері қоныс аударушы орыстардың легін көбейте түсті. Олар Жайық пен Ертіс өзендерінен есептегенде мың шақырымға жуық оңтүстік аймақты басып алып, бұрын Ресейдің шекаралық аудандары болып келген казак даласы патшалықтың ішкі бөлігіне айналып шыға келді”, -деп ашық мойындаған. Бұл мәліметті кезінде деректі құжаттар негізінде патша генералдары – Ф.Грис пен Л.Баллюзек дайындаған.

Осындай отарлау саясатының казак жерінде бой алуынан кең далада жұт жиілеп, аштық басталады. Аштан қырылмау үшін казактар балаларын орыстарға құлдыққа сатуға мәжбүр болады. Бұл туралы “Орыстарға патша ағзамның 1808 жылғы мамырдың 23-жұлдызындағы жарлығы бойынша орыс азаматтарына шекара бойында қырғыз

балаларын сатып алуға ресми түрде рұқсат берілген...”,-деп жазылған сол кездегі басылымдардың бірінде.

Ресей империясының ХІХ ғасырдағы бұратана халықтарды отарлаудағы ең сенімді әрі нәтижелі әдісі жоғарыдағы айтқанымыздай, орыс шаруаларын бұратана халықпен араластыра қоныстандыруы болып есептеледі. Бұл әдіс шоқындыру, орыстандыру үшін де пайдаланылады. Мәселен, дін хақында: “Қырғыздар өздерін мұсылманбыз деп атағанмен, өздерінің жеке өмірінде – діни, азаматтық және ар-ұждандық қатынастарда мұсылман дінінің құран, шаригат сияқты заңдарын басшылыққа алмайды, керісінше, халықтың дәстүрлерге сүйенеді... Мұсылман дінімен терең ұланбаған қырғыздар бауырмал орыстармен тез ұғынысады”,-деп жазды зерттеушілер.

Сөйтіп, орыс билеушілері мен миссионер зерттеушілері казактардың бұл ерекшеліктерін сезініп, оны өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысқан. Себебі, ол кезде патшалы Ресейге бағынышты түркі тілді халықтардың арасында сан жағынан басымы да, жер көлемі жағынан үлкені де казактар еді. Мұнымен отаршылдар санаспай тұра алмады. Олар кең-байтақ өлкені экономикалық және идеологиялық жағынан толық жаулап алудың зор саяси мәні барлығын түсінді. Сондықтан, миссионерлер алдымен казактарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойған. Өйткені, казак арасындағы мектеп, медреселерде татарлар сабақ беріп, дін тарату, кеңсе жұмыстарын атқару, тілмаштық қызмет ету істерінің бәрі солардың қолдарында болды. Екіншіден, казактардың татарларға карағанда ислам дініне нанымы кем еді. Оларда ескі шамандық наным мен мұсылмандықты қоса пайдалану жағы басым жатты. Осы орайда, Орта Азия, Сырткавказ, Қазақстан халықтарының өмірін терең зерттеген (кейін орыс миссионерлерінің қолынан түспейтін оқулыққа айналған) Н.Тарнаудың мұсылман заңының танымдық қызметіне арналған еңбегіне тоқталайық. Кітабының алғы сөзінде ол: «Шығыста көп жылдар бойы болып, әсіресе, қатарынан бес жыл Каспий облысының басқармасында еңбек етуім менің Орта Азия, Сырткавказ халықтарының ұлттық тұрмысын, әдет-ғұрпын, тілін үйреніп, зерттеуіме көп мүмкіндік берді. Ислам діні, тек қана олардың Ресей заңдарына бағынуына байланысты оқып-үйренуге тұрарлық іс деп ойлаймын. Мемлекеттік басқару орындары мен жеке жауапты адамдар осы ұлттық ерекшелікке баса назар аударуы тиіс» [75],-дейді.

Біздің пайымдауымызша, автор жылдар бойы мұсылман заңдары, оның барлық тарамдары туралы мәлімет жинап, түсінуге тырысқан. Мұсылмандардың қоғамдағы және тұрмыстағы орнын ашуға көңіл бөлген. Бұл еңбекті сол кезеңдегі озық ойлы азаматтар: «Мұсылмандарды басқару ісіне байыппен қарап әділ болуға, империяның көшпелі халық алдында мерейі асып, өнеге тұтарлықтай болуына көмек тигізетін құрал болып табылуында», - деп бағалаған. Бірақ, патша өкіметі керісінше жасады. Олар казак даласын түгелдей экономикалық және идеологиялық жағынан бағындырып алу үшін, көп жыл бойы зерттеп, түрліше мақсатпен экспедициялар жіберу арқылы нағыз қанау мен тонаудың орталығына айналдырды.

Уақыт пен қажеттілік біздің ата-бабаларымыздың табын-табын малдарын ашық аспан астындағы кең далада бағуға дағдыландырған. Олар дұзақ (арқан), құрықты шебер пайдалану арқылы ең тағы, асау деген жылқыны қасқағым сәтте ырықтарына бағындыра білген. Ал, бір танқаларлығы сол үйір-үйір жылқы мен отар-отар қой, ешкі қысы-жазы далада жайылып, иесіне онша ауыртпалық түсірмеген. Тек, иелері малдарын табиғат апатынан, жұттан аман сақтап қалу үшін ғана тебіндерді түрлі құралдармен тазалап, жылқыларға жол ашып отыруға тиіс болған. Осы сияқты түнгі қара суықтарда қойларды киіз үйлерді айналдыра жатқызу әдісі қолданылған.

Кейде малшылар түйелерді қой қотанын айналдыра шөктіреді екен. Себебі, түйе ұзақ таңды тырп етпестен атыратын момын жануар. Ал, осы әдістен соң қойлар түйелердің биік өркешінен асып ешқайда кете алмаған. Қазақтардың мал шаруашылығы жайында кезінде С.Б.Броневский өзінің «О киргиз-кайсаках Средней Орды» еңбегінде «қырғыздардың бар байлығын сан мыңдаған жылқы үйірлері түйе, ірі қара мал табындары мен қой-ешкі отарлары құрайды. Олардың жылқылары ірі әрі жүйрік келеді. Түйелерінің барлығы да қос өркешті. 12-20 пұт жүк көтеретін, шөлге шыдамды жануарлар. Орыс саудагері олардың ақбас сиырларын көптеп сатып алып, Екатеринбургке, тіпті Мәскеуге дейін әкеледі. Қойлары ірі, салмақтары 80-100 килограмға дейін жетеді», - деп өз танданысын жасыра алмаған.

Қазақтар сәуір айының басында малдардың төлдей бастауына байланысты көші-қонды тоқтатып, ал төлдер аяқтанып, жүруге жарағанда тәулігіне 15-30 шақырым жол жүріп отырған. Көктемде еріген қар мен тасыған өзен, көлдердің сулары шөптің тез көтерілуіне жағдай

жасаған. Сөйтіп, жаз бойы тоқтаусыз көшіп-қонып жүретін ел күз түсе кері қарай жолға жиналған.

Жаз-казактар үшін ұзақ та қатат қыс сынынан соң мереке, демалыс болып есептелген. Бұл кезен «Шымкент округі» деген мақалада: «Олар көңілді, риза. Ауа жылы. Күн көзі мейірімді, киіз үйге тығылып, оранудың қажеті жоқ. Таза ауада, жас шөптің үстінде отырып демалғанға не жетсін. Айналаға көз жүгіртіп, құстардың көңілді әнін тыңдайсын. Ақталған тары мен қой күйрығын немесе күрт қосқан көженің орнына дастарханға қымыз бен айран келеді.

Малға сырттай қараудың өзі қуаныш. Олар тастан-тасқа секіріп, жас шөпті бырт-бырт үзіп, кең даланың сәнін келтіреді. Жаз қырғыздар үшін мереке. Олар бір жерден, екінші жерге бірте-бірте тау беткейлеріне қарай, таза ауасы мол, малдарға жайылым шүйгін, табиғаты әсем алқаптарға сән-салтанатпен көшіп отырады. Бір сөзбен айтқанда, жаз – олар үшін жұмақ.

Қырғыздар күннің ыстығынан онша қорқа қоймайды. Жаздың ең ыстық кезінде олар тауға ішкерідей еніп, қапырықтан бой тасалайды. Малдары да таудың шүйгін шөбіне қарық болып қалады» [76]. – деп суреттеледі.

Ал, қыс айлары керісінше, казактардың өздеріне де, малына да көп қыйындықтар туғызған. Оны мына жолдардан көз алдымызға елестетуге болады: «Қатты аяз бен қалың қар, егер олар ұзақ уақытқа созылса, малға да, қырғыздардың өздеріне де жұт болып жабысады, олардың малы қалың қардың астында қалған шөпті аршып жеуге өте дәрменсіз. Сондықтан, кейде апта бойы нәр таппаған мал әлсіреп, аштан өледі. Немесе суыққа тонып, бораңға ұшырайды. Жылдың осы уақыты мал үшін өте қатерлі. Түйе, жылқы, сиыр, қой жейтін шөп таба алмай, суықтан қалтырап, қарлы тұяқтарымен аршуға шамалары жетпей, ілініп-салынып өзер жүреді. Аяз бен суықтарды паналайтын қорған болмаған соң, ашыққан малда ішкі жылу да болмайды, түнде паналап шығатын орын болмаған соң, жануарлар бүрісіп, бір-біріне жабысып, бастарын төмен салбыратып, ауыл маңында тұрады. Көбі көктемге дейін жете алмайды» [77].

Қазактардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы болғандықтан, олардың жер бетінен жойылып кетуі немесе өмірін сақтап қалуы осы малға байланысты болған. Қазак даласында орыстар «шюл кемесі» деп атап кеткен түйелер өте көп болған. Осы бір тансық жануар қос өркенші (айыр) және жалғыз өркенші (нар) деп бөлінеді. Нар түйелер күшті өрі

төзімді келеді. Қазақтарда түйеден кейінгі төрт түліктің бірі-жылқы болып есептелген. Шын мәнінде, мінсен көлік, сойсаң ет, саусан кымыз, осы бір жануардың күні бүгінге дейін ауыл шаруашылығыны үлкен үлес қосып отырғандықтары мәлім. Мәселен, толық емес мәліметтерге қарағанда XIX ғасырдың екінші жартысында, тек Шымкент округіне Ресейден және басқа елдерден көкірек ауруымен ауырған мыңнан аса адамдар қазақ жеріне кымызбен емделу үшін келген.

Жалпы, өткен ғасырда орыс басылымдарында кымыз жөнінде көп жазылған. Онда қазақ жерлерінен кымызбен емделу орындарын ашу туралы ондаған ұсыныстар түскен. XIX ғасырда кымызбен емдеу орындары Қазан жолындағы Япрысков стансасында, Килимов қыстағында, башкұрттардың Қанлы қонысында, қазақтардың Елек қорғанында болған. Біз ата-бабаларымызды көшпелі халық қатарына қосқан өмір қажеттілігі деп білеміз. Қазақтар отырықшы өмірді місе тұтпаған. Кейбір үй-жайлары бар байлардың өздері де онда тек қыстап шығу үшін тұрған. Олар қой, ешкі сияқты малдарға уақытша талдан, қамыстан, тастан дуал қорған тұрғызған. Бірақ, кейде қазақтар қысты күні аз ғана малын табиғат апатынан аман сақтап қалу мақсатымен тебіннен-тебінге ауыстырып, көшіп-қонып жүруге мәжбүр болған. Қыста олар киіз үйлерінде күндіз-түні үзбей от жағып отырған. Түндік жатар кезде жабылатын болғандықтан жылу іште ұзақ уақыт сақталған. Қыстаулар көбіне орман арасында, тау аңғарларында немесе қалың қамыс ығына салынған. Қазақтар үйлерін ешқашан ағашпен жылытпай, тек киі мен тезек қана жаққан. Өйткені, ағаштын, әсіресе қарағайдың түтіні киім мен киізді ойып тастайтыны оларға белгілі болған. Мәселен, Г.Н.Потанин: «В юрте последнего киргизского царевича» деген еңбегінде қазақтардың қоныс жанартуы жайында: «Жаз бойы болыс-болыс болып, көшіп-қонып жүрген ел қыс түсе ауыл-ауылға бөлінеді. Бөтеннің жеріне көз алартпайды. Әр рудың өз қыстақтарына көшу себептері біріншіден, олар жылдың әр мезгілін белгілі бір жерде өткізіп үйренген. Екіншіден, жаз бойы мал тұяғы баспаған таулы аймақтың шөбі шүйгін болады. Үшіншіден, ата-бабалары жерлеген зиратты олар ерекше сыйлайды. Алайда, осының бәріне де қарамастан, адам өлімі, мал шығыны көп болған жағдайда қырғыздар қыстаудан бұл жердің қайырымы жоқ деп көшіп кетеді», - деп әңгімелейді.

Жылдың төрт мезгілінің ішінде көшпелі халық үшін, әсіресе, көктем айы ерекше қуанышты. Себебі, қыстың ұзақ суығынан соң адамдар өздерін еркін сезінген. Біраз, күн ауа-райын бағдарлап, уақыты

жетті деп есептегенде, жолға-жайлауға жинала бастаған. Қазақтардың осындай қуанышты, сапырылыс сәтін Б.Г. Радлов: «Қырғыздар үстеріне бар жақсы киімдерін киіп, бар дүние-мүліктерін түйе, өгіз, ат, тіпті қойдың арқасына артып, балалары мен ең жас төлдерді түйе қомына теңдейді. Көлік үстіне кілем, алаша, текемет жабады. Атка мінген әйелдер түйелерді жетекке алады. Түйе қомынан – балалар мен қозылардың бастары кезек қылтып, кең даланы азан-қазан шуға айналдырады. Бесаспап қаруларын асыңған жігіттер баяу ілбіген көштің алды-артын жинақтап, бағдарлайды» [78],-деп суреттеген.

С.Броневскийдің «О киргиз-кайсаках Средней Орды» еңбегінде «Жоңғар даласына қырғыздардың қоныс аударуы» деген арнайы тарау бар. Онда автор: «Жоңғарлар мекендеген дала бос қалысымен, Енисей мен Абакан өзендерінің бойында тығылысқан қырғыздар, орыстар мен калмақтардың зәбіріне шыдай алмай, көп ойланбастан кең байтақ даланы жайлап алды. Бұл халқы мен малының саны көп көшпенділерге алдатағаланын берген сыйы еді» [79],-дейді. Бұл біздіңше, біржақты ұғым себебі қазақ халқының тарихы XV-XVI ғасырдан емес, одан әріден басталатындығы белгілі.

Мәселен, біздің ата-бабаларымыздың сонау V-VII ғасырдың өзінде-ақ поэзиясы, IX-X ғасырда аты әлемге жайылған ұлы ғалымдары болған. Оған X-XI ғасырлар аралығындағы Орхон-Енисей жазбалары, Жүсіп-Баласағұнның «Құтадғу білігі», Махмуд Қашғаридың сөздігі, Ахмет Иассауи, Үгінекидің еңбектері, Әли Рабғузидің, Саккани, Муфти, Атайдың дастан, ғазелдері, атакты «Оғызнама», «Мұхаббат намалар» дәлел. Қысқасы, қазіргі Қазақстан, Орта Азия жерін мекендеген ата-бабаларымыз VII-X ғасырларда саудасымен, мәдениетімен танылған болатын. Бұл жөнінде белгілі ғалымдар Бартольд, Бериштам, Самайлович, Пигуловскаялардың еңбектерінен мол мағлұмат алуға болады. Өткен ғасырдың көптеген басылымдарында қазақтардың мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен айналысқаны туралы деректер бар. 1917 жылдың Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда егіншілікпен тек жартылай отырықшылықта болған оңтүстік аймақтың қазақтары ғана айналысқан деген теріс ұғым орын тепкен. Бірақ, көптеген жазба деректер сол кезде Орталық Қазақстан, атап айтқанда – Бұқтырма бекінісінің маңы мен Нұра, Торғай және Қорғалжын өзендерінің бойында да мыңдаған гектар жерді алып жатқан егіс алқаптарының болғанын айғақтайды.

Қазақтар тусыраған түзге арық казып, су жеткізген. Өзен, көл маңындағы камыстарды өртеп, тоған жасау арқылы ылғалды көбейтіп, дөңді сол жерге сепкен. Жер өңдейтін құрал-саймандарды да өздері қолдан жасаған. Бір таңқаларлығы – сол кездің өзінде-ақ қазақ дикандары астықтан мол өнім алып отырған. Мәселен, Богдановский “Киргизы” деген мақаласында: “Қырғыздардың ең басты тамағы – ет, сүт тағамдары болса да, олар соңғы кезде егіншіліктің пайдасын түсіне бастаған сияқты” [80], -деп жазды. Келесі бір автор: “Далада өмір сүретін көшпелі халықтың бірде-біреуі қазақтардың астық жинауындағы еңбек сүйгіштігімен теңесе алмайды, олар ең жарамсыз деген шөлейт жерлерді құнарлы жерлерге айналдырып отыр», -деп көрсеткен. С.Б.Броневский болса: «Қырғыздардың басты тамағы ет, сүт және ірімшік. Алайда, мен Бұқтырма бекінісінің ар жағынан, Нарын тауының бауырайынан, тау жылғаларынан арық казып, қолмен суландырылған мындаған гектар егіс алқаптарын көрдім. Осындай егін алқаптары Нұра, Торғай өзендерінің бойында, Қорғалжын көлінің алқаптарында да бар. Бұған Жетісу, Балқаш, Іле Алатауының маңайындағы егістікті қоссақ, онда қырғыздардың өздерін алдағы жылдары астықпен қамтамасыз етуіне мүмкіндік бар сияқты», -деп жазған. Мәселен, тек Шымкент округінің өзінде ғана жиырма мың десятинадан астам егіс алқабы болған. Қазақтар онда тары және бидай сепкен. Олар бидай өнімдерінің бір бөлігін сыртқа сатып отырған. Мәнкент пен Шолаққорғанда алма, Қарабұлақта – жүзім өсірген. Бакшаларда қауын мен қарбыздан мол өнім алған. Мысалы, әр танаптан екі мың мен төрт мың аралығында қауын жинап, одан жүз жиырма – жүз елу сом пайда түсіріп отырған.

Жоңышқа не бетегенің суды көп қажет ететіндігі және ылғалды топыраққа өсетіні белгілі. Бір себілген алқаптан жеті-сегіз жыл бойы жылына төрт-бес рет жоңышқа өнімін алуға болады. Сондықтан, егінші қазақтар одан көп пайда тапқан. Және осы жоңышқа өсіруге егіс алқаптарының жартысынан көп бөлігі пайдаланылған.

Сондай-ақ егіншілікпен қазақтар Елек, Ембі, Ырғыз және Ор өзендерінің бойында, Мұғаджар тауының беткейлерінде, Жана және ескі Қуандария аралықтарында да айналысқан. Көбіне бұл жерлерде тары егіліп, одан аса жоғары өнім алынып отырылған. Егістікті суландыру үшін арықтар қолданылған. Әсіресе, Сырдария маңында жер өңдеу үшін тереңдігі бірнеше метрге жететін каналдар казылып, егіс алқабына су жеткізілетін болған. Қазақтар мындаған гектар алқапқа бидай, арпа

дәндерін сепкен. Мәселен, бидай күзде себілсе, арпа көктемде себіліп, өңделген. Әсіресе, қауын өсіру үздік болған.

Өткен ғасырдың басылымдарында Қазақстанның мал шаруашылығы мен егіншілік кәсібіне арналған материалдарға көп көңіл бөлінген. Әдетте орыс мемлекеті жергілікті халық үшін барлық жағдайды жасап отырған қамқоршы ретінде көрсетілген. Алайда басылымдарда еркін ойлы адамдардың ақиқатын айтатын еңбектері де кездесіп отырған. Мәселен, С.Б.Броневскийдің, П.Небольсиннің және т.б. авторлардың еңбектерінде Ресей Қазақстанды жаулап алған кезеңге дейін де бұл өлкеде: мақта, астық шаруашылықтары болғандығы, соған байланысты қазақ жерін айқұш-үйқыш каналдар мен арықтар алып жатқандығы айтылады. Екіншіден, авторлар қазақтардың ықылым заманнан көкорай шабындықтары игеріп, суландырылған жерді пайдалана алғандарын растап отырады. Үшіншіден, қазақтарға малға жемшөп дайындау жұмысы да жақсы таныс болғандығы сезіледі. Төртіншіден, қазақ халқы көшпелі өмір сүргендіктен, мал тұқымын асылдандырумен айналыспаған деген түсінік те дұрыс болмай шықты. Бесіншіден, басылымдар материалдары ХІХ ғасырдың соңына қарай қазақтар көшпелі және отырықшылар болып бөлініп отырғанын растайды. Егіншілікпен айналысқан қазақтардың саны сол кезде 30 проценттей болыпты.

Мұның бәрі күні кешеге дейін, Кеңес өкіметі құрылғанға дейін қазақтардың малдан басқа кәсібі, шаруасы болған жоқ деушілердің пайымдаулары қате екенін дәлелдейді. Ал, қазір ше? Осыдан бір-ақ ғасыр бұрын қазақ халқының басты байлығы болып саналған мыңғырлаған малы, бөтен халықтың көз жауын алған табиғаты, оның қойнауындағы байлығы, Аралдың суы, Балқаш, пен Зайсанның балығы, Алатау мен Қаратаудың жыртылып айырылған аң-құсы, түртіп қалсаң түгін тартатын құнарлы топырағы қайда кеткен?!

Өткен ғасырда қазақ даласының табиғаты туралы ой тербеген қаламгерлердің, зерттеушілердің еңбектерін оқи отырып, сол кездің өзінде-ақ сезіле бастаған бүгінгі күннің қасіретінен хабар алғандаймыз. Осы арайда С.Гулеевтің «Заметка об Иртыше» и «О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства», әсіресе, Ханыковтың «Карта земель киргизов внутренней и малой орды», «Карта Аральского моря и Хивинского ханства Средней Азии с приложением», Макишевтің «Описание Аральского моря» т.б. авторлар құрамының ғылыми-зерттеу еңбектерінің мәні ерекше.

Ең бастысы, олар казак даласындағы саяси, әскери, шаруашылық маңызы бар географиялық атауларға ерекше мән беріп, жан-жақты тоқталып отырған. Арал, Каспий теңіздері, Алатау, Қаратау, Боралдай, Ақсай, Алтай таулары, Сырдария, Әмудария, Талас, Іле, Шу өзендері мен Балқаш, Саумалкөл сияқты көлдері, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл тәрізді жер жаннаты, табиғат байлықтары, кен орындары назардан тыс қалмаған.

Орыстарды өзінің табиғат байлығымен қызықтырған сондай өңірлердің бірі – Маңғыстау еді. Тарихтан Маңғыстаудың ежелгі тұрғындары қорғасын, темір қорыту орындарын IV-IX ғасырдан бастап пайдаланғандары белгілі. 1819 жылы полковник Ф.Ф.Берг басқарған топ Маңғыстаудың топографиялық картасын түсіріп, бұл жерлерде мұнай қоры көп деген шешімге келеді. Олар Қаратүйме, Тұманды таулары мен Атынты жерінің байлықтарын зерттеп, түрлі кен түрлерін табады.

Жалпы Маңғыстауды, оның ұшан-теңіз байлығын зерттеп, халық игілігіне айналдыруда орыс ғалымдары К.М.Бэрдің, Н.А.Северцевтің, Н.Э.Гернгрэстің, М.И.Иваниннің сіңірген еңбектері зор. Нақ осындай кен іздеп, казак жерін пайда көзіне айналдырған миссионерлердің 1816 жылғы жазған күнделігінде былай деп көрсетіліпті: «Ұлы мәртебелінің әмірі бойынша қырғыз даласына майор Набоков басқарған I-казак полкінің 150 жауынгерінен құралған казак отряды аттандырылды. Олардың негізгі мақсаты қазіргі Көкшетау уезінің жергілікті сипатын суреттеп, ондағы кен байлықтарын іздеп табу еді. Отряд бұл жорықта 5 ай уақытын өткізді. Осы кезең аралығында Набоковтың экспедициясы далалық Жаксы, Жанғызтау тауларын зерттеп, одан құрамында: күміс, мыс, қорғасын, темір қоспалары бар кен байлықтарын тапты. Сондай-ақ олар Имантау, Зеренді және Сандықтау орындарының байлықтарына, Ұлытау мен Қорғалжың көліне және оған келіп құятын Нұра өзендеріне барлау жасады [82].

Кезінде осындай зерттеушілер казак жерінде көп болған. Мәселен, 1771 жылы Н.Рычков Ұлытаудың оңтүстігінен адам сенгісіз кәдімгідей мыс кен орындарын көрген. Ал, 1814 жылы Феофилов басқарған Орынбор, әскери экспедициясы Ұлытаудың солтүстігінен қорғасын және Мыстау кен орындарын тапқан.

Сондай-ақ, орыс келімсектері казак жерінің төрт бұрышынан тұз өндіру орындарын да көптеп ашқан. Мәселен, сондай тұз орындарының ашылуы туралы мынадай деректер бар: «Генерал-майор Киндермань Сенатка Ямышев және Коряков көлдерінде тұздың мол қоры барлығы

туралы баяндаған. Киндерманның айтуынша Ямышев көлі Ямышев бекінісінен 9 шақырым жерде. Оның ұзындығы 3 шақырым, ені 1 шақырым 400 сажын, ал жалпы көлемі 8 шақырымға тең одан казактар 100 мың пұт тұз дайындаған. Коряков көлі Ямышевтан 55 шақырым, Ертістен 21 шақырым жерде жатыр. Оның ұзындығы 8 шақырым 220 сажын, ені 3 шақырым 140 сажын, жалпы көлемі 24 шақырымға тең. Казактар бұл көлден 343350 пұт тұз дайындаған» [83].

1876 жылы сол кезге дейін Орынбор және Батыс Сібір губернаторлығының құрамына еніп, Түркістан атанып келген аймақ енді жеке өз алдына Түркістан генерал-губернаторлығы атанды. Сырдария және Семей облысының бір бөлігінен тұратын бұл өлке Қытай және Орта Азия халықтарының шекарасымен шектесіп жатты. Сырдария және Жетісу облыстарына бөлінді. Бұл екі облыстың жері Құрғаты өзені арқылы ажыратылды. Жаңадан құрылған өлкенің басқармасы тікелей генерал-губернаторға, ал облыс басқармалары соғыс губернаторлығына бағынды.

Осы жаңа генерал-губернаторлықтың құрылуына байланысты «Орыстың география қоғамы» журналында: «Орта Азияның отырықшыл бір бөлігі әлі күнге дейін толық зерттелмей келеді. Ол аймақ туралы тек Уәлиханов пен Венюковтың еңбектері ғана ағылшын тіліне аударылып шыққан. Әрине, бұл материалдар аздық қылады. Алайда, патша өкіметінің қырғыз жеріне өткен сайын ішкерілей енуі бұл кемшіліктің орнын толтыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Таяу жылдарда Орта Азия халықтары туралы орыс зерттеушілері мен ғалымдарының еңбектері жазыла бастайтынына кепілдік береміз» [84], - деп жазылды.

Шындығында, көп ұзамай П.Семеновтың «Верный бекінісі мен Ыстықкөлдің батыс жағалауына саяхат», Бапков, Голубевтердің «Қапал округі, Балқаш теңізі мен Алакөл туралы» зерттеу мақалалары алдымен «Орыстың география қоғамы жазбаларында», одан соң басқа да басылымдардың беттерінде жариялана бастады. Бұл еңбектер біздерді Сырдариядан шығысқа – Ыстықкөлге, одан соң солтүстікке Ертіс пен Бұқтырма алқабына алып барады. Сөйтіп, Арал теңізінің солтүстік және оңтүстік жағалауына карама-қарсы, одан тура шығысқа қарай екі үлкен көл – Балқаш пен Ыстықкөл жатыр. Оларды Арал теңізінен бөліп жатқан мың жарым шақырым кеңістікте Саумал көл, Қаракөл сияқты бірнеше ұсақ көлдер бар. Арал теңізінің солтүстік шығыс бөлігіне – Сырдария, Саумалкөлге – Шу, Балқашқа – Іле өзендері құяды. Олардың барлығы да оңтүстік шығыстан қисық доға жасай отырып, бірте-бірте Әмударияға

дейін созылып барып, Солтүстік батысқа карай ағады. Сөйтіп, ең шеткі оңтүстік батыс доғасын құрайды.

Осы жазықтардың солтүстік бөлігі құнарсыз болып келеді. Мұнда тақыр дала, Мойынкүм мен Таукүм күмдары жатыр. Оңтүстігінде созылып жатқан таулар – Тянь-Шань немесе Аспан жоталарымен Гималайдың шеткі тармақтары, Сырдарияның оңтүстік жағалауында №1 форт- (Майлыбас), №2 форт (Қармакшы), Перовский форты (Акмешіт) сияқты орыс бекіністері болған.

Осы жерде тура шығысқа карай Қаратау, Александровск және Іле жоталарының солтүстік беткейлеріне қарсы – Созак, Шолак, Әулиеата, Мерке, Қастек, Алматы (Верный) орын тепкен. Бұл атаулар басқа да танымал атаулар сияқты көптен бері қалдырылып кеткен бекініс немесе қорғандар болып есептелген. Оларды кезінде Қокан хандығы өздеріне бағынышты болған казактарға билік жүргізу үшін және зекет жинап отыру үшін салдырған деген деректер бар.

Деректерге сүйенсек, бұл аймақта ерекше маңызы бар төрт-ак қорған болған. Олар – Созак, Әулиеата, Мерке және Бішкек. Бұл қорғандардың ең маңыздысы Әулиеата болып есептелген. Себебі, ол Ташкент пен Қокан, Семей мен Құлжа және басқа қалаларға апаратын жол үстінде жатады. Қалада төрт мың адам тұрған. Әулиеата Верный бекінісімен Шу алқабы арқылы сымдай тартылып жатқан төрт жүз сексен екі шақырымдық арба жолымен жалғасып жатқан. Сырдарияның он жақ жағалауымен қатарласа жарысып, бірте-бірте оңтүстік шығысқа карай бой ұмсынған Қаратау жатыр. Сондай-ак осы Сыр мен Шу өзендерінің аралығында жатқан алқапты қак бөлген Қаратау қыраты енінің өзі елу шақырым.

Қаратаудың оңтүстік тармақтарының аралығымен өтетін өзендердің әсіресе, Арыс өзенінің алқаптары өте құнарлы болған. Мұнда жүгерінің сабағы бір жарым метрге дейін өсіп, мол өнім берген. Сондай-ак, көп жылдық шөптен жылына төрт рет өнім алып отырған. Бидай ешқандай күтімсіз, өзі көктеп, пісетін болған. Бақтарда алма, алмұрт, жүзім, грек жаңғақтары өскен. (Бадам мен Машатта көп кездескен). Зерттеуші Северцев, Кузнецовтардың жазуына қарағанда макта өсірумен Алматы мен Атырауда да, олардың суы мол алқаптарында да кәсіптеніп, одан мол өнім алғандығы байқалады.

Бұған қосымша Северцев, Полтарацкийлер Қаратау, Боралдай тауларынан, Арыс, Көпірсу өзендерінің бойларынан тас көмірдің, қорғасын, алтын мен мыстың көптеген қорларын тапқан. Мысалы,

Северцев: «Боралдайдың баурайы нағыз жабайы кара бидайдың отаны» деген сөзді айтады. Себебі, кара бидай бұл жерлерде жабайы күйде өсіп, мамыр айында гүлденіп, шілде айында толық пісіп үлгерген. Северцев еңбектерінде Бөген өзенінің жағасындағы алқаптардан қолдан егілген кара бидай танаптарын да көргендігін жазып, оның азық-түлік молшылығы жолындағы экономикалық пайдасын дәлелдеген.

Ал, белгілі саяхатшы, зерттеуші Семенов Г. Іле Алатауының өсімдіктер дүниесін – далалық, мәдени өсімдік, субальпілік, альпілік және мәңгілік қарлар деп бес белдеуге бөледі. Ал келіміз орыстар мәдени өсімдік және бау-бақша аймағында тұрған. Себебі, олар қазақтарды Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі барлық жақсы суландырылған бөліктен ығыстырып шығарған. Бұрын да бұл жерде шағын жапырақты орман, тоғайлардан кендешілік болмаған. Топырағы мейлінше құнарлы болғандықтан, онда Сібір аймағына жат алма, алмұрт, грек жаңғағы сияқты жеміс ағаштары өскен.

Ежелден Іле өлкесін мекендеп, көшіп-қонып жүретін үлкен Орданың қазақтары Ресейге тек 1846 жылы бағынған. Ал, орыс әскері 1854 жылы осы өңірді түгелдей жаулап алып, Верный бекінісін салды. Верный Абрамовтың айтуынша: ол кезде – Іле Алатауының мәңгілік қар жамылып жатқан жотасының солтүстік батысқа қарай, ағысы жылдам, бірақ ені небәрі 3 метрден аспайтын Алматы өзенінің жағасына орналасыпты. Осы Алматы өзенінің бойында орыстардың екі стансасы болған. Үлкен және Кіші Алматы Сібірден қоныс аударған қазақтармен шаруалардан құрылған. 1863 жылы Верный тұрғындарының саны 2883-ке жеткен. Олар негізінен егін шаруашылығымен айналысқан. Артық астықтарын қазақтарға, солдаттарға, шарап және сыра заводтарына сатқан. Сондай-ақ Қазаннан-Құлжаға және Қашғардан – Семейге баратын жол үстінде жатқан Верныйдың да көп ұзамай орта ғасырдағы Алматы қаласы сияқты маңызды сауда орталығына айналатынына сенген. Верныйдың Солтүстік шығысында Семей облысына қарасты Қапал қаласы орын тепкен. Қала бекініс ретінде 1847 жылы салынып, тез арада Қытай, Ташкент пен Қоқанды жалғастырып жатқан сауда орталығына айналды. Сол кездің өзінде қалаға ташкенттіктер, Қазан мен Тобыл губерниясының татарлары көшіп келе бастайды. Осы Қапал, Верный, Алатау маңында көне ғасырлардан бері сақталған ескерткіштер мен ғимараттар көп болған. Мысалы, осындай көне қорған орнынан бір татар «Арслан» деген түрікше жазуы бар алтын жүзік тауып, оны Құлжа саудагерлеріне 250 сомға сатады. Ал, Қапалға жақын Бүйен өзенінің

бойынан алтын бұйымдар табылып, ескі қорған орындарында гранит бағаналар, Токтамыс хан салдырған мазар қалдықтары да сақталған. Сондай-ақ осы аймақты алғаш рет зерттеушілердің бірі Голубев: «Балқаш көлінің ұзындығы 600 шақырым, ені 8 шақырымға дейінгі аралықты алып жатыр. Ал, Алакөл болса, Балқаштың шығысында орналасқан, ертеректе Алакөл Балқашпен жалғасып жатқан сияқты. Қазіргі Алакөл үш бөліктен тұрады. Оның ең үлкен бөлігінің ортасында Аралтөбе бар», - дей келе осы маңды мекендейтін казак пен орыстардың қарым-қатынастары туралы сөз етеді.

Алакөлден солтүстік шығысқа қарай балыққа өте бай Зайсан көлі орналасқан. «Зайсаннан Ертіс өзені ағып шығады», - деп жазды кезінде бұл өңірде 1853 жылдың өзінде ғана қатарынан екі мәрте болып зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі - Г. Потанин.

Мұнда балықшылықпен Көкпеті селосының казактары, шаруалар және көл маңында көшіп жүретін казактар айналысқан. Балық аулаудан түскен өнім үш мың пұтпен есептелген. Соған қарамастан казактар балық аулауға орыстарға қарағанда 6 есе көп жиналған. Ал казактар болса, казактармен Зайсанда кездесетіндіктерін алдын-ала біліп, оларға қажетті заттардан жәрменке ұйымдастырып отырған. Бұл маңайдағы казактар бидай, тары, арпа, бұршак сепкен. Сондай-ақ кезінде Батыс Алтайға сапар шегіп, кен орындарын зерттеген Мәскеу университетінің профессоры Г. В. Шуровский өзінің «Из геологического путешествия по Алтаю» деген еңбегінде Белоусов, Зыряновск кеніштерінде казак жұмысшыларының да барлығы, бірақ олардың адам төзгісіз қиын жағдайда еңбек ететіндігі, оларға еңбекақы орыстарға қарағанда аз төленетіндігі, ешқандай дәрігерлік көмектің жоқтығы, бұдан басқа казактардың тұз дайындау, Ертіс өзені арқылы салмен кен-жыныстарын тасу жұмыстарына да тартылғаны жайында жан-жақты мәлімет берген.

Өткен ғасыр басылымдарының бетінде жиі жарияланып, шешімін тауып отырғандары - сауда, айырбас орталықтары XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында көптеп салына бастады. Соның бірі - Орынбордағы казактар арасында «Ақ базар» атанып кеткен айырбас орталығы. Ол туралы А. Крюков өзінің «Орынбор айырбас ауласы» атты мақаласында былай деп жазды: «Әдетте «Ақ базар» жәрменкесі шілде айының орта шенінде басталып, қазан айының соңында аяқталады. Қырғыздар жәрменкеге отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, аң терілерін әкеліп орыстардан астық, ыдыс-аяқ, киім-кешек, оқ-дәрі алып қайтады. Жыл сайын орта есеппен орыстар қырғыздардан 450 мың малы мен

заттарын алып, оларға 490 мыңның заттарын беріп отырған». Автор бұл жерде «Ақ базар», - деп сол кезде казак жерлеріне салынған мерзімдік жәрменкелерді айтып отыр. Ондай мерзімдік жәрменкелер Қазақстанда өте көп болған.

Жалпы, айырбас орталығының орыстар мен казактар арасындағы сауда-саттықтың одан әрі дамуына тигізген әсері ерекше болған. Себебі, сол кездегі Орынбор камалының әскери губернаторы Н.Н.Неплюевтің өзі бұл айырбас орталығы орыс мемлекетінің Орта Азия халықтарымен сауда қарым-қатынасын орнатып, көшпелі казактарды отырықшылыққа көндіріп, бағындыруға арналған саяси істің бастамасы деп ашық мойындаған және патшаға Орынбор сауда орталығының хал-жайы туралы мына тәріздес мәлімет беріп отырған. «Ұлы мәртебелі император ханым! Биылға айырбас науканы кыргыз-кайсак халқының Нұралы ханы айырбасқа келісім бермеуіне және Айшуак сұлтанның Қазан татарларына айырбастың мүлде тоқтатылатыны туралы хабарына карамастан, біздің жүргізген түсіндіру жұмысымыздың арқасында өз нәтижесін бере бастады. Тіпті, соңғы күндері айырбасқа келген кыргыздардың саны өткен жылмен тең түсіп отыр. Айырбас әлі жүріп жатқандықтан, мал санының былтырғыдан да әлдеқайда асып түсетіндігіне күмән жоқ» [85].

Ал, 1785 жылдың 22 шілдесі мен 19 қазан айлары аралығында Орынбор жәрменкесіндегі мал саудасының патша өкіметінің казынасына келіп түскен қаржы есебі мынадай болған:

Ресей көпестерінің кыргыз-кайсак халқынан айырбасқа алған

Мал түрлері	Мал саны
Жылқы	1821
Құлын	186
Өгіз	352
Қой	89585
Қозы	11244
Ешкі	-
Ірілері	309
Орташалары	3452
Ұсақтары	3663

Осы малдан және азиат тауарларының басқа да түрлерінен казынаға келіп түскен кіріс пайда 2941 сом болған. Қазақстанның орысқа астығы және өнеркәсіп тауарларын өткізетін рынок ретіндегі, ал олар үшін өзінің мал шаруашылығы шикізатының негізгі көзі ретіндегі

манызы уақыт өткен сайын арта берген. Сауда орталықтары ол кезде негізінен маусымдық жәрменкелерден тұрған. Мысалы, 1833 жылы Бөкей хандығында ұйымдастырылған осындай маусымдық жәрменкенің сауда айналымы 2 млн. сомнан асып түскен. Сондай-ақ Шортанды, Семей, Қоянды (Батовск) жәрменкелерінен де айтарлықтай пайда түсіп отырған.

Жалпы, өткен ғасырда шығып тұрған басылымдардың беттеріндегі сауда, айырбас, жәрменке туралы жарияланған материалдарды саралай отырып, мынадай ұйғарым жасауға болады. Қазақтар айырбасқа төрт түлік мал, аң терілерін, сырмақ, алаша, киіз, торсық т.б. ұсынған. Қазақтардың қажет заттары болып – макта-мата, тері, кілем, кант-шай, ине, тарак, шөген, темір, ағаш, ыдыстар, ұн, тары, күріш т.б. саналған. Осы заттарды олар орыс көпестерінен немесе шекарадағы башкұрттардан, хиуа саудагерлерінен немесе бекініс тұрғындарынан айырбастап алған.

П. Небольсин өзінің «Қырғыздар» атты мақаласында казак жеріндегі сауда туралы: «Қырғыздар мен екі арадағы сауда шекаралық және далалық деп екіге бөлінеді. Шекаралық сауданың далалық саудадан түпкі айырмашылығы – оның өндірісінің ұсақтығында. Кез келген тұрақ, елді мекендерде тауарлардың аз да болса өз қоймалары бар. Енді қырғыздар бұрынғыдай керек-жарактарын іздеп екі жүз шақырым жерге босқа сандалмайды. Сондықтан да бұдан басқа сауда орталықтары оларды қызықтырмайды. Соңғы кезде капиталистер өз заттарын көптеп сата алмағандықтан қырғыздарды шекарада күтпей, олардың ауылдарына барып сауда жасауды күшейтті. Бай ауылдармен қарым-қатынасқа еніп, өз керуендерін далалық шет-аймақтарға аттандыратын болды. Сөйтіп, сауданың бұл түрі, енді көлемі жағынан шекаралық саудадан әлдеқайда артып кетіп отыр», - деп жазады. Сондай-ақ, С.Б. Броневскийдің «О киргиз-кайсаках Средней орды» еңбегінде де казак жеріндегі сауда, айырбас, жәрменке туралы бірқатар мәліметтер бар. Мәселен, казак даласында сауда жасауға баратындар көбіне көпестердің өздері емес, олардың қызметкерлері болған, олар кожаларының байлықтарын қалай боса солай жұмсап, шығынға ұшыратып отырған. Содан кейін өздерінің осы арам пиғылдарын жасыру үшін «казактар тонап кетті» деп жалған лақап таратудан тайынбаған. Осыдан барып, казактардың үстінен іс қозғалып, ел ағаларынан аманат алынып, екі халық арасында түсінбеушілік, өшпенділік оты тұтанған. Екіншіден, казактар өз балаларын оқыта алмағандықтан, әрі орысша білмегендіктен,

сауда мен көптеген даулы мәселелерді шешуде олар тілмаштардың өтірігіне алданып, сонысынан көп зиян шеккен.

П. Небольсин жоғарыда аталған мақаласында, ішкі Бөкей ордасының сауда айналымы туралы: «Капиталистер мұнда шамамен екі миллион сомның саудасын жасайды. Әр жәрменкеде 100 мың кой, 6 мың ірі кара, 2 мыңдай жылқы айырбасқа түседі. Сондай-ақ, жылқы, ірі кара, кой-ешкі терілері, ешкінің түбігі, түйе мен кой жүні, аттын кылы, киіз, аң терілері сатылады. Жәрменке көктем және күз айларында өткізіледі. Әсіресе, Саратов уезінің Тертайлы жәрменкесі көпке белгілі. Онда жылына 300 мың кой, 200 мың жылқы саудаға түседі. Бұл ішкі Орданың мал шаруашылығының зор байлығын көрсетеді», деп жазды.

Басылымда казактардың жер шаруашылығымен айналысын, одан азда болса кіріс алып отырғандықтары көрсетілген. Мысалы, оңтүстік ауданның казактары жоңышқа егіп, оның әр бауын жазда 1-2 тиыннан, қыста 8-10 тиыннан сатып, әр танаптан жылына 10 сомнан 100 сомға дейін таза пайда табатындығы айтылған.

Сауда, айырбас, жәрменке мәселесіне байланысты жарияланған Н. Ядринцевтің «Надежды и условия жизни рабочего населения Сибири» деген мақаласына көңіл аударалық: «Бұл өлкеде сауда мен көпестердің ісі алға басқан сайын бірте-бірте халықтың кедейленуі байқалып отыр. Шаруаларға Алтайға қоныс аударуға тиым салынған, жат жерліктер территория бірлігін бұзбауға тиіс делінген, ал көпестерге жол ашық. Олар мұндағы сауда орталықтарын өрмекші торындай шырмап тастағын».

Автор одан әрі сөз қылып отырған кезеннен оншақты жыл бұрын өмір сүру деңгейінің өте жоғары болғанын, меншігінде 50-100 жылқысы бар алтайлықтардың өздерін кедейлер қатарына жатқызғандықтарын айтады. Ол бұл өлке халқының соңғы жылдары тез кедейленуінің себебі, сауданың шет аймақтағыларға қолданылып отырған осы бір зиянды түрінде жатқандығын көрсете келіп, «Сауданың осы бір монополиясы мен құлық – сұмдыққа толы әдістері Турухан, Березов өлкелеріне де, Нарын және қырғыз далаларында кеңінен жайылды. Қу құлқынның аранын екінші бір халықтың есебінен толтыру басталады. Сондықтан, біздің көпестер аузын енді шығысқа да сала бастады. Олар түрлі тарихи жағдайларға байланысты артта қалған, даму жағынан шектелген елді бір жыртқыштық пиғылмен сора бастады. Тарихтың тілімен айтсақ, алдымен жаулап алды, содан соң бас идірді, сонынан ойларына келгенін

жасай бастады. Мұндай отарлау саясатының бір ұшы саудаға да әсерін тигізбей қойған жоқ.

Сібір өмірінің ерекшелігі шығыстағы орыс тұрғындарын арасында бұратаналардың көп болуы. Қазір олардың саны 5 миллионға жетіп отыр. Осынау адамдардың аңғал әрі мәдениеттерінің төмен, өз беттерімен тығырықтан шығуға талпынбауынан баукеспе, ұры-кары, ала-аяқтардың қолына түсіп тіке қанаудың орнына айналу қаупі бар. Олар орыс заңдарын білмегендіктен, сауаты болмағандықтан өздерін-өздері қорғай алмайды» [85], -деп жазды.

Орыс саудагерінің басқа халықтың есебінен, күн көру, баю сипатын мынадай мысалдан да айқын көруге болады. Орыс саудагерлері бағаны өз ұйғарымдары бойынша тағайындап, сатып алушыны шамадан тыс күйзеліске ұшыратып, заңнан тыс өрескелдіктерге жол берген. Мәселен, Енисейдің төменгі аңғарындағы өндіріс иелері шет аймақтардан бір пұт отын үшін 12 сом, бір пұт темекі жапырағы үшін 80 тиын ақы сұраған.

Ал, казак даласындағы ақша көбіне қарызға берілгендіктен ол бір жылдан соң төрт есе өсіммен қайтарылатын болған. Бұдан даладағы сауданың қалай жүргізілетіндігін байқау қиын емес. Мысалы, орыс саудагері 5 тиын тұратын әрбір құмыраны 80 тиынға, сапасыз теріден тігілген киім-кешекті жарты қойға, ағаштан жасалған ыдыс, бұйымдарды бір қойға немесе 1 сомға сатып отырған.

Орыс саудагерінің қанауға бейімделген іс-әрекеті мынадан да көрінеді. Олар тауарларын казактарға ақшадан гөрі қарызға беруге тырысқан. Осыдан барып қарызға батыратын сипат - Турухан өлкесінде, казак даласында ерекше етек алады. Мұнда бұратаналардың қарызға алған астықтары үшін орыс саудагерлеріне 5-6 есе үстеме төлеп, өздері құтылатын жайлары жиі кездескен.

Осы орайда, тек орыс саудагерлері ғана емес, егіншілікпен мүлде айналыспайтын Сібір казактары да казак даласын еркін жайлап, қанаушылық іс-әрекеттер жүргізген. Олар саудагерлерден арзан бағаға алған тауарларын казактарға қымбатқа өткізіп отырған. Маталарды кем өлшеп, таразыдан алдап жеп, мол пайда тапқан. Арнайы тапсырмамен казактардың тұрмыс-тіршілігін зерттеуге жіберілген Г.Красовский өзінің «Беспредельные степи киргиз-кайсацские» деген еңбегінде: «Казактар ұсақ-түйек алып-сатарлықпен айналысқанымен, одан мол пайдаға кенелген. Казак саудагерлері казактардың мұқтаждықтарын пайдалана отырып, оларға астықты ауыз бармайтын бағаға қарызға беріп отырған. Мысалы, казактар жарты пұт ұнға мал терісін айырбастау үшін

саудагерлерге жылына бірнеше рет келіп отырған. Бұл жерде казактың басқа амалының жоқтығын сезген олар жарты пұт ұнды 2 теріге айырбастаған. Ал, ол кезде жарты пұт ұнның бағасы 15-20 тиын тұрады» [86],-деп көрсетті.

Г.Красовский осы сауда, айырбас, жәрменке туралы ойын қорытындылай келіп: «Казактар казактардың ауыр тұрмысын пайдалана отырып, өтірік айтып алдауға, тіпті ұрлық-қарлық жасауға дейін барады, олардан түскен пайданы астыққа айырбастап, қайтадан казактардың қалталарының түбін қактыруға аттанады»,-деп ащы шындықтың бетін ашты. Сонымен қатар автор еңбегінде казактардың саудаға түсетін малдарының санын, бағасын да келтірген. Мәселен, жылқы саны 1 мың бағасы 20 сом мен 60 сом аралығында, қой-65 мың, бағасы 2.50 тиыннан 6 сом аралығында, түйе-300, бағасы 30 сом мен 50 сом аралығында. Шекаралық және дала саудасынан басқа казак жерінде керуен саудасы, теңіз, озен катынастары арқылы әкелініп жүргізілетін сауда жүйесі де болған.

Бұдан біздер XIX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап казак жерінде етек алған сауда, айырбас, жәрменке казактар үшін карама-қайшылыққа толы, аласапыран кезең болды. Оның себебі, казактар сауда нарқын, сауда заңын білмеді. Соның салдарынан олардың өмір сүру деңгейін төмендеткен алдау мен арбау кең етек алды деген ойға тірелеміз.

Егер, өткен ғасырларда Ресейде шығып тұрған түрлі басылым материалдарына сүйенер болсақ, онда біздің ата-бабаларымыздың үй-шаруашылығына қажетті заттары тек ең керекті деген санаулы мүліктерден тұрған. Көшпелі халық қысы-жазы киіз үйлерде тұрғандықтан, оларда басы артық, көлденен заттар болмаған. Олар киіз үй ішін кілем, жібек жапқыш, тоқылған шимен әсемдеген. Ал, ыдыс-аяқ үшін тегене, қазан, ожау, сондай-ақ жылқының, қойдың өгіздің иленген терісінен жасалған торсық пайдаланылған. Пышак, кездік, орак, балта, кетпен сияқты құрал-саймандар казактардың арасында күнделікті өмірге қолданылатын заттар ретінде кеңінен тараған.

П.Небольсин өзінің «Жолаушының әңгімелері» еңбегінде казак халқының қолөнер ісіне біраз тоқтала келіп: «Кездік, сауыт, атқа арналған ертоқым – қола, мыс, күміспен көмкеріліп әшекейленеді. Қырғыздар қой, түйе жүндерін шебер пайдаланады. Алаша, кілем, текемет басады. Қап жасайды. Ірі кара мен жылқының терісін тонға жаратады» [87],-деп көрген-білгенін жазады. Біздің ойымызша,

Т.Небольсиннің казак халқының колөнері туралы бұл жазбасы терең зерттелмей, ауызекі әңгіме негізінде жазылған дүние. Өйткені, біздер осы тақырыпқа жазылған Твердов, Иванов, Броневскийлердің зерттеу еңбектерінен Небольсиннің жазғанына карағанда мазмұнды, мәнді, қызықты деректер таптық. соның бірі-қазақтардың киімі туралы.

Кедейлер кой, ешкі терісінен жарғақ шалбар, кеудеше тіккен. Ал, жазғы сыртқы киімді жас құлынның терісінен жасаған. Олар жазда қалпақ, қыста тымақ киіп жүретін болған. Бас киімдердің пішімі биік әрі цилиндр тәріздес дөп-дөңгелек болып келген. Аяқтарына кой терісінен саптама етік киіп жүрген. Белдеріне жалпақ белдік буынып, оған қажетті заттарын таққан. Қарулары – кылыш, найза, садақ, дулығадан тұрған.

Өткен ғасырдың көптеген зерттеушілері казактардың әдет-гүрпын, қонақжайлығының жақсы жақтарын айта келіп: «Қырғыздар өте сабырлы да ержүрек, өзі дегенге жанын беретін, адамшылығы мол, достыққа берік те, бекем халық. Осыған карамастан бізді олардың өзара бас араздығы, шапқыншылық пен барымтаға жиі баруы танқалдырады» [88].- деп жазды. Біздің ойымызша, оның себебі, казактар барымтадан түскен олжаны тең бөліскен. Әрине, бай, сұлтан, билер. Ал, бұған кедейлердің қатысы аз болған. Сонда да барымта кезінде өлген адамға, бай, сұлтан, билер төлеуге тиіс күн кедейлерден өндіріп алынған. Осыдан барып, жоғарыда айтылған өзара араздық, шапқыншылықпен барымта жойылудың орнына жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтай өрши түскен. Бұл кәсіп туралы басылымдарда аз материал жарияланбаған. Онда, Орданың әлсіреп, болыстардың құрып кетуінің себебі де осы барымтаға апарып тірейді. Мысалы, С.Броневский: «Келтірілген залалды мойындамау, кісі өлімі, қалың мал мен күн дауы, әлсіздің жерін тартып алуы барымтаға жауап қайтару сияқты сойқандардың соңғы қырғыздарды өз ішінде әлсіретіп, түбі құрып кетуге апаратын жол» [89].- деп аяушылық білдірген.

Осы сияқты бұл басылымдар казактардың құда түсу және қыз ұзату салтына байланысты да көптген деректі материалдар жарияланған. Соның бірі - құда түсуге байланысты. Бұрын ата-ана балаларын бесікте жатқаннан-ақ атастыра берген. Кейін өсе келе бір-бірін сүйе ме, жоқ па деген сұраумен есептеспеген. Олар құда түсуді қалың мал беру арқылы жүзеге асырған. Кім бай болса, сол іс жүзінде бірнеше әйел алған. Ал, кедейлердің қалың мал беруге шамасы болмағандықтан, тек жалғыз әйелмен шектелген. Қыздар тұрмысқа он бес жасында шыққан. Оған казактың он үште отау иесі деген мәтелі себеп болған. Алайда, сол

кездің өзінде-ақ қалың малы төленіп қойған кейбір қыздар сүйгендеріне қосылуға ұмтылған.

Зерттеушілердің назарын аударған тағы бір мәселе - казактардың өлген адамды жерлеуі мен еске алуы болған. Ол туралы Радлов, Даль, Потанин, Броневский, Янушкевичтер жазған. Мәселен, өлген адамды жерлеу рәсімі туралы А.Янушкевич: «Қырғыздарда өлген адамды жерлеу рәсімі өте қысқа. Адам өлісімен әйелдер киіз үй ішін қайғылы айғайға толтырады. Сосын, одан тезірек құтылу үшін апыл-ғұпыл жуындырып, алдын-ала Бұқарадан сатып әкелген ақ матаға орап, саяз қазылған қабірге жеткізеді. Қабірдің бетін талмен немесе шөппен жауып, үстін топырақпен тегістейді», - деп жазған. Керісінше басқа авторлардың айтуынша, казактар өлген адамды таза арулап, жуып жүзін шығысқа қаратып қойған. Зират басына ағаштан немесе тастан үй сияқты биік ескерткіштер соққан. Егер, отбасы немесе үлкейген балалардың бірі қаза тапса, оны жерлегеннен кейін, үй сыртына ұзын сырыққа қара мата ілінген. Бұл қара мата - қара жамылу, жоқтаудың белгісін көрсеткен. Соған байланысты өлген адамның әйелі, анасы және туған-туыскандары, тәнертеңгілік пен кешкілік, екі мерзім сыртқа шығып, тізерлеп отырып жоқтау айтқан. Жоқтау кезінде қаза болған адамның бар жақсылық жағы айтылып, еске алынған. Ал, оның нақсүйер әйелі өзінің бетін тырнап, шашын жұтып бір жыл аза тұтқан. Әйтсе де, олардың бостандыққа деген талпынысы елеусіз қалған. Себебі, жесірлер қалың малы төленіп қойылғандықтан марқұм күйеуінің інісіне немесе оның жақын туысына әменгерлік жолымен тұрмысқа шығуға тиіс болған.

Е.К.Мейендорф: «Қырғыздар, барлық шығыс халықтары сияқты қаза болғандарға үлкен ізетпен қарайды. Әдетте, жерлеуге өлген адамның туыстары, достары қатысады. Одан соң туыстары жесірлерге көңіл айтуға барады. Жылап, шерлері тарқаған әйелдер енді қонақтарды дұрыс сыйлап жіберу үшін қой, жылқы, ірі қара союға бұйрық етеді» [90], - дейді. Қазактардың зираты сабан қосылып иленген балшықтан соғылатын болған. Тек, қожалардың зираты ғана күнге кептірілген кірпіштен қаланған. Көптеген жерлерде ұқсас молалар болған. Зираттар, судан не басқадай табиғат апаттарынан сақтанғандықтан дөңес жерлерге орналасқан.

Келесі мәселе - денсаулық туралы болмақ. Яғни, өткен ғасырда казактар арасында қандай аурудың түрі жиі кездесті және оған қандай ем қолданылғаны жайлы А.Янушкевич: «Киіз үйлерде тұратындарды қайыршылық пен ауру меңдеп алған. Безгек екі адамның бірінде

кетпесе, балалар шешек, кызылшамен ауырады. Баксылар ауруды емдеудің орнына, оларды алдау-арбау мен айналысады» деп жазса П. Небольсин: «Көшпелі өмір, күшті тамақ пен таза ауа кыргыздарды кен саяхатта кездесетін түрлі аурулардан сақтап қалып отырған. Олардың көпшілігі жүз жасайды. Жетпіске келіп, ауырып өлетіндері кемде-кем. Айткенмен де, уақыттарының көбі түтінге толы үйде өткізгендіктен олар көбіне көз ауруымен ауырады. Аратұра сүзек ауруы да кездесіп қалады. Тумауға онша мән бермейді»,- деген қарсы пікір айтады. Қалай болған күнде де осы ауруларды емдеумен халық емшілері айналысқан. Олар жара мен сынықты жылқы майымен сылап, қыздырылған темір, күйген кит арқылы емдеген. Емге бұдан басқа көптеген табиғи өсімдіктің түрлері пайдаланылған. Тек қызылшаға қарсы ем болмағандықтан, одан әсіресе, балалар көп шетінген.

Баксылар туралы Г. М. Потанин «Путешествие» деген еңбегінде: «Баксы ауру адамды емдегенде түрлі айла-өдістер қолданған. Біріншіден, кобыл ойлап жарапатап салған. Оның мәнісі – баксы халықтың діни түсінігі бойынша аурудың бойын жаулап алған жын-шайтанды осылай қуып шығаратын болған. Екіншіден, ауруды айнала жүгіріп, көзге көрінбейтін әлде-кімдермен алысып, қашан аузынан ақ көбік ағып құлап түскенше тыным таппаған. Бұл баксының аурудың бойындағы жын-шайтандармен алысып, жеңіске жеткендігін көрсетеді. Үшіншіден, онсыз да қиналып, жаны мұрнының ұшына келіп жатқан ауруға қол тигізіп, қала болуын тездеткен. Халық – баксылардың бұл әрекетін аурудың құдайдың алдындағы күнәсінің көп болғандығынан, сондықтан жын-шайтандар аластап қуса да, оның бойынан шықпай қойды деп түсінген» [91],- десе, П. Небольсин «Киргизы» деген еңбегінде «Баксылар әр түрлі, олар көзбайлау алдау-арбаумен айналысатын кыргыздардың сикыршысы, олар қолдарына қыздырылған темір алып, денелеріне тигізеді, ауындарына салады. Жалаң қолдарымен қылыштың ұшына сүйеніп, әр түрлі айлакерлікпен халықтың басын айналдырады. Тақаппар баксылар орыстың шарлатындары сияқты көшеде өнер көрсетпеген. Олар өз айла-құлықтарын, яғни білімдерін кейде шын-мағынасында, кейде айла-шарғымен ауруларды емдеуге қолданған.

Кыргыздар төтенше, шебер хирургиялық операция жасауға бейім. Ең мықты баксылар дала өсімдіктерінің құрамын зерттеп, түрлі ауруларды емдеуде табысқа жеткен. Мысалы, шешек, безгек, тағы басқалар. Халық оларды құрметпен енді баксы емес, емші деп атай бастаған»,- деген деректерді көлденен тартады.

Көне басылымдарда казактардың адалдығы мен анкаулығы жайында жазылған нақты материалдар көп. Мәселен, өткен ғасырда Орынборда Осоргин деген саудагер тұрған. Ол өте бай, бірақ кулық-сұмдығы мол, тым сараң адам екен. Кезінде, казактарға карызға астық, кант беріп тұрған. Бірақ хат танымаған. Сондықтан, кайтыс болар алдында артына ештеңе жазып қалдырмаған. Оның баласы әкесінің карызын тек өзі білетіндерден ғана алған. Содан арада біраз жылдар өткен. Бірде жас Осоргин аула сыртында бір казактың өзін «Темір баласы» [92].-деп шақырып тұрғанын көреді. «Осыдан жиырма жыл бұрын мен сенің әкеңнен отыз койдың пұлын карызға алып едім,-дейді ол. Шыпкыншылық, одан жұтка ұрынып, карымызды төлей алмай келдім. Сен, мені кешір. Қойлырынды аулаға кіргізіп, санап ал», -дейді. Казактың адалдығына таңқалған саудагердің баласы қуанғанынан жыл сайынғы төл өсімін сұрауды да ұмытып кетіпті.

Екінші бір мысал, білімге күштарлық жайында. П.Небольсин кезінде казак даласының белгілі сұлтандарының бірі - А.Жантуринмен жакын карым-катынаста болған. Ол: «Мен Жантурин сұлтанның пәуескесінен ойда жоқ жерден «Северная пчела» мен «Русский инвалидтің» жаңа сандарын, ал оның жорық дорбасынан Пушкин, Карамзин, Голубковскийдің «Индия туралы жазбалар», кыргыз даласына байланысты Рычков, Левшин, Эверманның шығармаларын таптым. Одан, тіпті, кыргыз даласының әдет-ғұрпы туралы саудагер Хайдаловтың естелігінен басқа да құнды шығармаларды көрдім», -деп таңданады.

Біздің бұған қосарымыз А.Жантурин көзінің тірісінде кішігірім саяхат жасауды армандаған жан. Ол - Еділ бойымен Қырымға, Одессаға барып, Дунай бойымен саяхаттап, Венада аялдап, Варшава арқылы Петербургке кайтып оралуды жоспарлаған. Әрі ол орыстың география қоғамына мүше болып сайланса, оған барынша көмек көрсетуге уәде берген.

Біз әңгіме қылып отырған басылымдарда казактардың жеке басына тән қадір-қасиеттері туралы да аз жазылмаған. Мәселен, Г.Мейендорф: «Көшпенділер өте нәзік жанды. Оларға Сырдария суының тез ағысы сияқты көңіл күй, қуаныш тән. Көбіне олар айлы түнде мұңды әндер айтады. Бұл жерде кыргыз халқының өткен тарихы, халық батырларының ерлік істері сөз болады. Мысалы, олар:

Алтыннан алқа такса да,
Мыңғырлап малы жатса да.

Жарлыға бай жетпейді,
Жарқырап таны атса да.

немесе,

Ел мен жерді қорғайтын батыр жігіт,
Жау келсе егер қуады жойып, қырып.
Жарлыларға қол қысқа, көмектесе алмай,
Бейбіт күні жүреді ішпен тынып, -

деп жырлауды ұнататындығын қалай айтпасқа», - деп іш тартады.

Бұған біздің қосарымыз қазақтар еркіндікті сүйген. балаларын да соған үйреткен. Туған-туыстарын немесе достарын сағынған қазақ 500-600 шақырым аралықты атпен тез жүріп отырған. Оның үстіне жолшыбай жолыққан ауылдардың бәріне ат басын бұрып, сәлем беріп, жаңалық айтып отырған. Жолаушы үй иесінің өзін танымаса да, жақсы қарсы алып, қонақ етіп жіберетініне сенімді болған. Үй иелері жолаушыны көбіне ет, айран, күрт, қымызбен сыйлаған.

Қазақтар сонымен қатар намысқой, жауынгер халық болған. Мысалы, ұзақ жылдар бойы хиуалықтардың езгісіне ұшырап отырған қазақ рулары бұқаралықтарды көмекке шақырады. Бірақ, олар қазақтарды алдап, тағы да тонауға салады. Бұған кектенген қазақтар енді бұқаралықтардың өш алады. Тіпті, бір жауынгер қазақ өз атынын күйрығын шорт кесіп алып, Бұқараға әкеп әміршіге: «Бұдан былай мен сендермен ат күйрығын кесісемін, әрі сендердің қас жауыңмын», - деп шығып кетеді де, сол арада бұқаралықтардың сегіз түйе, екі атын алып кетеді.

Қазақтардың жеке басы, қадір-қасиеті туралы айтқанда, әйелдер тақырыбына тоқтамай кетуге болмайды. Себебі, бұл мәселе өткен ғасырдың басылымдарында кеңінен қамтылған. Мәселен, «Отечественные записки» журналының 1825 жылғы №59 санында: «О пребывании его величества государя императора в Оренбург» деген мақала жарияланды. Онда патшаның қазақ хандары – Кіші орданың ханы Серғазы Айшуақовпен, Астрахань губерниясында көшіп жүретін Бөкей ордасының ханы - Жәңгір Бөкеевпен, Кіші орданың басқарушы сұлтандары – Жұма Құдаймендиев, Темір Ерғалиевтер және олардың отбасылары, сондай-ақ Елек тұз қорғанындағы қазақ жатақтарымен кездесулері жайында баяндайды. Орыс патшасы бұл кездесуде Серғазы ханның жұбайының ұлттық киімі мен «киелі бас» деп аталатын ерекше – сәукелесіне назар аударып, әңгіме барысында хан әйелінен: «Сіздің көңіліңізге Орынбор қаласы жақын ба, әлде дала жақын ба?», - деп

сұрайды. Сонда казак әйелі патшаға іркілместен: «Мәртебелім, қала жақсы екен. Бірақ, өзім туып өскен кең далама не жетсін», - деп жауап қайтарыпты. Қазак әйелінің бұл жауабына разы болған император осы сапарында жолшыбай кездескен казак әйелдеріне хан демей, кара демей өз қолымен бағалы сұлықтар үлестірілген екен.

Қазак әйелдері туралы С.Б.Броневский: «Қырғыз әйелдерінің көпшілігі қыр мұрынды, ат жақты, кең иықты, ұзын бойлы болып келеді. Оларды біздің орыс сұлуларының қатарына ұялмай-ақ қосуға болар еді. Әйткенмен де, олардың арасынан көздері қысық, аласа бойлы, ебедейсіз әйелдерді де кездестіруге болады. (Ол қырғыздарға, орыстарға да монғолдардың қалдырып кеткен мұрасы болуға тиіс). Алайда осындай әйел затына тән асыл қасиеттеріне қарамастан, көбіне олар қауқары жоқ кәрі шалдарға қалың малға сатылып кете барады», - деп ашына жазады.

Осылай, өткен ғасырдағы зиялы қауым казак әйелдерінің ақылдылығы мен тапқырлығына тәнті болып, бастарын иген. Бұған айқын мысалды П.Небольсиннің «Киргизы» еңбегінен де табуға болады. Онда автор: «Нұралы ханның қызы, Нұрмұхамед қажының әйелі Тайқара 1805 әлде 1806 жылдары қайтыс болған. Ол ақылды, сұлу әрі инабаттылығымен көптің көңілінен шыға білген. Әсіресе, «И» деген барон казак әйелінің осындай қасиеттеріне өмір бойы бас иіп, тәнті болып өткен. Сондай-ақ, Екатерина патша Тайқараға көзінің тірісінде хас шебердің қолынан шыққан пәуеске сипап, жері шұрайлы орыстың бір губерниясынан үй-жай салып, бау-бақша өсіретін жер бөліп берген. Тайқараны барлық казактардың сыйлағаны соншалық, тіпті оның туған ағалары мен белгілі сұлтандар да бетіне келмей, ақыл-кеңес сұрап отырған. Тайқара біраз жыл Петербургте тұрып, тек 1797 жылы ғана Орынборға оралған», - деп тарихи шындықты айтады.

Осының жалғасы іспеттес әйел бостандығы туралы автор: «Мен куәсі болған бір жай. Орынборға қырғыз даласынан қашып шыққан екі әйел, бірі- жас қыз да, екіншісі – жесір келіншек бас сауғалап келеді. Олар жергілікті басшылардан төрелік сұрап, өздерін заңсыздықтан қорғап қалуларын өтінеді. Сөйтсек, екеуін де ауылдастары мен туған-туыстары өздері сүймеген адамдарға күшпен, таңғылары келген екен», - деп өз ойын нақтай түседі.

Өткен ғасырларда шешелері қыздарын он жасынан бастап іс тігіп, текемет басуға, алаша тоқуға үйрете бастаған. Қыздар ұлдарға қарағанда ерте есейіп, еңбек сүйгіштігімен көзге түскен. Олар бастарына кәмшат бөрік киіп, құлақтарына алтын сырға, саусақтарына меруерт жүзіктер

таккан. Қыздардын өнегелі, сыпайылығы сондай, ерлерінің бетіне тура карап сөйлемеген. Ішкі сырларын да сыртқа көп шығара қоймаған. Міне осындай қасиеттердің барлығы да қазақ әйелдеріне сұлулық пен табиғи шынайылық беріп тұрған. Олар ерлері мен тең құқылы болмаса да, өздерінің өмірге деген күштарлығы, адал махаббат пен аналық парызын, сүттей ақ көңілін жоғалтпаған. Әрине, бұл арада біз жоғарыда келтірілген кейбір еңбектердің деректері қазақ әйелдері хақында толық мәлімет бере алады деп ойламаймыз. Өйткені, Тайқара сияқты (оқып, европаша тәлім-тәрбие алмаса да) бүкіл елге қадірменді абзал аналар аз болмаған. Жалпы, қазақ халқы әйелдерді ана ретінде жоғары қойып, бар құрметін соларға арнаған.

Бұл арада ескерте кететін бір жай, қазақ халқының салт-санасы, әдет-ғұрпы, мәдениеті, т.б. туралы еңбектердің барлығы да екі жақты бағыт ұстаған дүниелер. Олардың қайсыбірі реакциялық-шовинистік, екіншілері реалистік-демократиялық мақсатты көздеген. Мәселен, И.Скобелевтің «Қырғыздар туралы әңгімелері» мен Ф.Булгариннің «Иван Выжигин» повесі өзінің бағыты жағынан қазіргі А.Солженищиннің арандатушылық мақалаларын еске салады.

Керісінше, В.И.Потанин, В.И.Даль (Луганский), В.А.Ушаков сияқты халық зиялылары екі халықтың арасындағы достық қарым-қатынасты, қазақтардың тұрмысын, дәстүрін, мәдениетін ешқандай боямасыз, шыншылдық тұрғысынан көрсетті.

Алайда, қазақтар мен орыстардың тұрмысының арасындағы айырмашылық тарихқа өз ізін қалдырды. Әрине, бұл арада қазақтардың ұлттық мәдениетінің дамуына орыс халқының әсері мүлде болмады деуден аулақпыз. Әйтсе де, олар көп жағдайда қазақ халқының байырғы әдебиеті, мәдениеті, білімі жоқ надан халық, немесе тар шеңберде деп түсініп, өздерінің европалық рухын оларға күштеп таңуға тырысты.

Екінші бөлім

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты туралы орыс және шетел публицистері жариялаған материалдар

Бірінші тарау

XVIII-XIX ғасырлардағы орыс публицистері казактар туралы

1 Мейендорфтың еңбектерінде казактардың салт-сана, әдет-ғұрыптарының жазылуы туралы

1826 жылы Парижде Ресей Бас штабының офицері, Бұхарадағы елшіліктің хатшысы, елшілік қызметтері туралы зерттеулер жазған Е.Мейендорфтың [94] «Арал теңізі мен ежелгі Аксарттан Шығысқа қарай жайылған далалар арқылы 1820 жылы Орынбордан Бұхараға саяхат» кітабы жарық көрді.

Сол 1826 жылы Петербургтен басылып шығатын «Северный архив» журналының 22-санында осы еңбектің жекелеген тараулары жарияланды. Бұл тараулардың бірі «Қырғыздардың әдет-ғұрлы мен салттары» деп аталады. Кейін бұл қысқартылған варианты французшадан аударылып, «Московский телеграф» журналында да жарияланды.

Е.Мейендорф өз еңбегінде казак даласын былай деп суреттейді: «Негізінен аласа төбешіктерден тұратын жазық даланың ауа-райы күрғақ болып келеді. Саяжайы мол тал, ағаштар сирек кездеседі. Бір-біріне ұқсаған, көбіне бір бағытта ағатын бұлақтар өте көп. Әсіресе, Елек, Ембі, Темір, Ор, Ырғыз өзендері қар көп түскен қыстан соң көктем кезінде арнасынан асып, өткізбес камалға айналады да, ыстық жаз күшіне енген кезде жылғаға айналады.

Бассаға төбелеріне жақын жерлерден тасқа айналып катып қалған көптеген ұлулар мен ақуалардың жақ сүйектерін, тістерін көрдік. Мұның өзі ертеде бұл жерлерде теңіз болғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, мыс кенішінің орнын, Ұзын Бөртеден тас көмірдің мол қорын таптық».

Одан әрі Е.Мейендорф казак ауылы туралы: «Елек өзені бұл өңірдегі ең үлкен өзен. Оның ені он сажындай. Ағысы қатты. Онда балықтың шортан, бекіре, сазан, табан сияқты түрлері өте көп. Біз осы өзеннің жағасынан қырғыздың киіз үйлерінен тұратын үлкен ауылды кездестірдік. Жолшыбай біздің көзімізге шамамен 5-6 мың бастан тұратын қой отары ілікті. Ауылға жақындағанда біздер 50 шақты көлемдері әртүрлі үш, төрт, тіпті алты киіз үйден тұратын ақ және қоңыр

түсті баспаналарды көрдік. Сөйтсек, бұл қырғыздардың үлкен басшыларының бірі Арынғазы сұлтанның ата мекені екен.

Сұлтанның бет әлпеті ажарлы, үлкен кара көзі жанарлы, сонымен қатар қайратты да ақылды адам болып шықты», - деп жазған.

Зерттеушінің назарын аударған тағы бір мәселе – казактардың өлген адамды жерлеуі мен еске алуы. Ол туралы Радлов, Даль, Потанин, Броневский, Янушкевичтер жазған. Мәселен, осы орайда поляк А.Янушкевич: «Қырғыздарда өлген адамды жерлеу рәсімі өте қысқа. Адам өлісімен әйелдер киіз үй ішін қайғылы айқаға толтырады. Сосын, одан тезірек құтылу үшін апыл-ғұпыл жуындырып, алдын-ала Бұхарадан сатып әкелген ақ матаға орап, саяз қазылған қабірге жеткізеді. Қабірдің бетін талмен немесе шөппен жауып, үстін топырақпен тегістейді» [95], - деп жазса. Е.Мейендорф керісінше: «Қырғыздар барлық шығыс халықтары сияқты қаза болғандарға үлкен ізетпен қарайды. Әдетте жерлеуге өлген адамның туыстары, достары қатысады. Одан соң туыстары жесірлерге көңіл айтуға барады. Жылап, шерлері таркаған әйелдер енді қонақтарды дұрыс сыйлап жіберу үшін – кой, жылқы, ірі кара союға бұйрық етеді» [96], -деп шындыққа бір табан жақындай түседі.

Е.Мейендорфтың бұл еңбегінде казактардың жеке басына тән қадір-қасиеттері туралы да: «Көшпенділер өте нәзік жанды, оларға Сырдария суының тез ағысы сияқты көңіл-күй, қуаныш тән. Көбіне олар айлы түнде мұнды әндер айтады. Бұл жерде қырғыз халқының өткен тарихы, халық батырларының ерлік істері сөз болады. Мысалы, олар:

Алтыннан алқа такса да,
Мыңғырлап малы жатса да,
Жарлыға бай жетпейді,
Жарқырап таңы атса да.

немесе.

Ел мен жерді қорғайтын батыр жігіт,
Жау келсе егер қуады қырып, жойып.
Жарлыларға қол қысқа көмектесе алмай,
Бейбіт күні жүреді іштен тынып”, -

деп жырлауды ұнататындығын қалай айтпасқа” [97], - деп іш тартады.

Сондай-ақ, саяхатшының казактың эпостық жырларын тыңдауының нәтижесінде оған олардың көркемдік қасиеттері әсер еткендігі оның жазбаларынан айқын байқалады. Мәселен, жоғарыда көрсеткеніміздей Е.Мейендорф казак даласының әсем суретін бейнелей

отырып, малшының көңіл-күйін сездіретін “мұңды өлеңдер” айтатынын сондай нанымды да әсерлі суреттегені сондайлық, кезінде итальян акыны осы кітаптың әсерімен өзінің бүкіл әлемге әйгілі болған “Азиядағы көшпелі бакташының түнгі жыры” атты шығармасын дүниеге әкелген болатын.

Белгілі казак және шетел әдебиеттері байланыстарын зерттеуші ғалымдардың бірі Ш.Сәтбаева бұл өлең туралы:

Не бітіріп аспанда,
Айтыңызшы, жүрсіз, Ай?
Шығасыз кеш батқанда,
Кезесіз жалғыз, үнсіз, Ай.

Жүруден ылғи бір ізбен,
Жалықпайсыз, тоймайсыз.
Төменде тауды, шың, күзбен,
Тануды тағы қоймайсыз.

Бакташының халі де,
Дәл осындай емес пе?
Оянып таң сәріде,
Айдайды малын белеске [98].-

деп басталатын бакташының жырында адамның азапқа толы тіршілігі, ащы тағдыры, дүниедегі әділетсіздік, адамның бірі бақытты, бірі азап күйзелісте өмір сүруінің сыры т.б. туралы толғаныстар бар” [99].- деп дәл баға бере білген.

2 Броневскийдің шығармаларындағы казактардың шығу тегінің, тілі мен кәсібінің жазылуы туралы

Сібір ерекше корпусы штабының бастығы, генерал-майор С.Б.Броневский өзінің “Орта Орданың қырғыз-қайсақтары” [100] деген жазбаларында казак халқының шығу тегін, тілін, кәсібін ғылыми тұрғыдан зерттеуге тырысып, алғаш пікір білдірген адамдардың бірі.

Автор татардың “қырғыз” сөзі (қыр-дала, ғыз-адам) – “дала адамы”, ал, “қайсақ” сөзі (қай-кім, сак-секемшіл) – “кім секемшіл” деген ұғымдарды береді деген тұжырым айтады және казактар татар тілінде сөйлейді дейді. Осы тұста “С.Б.Броневскийдің бұл пікірі дұрыс па, жоқ әлде ойдан шығарылған ба?” деген заңды сұрақ туады. Әкінішке орай,

тарихта әлі күнге дейін “казак” сөзінің қайдан шыққаны, қай кезде шыққаны туралы нақты мәлімет жоқ. Бұл жайында Ә.Диваев “Қырғыз өмірінің беттерінен” [101] деген еңбегінде казак ұғымы “акказ” деген сөзден десе, басқа зерттеуші ғалымдар казак сөзін “еркін халық”, “дала халқы” деген ертегі-аныздармен байланыстыра айтады.

С.Б.Броневскийдің өз еңбегінде тағы бір мүлт кеткен жері – оның казактар татар тілінде сөйлейді деуі. Ал осы мәселе төңірегінде көп ізденіп, еңбек жазған белгілі орыс тарихшысы В.Н.Татищев кезінде “Еуропа жазушылары барлық шығыс, батыс Азияны Ұлы Татария деп атайды. Бірақ халықтардың өздері бұл сөзді қолданбайды. Қырғыз-қайсақтар ежелден татарлар деп аталғанымен олардың татарлармен байланыстары аз” [102] болғандығын айтып кетті.

С.Б.Броневскийдің казак тақырыбын зерттеудегі жетістігі оның казак халқының орыстарды паналауының себебі шарасыздықтан туған тарихи процесс екендігін көре білді. Ол “Патша шапқыншылық, ұрлық-қарлықпен айналысқандар шекара маңында ұсталса, үнемі казактардың жазалауына беріп тұрған. Міне, Ресейге аз да болса пайда келтірмейтін, абырой әпермейтін бұл шара қырғыздардың жиі көтерілуіне себеп болды. Ал патша рұқсатын өз жеке бастарының пайдасына шешуді көздеген казак атамандары өздеріне қарсы келген көптеген адал жандарды себепті де, себепсіз де ұры-қары ретінде қорсетіп, аяусыз жазалап, қуғынға ұшыратып отырды”, -деп жазды. Бұл жерде С.Б.Броневскийдің шындықты жазып отырғанын көреміз. Себебі, казактар көбіне шекараға айырбас (мал, астық, т.б.) жасау үшін барғанда ұсталатын болған. Екіншіден, біздің ата-бабаларымызға орыстардың казак жеріне қоныс аударып, қамалдар салуы ұнамаған. Сондықтан, казактар XVIII ғасырдың 60-жылдарында дейін шекараға жақын орналасқан орыстардың елді мекендерін тонап қана қоймай, олардың казак жері арқылы өтетін сауда керуенін де тоқтатып тастаған.

Қазактардың ата кәсібі – мал шаруашылығы туралы С.Б.Броневский: «Қырғыздардың бар байлығын сан мыңдаған жылқы үйірлері, түйе, ірі қара мал табындары мен қой-ешкі отарлары құрайды. Олардың жылқылары ірі, әрі жүйрік келеді. Түйелерінің барлығы да қос өркешті, 12-20 пұт жүк көтеретін, шөлге шыдамды жануарлар, орыс саудагерлері олардың ақбас сиырларын көптеп сатып алып, Екатеринбургке, тіпті Мәскеуге дейін әкеледі. Қойлары ірі, салмақтары 80-100 килограмға дейін жетеді» – деп жазып, өз таңданысын жасыра алмаған.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда егіншілікпен тек жартылай отырықшылықта болған оңтүстік аймақтың қазақтары ғана айналысқан деген ұғым орын тепкен. Бірақ көптеген жазба деректер сол кезде Орталық Қазақстан, атап айтқанда – Бұқтырма бекінісінің маңы да мыңдаған гектар жерді алып егіс алқаптарының болғанын айғақтайды.

Бұл жөнінде С.Б.Броневский «Қырғыздардың басты тамағы ет, сүт, және ірімшік. Алайда, мен Бұқтырма бекінісінің ар жағынан, Нарын тауының бауырайынан, тау жылғаларынан арық қазып, қолмен судандырылған мыңдаған гектар егіс алқаптарын көрдім. Осындай егін алқаптары Нұра, Торғай өзендерінің бойында, Қорғалжын көлінің алқаптарында да бар. Бұған Жетісу, Балқаш, Іле Алатауының маңайындағы егістікті қоссақ, онда қырғыздардың өздерін алдағы жылдары астықпен қамтамасыз етуіне мүмкіндік бар сияқты», - деп жазған.

С.Б.Броневскийдің «Орта Орданың қырғыз-қайсақтары» деген еңбегінде «Жоңғар даласына қырғыздардың қоныс аударуы» деп аталатын арнайы тарау бар. Онда автор: «Жоңғарлар мекендеген дала бос қалысымен Енисей мен Абакан өзендерінің бойында тығылысқан қырғыздар орыстар мен қалмақтардың зәбіріне шыдай алмай, көп ойланбастан кең байтақ даланы жайлап алды. Бұл халқы мен малының саны көп көшпенділерге Алатағаланың берген сыйы еді» [103] – дейді. Бұл біздіңше, біржақты ұғым, себебі қазақ халқының тарихы XV- XVI ғасырдан емес, одан көп әріден басталатындағы белгілі.

Өткен ғасырдың көптеген зерттеушілері қазақтардың әдет-ғұрпын, қонақжайлылығының жақсы жақтарын айта келіп, «Қырғыздар өте сабырлы да ержүрек, өзі дегенде, жанын беретін, адамшылығы мол, достыққа берік те бейім халық. Осыған қарамастан бізді олардың өзара бас араздығы, шапқыншылық пен барымтаға жиі баруы танқалдырады», - деп жазған. Бұл туралы Е.Б.Броневский: «Келтірілген залалды мойындамау, кісі өлімі, қалың мал мен құн дауы, әлсіздің жерін тартып алу, барымтаға жауап қайтару сияқты сойқандардың соңғы қырғыздарды өз ішінде әлсіретіп, түбі құрып кетуге апаратын жол» [104], - деп алаңдаушылық білдірген.

Бұдан басқа С.Б.Броневский өз зерттеулерінде қазақ жеріндегі сауда, айырбас, жәрмеңке, табиғат байлығы мен өндіріс орындары туралы да көптеген мәселелерді жазып көрсете білген.

3 Небольсиннің очерктеріндегі казактардың сауда, қолөнер, салт-сана, білімге күштарлық мәселелерінің жазылуы туралы

XIX ғасырдағы Ресей басылымдарында жарияланған П.Небольсиннің [105] еңбектеріне көз жүгіртер болсақ, әсіресе, бұл автордың казактар мәселесін ерекше зерттегендігін айқын аңғаруға болады. Ол казак халқының тарихын, әдет-ғұрпын, ұлттық мәдениетінің даму жолдарын көрсету мақсатында сол кездің өзінде дұрыс әрі батыл пікірлер айтқан.

Мәселен, П.Небольсин өзінің «Волганың төменгі сағасындағылар туралы» атты очеркінде казактарды орыс оқырмандарына: «Төменгі жақта. Черный Яр қаласы маңында казактар деп аталатын шағын халық өмір сүреді. Олар көбіне Үстірттің жоғарғы жағында, сондай-ақ Арал теңізінің оңтүстік шығыс және оңтүстік батыс жағалауларында көшіп-қонып жүреді. Қазактар Орынбор ведомствосы қаласының батыс бөлігіндегі каракалпақтар мен хиуалықтар сөйлейтін түркі тілінің мәнерімен сөйлейді. Далалықтар хиуалықтар сияқты түзу келбетті, қараторы өнді болып келеді» [106], -деп таныстырады.

Одан әрі автор казактардың шығу тегі туралы: «Бұл халық өзін жай ғана «казак» деп атайды. Ал «казак» деген сөз «еркін адамдар» деген мағынаны білдіреді. Қазір оларға танылып жүрген «қырғыз» атауы негізінен Ыстықкөл маңы мен тауда, Әндіжан мен Қашқар аралығында, Том мен Енисей өзендерінің бойында көшіп-қонып жүретін казактармен туыстас басқа халықтарға айтылатын болған» [107], -деп түсінік береді.

Ал казактардың жеке мемлекет ретінде тарих сахнасына шығып, саясатқа араласа бастауы туралы: «Қазактар көшпелі халық ретінде орыстарға XVI ғасырдан бастап белгілі болды. Осы ғасырдың соңында олардың көш-қон аймағы 600 аршын жердің аумағын алып жатты. Бұл жердің шығыс бөлігі жоңғарларға қарайтын, солтүстігін Сібір татарлары иеленді, батысында ноғайлар, олардан жоғары башқұрттар тұрды. Кейін башқұрттардың орнына жоңғардан келген калмақтар орналасты.

XVII ғасырдың басында казактар оңтүстікте Түркістанды биледі. Олардың ханы бұл жерде кейін өзінің тұрғылықты орны ретінде белгілеп, солтүстікке біздің шекараға Сібір жақтан тақап келді. Осындай жолмен бұл халықтың жасампаздығы үнемі артып отырды. Осы тұста Үш Орданың басын қосқан Тәуке хан өзінің әділдігімен, ақылдылығымен көзге түсе білді» [108], -деп жазды публицист.

XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап орыстар округтер ашып, жергілікті тұрғындарға қысым көрсете бастайды. Сол зорлық-зомбылыққа наразылық білдірген казактар ауыл-ауыл, ру-ру болып оңтүстікке, Балқаш маңына қарай атамекенін тастап үдере көшеді.

Небольсиннің айтуына қарағанда, осы жылдары казактардың 4 миллион 313 мың десятина жері зорлықпен тартып алынып, орыс-казактарға беріледі. Олар орман-тоғайды шауып, казак жерінің табиғат байлығын талан-таражға салады. Енді елінен, жерінен айрылған казактар кедейшілікке, қайыршылыққа ұшырай бастайды.

Туған халқының тұрмыс-тіршілігінің осылай күннен-күнге төмендеп бара жатқанын көзімен көріп, одан әрі шыдай алмаған Кенесары сияқты батырлар қолдарына қару алып, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы ұлт азаттық көтерілісіне шығады.

Патшалы Ресейдің казак халқына қарсы жүргізген бұл саясаты П.Небольсиннің «Көшпенділердің қырылуы» деген очеркінде айқын көрініс тапты. Онда автор: «Көшпелі қырғыз халқын орыстармен жақындастырып, басқару тәртібін енгізу үкіметтің басты міндеті еді. Алайда, бұл міндетті жүзеге асыру көп уақытқа созылды. Себебі, бұл артта қалған халық арасында жана басқару әдісін қолма-қол жүзеге асыра қою мүмкін емес еді. Ал реформаның басты проблемасы жер мәселесі болды. Сондықтан, казактар арасында бұл айтыс-тартыстың көзіне айналды.

1857 жылы жергілікті өкімшілік мәселені егер одан әрі соза берсе, соңы жақсылыққа апарып соқпайтынын ескертті. Сондықтан өкімет 1864 жылы казак жерінде әртүрлі жұмыстар жүргізу үшін қаржы бөлді. Алайда, бұдан кейін де жер мәселесі бірден шешіліп кете қойған жоқ» [109], -деп қынжыла жазды.

П.Небольсиннің казак тақырыбына жазған келесі очерктерінің бірі «Жиһангер қырғыздар» деп аталады. Автор бұл еңбегінде негізінен жергілікті халықтың ауыр тұрмысын, патша өкіметінің отарлау саясатын және мұнда да казактардың қоныс аудару кезінде казактарға көрсеткен зорлық-зомдылығын әшкерелеп жазды.

Осы мақалаға орай журнал бетінде шовинистік көзқарасты жақтайтын орыс журналистері Плотников, Железновтардың қарсы пікірлері жарияланды. Олар «Павел Небольсиннің басқа ұлттың намысын қорғап, бас көтеруін қалай түсінуге болады» деп, оның әділдікті жазғанына қарсылық білдірді.

Журнал бетінде осыншама дау тудырған П.Небольсиннің бұл мақаласында казактардың білімге күштарлығы жайында да көптеген қызықты мәліметтер бар еді. Сонын бірі автордың: «Мен А.Жантурин сұлтанның пәуескесінен ойда жоқ жерден «Северная пчела» мен «Русский инвалидтің» жаңа сандарын, ал оның жорық дорбасынан Пушкин, Карамзин, Голубковскийдің «Индия туралы жазбаларын», кыргыз даласына байланысты Рычков, Левшин, Эверманның шығармаларын таптым. Одан, тіпті кыргыз халқының әдет-ғұрпы туралы саудагер Кайдаловтың естелігінен басқа да құнды шығармаларды көрдім» [110],- деп таңдана да, мақтай да жазғаны шындыққа құрылған жолдар болатын.

Сондай-ақ, бұл еңбегінде публицист Орал казактарының жергілікті тұрғындарды кемітіп, алдап-арбап, оларға екінші сортты адамдар ретінде қарайтындарын сынап жазды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында казак жерінде көптеген айырбас орталықтары салынып, түрлі жәрменкелер ұйымдастырыла бастайды. Казактар жәрменкеге отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, аң терілерін әкеліп, орыстардан астық, ыдыс-аяқ, киім-кешек алып айырбас жасаған.

Айырбас орталығының орыстар мен казактар арасындағы сауда қатынасының одан әрі дамуына тигізетін әсері ерекше болған. Бірақ, орыс көпестері казак даласын сауда арқылы қанау мен тонаудың орталығына айналдыруға тырысты. Олар өздерінің арзан бағаға алған тауарларын казактарға қымбатқа сатып отырған. Осыған орай П.Небольсин өзінің «Қырғыздар» атты мақаласында казак жеріндегі сауда туралы: «Қырғыздармен екі арадағы сауда шекараралық сауда және далалық деп екіге бөлінеді. Шекаралық сауданың далалық саудадан түпкі айырмашылығы - оның өндірісінің ұсақтығында. Кез келген тұрақ, елді мекендерде тауарлардың аз да болса өз қоймалары бар. Енді қырғыздар бұрынғыдай керек-жарақтарын іздеп екі жүз шақырым жерге босқа сенделмейді. Сондықтан да бұдан басқа сауда орталықтары оларды қызықтырмайды. Соңғы кезде капиталистер өз заттарын шекарада көштеп сата алмағандықтан, қырғыздары шекарада күтпей, олардың ауылдарына барып сауда жасауды күшейтті. Бай ауылдармен қарым-қатынасқа еніп, өз керуендерін далалық шет аймақтарға аттандыратын болды. Сөйтіп, сауданың бұл түрі енді көлемі жағынан шекаралық саудадан әлдеқайда артып кетіп отыр» [111],-дей келе одан әрі бір ғана Ішкі Бөкей ордасының сауда айналымы туралы:

«Капиталистер мұнда шамамен екі миллион сомның саудасын жасайды. Әр жәрменкеде 100 мың кой, 6 мың ірі қара, 2 мыңдай жылқы айырбасқа түседі. Сондай-ақ жылқы, ірі қара, кой-ешкі терілері, ешкінің түбіті, түйе мен кой жүні, аттың қылы, киіз, аң терілері сатылады. Жәрменке көктем және күз айларында өткізіледі. Әсіресе, Саратов уезінің Тертайлы жәрменкесі көпке белгілі. Онда жылына 300 мың кой, 2 мың жылқы саудаға түседі. Бұл ішкі Орданың мал шаруашылығының зор байлығын көрсетеді» [112], - деп жазды.

Міне, П.Небольсин еңбектеріндегі казактардың тыныс-тіршілігін бейнелейтін нақты деректер осылайша жалғаса береді.

4 Гейнстің еңбектеріндегі казак халқының өмір-тағдырларының жазылуы туралы

XIX ғасырдың 60-жылдарында «Военный сборник» журналында тікелей Н.Чернышевскийдің ықпалымен демократиялық бағытта қалыптасқан А.К.Гейнстің «Қырғыз очерктері» жарияланды.

Бұл еңбегінде автор казак халқының тұрмысы мен мәдениетіне арналған бірнеше жылдық зерттеу жұмысының қорытындысын жазды. Ол казактар туралы өзінің мазмұнды күнделіктері мен публицистикалық материалдарында тек қана шындықты көрсетуге тырысты. Сондықтан да болар оның бай мұраларына күні бүгінге дейін тарихшылар мен экономистер, әдебиеттанушылар мен этнографтар және фольклоршылар жиі жүгінеді.

Гейнс сол кезде жан-жақты қанаудың зардабынан жатақтарға айналып, әбден титықтаған казак ауылдарындағы кедей-кепшіктердің ауыр да аянышты тыныс-тіршіліктерін дұрыс көре білген.

Ол өзінің «Қырғыз очерктерінде» Жетісу өңіріндегі Есенкүл деген ауылда болған сәттерін былай деп суреттейді: «Ат үстінен он сағаттан астам түспеген біздер ақыры ауылға да келіп жеттік. Бірақ қонақжай казактардан біздерді ешкім қарсы алмады. Біздер тек күзетші иттер мен құлыпталуы киіз үйлердің қоршауында ғана қалдық. Жолдан ат соғып шаршаған біздер, есігі ашық бір үйге өз бетімізбен кірейік деп едік, бірақ онда шешекпен ауырған адам жатыр деп рұқсат бермей қойды. Екінші, үшінші үйлерде де сондай аурулар болып шықты. Шындығында да жүдеу үйлердің жыртық санлауларынан жылаған балалар мен ынырсыған еркек, әйелдердің аянышты дауыстары естіліп тұрды. Әйтеуір әзер дегенде ауруы жоқ бір киіз үй табылды-ау! Үйдің иесі

жыртық көйлек киген пысык әйел біздерге өзінің кедей екендігін, беретін тамағы түгіл, астымызға төсейтін алашасы да болмай қалғандығына ұялып отырғандығын жасырмай айтты. Расында да киіз үйдің ішкі жасауы да соған сай еді. Үйдің ағаш қаңкасы шіріген, киіздері тесілген. Сыртқы есікке қарсы бір кішігірім сандық оның үстінде бірнеше ескірген сырмақ, арқанның жұрнақтары жатты. Біздер үйдің ішінен бұдан басқа ештеңе көре алмадық.

Біз олардан союға қой сатуын сұрағанда бұл ауылда жатақтар тұратындықтан қырғыздарда айтылатындай «Тышқак лақ та» болмай шықты. Сондықтан қойды басқа ауылдан алдыруға тура келді» [113].

Одан соң А.Гейнс тоқтаған Төлебай Игіліковтың үйінде жатақтар жиналып, очеркист пен екі арада жылы жүздесулер болады. Авторды бір танқалдырған нәрсе кедейліктен әбден титықтаған адамдар, өз тағдырына налып, жүнжіп кетпей, болашаққа сеніммен карауларында еді.

Бұл туралы автор: «Ақ саусақтар мен арамтамақтар қырғыздардың даладағы өмірі Париж бен Лондон көшелеріндегі қайыршылыққа карағанда әлдеқайда жеңіл деп ойламасын. Сайып келгенде ауыртпашылық барлық жерде, барлық адамдарға бірдей қатысты. Қырғыздардың байы орыстың помещигі сияқты кедейлерді қанайды. Оның үстіне біреулерге бодан ел болып, екі жақты қанауға ұшырау қашан да оңайға соқпайды» [114], - деп казак халқының кедейленуінің басты себебін ашып берді.

Сондай-ақ, А.Гейнс казактар арасындағы ру аралық қақтығыстар мен барымта туралы жай ғана жазып қоймай, оны дереу тоқтату жайында да нақты пікірлер айтқан. Мәселен, ол болыстыққа сайлау алдындағы казак ауылдарындағы алдау мен арбау тәсілдерін былай деп көрсеткен: «Көмек шығар-шықпастан бөлмеге үстіне пропорщиктің формасын киген қырғыз кірді. Бұл Абылай ханнан тараған Жантөре Жакеев болатын. Ол өзімен бірге бес ықпалды адамды ерте келді. Біздің тілмашымыз одан ертең сайлау болушы ма еді деп сұрады.

- Иә, бүгін губернатор бізден сұлтандыққа үш адамның аты-жөнін беруімізді сұрады. Кандидаттыққа Кішкентаев пен мен аталдым. Бірақ ол халықты маған қарсы қойып отыр. Бүгін ол станцияның сыртынан екі акбоз үй тігіп, екі бие сойып, барлық болыстардың басшыларын сыйлап жатыр. Ол сайлауда дауыс беру үшін басшылардың әрқайсысына 1200 теңдеген ақша беріп, сатып алды.

- Кішкентаев соншама бай адам ба?

- О, о! Өте бай адам.

- Біз, - деді Жантөре Кішкентаев, халықты азғырып отыр деп үстінен губернаторға арыз айтпакшымыз. Барлық сұлтандар біздің жақта, бірақ Кішкентаев аксүйектерге караганда, карасүйектер жоғары тұруы керек, сондықтан сайлау кезінде кара халык сұлтан ордаларына караганда мол дауысқа не болуы керек деп болыс старшындарын сатып алуда» [115].

Көп мәселе бойынша сол кездегі казак агартушыларымен А.Гейнстің ой-пікірлері бір жерден шығып отырған. Сондықтан да болар орыс публицистері, әсіресе, казак халкының талантын, өнерін катты кадірлеген. Шоканның ғылыми еңбектеріне: «Саудагерлермен Кашкарға ғылыми экспедицияға жіберілген оның толық есебі калың көпшілікті өзінің ерекшелігімен танкалдырды. Сол кезде сырткы істер министрлігінің Азия бойынша департаментінің директоры Е.П.Ковалевский жас ғалымның ерекше талантына назар аударып, оны Петербургке шақыртып алып, оның өмірінің соңына дейін жан-жақты көмек көрсетіп тұрған. Алайда даланың таза ауасына үйренген Шоканның денсаулығын Петербургтың климаты нашарлатып жіберді. Оған Отанына қайтуға ақыл берілді. Бірақ ауруы аскынып кетіп өмірмен ерте коштаспаганда ол Орта Азия халыктарының тарихының көптеген беттерімен баска халыктарды таныстыратынына дау болмас еді.

Қырғыздардың арасындағы өте бір ақылды адамның кабірінің басына балшыктан жасалған ескерткіш койылған» [116].-деп аса жоғары баға берген.

Әрине, А.Гейнстің әдеби-публицистикалык еңбектерінде казактар туралы жазылғандарының бәрін бірдей дұрыс дүниелер деп кабылдай алмаймыз. Жекелеген кемшіліктер, кейбір жайларды кате түсініп, асығыс баға берушілік те кездеседі. Ал, жалпы алғанда оның «Қырғыз очерктері» мен баска макала, күнделік, жол жазбаларын Ресейдің ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарындағы демократиялык публицистикасының катарына әбден жатқызуға болады.

Екінші тарау
XVIII-XIX ғасырлардағы шетел публицистері
казактар туралы

1 Француз ғалым, жазушы, зерттеушілері - Дюма, Жюль Верн, Капю мен Бонволо және Эжен Мельхиор де Вогюэ казак жерінде

Француз халқының белгілі жазушысы Дюманың табаны бір кезде қасиетті казак жерінің топырағын басқаны да белгілі болып отыр. Ол 1858 жылы Россияны аралап жүріп, Астрахань казактарының арасында болады. Кейін оның қаламынан бұл сапар туралы «Парижден Астраханьға» очеркі мен баласына хаттары жазылған. Енді оның баласына жазған хаттарының бірін оқып көрелік: «Мен өзім жасаған саяхат туралы жазайын, білгін келе ме? Россияның картасын қолына ал, онына өкінбейсің. Менің Москваға сапарым белгілі. Москвадан Бородиноға шыққан жолымызда сен айкасқан екі қылыш көресің. 1812 жылғы әйгілі шайқас тап осы жерде болған деп біл. Бородинодан Москваға, Москвадан Троицкеге жеттік... Нижнийден Қазанға жүріп кеттік. Содан соң Камышинге келдік. Камышин-сен енді зейін қоя тында, - мен кыргыздарға кеттім. Картадан көлді кара, дұрысына бакканда, үш көл, оның біріншісі Эльтон көлі, сол маңда мен ку медиен далада шатырда түнедім. Астрахань кыргыздарының атаманы Бектеміров деген тамаша адаммен той-думан өткіздім. Астраханьда сортаңда өскен кыр қойын әкелді, мұнымен салыстырғанда нормандық қойларымыз түкке де тұрмайды. Қойдың құйрығын бізге бөліп әкеп, берді. Ол 14 қадақ тартты.

Ас-судан кейін Бектеміров маған бөркін сыйлады. Бұл бөрік Париж сұлуларының сәнді муфтасына да жарар еді.

Нанасын ба, жылқы етін жедім, мұны өте дәмді тағам деп есептеймін. Қымызды пәлен деп мактай алмаймын. Мен мерекенің ең сыйлы адамы болғандықтан, маған қаракөл терісінен тігілген тон кигізді, беліме күміс белбеу байлады. Сол кезде менің белім Аннаның белінен айнымай қалған болар...» [117].

Шетелдік жазушылардың алғашқыларының бірі болып Орта Азия халықтары, оның ішінде казактар туралы да алғаш көркем шығармалар жазған Жюль Верн екендігі белгілі. Әсіресе, оның ғылыми-фантастикалық әрі әлеуметтік-сатиралық «Клодиуе-Бомбарнак» романы бұл тұрғыда көңіл аударарлықтай. Себебі, романның басты кейіпкері

білім құмар корреспондент Клодиусе Бомбарнак Орта Азия мен Қазақстан жерін жақсы біліп қана қоймай, жергілікті халықтың тарихы мен өмір-тынысынан да көп нәрселерді білетіндігін танытады.

Сондай-ақ, Жюль Верннің «Тамаша саяхаттар» сериясымен жазған «Михаил Строгов» шығармасында да Жетісу өңірін суреттейтін тұстары оның қазақтың елі мен жерін кезінде терең зерттегендігін байкатады.

1882 жылы «Кавказ» газетінде француз ғалымдары Капю мен Бонволаның «Қырғыз трубадуры» атты мақалалары орыс тіліне аударылып басылған. Негізінен мақалада авторлар суырып салма өлең мен өнер, ән көшпелі елдің өмірінде үлкен орын алатыны, олардың туу жағдайлары мен кейбір сипаттары, дала өмірі мен табиғатының өзіндік ерекшеліктері және дала тұрғындарының сөз, ән өнерінің мазмұны мен түріне із қалдырғаны жайлы тосын пікірлер айтқан олар: «Қырғыз әні кең сахарادا туған, дәл сондықтан ол барлық әсемдік-көркемдігімен соған борыштар. Аттың аяғы мен түйенің біркелкі майман қадамы өлеңнің өлшемі мен ырғағын анықтайды; даланың көз жетпес кеңістігі, қиыры көрінбес кең дала созылынқы ұзақ әуен әкеледі, дала шөбін теңселтетін жел әншінің даусын бірде күшейтіп, бірде бәсеңдетіп, өлеңін түрліше реңмен бедерлеп, бейнелеуін туғызған сияқты», - деп орынды пікір білдіреді де, одан әрі Ыдырыскүл деген әншінің орындаушылық шеберлігін: «Бұл қырғыз өзінің дала киімімен, оттың шайқалған сәулесімен нағыз азамат болып көрінді. Оның жүріс-тұрыс қимылы еркін және мәнері биязы, сырт пішіні сүйкімді. Ол киіз үйде әсем бір сәнді қалыпта отырды да өз аспабын күйіне келтіріп, минорлы, мұнды әуенмен баяу әрі салмақты ырғақпен ойнады. Ол өзі керемет сезімтал: аспабы болмашы айныпқыраса болды, байқай қояды да оны қайта бұрап алады, сосын, ол негізгі әуенді түрлендіріп, бірте-бірте әсем флоритуралармен әлемілен, құбылта бастады. Аспапты тарту оған нағыз рахат әкелетін болу керек, ырғақ жылдамдай түсті, аса бір күштарлықпен тартып отырып, өлеңге ауысты. Ол бір бай қазақтың жас қызының кедей жігітіне деген махаббаты, атастырған бай күйеуін жек көретіні туралы өлең айтты. Ырыдыскүл - нағыз артист. Өз өнерінің ғажап шыңына жетіпті. Өлең айту техникасының жетістігіне ме, әлде әдемілігіне ме, қайсысына таң қалаларынды білмей қаласын», - деп шегіне жеткізе суреттейді.

Келесі қарастыратынымыз жазушы әрі әдебиет зерттеушісі, Франция академиясының мүшесі Эжен Мельхиор де Вогюэнің 1888 жылы «Дала уалаяты» газетінде жарияланған «Каспийден Самарқандқа дейін» деп аталатын очеркі болмақ. Бұл еңбек «Дала уалаяты» газетінің

1888 жылғы 36-37 нөмірлерінде «Француз жұртының адамы Вогюэ» деген өзгелерімен Орта Азияның теміржолын ашқан.

Ол француздардың газетіне Каспий теңізінен Самарқанға шейін баратын жолды жазыпты. 1283 шақырымдай жерде өзінің көргенін жазады. Соның сөздері мынау деген алғы сөз беріп, одан әрі: «Алғаш 61 шақырым жерге шейін жүрген жерім күм-күм болды да отырды дейді. Көпіріп жатқан, жел соққан, ұйытқып-ұйыткып жатқан сондай күмнан теміржол жүргізуге пайда келтірген уақ ағаш сексеуіл. Ол күмға сексеуілден басқа еш шөп бітпейді екен. Өзі бек қалың болып шыкса да онша биік болмайды. Бір кезден астам болады. Түсі қызыл-жирен, сарғылт болады. Сонда сексеуіл, өзге ешнәрсе болмаған соң, адамға көп пайда беріп, әртүрлі жақсылық іске де себеп болады. Сексеуіл көп жерде күм да борамайды, тоқтатады. Жаңа шығып келе жатқандары да жерге қада секілденіп отырып, қорғаныш болып күмнан бораған боранды жүргізбейді. Дауыл соққанынан кейін бітіп қалған жолды көп жұмыскер-солдаттар тазалайды екен. Әрбір 3 шақырымдай жерде әдейі қойған. Еуропадағы Россияның темір жолдарынан қарды тазалағандай қылып, сол солдаттар жер үйде тұрысады екен. Төбенің бәрінен қазған суды олай өткен, былай өткенде отарба беріп кетіп тұрады екен. Бала ақын деген бекетке жете бергенде күм таусылады, қарсы тұрған бір бел кез болады. Ол тау Балқан деген жерге биік болып орналасқан. Сол жерде теміржол сол таудың һәм Қызылбас жұртының тауларының арасымен өтеді. Сол жерде қашан да болса, дауыл соғып, тау жағалап, соныменен Мервь қаласына шейін барады. Сол таулардың етегіменен солтүстік жақтағы Арал теңізіне шейін һәм Сібірге шейін, күншығыс жақта Қытайдың шетіне шейін топырақты дала болып отырады екен. Сол темір жолмен жүріп келе жатқан уақытта кісінің көзіне бір-ақ тұнжырап тұрғандай көрінеді де тұрады, үлкен көл, маңы ағаш. Түнде айдың жарығымен жүріп келе жатқан уақытта жер шағылысып, әйбәт болып көрінеді екен. Бағзы жерлерге өткел салғандай болып, бағзы жер бұрынғы замандарға сол жердегі дарияның орнында қалып, дүниенің бәрі аппақ қардай болып көрінеді» [118]. - деп очерктің толық мәтіні беріліпті.

2 Поляк революционерлері – акын Густав Зелинский, жазушы Адольф Янушкевич, суретші Бронислав Залесскийлер казак жерінде

XIX ғасырдың 30-жылдары біздің жерімізге революциялық қызметтері үшін жер аударылып келген поляк халқының қоғам қайраткерлері-Густав Зелинский, Адольф Янушкевич, Бронислав Залесский халқымыздың ауыр тағдырына ортақтасып, шындық өмірге негізделген құнды-құнды шығармалар жазып кеткен, солардың алғашқысы 1833 жылы тұтқындалып, Тобыл даласына жер аударылған кезінде Есіл, Тобыл өзендерінің бойындағы казак ауылдарында, Аякөз, Балқаш, Жетісу жерлерінде болған Густав Зелинский.

Г.Зелинский казак ауылдарында болғанда олардың тұрмыс-халімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен танысады. Өз халқының тәуелсіздігі үшін күрескен акын қандас казак халқының да екі жақты езушіліктегі қайғылы тағдырын жанымен сезіп, түсіне, көре біледі. Патшалық Россияның жүген-құрықсыз топас чиновниктері мен жергілікті байлардың езгісі мен тепкісінде болған қарапайым казак еңбекшілерінің өзінің туған халқы поляк еңбекшілерімен де мұндас, мұқтаждас, мақсаттас екенін таниды. Казак даласының сұлу табиғаты, дала өміріндегі әлеуметтік қайшылықтар, жай халықтың ауыр тұрмысы, шер-мұны, үміт-арманы, адамдарының ақ жарқын адалдығы, адамгершілік қасиеттері поляк акының өте қызықтырады.

Казак халқының өмірінен алып, ол «Казак» және «Дала» атты романтикалық поэмаларын жазады. Г.Зелинский 1830 жылдардың аяғында айдаудан босанып, 1842 жылы Польшада жарық көрген «Казак» поэмасы тез тарап, Еуропа халықтарының көптеген тілдерінде, мысалы, неміс тілінде төрт рет (1851, 1855, 1858, 1888 жылдары), чех тілінде 1863 жылы, француз тілінде 1870 жылы жарық көрген, бұл поэма ағылшын тіліне аударылған. Акын Георгий Гребеншиков оны орыс тіліне аударып, 1964 жылы бұл шығармалар Қазақстанда «Казак» деген жалпы атпен жеке кітап болып басылып шықты.

«Казак» поэмасы – казак елі тағдырына жанашырлықпен жазылған, идеялық көркемдік қасиеттері мол шығарма. Онда өткен ғасырдағы казак халқының ауыр тұрмысы, бай мен теңсіздік торында жүрсе де кедей жігіттерінің бойында тамаша адамгершілік, ізгі қадыр-қасиеттер сақталуы бейнеледі. Поэманың басты кейіпкерін «Жігіт» деп қана атау арқылы поляк акыны көптеген казак жастарының өмірін тын жинақтап бейнелеуге қол жеткізген. Мәселен, лағнет камалынан қашып

шексіз, шетсіз кең даламен келе жатқандағы көңіл-күйін, сезім сапырылыстарын акын:

**«Жігіттің де, жүйріктің де қиялы,
Алып-ұшып, бір арнаға құяды:
Кен далаға шыкса, шіркін, көсіліп,
Тастап мынау лағнет камал-ұяны»,-**

деп шебер суреттейді.

Одан әрі акын жігіттің әкесін өлтіріп, өзін құлдыққа сатқан зұлым байға деген ашу-ызасын:

**Ыза-жылан орай түсіп жүректі,
Дегендей-ақ: «Түрін, жігіт, білекті
Өшіңді ал!» – Иесінің осы ойын
Сезінгендей ат екеш ат дір етті,-**

деп жас жігіттің өрмекшінің өрмегіндей шырмалған өмірін, күштірлердің күдіреті күйзелткен ащы тағдырын, жалын атқан жастық шағының мұқалуын шегіне жеткізе бейнеледі.

Поэманың уақиға желісін акын драмалық шиеленіске құрып, шиыршықтап өрлетіп, негізгі кейіпкерлерінің бейнесін биіктете, әр қырын аша жырлайды. Сағынған ауылында сый-құрметке бөленген жігіт «жаутан көзді» сұлу Жәмилаға ғашық болады. Оны акын:

**Дала, дала махабатты жалын ғой,
Күкірт қой ол, оққа салар дәрі ғой.
Қос жүректі бір дауыстар өрт-тозақ,
Боран ғой ол, дауыл да ғой-бәрі ғой! –**

деп екі жастың сүйіспеншілік сезімдерін от болып жанатын, құмарта сүйетін күш ретінде жырлайды.

Бірақ, Жәмила бір кезде жігіттің әкесін өлтіріп, баласын құл еткен байдың қызы болып шығады. Сөйтіп, айнала қоршаған әділетсіздік пен зұлымдық араны ақ махабаттын да жолын тосады. Ал, өктем, озбыр бай болса екеуін де өлтіруге бел байлаған. Ол ауылдан қашып шыққан жігіт пен Жәмиланы, олар паналаған тоғайды өртеп, оларды от азабына қалдыруды бұйырады. Сондықтан да акынның екі жастың зарлы, мұнды аянышты өмірлері мен қыршын өлімдерін:

**О, дүлей күш, көзсіз еді бұл неден,
Жалын анау қыз бұрымын өрлеген.
Соңғы демін ғашық жарлар бір алды,
Жас жандары зарлап шықты кеудеден,-**

деп сол кезеңнің әлеуметтік астарын айқындап, ашып берген.

Г. Зелинский екінші бір "Дала" поэмасында кең байтақ казак даласының қыр-сырына үніледі. Бұл ұзақ өлең-толғаныс "Дала", "Таулар", "Бәйге", "Жыр" деген үлкен төрт бөлімнен тұрады.

Қазак даласында көз жеткіссіз жазықтар да, аспанмен тілдескен зәулім биік таулар да, көк толқынды теңіздер мен көгілдір тұнык көлдердің де мол екендігі белгілі.

Міне, Қазақстанның осындай көп жерін көріп, ерекше әсер алған поляк ақыны табиғат тамашаларын, ғажабын, құбылыстарын сүйсіне де тебірене жырлағанда солардың дәл суретін берер тенеулер тауын, оралымдар қиыстырып, бояулар нақышын келтіріп отырады. Мәселен, оның жолдарынан қыр "бүркеніп көктің күмбезін", "какталған ақ күмістей" күмның бетін шалған жеңіл жел" кестелепті теңіз бетін тегістей, әжім салған секілді", "домалатып дауыл жұлқып тастаған" үйілген тастар "бүйірлі тасбақадай торсынып, бір-біріне тіркесіп тек тас қалған", шыңға түнеп шыққан қыран "тақта отырған дала ханы секілді", "шын жартастар жиналғандай кенеске", таулардың өркеш-өркеш биігі "керуен көшкен нарлардай", "күн далаға септі күміс", "биік күздар көкке мезгеп бой жазған" сияқты сан алуан айшықты тенеулерді табуға болады.

Сөйтіп, далада жайнаған жасыл алқап та, мөлдіреген өзен де, жартасты таулар да, күмды шөлейт атырап та, ақын назарынан тыс қалмаған. Даланың әр алуан көрінісін ол бірде:

**Қыр көркінің бірінен соң бірі ортақ,
Қарап көзін тояр емес құмартып,
Көк жолақтай мөлдіреген өзендер
Жап-жасыл боп көрінеді мұнартып,
Май айы бір қыз даланы ұйқыға
Бөлегендей қыр елжіреп тұр балкып,-**

деп тамашаласа, енді бірде үнсіз жатқан казак даласынан:

**Ел бұл қырда көшкен талай біртіндеп,
Құйын-дауыл өткен талай дүбірлеп,
Өшіп ізі, осында өлген талайдың
Айтып жырын қорғандар тұр күбірлеп,-**

деп сыр тартады.

Густав Зелинский жер аударылғанға дейін де саяси-әлеуметтік көзқарасы берік демократтық бағытта қалыптасқан ақын болғандықтан казак халқының ауыр тағдырын, бостандықты аңсаған арманын жанымен сезіп, түсіне білді. Сондықтан ол казактың ерлік дәстүрін,

“сұлтанға бас имейтін” тақаппар мінезін, көрікті кең даласындай сұлу да сергек ер көңілін, кабілеттілігін, дарындылығын тамашалап:

Қазақ деген дархан халық, ең мықты,
Сұлтанға да ол берген жок теңдікті.
Сокқан желге бөгет қандай болмаса,
Қазаққа да шексіз берген ерлікті.
Еш бөгет жок, көкте күні, ауасы,
Кең даласы тұрғанда онын көрікті...
Жырлады ол аспан мен тауларын,
Кошпелі елдің талай жүйрік тарланын,
Көпшіліктің көкейіне күй кұя,
Өткен күндер елесі ойда қалғанын,
Жырлады ол айдай айқын аймаққа,
Арайланған алдағы ел арманын.
Киіз үйде күйші дағы дөнгелеп
Кошіп бара жатқандай бір өрмелеп,
Қазақтар да атқа мініп далада.
Шауып бара жатқандайын дүбірлеп.
Көрінді де көздеріне керемет
Тербеп кетті бесігінде күй бөлеп...”,-

деп жырлаған акынға қалайша бас иіп, ризашылық білдірмеске.

Сонымен қатар Г.Зелинский өзінің жоғарыда аталған “Қазақ” және “Дала” поэмаларында қазақтардың әдет-ғұрыпын, әлеуметтік топтар арасындағы теңсіздікті де сөз етеді. Мәселен ол қазақ бақсысының екілене, долдана, неше түрлі құбыла салған зікірін:

Ұшыменен біздей өткір пышақтың,
Айналасын сызып бақсы ошақтың.
Бір қызарып. бір бозарып зіркілдеп,
Алаяды жынды адамға ұксап тым.

Секілдесе, селтеңдесе иіні,
Желкілдейді ала-құла киімі,
Қыл кобыздың құлак жарған безілі,
Секілді бір сары даланың құйыны.

Бақсы тағы кобызын бір қатты да,
Тындай қалды әлде нені таң тұра,
Қобыз даусы гүлей барып үзілді,

Қасиетімен жын-шайтандай лақтыра.

**Қыл кобызын қоя қойып бір кезек,
Атып тұрып, жас мысықтай елгезек.
Жалаңдатып, жаркылдатып пышағын,
Шүйіледі әлдекімге бір кезеп,-**

деп суреттей келе бақсының зіркілдеп пікір айтып, дұға оқу, сыр ашу сияқты бақсылық қалпын айна-катесіз дәл көрсетіп берген.

Сонымен қатар ол бақсылық өнерін тереңірек ашып беру үшін жыр жолдарында “кейде ұлиды ұқсап кәрі қасқырға”, “жүрегінде шұбар жылан жүзгендей, тамырында кесіркелер малтығып”, “аш қасқырдай жалаңдап, әпжыландай қайқандап” деген орынды теңеулерді асқан шеберлікпен қолдана білген. Г.Зелинскийдің қазақ халқының таланттылығынын, өнерге бейімділігін танып, біліп қана қоймай өте жоғары бағалағандығын да мына жыр жолдарынан анық байқауға болады.

**Шіркін, қазақ әндерін-ай, әндерін,
Жұлып кетер жүректің нәр-әрлерін.
Кейде ызғырақ күз даладай қайғылы,
Кейде аспандай неткен шексіз, сәнді едін?
Кейде ұшқыр шартылдаған нажағай,**

**Кейде кек боп қадалатын саржадай
Кейде өршін кең даланын өртіндей,
Кейде егістей толқынданған жайма-жай.
Кейде әндетсе, еркін дала ұлдары,**

**Кетсе шырқап, кеуде кере бір бәрі.
Бар табиғат тына қалып мүлгиді
Сахара әні-қазақ әні тыңдары.
Сол бір әнді аспан тыңдап жатқандай,
Қайғы-мұның дала аспанға шакқандай.**

Міне, поляк ақыны қазақ әндерінің мазмұны, әуен байлығын, оның дала өмірімен тығыз байланыстылығын, әннің халықтың ой-арманы мен тілек-мүддесінің сәулесі екендігін осылайша аса бір жылылықпен, жан тебіренерлік ыстық сезіммен жырлайды.

Қорыта айтарымыз, Г.Зелинский өзінің ұзақ, мазмұнды, творчестволық өмірінде көптеген өлеңдер мен поэмалар, мақалалар мен

очерктер жазған. Солардың ішінде “Янгарь”, “Жанкешті” атты поэмалары ерекше орын алады. Алайда Зелинскийдің акындық есімін биікке көтеріп, елге танытқан осы біз талдап, қарастырып отырған “Қазак”, “Дала” поэмалары болып табылады.

Себебі, бұл туралы “Польша поэзиясы” [119] атты екі томдық жинақта “Оның даңқты поэмасы “Қазак” стилі аймақтың табиғаты мен әдет-ғұрыптарын тікелей байқаудың жемісі, сол аймақты әсерлі әңгімелеп берген”,-деп жазса, ал “Поляк әдебиетінің тарихындағы” Г.Зелинскийдің өмірбаяны мен творчествосы туралы бөлімде оның “Қазак”, “Дала” поэмалары арнайы зерттеліп, идеялық, көркемдік қасиеттері жоғары бағаланады.

Сондай-ақ, Варшаваның “Роланса” баспасы шығарған Г.Зелинскийдің шығармалары жинағанын “Қырғыз және басқа халықтар өлеңдері” деп аталуы да бұл акынның творчествосындағы қаншалық бағасы барын көрсететін айғақ деп білеміз.

Келесі бір Сібір мен казак даласында қуғында ширек ғасырға жуық өмірін өткізген поляк революционері, қоғам қайраткері, жазушы Адольф Янушкевич шетелдіктерді қазақтармен таныстыруда көп қызмет атқарған адам.

Европа елдеріне ұзақ саяхат жасап, еліне оралған Янушкевич 1830-1831 жылғы поляктар көтерілісіне қатысады. Сөйтіп, Сібірге 25 жылға жер аударылады. Бас бостандығынан айрылған ол Сібірде, Тобольскіде, Есілде, Омбыда болады. ХІХ ғасырдың 40 жылдарында ол Омбы шекаралық басқармасының қазақтарды билеу бөлімінде қызмет атқара жүріп, казак даласына аттанған орыс экспедицияларының құрамына кіреді. Семей, Аякөз, Лепсі, Қапал, Жетісу жерлерін аралайды. Тарбағатай тауларына дейін барып, Балқаш көлінің бойындағы ауылдарда болады.

Қазак сахарасын, ауылдары мен қалаларын Янушкевич ұзақ уақыт бойы аралап, барлығын өз көзімен көруіне тура келеді. Сондықтан ол өзінің көріп-білгенін, естіп-сезінгенін, толғаныс-ойларын күнделік дәптеріне түсіріп, бұл аймақтың алған әсерін туған еліндегі туыстарына, достарына хат ретінде жазып отырған.

А.Янушкевичтің бұл күнделіктері мен хаттарының сақталып жарық көруінің жүз жылға созылған қиын да қызықты тарихы бар. Ол мынадай тарих. 25 жылдай айдауда жүріп, денсаулығынан айрылған жазушы бір жыл толмай-ақ қайтыс болады. Ал, оның күнделіктері мен хаттарын Есіл даласында айдауда бірге болған акын Г.Зелинский

туыстарына табыс етеді. Ал, жазушының туыстары оның өздерінде сақталған хаттары мен Зелинский табыс еткен материалдарды жинастырып, оның университетте бірге оқыған досы Феникс Вротновский жазған өмірбаянымен бірге өз қаражаттарына “Адольф Янушкевичтің өмірі” деген атпен алдымен Парижде 1861 жылы, кейінірек 1875 жылы Берлинде бастырып шығарды.

Алайда бұл кітап көп жылдар бойы тіпті бір ғасыр шамасы Польшада да, Ресейде де жарық көрмейді. Тек соңғы жылдары поляк ғалымы Я.Одровонж–Пененжек Сібірде болған поляк революционерлері қатарында Янушкевичтің де күнделіктері мен хаттары туралы мәліметтер жариялайды. Сөйтіп, жүз жылдан кейін ғана А.Янушкевичтің кітабы “Қазак даласындағы саяхаттың күнделігі мен хаттары” деген атпен, Ф.И.Стеклованың аудармасымен Қазақстанда 1966 жылы орыс тілінді басылып шыққан.

Бұл еңбекте ХІХ ғасырдың орта кезіндегі қазақ өмірінен көптеген мәліметтер берілген. Янушкевич өз күнделіктері мен хаттарында қазақ елінің әлеуметтік, саяси, рухани өмірінің бірсыпыра көріністерін гуманистік, демократтық көзқарас тұрғысынан объективті түрде баяндап берген. Оның тарапынан қазақ еліндегі екі жақты- ұлттық және отарлық-езушілік ел басқарудағы өзгерістер, Кенесары Қасымовтың көтерілісі, қазақ кедейлерінің ауыр тұрмысы, ауылдағы салт-сана, әдет-ғұрыптары, қазақ тарихы, ақындық-шешендік өнері туралы бірталай жайлар баяндалып, қызғылықты пікір-тұжырымдар айтылған. Сол кездегі атакты адамдар: Мәуке би, Абайдың әкесі Құнанбай, Барак батыр, Акындар Жанак, Орынбай туралы жазған.

Янушкевич бір хатында “Мен қазақ тілін, қазақтардың жол-жоба, салт-сана, әдет-ғұрпын үйренбесем болатын емес” деп жазса, енді бірде әлеуметтік тұңғыш түнекте болған кезінің өзінде де, қазақ халқы рухани байлығын, әсіресе сөз өнерін тамаша сақтай, дамыта алғанына разы болады, әрі терең ойға, қанатты қиялға, ыстық сезімге толы, ғажап азаматтық тұжырым жасайды.

Янушкевич қазақ ақынының суырып салма өнерін көргенде, “өлеңшінің” аспанды қалқыта салған асқақ әнін естігінде, алған әсерін тамылжыта суреттей келіп: “Мен осының бәрін бүкіл дүние жабайы, тағы деп санайтын адамдардың ортасында, далада тындап отырмын. Бұдан бірнеше күн бұрын екі ел егесіп, партия тартыс жиында шаршы топтың алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім: сонда мен

тумысында Демосфен, Цицерондарды естіп-білмеген жандардың жез таңдай тілмарлығына таң-тамаша болып, кол шапалақтаған едім.

Ал бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сайрап отыр, мен бұлардың өнеріне қайран қалудамын. олардың әні жаныма азық болғандай, жүрегіме жылу бергендей. Міне, осындай жандарды жабайы деуге бола ма? Жок, болмайды! Еш мүмкін емес. Жаратқан иесі мұндай өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес. Күндердің күнінде, қазақтың бетпак шөліне де мәдениеттің де рухы кіреді. Оның үшқынынан жарық сәуле пайда болады. Сөйтіп, бүгінгі көшпелі Номад қазір өзінің басынан аса қарап тұрған халықтардың ортасынан ойып орын алатын күн де туады» [120], - деген айқын болжам жасайды.

Кезінде қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін көре, түсіне білген озық ойлы поляк зиялыларының жан тебіренерлік асыл қасиеттерін сөз еткенде тағы да бір демократ-революционер, поляк суретшісі Бронислав Залесскийдің де есімін ұмытпағанымыз жөн.

XIX ғасырдың 40-жылдарындағы поляк ұлт-азаттығы қозғалысы идеяларын жасырын тарататын ұйымдардың жұмысына белсене қатысқаны үшін ол бірнеше рет тұтқындалып, қудалауға ұшырап, 1848 жылы Орынбордағы әскери корпусқа солдаттық қызметке жіберілді. Залесский Орынборда, Ақмешітте (Қызылорда), Маңғыстауда болады.

Ал оның творчестволық еңбек жолына тоқталар болсақ, Б.Залесский 1865 жылы Парижде француз тілінде «Қазақ даласының көріністері» атты альбом бастырып шығарған. Онда қазақ өмірінің әр қырын бейнелейтін 22 сурет және оларға жазылған мәтіндерде суретші «Қазақ үйінің ішінде» кымыз ішіп отырған қазақтар мен кобыз тартып, өлең айтып отырған жыршыны бейнелеген.

Үшінші бөлім
Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының зардаптары
Бірінші тарау
Тарихи шындықтың ащы сабақтары
1 Зынданнан шыққан зерде

Әр халық ең алдымен өз тарихына мығым болуы керек. Одан кейін барып басқа халықтың тарихына үнілгені жөн. Себебі, адамзаттың жүріп өткен жолы, ғасырлар бойғы тіршілік-тынысы тек тарих арқылы ғана өлшеніп, зерделенеді. Ал басқалардың тарихы арқылы соларға еліктеп, солардың тәжірибесі негізінде іргелі ел боламыз деп жұмыртқадан жүн қырку бос әурешілік. Оған кешегі кеңес үкіметі мен социализм дәуірі куә. Сондықтан қазіргідей өтпелі кезеңде, әсіресе, өткен тарихымызға көбірек көңіл бөлгеніміз жөн. Өйткені 2,5 ғасырлық бодандықтан соң алған тәуелсіздігіміз осыны талап етеді. “Ел болғын келсе, бесігінді түзе” дейді қазақ. Мен айтар едім: “Ел болғын келсе, тарихыңды оқы” деп. Сонда ғана біздер оң-солымызды танып, “алпауыт” мемлекеттер арасында өзімізді еркін сезінер едік.

Бүгінгі нарық жағдайында кездесіп отырған қиындықтар біздің елдік тарихымыз үшін жаңалық емес. Халқымыз кезінде аштықты да, жалданақты да басынан өткізген. Міне, уақыт шежіресі біздерге осыны айтады. Өткеннен тәжірибе алуға, бұрынғы қателіктерді қайталамауға шақырады.

Ал тарихқа деген әлемдік тұрғыдағы көзқарасқа келетін болсақ, жоғарыда айтқанымыздай әр халық басқа елдердің тарихына өз тарихын жетік білу арқылы ғана шыға алады. Мәселен, күні кешеге дейін біздер Ресей тарихын жатқа айттық, ал өз тарихымызға келгенде күмілжідік... Кезінде орыстану да, тілден айырылу да, қағажу қору да осыдан басталғаны жасырын емес. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, әр халық өз тарихын, әрине, шындық тұрғыдан жазылған тарихын түпкілікті білу арқылы, басқа халықтың тарихын құрметтеуге үйренеді.

Жалпы алғанда тарих адамзат баласын ертеден қызықтырып келе жатқан ілім. Бір елмен бір елді жауластыра да, татуластыра да алады. Яғни, бұл жаудың да, достың да қолындағы бірден-бір бұлтартпайтын нақты айғақ, күшті қару болып табылады. Осыдан да бұл ғылымға қай тұрғыдан болсын құрметпен қарау керек. Өйткені, тарих бұрмалауды, өткенді ұмытып, жаңадан базбіреулер сияқты қолдан шежіре жасап, тыннан жол табам дегенді кешірмейді.

Оның үстіне тарихқа деген әлемдік көзқарастың өткен ғасырда ғана қалыптасқандығы, оның өзі біржақты көзқарас, яғни, таптық, пролетарлық және буржуазиялық көзқарас болып келгендігі белгілі. Бұл арада жекелеген тарихшылардың жөні бөлек. Олар әр заманда, әр дәуірде болған.

Өз басым жалпы тарихты көне, орта, жаңа немесе қазіргі заман тарихы деп бөлу XVII ғасырдан келе жатқан ғылыми дәстүр ретінде ғана шарттылықтан туған қағида деп есептеймін. Өйткені, әр халықтың өз тарихы, біртұтас бір-ақ тарихы бар. Ал оны бөлшектеудің соңы батыс пен шығыс тарихын қарсылыққа ұшыратып (Гегельдің Азия, Африка халықтары “тарихи емес халықтар” дегені сияқты), жалпы адамзат тарихын бұрмалаушылыққа түсіру болып табылады.

Ең алдымен, бұл арада әлемдік тарихтың қалай бұрмаланғанына тоқталмай тұрып, осыдан екі жарым ғасыр бұрын қазақ халқының тарихы қалай бұрмаланды деген сауалға тоқталған жөн сияқты. Мүмкін, осының өзінен-ақ екінші сауалға қажетті жауап табылып қалар.

Шындығына келгенде, патша үкіметінің Қазақстанды толықтай жаулап алу саясаты шамамен бір ғасырдан астам (1731-1854 жылдар) уақытқа созылды. Осы мерзім аралығында Ресей басқыншылары қазақ тарихын бұрмалау жолында қандай сойқандыққа бармады дейсіз. Толассыз экспедициялардан бастап (аты шулы Щербина экспедициясын еске алыңыз), орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру, жергілікті ұлтты алдап, арбап, тіпті, күш жұмсау арқылы христиан дініне енгізу, тілге орыс орфографиясын енгізу, ең соңы қазақтың ерлерін қызықтырып, орыс әйелдеріне үйлендіру, қала берді қазақтарды қолшоқпар орнына пайдалану негізінде жергілікті тұрғындарды ұлт ретінде жойып жіберу саясатын ұстануы осының айғағы емес пе?

Сайып келгенде отарлау саясатының жүгенсіздігі патша үкіметінің барлық шет аймақтар сияқты Қазақстанды да тек өз жеке бастарының қамы үшін “мамандырылған” шаруашылық саясатын да жүргізді. Мұның өзі Қазақстандағы индустрияландырудың, өнеркәсіпті дамытудың, ауылшаруашылығы жүйесінің қолданбалы түрлерін дамытудың орнына, өлкені пайдалы қазбалар мен мал шаруашылығы өнімінің қоймаларына айналдыруға әкеп соқтырды.

Осының бәрі жергілікті халықтың өміріне, әдет-ғұрпына үлкен әсер етті. Оларға күштеу арқылы еуропалық дүниетанымның белгілері енгізіле бастады, отаршылдар қазақ мәдениеті еуропалықтар мен орыстардың мәдениетімен салыстырғанда “екінші сортты” деп кемсітті.

Міне, осындай себептермен қазақ халқының тарихы жоққа шығарылды. “Халық көшпелі рулар мен тайпалардың жиынтығы болғандықтан, олардың мәдениеті мен әдебиеті ауызға алғысыз” деп көрсетілді. Осыдан барып, орыстар өздерін басқаларға “аға халықпыз” деп мойындатуға тырысты.

Өткен ғасырдағы патшалы Ресейдің осындай саясаты кешегі кеңес үкіметіне де мұра болып қалғандай. Өйткені, дүниежүзі халықтырының, оның ішінде бұрынғы кеңес Одағы халықтарының арасында тап қазақтардай шетқакпай көрген ұлт кемде-кем шығар. Бәлкім, базбіреулер айтпақшы бәле-жаланың барлығын кеңес үкіметі мен коммунистік партияға жабудың қажеті жоқ, оның үстіне өткен іс өтті деп есептейтін болар. Алайда, келер ұрпақ өз тарихына қатысты бар шындықты білгені жөн. Өйткені, қазақ жеріндегі “кіші Октябрь”, “ашаршылық”, “репрессия”, “ұлт жауларымен күрес”, “тың көтеру”, “желтоқсан оқиғалары” тікелей осы кеңес үкіметі саясатының жемісі болып есептеледі және соның бәрін тарихи заңдылық санап “уралаған” таришыларымыз да аз болған жоқ.

Бұл арқылы біздер кеңес үкіметі тұсында Қазақстанда білім, ғылым, әдебиет, мәдениет саласында алға жылжу, ілгерелеу болған жоқ деуден аулақпыз. Керісінше, 1917 жылғы қазан төңкерісінің арқасында қазақтар бұл салада көп жетістіктерге жетті. Алайда, большевиктер тарапынан (кейін коммунистер) қазақтарға қарсы “басып алушылық” саясаты жүргізілгендігі де шындық.

Қалай болғанда да бүгінгі таңда тәуелсіздікке қолымыз жетіп, ата-бабаларымыз аңсаған егемендікке ие болып отырмыз. Әрине, қиындықтар бастан асады. Бірақ “битке өкпелеп, тоңынды отқа тастама” деген бар. Керісінше, бұрмаланған тарихымызды ақиқатқа келтіріп, халқымыздың ұлылығын басқаларға үлгі етсек, елбасымыз 2030 жылға дейін жоспарлап отырған молшылық заманын жақындата түсетініміз сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын көре, біле тұра Қазақстан тарихында актандақтар мен олықтықтар жоқ, болмаған еді деу әбестік. Қайта, елім деп еңіреген біздің ұл-қыздарымыз қазір сол актандақтардың орнын толтыру үшін жанкештілікпен еңбек етуде. Ілгеріде қазақ халқының тарихы патша үкіметі кезінде жоққа шығарылғандығына тоқталдық. Ал сол бұрмаланған тарих кеңес үкіметі тұсында да жарым-жартылай қалпында күн кешті.

Міне, осы жайларды есепке ала отырып, дүниежүзілік тарих ғылымының тәжірибесіне сүйеніп, дүниежүзілік аренаға шығу керек-ақ. Бірақ бұл тұрғыда қазақстандық, әсіресе, қазақ тарихшыларына мемлекет тарапынан да, басқалар тарапынан да жан-жақты көмек, қолдау қажет. Тарихқа шолақ белсенділік, пысықтық, жағымпаздық қасиеттер жүрмейді. Мұндай әрекет өз халқының тамырына балта шабу деген сөз. Сондықтан ертеңін ойлаған ел ең алдымен рухани байлықтарын жоғалтпаулары керек. Ол үшін кімнің болсын ғылым, білім, әдебиет пен өнер, мәдениетке жанашырлық танытып, мырзалық көрсеткені жөн.

Бұл арада ең бастысы қазақ халқы үшін азаттықтың жолы азапты да ауыр болғанын ұмытуға болмайды. Кезінде Иван Грозныйдан бастап орыс патшалары бірінен соң бірі шығысқа қарай көз алартып, сұғын қадап, шолғыншы-қаракшыларын жібере бастаған. Ал, І Петр қазақтың ұлы даласын отарлауды ойластырып қана қоймай, оны тікелей іске асыруды да қолға ала бастаған. Осы алдыңғылардың қомағай мақсатын баянды ету жолында одан кейінгі катын патшалар да қалыспаған. Әйтсе де, олардың қазақ елін желкеден алып, бір-ақ қылғып тастауына халқымыз қаһарлы, жеріміз тым үлкендік етсе керек. Сондықтан айла қолданып, амалдауына тура келген. Яғни, қазақ еліндей алыппен бірден өзі жағаласа кетпестен, жоңғарлардың қолтығына су бүркіп, “атып-шабатының анау” деп айтақтап, қазақты көрсетіп, қолдарына мылтық ұстатқан.

Сөйтіп, бейбіт, бейқам жатқан қазаққа жоңғардың жойқын шапқыншылығы басталды. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” дейтін сұмдық замандар келді. От оранған қазақ арасында халқымды қалай аман алып қаламын деп Төле би, Қазыбек, Әйтеке билер жанталасты. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Қосы, Қойгелді, Рысбек, Санырақ сияқты мыңдаған батырлар жан алып, жан берісті. Абылай сынды даналар қазақтың басын қосып, жаулардың көзін жойды.

Бірақ... Ата-бабаларымызды содан соң да азаттықтың ақжарқын заманы күтіп тұрмаған екен. Отарлықтың ойраны, күлдіктің қыл бұрауы алдарынан шықты. Қазақтың сайын сахарасын қара түнек басты. Сол түнек ішінде оқта-текте ұлт-азаттық күресінің жай оты жарқ-жүрк етіп жатқанымен айлар, жылдар, ғасырлар ұрлана келіп, күмға сіңген судай жылыстап жатты. Патшалық қанау бертін келе қызыл өктемдікке, оның арты қып-қызыл қырғынға ұласты. Әуіріммен қазақ “қырғыз” деген ағайын халықтың атын өзіне беріп, алғашқыда автономия, кейіннен “одактас республика” дейтін қолжаулық бірдеңгелерге ие

болған. Сөйтіп, мемлекеттің заты жоқ, атын ғана алғансыған. Әйтпесе, сол баяғы күлшылық, сол баяғы отарлық, тонаушылық жалғасып, елдің берекесін кетірген.

Халқымыз тілінен, дінінен, жерінен, дәстүрінен айырылып, халықты үрей басты, аспанымызды атом тозағы жайлады. Атар таң, көрінер күн болмады. Ең жаманы-ұлтымыздың әлденеше ұрпақ-буынының күлдыққа бойы үйрене бастады. Құлығына құрық бойламайтындардың зымиян идеологиясының уы санаға дарығын сайын мәңгүрттік белең ала берді. Басқа да қандас, діндес ұлттар секілді казак та жар жағасына, құрдымға жақындап қалып еді.

Бірақ... Тағы да бірақ дейміз. Ғасырлар бойы зорлық-зомбылық көрген казак халқының да атар таңы бар екен. 1985 жылдың қайта құруы мен 1986 жылдың желтоқсанынан кейін 1991 жылдың егемендігіне ілінген тәуелсіз Қазақстанның да аузы көкке ілініп, бұрынғы үйелеп қалған жерінен аяғынан тік тұрып, өз бетімен жүріп кетуге бет алған сияқты.

Міне, бүгінгі таңда біздерге осындай қиындықпен келген дербестігімізді, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыздың шындығын түсінетін басшылар, ел азаматтары керек. Сонда ғана біздер әлемдік деңгейге көтерілеміз, басқаларға өзімізді мойындата аламыз. Сонда ғана экономикамыз бен ғылым, білім, әдебиет, өнер, мәдениетіміз қатар гүлденетін болады.

Ал, дүниежүзінде біздерге әдебиет, мәдениет, өнер, білім, салт-дәстүр, тарихымен ұқсас елдер аз емес. Олар ең алдымен туысқан қырғыз, өзбек, түркімен, одан соң әзірбайжан, түрік, монғол және басқа негізінен мұсылман тектес халықтар. Қазақстан өзінің білім, ғылым дәрежесімен бұрын да, кеңес үкіметі тұсында да Орта Азия халықтарының арасында, жалпы, Одақ көлемінде танымал болатын.

Бірақ жылдан-жылға нарық қыспағына байланысты бұл тұрғыдан төмендеп бара жатқанымыз да жасырын емес. Сондықтан алда тұрған басты міндет – республикамызда ғылым, оның ішінде білім беру жүйесі жақсартылып, казак халқының қазіргі ХХІ ғасырда өз тарихымен, өз бет-әлпетімен сенімді түрде алға кадам басу мәселесі болып табылуы керек.

2 Қазақтардың саяси-әкімшілік, ел басқару формалары турасындағы материалдар

«Отечественные записки» журналында әр жылдары казактардың саяси-әкімшілік, ел басқару формалары жайында жарияланған

материалдарды сұрыптай келіп, біздер оларды бұлайша жүйелеуді жөн көрдік.

Біріншіден, Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына казактардың қатысуынан бастап, отаршылдыққа қарсы халық басын көтерген Сырым Датов, Исатай Тайманов, Есет Көтібаровтардың ерліктері, казактардың Хива, Қоқан, Бұқара мен қарым-қатынастарды туралы материалдар.

Екіншіден, 1801 жылғы Кіші жүздің жер іздеп Орал мен Волга аудандарының аралығына көшіп баруы Бөкей хандығын құруға себепші болды. Бірақ, 1819 жылы Орта жүздің ханы Уәлидің қайтыс болуына орай, енді хан сайлау жөнінде патша үкіметінің М.Сперанский жасап шығарған «Сібір қырғыздары туралы уставы» қабылданды. Бұл жарғының отаршылдық сипаты болғанымен, оның неғұрлым орнықты әкімшілік басқарма орнатуына (ішкі және сыртқы орнықты приказдар) себепші болды. Журналдарда осы оқиғаларды қамтитын көптеген материалдар бар.

Үшіншіден, журналда Ұлы жүз казактарының Россияның қол астына кіруі кезеңдері туралы мол материалдар берілген.

Төртіншіден, журналда жарияланған көптеген материалдар казак жеріндегі өндіргіш күштердің дамуы, соған орай шаруашылық формаларының өзгеріп, товар өндірісінің дамуына жағдай туғандығын, сауданың өріс алғандығын, орыс және казак халқының арасында сауда, экономикалық әрі мәдени байланыстардың берік орын алғандығын көрсетеді.

Бесіншіден, соңғысы орыс кәсіпшілерінің казак жерінің шикізатына деген экономикалық қызығушылығының артуы.

Осы кезеңде отырықшылыққа, жер шаруашылығына ауысқан казак ауылдарының саны артып, товарлы өндірістен сауда күрт дамып, казактардың саяси-әкімшілік, ел басқару формаларына да тын, прогрессивті өзгерістер еніп, үстем тап пен патша өкіметінің жаныштау, езгілеу, ұлт араздығын қоздыру саясатына қарамастан казак халқының басқа хандықтармен өзара түсінісуіне, бауырласуына жағдай жасады.

«Отечественные записки» журналының 1868 жылғы сегізінші санында М.Мордовцевтің «Русские государственные деятели прошлого века и Пугачев» деген мақаласы жарияланды. Онда автор тарихта Пугачев сияқты жалған патшалардың (Степан Малых, Кремнев, Богомоллов, Халиев т.б.) аз болмағандығын тілге тиек ете келіп, патша өкіметінің шаруалар көтерілісін бірден басуға шамасы келмегендігін сынай отырып «Өрт барлық төрт құбыланы түгелдей шарпыды. Ең

акыры Пугачевтің дем беруімен Волганың ар жағында жатқан даладағы кырғыз-қайсақтар да Орта Поволжьеге жетті. Олардың бір жарым мыңнан астам үлкен партиясы Волга бойына салынған бекіністерге шабуыл жасады. Қырғыздар құжынаған шегірткелер сияқты кен даланы басып кетті. Патша әскері оларға қарсы ешқандай қарсылық көрсете алмай, шығынға ұшырады.

Қырғыз-қайсақтардың енді бір тобы Дубовканың жоғары жағы Волга арқылы мұз үстімен өтіп, Волга жағалауларындағы елді мекендерге шабуыл жасады. Бұл селоларды ешкім қорғай алмады. Ондай күш те жоқ еді. Олар көп адамдарды тұтқынға алып, сан жетпес малдарды арғы жағаға айдап әкетті», - деп жазды.

Әрине, біздер ХІХ ғасырдың екінші жартысында жарияланған бұл мақаланың авторы Е.Пугачев басқарған шаруалар соғысын неге екі халықтың крепостнойлық езгіге қарсы шыққан әділ көтеріліс болды деп жазбаған деп кіналай алмаймыз. Қайта автордың қатаң цензураға қарамастан Е.Пугачевтің көтерілісі туралы ащы шындықтың бетін ашып көрсетуге тырысқандығын көреміз. Көп жағдайда Д.Мордовцев патша өкіметінің саясатын жақтай отырып, екінші жағынан бұл саясаттың әлсіз, біржақты екендігін дәлелдеп береді.

Екінші еңбек П.Небольсиннің «Қырғыздар» [121] атты мақаласы. Онда патша өкіметінің отаршылдық саясатымен қатар хандық қанаушылыққа қарсы езілген халықты көтерген Сырым Датов, Исатай Тайманов, Есет Көтібаровтардың өмірінен келтірілген деректер бар.

1786 жылы Кіші жүздегі хандықты жою жөнінде «Игельстром» реформасы шықты. Ал, осы кезде Орынбор аймағын басқаруға жіберілген барон Игельстром Нұралыдан еш пайда жоғын сезіп, кіші Орданы шығу тегіне байланысты үш топқа бөліп, әр руға жеке басшы тағайындауды ұсынды. Соңынан Игельстром бұл дұрыс ойынан айнып, ханның билігін бірте-бірте жойып, бүкіл Россиядағыдай губерния бойынша билік құруды жақтады. Алайда, бұл қырғыздардың көшпелі өміріне сәйкес келмейтін қате пікір еді.

Бұл орайда біз Небольсиннің жоғарыда келтірген пікірін толық мақұлдаймыз. Өйткені, бізге тарих арқылы сол тұста Игельстромның хан мен сұлтандардың қас жауы, казактардың арасындағы демократиялық ағымның негізін салушы Сырым батырмен жолығып, бұдан былайғы уақытта тату-тәтті өмір сүруге және Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан хан сайламауға уәделескені белгілі.

1787 жылы Игельстром уәдесінде тұрып, ханнын атын жойып, Ордаға бес басшы сайлайды. Бірақ, жаңа басқару ісі ұзаққа бармайды. Өйткені, Әбілқайыр ханнын руынан шыққан әйелмен жақындасқан Игельстром қайтадан хан сайлауды жаңғыртады. Мұны естіген Сырым батыр өзін Россияның қас жауымын деп хабарлап, Бұқар әмірімен жақындасқан.

Бұдан басқа мақалада Исатай Тайманов пен Есет Көтібаровтардың да Сырым батыр сияқты қара шаруаның қамын ойлайтын, бірақ батырлықтарынан бұзықтары көп, Россия саясатына қарсы адамдар деп суреттеледі.

1822 жылы М.Сперанский жасаған «Сібір қазақтары туралы устав» шығып, осы уставқа байланысты Орта жүзде хандық өкімет жойылады. Енді, Орта жүз сегіз округке бөлініп, әрқайсысы округтік приказ болады. 50-70 үй бір әкімшілік немесе ауылды құрады. Бұл кезде Қазақстанның Оңтүстік аудандарындағы жағдай мүлде өзгеше болатын. Олар ХХ ғасырдың бірінші жартысында да Россия құрамына енбеді. Өйткені, Омар хан бастаған Қоқан феодалдары Түркістанды жаулап алады. Онсыз да кедей қазақ халқы қатты күйзеліске ұшырайды. Олар бектерге үй басы жылына 6 қой, 24 қап көмір, 4 өгіз жүгі сексеуіл, 100 бас қамыс беріп тұруға тиіс болған.

«Отечественные запискидің» 1873 жылғы 1-санында «И» деген автордың «Хивинское ханство» деген мақаласы жарияланды. Онда Шығыс елдерінің тарихын жазу әрқашан да тәлімді. Себебі, біздерге белгісіз өлкенің тарихы, салт-сана, дәстүрін білу ерекше қызық. Хива хандығы еркін Түркістан деп аталатын иеліктің ең ұсағы. Сонымен қатар қауіптісі деп оның тұрғындар құрамына сипаттама береді.

Қоңырат, осылай деп аталатын облыстың басты қаласы. Оның негізгі тұрғындары болып қырғыз даласынан қашқан қырғыздар мен қарақалпақтар есептеледі. Қоңыраттың орныққан жері Хивадан Үстірт арқылы Орынборға баратын Әмудария сағаларына жақын жатқан көш жолында болғандықтан әскери және сауда қарым-қатынасы жағынан өте пайдалы. Бірақ, осының бәрі де әзірге хивалықтардың қолында. Олар шекараны жиі бұзып, қырғыз-қайсақтардан алым-салық алып отырады.

Сондықтан орыстар мен Хива хандығының арасында көптеген келісулер болды. Соның бірі 1841 жылғы капитан Никифоров пен Аллақұл ханның арасындағы келісім еді:

1. Сыр өзеннің солтүстік жағасында көшіп жүрген қырғыздардың арасына салық жинауға жіберілген кез-келген хивалық бейбіт өмірді бұзушы ретінде өлімге кесіледі.
2. Борсық құмдарында, Ембі өзенінде, Теңіз жағалауларында, Қойқунақты аңғарымен Қарасу шығанағының жағалары және Үстірттің солтүстік бөліктерінде көшіп жүрген қырғыздардың арасына салық жинауға жіберілген кез келген хивалық ұсталып, өлімге беріледі.
3. Орыс империясына қарасты қырғыз ауылдарына олардың тыныштығын бұзу ниетімен келген хивалық ұсталып, өлімге беріледі.

Мұның бәрі де «Орыстың Азиядағы сауда мүдделерін қорғау, орысқа бағынған қазақтардың тыныштығын қамтамасыз ету, орыс тұтқындарын құтқару» деген дәлелдермен сипатталды. Ал, іс жүзінде 1839 жылы Орынбор генерал-губернаторы Перовский бастаған орыс әскерінің Хиуаға жорығы, 1841 жылғы капитан Никифоровтың Аллақұл ханмен келісімі де – Хиуаны жаулап алып, оны Россия империясына қосу болатын. Бұл әсіресе, Англия Ауғанстанды жаулап алғаннан кейін, Орта Азия халықтарына ағылшын агентурасы ене бастаған кезде, патша үкіметінің Орта Азияны агрессиялықпен жаулап алу саясатының күшейе түскенін көрсеткен болатын.

Осы оқиғаларға байланысты, яғни, Россияның Орта Азияда жүргізіп отырған саясаты туралы «Отечественные запискиде» көптеген материалдар жарияланды. Енді, солардың кейбіреулеріне назар аударып көрелік.

Алғашқысы «Очерк царствования Елизаветы Петровны» [122], деп аталады. Онда Елизавета Петровнаң мемлекеттің ішкі құрылымын дамытуға қосқан үлесі туралы айтылады. Әсіресе, оның Россияның оңтүстік-шығыс бөлігі және Сібірдегі отарлау саясатында қол жеткен табыстары мен жат елдіктердің арасына христиан дінін тарату, цивилизация енгізудегі ролін көрсетеді.

Мысал ретінде Орынбор губерниясының тарихы айтылады. Әсіресе, Е.Петровнаң патшалық құрған кезінде губернатор болған И.И.Неплюевтің жазбаларынан П.Рычковтың «Орынбор өлкесінің тарихынан және Н.Рычковтың 1769-1770 жылдардағы Қазан, Симбирск, Самар және Орынбор губерниялары туралы жазбаларынан» нақты деректер келтіріп, үзінділер беріледі.

Екінші бір мақала «Об экономических отношениях севера и юга России» [123],- деп аталады. «Россия мен Кіші Россияның қол өнер

заттары Россияға жіберілмейді. Соған карамастан орыстардың көптеген бұйымдары Украинада кенінен тараған. Қызык емес пе? Неліктен Украина тоқымшалары дайындаған колөнер заттары Австрияға тарап, Россияға жетпей калады?

Дәл осындай аңғал таңданушылықты біздің Волганың аралығындағы қырғыздар мен калмактардың адресіне де айтуға болады. Олар жылқының күйрық кылы мен жалынан мықты аркан, дүзактар, Россиядан оларға жүздеген мың нан мен тоқаштар жеткізілсе де, Волганың бер жағына жіберілмейді. Сөйтіп, әзірге экономикалық катынастар бір жақты ғана болып отыр. Келешекте бұл мәселені ескерген жөн деп аландатушылық білдіреді.

Журналдың 1877 жылы 12-санында жарияланған «Исчисление убытков, которые несет Россия от своих окраин» атты макала жоғарыда келтірілген мысалдың жалғасы іспеттес. Мұнда Россияның шет аймактары материалдық жағынан алғанда да оған ешқандай пайда келтірілмейді. Қайта зиян шектіреді. Мәселен, Веселовский шығыратын «Аппиаіче дес віпапсес чиссес»-тің 1875 жылы шыққан 6-шы басылымда орыс казыналығына каншаға түсіп отырғандығы жайында төмендегідей мәлімет жариялады:

1. Финляндия – 2. 367. 167 сомға, Кавказ бен Закавказье өлкесі- 19. 454. 258 сомға, Түркістан 5. 409. 130 сомға, Амур мен Примор облыстары – 1. 272. 677 сомға, барлығы – 29. 503. 232 сомға.

Сол басылымның хабарлауынша сол кездің өзінде таза кіріс беріп отырған шет аймактардың барлығы жазылды:

1. Польша хандығы – 1. 521. 345 сом.
2. Орынбор өлкесі Қырғыз даласымен коса есептегенде өзін-өзі қаржыландырып, тіпті 87. 352 сом, Батыс және Шығыс Сібір, Амур иелігін коспағанда 304. 439 сом кіріс берген.

Мақалада осындай салыстырмалы деректер келтіріле отырып, енді бірнеше ондаған жылдардан соң, тіпті одан да ертерек, казір бізге зиян келтіріп отырған шет аймактардың аз да болса кіріс әкелетіндіктеріне күман жоқ. Ендеше, бекерге қауіптенудің кажеті жоқ. Бәрі де жақсылыққа алып барады деп жазылған.

1866 жылдан бастап «Отечественные запискиде», «Біздің Орта Азиялық істеріміз» деген айдармен патша өкіметінің ішкі, сыртқы саясатынан хабарлар беріп отыратын материалдар жариялана бастады. Соның алғашқысы «Біздің Орта Азиямен сауда катынастарымызды дамыту және әскери қимылымызды өрістету үшін тұрақты шекара мен

ыңғайлы базис болу керек деген саяси талап біздерге Орта Азиядан не талап етеміз, қайда барамыз деген мәселені шешіп алу қажеттігін ескертеді. Ол үшін біздер әскери линия және әскери қимылының орталығы етіп Сырдарияны тандап алдық.

Бұл жерде біздер қокандықтардың биліктерін әлсіретпей, Ташкентті Қоканнан бөлмей, әскери шекараны қалпына келтіре алмас едік, әрі Орта Азия басты сауда орталығы болып саналатын Ташкентті басып алмай жағдайымыз түзелмес еді. Орта Азия шекарасындағы біздің қаруымыздың табысы, Ташкентті алуымыз, әсіресе, Түркістан облысын құруымыз Европада көп шу шығарды».

Екінші мақала «Наши Средне-Азиатские дела и отзыв о них газеты «Тимес» деп аталады. Онда «Біздің Европадағы саясатымызды айта отырып, біздің Орта Азиядағы ісімізді айтпай кетуге болмайды. Европадағы жедел дамып отырған мемлекеттердің бірі Англиямен біздің қарым-қатынасымыз ішкі-сыртқы саясатымызға байланысты болып отыр. Біз бұдан бұрын жазғанымыздай біздің әскер Ташкент қаласын басып алып, Түркістан облысын құрғанда Англияда, ішінара Францияда да әбігершілік түсіргенін айтқан болатынбыз. Екі жағдай да Францияның, әсіресе, Англия баспасөзінде біздің Азияны жаулап алу ойымыз туралы айқай-шу көтерді. Ағылшындар бұдан біздердің олардан Индия иеліктерін тартып алу күдігін көрсе, француздар жабайы азиат ордаларының орыстардың көмегімен Европалық цивилизацияға қарсы жорыққа аттанбақ деген фантазиясын тудырды. Француз журналистикасы, асқан қауіппен біздердің Азияның тереңінен Европа бағытына қарай қалмақ, башқұрт, қырғыз және басқа да көшпелі халықтарды Европаны жаулап алу үшін тасымалдауға арналған теміржол құрылыстарын салуға кіріскеніміз жайлы жаза бастады», - деп мәлімдейді.

Бұл екі мақаладан да біздер патша үкіметінің отарлау саясатын қалай жүзеге асырып отырғандығын, сол арқылы шет аймақтарға билік жүргізуді өз қолдарына алғандығын көреміз. XV ғасырдың басы мен XVII ғасырдың соңында Қазақстанда бірнеше феодалдық мемлекет болған. Ол кезде Орта жүзде Қасым, Шамаш, Бұйдаш хан, батыста – Ахмет хан, Жетісуда – Тұғым хан билік еткен. Ал, хандық болса атадан балаға мұра болып қалып отырған. Хан тағына туған бауырлары, онан соң ханның балалары, ақырында аға-іні балалары немесе аға-қарындас балалары отыруға құқықтары болған. Бір тоқтала кететін жай Қазақстанда XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында Жәнібек,

Токтамыс, Ешім, Шығай, онын баласы-Тұрсын, Шемек, Барак ханның баласы Бөкей қайтыс болған соң хан сайлау жойылған.

Жалпы, біздер “Отечественные запискидің” беттерінен қазақтың хан-сұлтан билері туралы түрлі тарихи деректерді көп кездестірдік. Онда хан, сұлтан, билердің халық арасындағы беделі, елді басқару принципі, патша үкіметіне адалдығы мен қатар басқа да қасиеттері сөз болады. Әбілқайырдың болашақ үшін жасаған ерлігін, көрегендігін мақтаса, Ешім мен Абылай ханның патша ағзамның көңілінен шығам деп халықты аяусыз жазалап, беделдерінен жұрдай айырылғандарын жазады. Осы оқиғаға керісінше орыс әкімшілігінің сеніміне ие болған сұлтандардың ролі арта бастады. Бұл туралы А.Левшин өзінің “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы” деген зерттеуінде: “Сібір генерал-губернаторларының басшылары сұлтандардың көмегі арқылы шекара бойындағы әскери күштерін оңай нығайтып алды. Осыдан барып қырғыздардың линияға шапқыншылығы азайып, тұтқын алу фактісі де жойылды. Қырғыздардың өз ішінде хандар мен төлеңгіттердің араласуымен жиі болып тұратын барымта, орыс мемлекетін арқа тұтып, сұлтандар мен билердің батыл күрестерінің нәтижесінде іске асырылмай тасталды”, -деп көрсетті.

Сұлтандар өздерін орта орданы құрып, билік жүргізген хандардың ұрпағымыз деп санаған. Кезінде сұлтан атаулының барлығына да ел билеп, болыс басқару жазбаған. Көбіне олар өздеріне бағынышты ондаған құлдар мен бөлек тұрған. Әйтсе де дүйім елді аузына қаратып, сөзін өткізген, өз ісіне тиянақты, көзі ашық сұлтандар болған. Оларға кедей халық Төре сұлтан, Батыр сұлтан деп тағзым етіп, мұн-мұқтаждарын айтып, көмек сұрап отырған.

Осындай сұлтандардың бір тобы жайында Бас штабтың капитаны Шулық: “Қырғыздар сұлтандарды жеке істері бойынша орыс әкімшілігіне жібергенде оны қолтығынан демеп, атына мінгізіп, оң сапар тілейді. Сұлтандар олардың көзінше орысша білсе де қасақана тілмаштар арқылы сөйлеседі. Ал, шекара бастығына өз өтініштерін мақұлдатып алған соң, қажетті құжаттарды даярлап өткізуге асықпайды. Керісінше, өз істеріне жауапты, не істесе де ақылмен істейтін Қарқаралы округінің чиновнигі, подполковник Торсық Шыңғысов, Бөкей ханның немересі Қозы Бөкеев, аула ақылшысы Әли Қакшалов, Уәли ханның әйелі Айқаным, Күшік Әбілпейісов, Бопа Тәшенов, Пішен Орысов, Досан Ханбұбин және оның баласы Қылыштың орыс халқы мен қырғыз халқын

жақындастыруға, бауырластыруға сіңірген еңбектері зор” [124].-деп мәлімет берген.

Билер ру басшысы қызметін атқарған. Олар көбіне өз туыстарынан тұратын ауылды басқарумен қатар, халық арасында сұлтандарға қарағанда әлдеқайда беделді болған. Ел ішіндегі дау-жанжал, жеке бастың мәселесі, күн, айып төлеу істерін де билер шешкен.

Броневский билердің сұлтандарға қарағанда халыққа біртабан жақындығын, адалдығын, әділдігін журнал бетіне: “Кейбір билердің адалдығы сондай, оларға басқа шалғай болыстан адамдар да келіп, өздерінде әділ шешілмеген істі қайта қарауға өтініш білдіреді. Мұның өзі олардың халық арасындағы беделін арттырып, Россияға адал қызмет істеуіне мүмкіндік туғызды” [125].-деп жазыпты.

Ол кезде тарихи жағдайлардың салдарынан барлық қазақтарды басқару жүйесі әртүрлі болды. Мәселен, Ішкі Орданың қазақтары Орынбор шекаралық комиссиясына бағынышты болғандықтан Ерекше Кеңеспен басқарылды. Оның барлық мүшелері жергілікті жерден де, тек біреуі ғана орыс чиновнигі.

Сібір қырғыздары округтер мен әкімшіліктерге де бөлінген. Немесе, округтік приказдар деп аталатын әкімшіліктің маңына топтасқан. Округтер болысқа, болыс ауылдарға бөлінеді. Мысалы, Үлкен Орда – Ұлы жүз ХІХ ғасырдың басында барлық қазақтар сияқты Россияға бағынышты болғанымен, бірақ Қытай мемлекеті оларды өз иеліктері деп санаған. Ал, патша үкіметі болса, қытайлықтарға қарсы шара қолданбаған. Сондықтан, Құлжаның Жан-Джуны (әскер губернаторы) әлі жеткенше алым-салық жинап, жетпегенін өз қызметшілерінің еңбек ақыларынан қосып, Пекинге Орта Орданан жиналған байлық ретінде жіберіп отырған.

Бұл жерде сол кезде казак халқының үш жақты езгіде болғандығын, патшалық Россия мен Қытайдың және Бұхарлықтардың ел байлығын арсыздықпен тонап, жемтікке таласқан күзғындардың ролін орындағанын жасыруға болмайды. Ал, қытайлықтардың тек Ұлы жүзден емес, Орта жүзден де сонау Қарқаралы, Баянауыл жерлеріне де барып зекет, алым-салық жинағандары тарихи шындық.

“Орынбор ведомствосы қырғыздарының даласы 1825 жылы үшке бөлінген болатын. Қазір ол төртеу болуға тиісті. Батыс бөлігі – Орал, Қобда және Ембі өзендерінің аралықтарындағы кеңістікке орналасқан. Шығыс бөлігі белгілі ендікке – Солтүстіктен оңтүстікке Ұя өзенінен бастап, бұрынғы Ақмешіт бекінісіне дейін созылып жатыр. Орта бөлігі –

осы екі шеткі бөліктердің аралығында жатыр. Және оңтүстікке қарай – Арал теңізіне дейін жаймаланып жетеді. Төртінші бөлік-өзіне бүкіл – Үстіртті камтиды және Ембі өзені мен Каспий теңізінің шығыс жағалауларының аралықтарында жатқан кеністікті қосып алады» [126].

Міне, осындай әрбір бөліктің қазақтарын билейтін басшы адамдарды Орынбор Бас басқарамасының ұсынуы бойынша Жоғарғы өкімет тағайындайтын болған. Ондай басшы әрқашан сұлтандардың тұқымынан шыққан мемлекетті қызметте тұратын жергілікті қазақтардың сайланған. Олар Шыңғысханның ұрпағынан шыққан, сұлтан-билеуші деген атақты иемденген.

Әрбір сұлтан-билеуші өзіне тиісті әскери шені бойынша, немесе, ежелден келе жатқан дәстүрге байланысты «Жоғары мәртебелі» деген сый-сипатпен қошталып отырылады. Мұндай қошамет атау Хива хандарына да тән. Сұлтан-билеушіге мемлекет тарапынан еңбек ақы және астық бөлінеді. Ол өз қарамағандағыларды өзі сияқты сұлтандардан, қара халықтың ортасынан шыққан билерден тұратын көмекшілері арқылы басқарады.

Даланың әр бөлігі, әр сұлтан билеушіге қарайтын бағыныштылары билермен басқаратын арақшықтарға бөлінеді. Ал, әр арақшықтықтар бірнеше ауылдардан, жекеленген көшпелі тұрақтардан – ауыл старшындарымен, старосталарынан, ақсақалдарынан басқарылатын биліктерден тұрады.

Батыс және төртінші бөлік Хива хандығының қол астына қарайды. Ал, Шығыс бөлік болса, ол да географиялық жағдайларға байланысты бұқарлықтардың ықпалына берілген.

Иә, журналдың кезінде қалың бұқараға үстемдік жүргізген хан, сұлтан, билер туралы мәлімет беріп, материалдар жарияланғанын құптамасак, теріске шығармаймыз. Себебі, жоғарыда келтірілген мысалдардың қайсы бірінен болсын тарихи шындықтың белгісі, демократиялық-реалистік бағыттың нышаны соғып тұр. Расында, Әбілқайыр ханның Қазақстанның Россияға бағынуыға тигізген әсерін, сұлтандардың хандықтарды жоюға қосқан үлесін, билердің халықтың әділдік пен адалдыққа деген күштарлығын арттырғанын тарихтан сызып тастай алмаймыз. Міне, біздіңше «Отечественные записки» журналының қазақ тақырыбын жазудағы тарихи құндылығының бір ұшы осында жатқан сияқты.

3 XVIII – XIX ғасырлардағы Түркістан өлкесінің отарлануы және оның табиғи байлықтарының талан-таражыға түсуі

XIX ғасырдың екінші жартысындағы патшалы Ресейдің саяси картасында қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы (Шымкент округі) 42 пен 45 ендіктің және 84 пен 89 бойлықтың аралығымен шектелген. Яғни, оның 1867 жылға дейінгі шекарасы солтүстігінде – Шу өзенінің ағысы мен Алатау өлкесі және Саумалкөл мен солтүстігінде Сарысу өзені бойындағы Сібір қырғыздары облысымен, батысында Түркістан ауданымен, оңтүстік батысында Сырдария өзенінің ағысы және Бұқара шекарасымен, оңтүстігінде – Ташкент ауданымен, шығысында - Әлиеата өлкесі және Аксай тауының сілемдері – Бадамбасы, Сайрамбасы, Машатбасы белгіленген [127].

Бұл алқап-шығыстан батысқа қарай Боралдай және Қаратау тауларымен қиылысып, теңдей екі бөлікке бөлінген. Қаратаудан Шуға дейінгі солтүстік бөлігі Талас өзені арқылы тағы екіге бөлінеді. Өлкенің солтүстік бөлігі қалың сексеуіл басып жатқан күмнан тұрады. Ал ұсақ төбешіктерге толы келесі бөлігі оңтүстіктен солтүстікке (Таласқа дейін) созылып жатқан Қаратау сілемдерімен қиылысқан. Осы алқап Боралдай мен Қаратаудан бастау алатын өзен суларынан нәр алып отырған.

Сондықтан, бұл өңірдің солтүстік бөлігін қазақтар тек қыс айларында ғана жайлаған. Өйткені, осы аймақ отын молшылығымен (сексеуіл, жыңғыл) жайылым, тебіндігінің шүйгінділігімен ерекшеленген. Мұнда негізінен бестанбалы мен дулат рулары мекендеген. Жазда бұл маң елсіз бос жатқан. Тек, Талас өзенінің бойында ғана бірін-саран егіншілер бой көрсеткен. Керек десеңіз жазда бұл жерді аңдар мен жабайы малдар да тастап кетіп, олар да қазақтар сияқты тауға қоныс аударған. Ал, көл маңайындағы қалың қамыс үшін, тек жолбарыстар, қояндар мен есепсіз бүйілер және шаяндар ғана мекен еткен. Алайда, қыста осы аймаққа күндіз көшпенділердің малдары азан-казан жан бітірсе, түнге қарай олардың өздері әр тұстан от жағып, тіршілік нышанын білдірген. Өлкенің оңтүстік бөлігінде тіршілік тамыры қысы-жазы әлдеқайда қаттырақ соққан. Бірақ, ол тек өзенді жерлер мен бастау, көлдердің маңайындағы ғана көрініс еді. Ал, таулардың құлама еністері аса көп тіршілік нышанын сездірмеді. Мұнда егіншілер тұрғызған қостар көңілге медет болатын. Себебі, олар өз егіс алқаптарын көктем, жаз, әсіресе, күз айларында әр нәрседен қорғанған, тыным таппайтын.

Шымкент өлкесінің бір бөлігі Қаратаудың оңтүстік беткейінен Сырдарияға дейінгі аралықты алып жатты. Әсіресе, Арыс пен Келес өзендерінің аралығында қоныстанушылар саны көп болатын. Олар тау мен өзен маңайында шоғырланып, жыл он екі ай бойы Қаратау, Боралдай тауларының баурайларын түгелдей және Машат, Ақсу, Сайрам, Бадам өзендерінің сағаларын мекендеген. Өлкенің бұл бөлігі судан тапшылық көрмегендіктен астықтан мол өнім алуға қол жеткізген. Мұнда сарттар тұратын жеті қала және қазақтар мекендейтін бірнеше қорғандар болған. Бұл өлке шығыстан батысқа бағытталған. Тіпті, Боралдай мен Қаратаудың беткейінен бастау алатын өзендердің өздері де оңтүстік батысқа қарай ағады. Бұған Боралдай өзенін, екі Бөген (үлкен және кіші), Шаян өзендерін де қосуға болады. Ал Арыстанды өзені тіке батысқа бағытталған [128].

1. Шу өзені 700-900 шақырымға созылған. Ол аздаған еңістіктер арқылы тура батысқа қарай ағып, Түркістан облысын Алатау округінен бөліп жатан. Бұл өзеннің суы мейлінше көп болғанымен, су арқылы қатынас тек ескі Шу өңірінен басталатын болған. Міне, осы жерден жоғары қарай өзеннің ағысы жылдамдап, бірнеше саяз тармақтарға бөлінген. Мұнда балықтың жайын, лақа, бекіре сияқты түрлері болған. Өзен әсем табиғат аңғарымен ағып өтіп, әрі қарай айналасын сексеуіл басқан жансыз құм арқылы жылжыған. Осы төңіректегі аң-құстардың шөлін кандырып отырған.

2. Талас өзені де осы алқапты шығыстан батысқа қарай кесіп аққан. Ол өз бастауын Орман тауы, Александров кыратына және Ақсай тауын жалғастырып жатқан жотадан өзіне жол ашып, қазақ сақарасына ғасырлар бойы нәр беруде. Бұл өзеннің тағы бір қасиеті – ол Қаратау мен Боралдай тауларының ара жігін ажыратып жатқандығында. Талас өзені ағысының ең шеткі нүктесі – Қаракөл көлі. Ондағы балықтың түрлері Шу өзеніндегідей. Сол кездің өзінде Таластан тартылған арықтар арқылы өте көлемді егіс алқаптары суландырылған. Әсіресе, солтүстік жағалауында. Одан алынған өнім көрсеткіші де жоғары болатын. Осы арада Талас өзенінің бір тармағы болып есептелетін Асы өзенінің ерекше мәніне тоқтап өткен жөн. Себебі Асы өзені де қамтыған барлық алқапты суландырып, қазақтардың күнкөрісін жеңілдеткен. Бірақ оның суы Белкөл және Ақкөл, екі көлдің деңгейін үнемі толықтырып, басып өтетін болғандықтан, әсіресе жаз айларында Таласқа жетпей жерге сіңіп, буланып кетіп отырған.

3. Кезінде таулы аймақтың оңтүстік беткейінен бастау алған Арыс өзені де ерекше назар аударған. Ол солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай шұрайлы алқаппен 300 шақырым жерге созылған. Арыс – Қараспаннан 70-80 шақырым төменнен бастап, Сырдарияға құятын сағасына дейінгі аралықта бір арнамен ағады. Оған барлық сахара өзендерінің ерекшелігі тән. Өткен ғасырда өзеннің тап осы бөлігі кеме қатынасына жарамды әрі балыққа бай болған. Арыс өзені жоғарыда айтқан Қараспан жерінен бастап Шымкент өлкесін Түркістан аймағынан бөліп жатқан.

4. Машат пен Аксу өзендері. Сол кездегі қазақ тұрғындарының айтуы бойынша, бұл өзендердің аңғарларынан алтын кездескен. Екі өзенде де Машат пен Арысқа құяр аралықтағы алқаптарды суландыруға пайдаланған. Ал, Аксудың соңғы 20 шақырымы (Арысқа құяр алдындағы) мал шаруашылығы, егіншілік үшін қолайлы болған.

5. Бадам мен Сайрам өзендері. Бұл өзен аңғарларынан да алтын табылып, орыстар алтын өндіру орындарын салуға қаракет қылған. Олардың алқаптары су қорына мол болғандықтан, негізінен егіншілік шаруашылығына пайдаланылған.

6. Боралдай, Шаян, Арыстанды, үлкен және кіші Бөген өзендері. Бұлар неғұрлым аумақты егін, жемшөп аймақтарын суландыру мақсатында пайдаланылған. Сондықтан, Боралдайдан Арысқа келіп құятын су мөлшері азайып, кеміп кеткен. Бөген, Шаян, Арыстанды сулары да арық арқылы алқаптарға тартылған. Бөген өз суын Сырдарияға жақын көлге құйған. Осы өзендердің бойын көптеген жабайы шошқа, қасқыр және су құстары мекендеген. Құстардың көпшілігі суықта жылы жаққа ұшып кетпей, қыстап қалып отырған.

Көлдер. 1. Саумалкөл немесе Текекөл-өте үлкен көл болып саналған. Ол өзіне Шу және Сарысу өзендерінің суын қабылдаған. Жан-жағы қамыспен көмкерілген осы көл-балыққа, құстар мен аңдарға толы болған.

2. Ұзындығы 80 шақырым, ені 20-30 шақырым болып келетін, өзіне Талас өзенінің суын қабылдайтын Қаракөл де балыққа, құстарға және аңдарға толы болыпты. Бұл кезінде бір топ маңызды бұғаздар арқылы жалғасып жатқан тұтас көл екен. Тек соңғы жүз жылдықта бірте-бірте тартылып, кеуіп бара жатқанға ұқсайды. Себебі, оның айналасында аттақырға айналып кеткен көлдер көп. Олардың көпшілігі талас өзенінің суымен үнемі толықтырылып отырылмағандықтан кермек тартып, сорлана бастаған. Ал жергілікті халық 1860 жылдардың шамасында:

«Осыдан 20-30 жыл бұрын ғана бұл көлдердің суы тұщы болған және бір-бірімен тығыз байланысты жатқан», - деп әңгімелеген.

3. Белкөл-ұзындығы 10-15 шақырым, ені 2-4 шақырым болып келетін шағын көл болғанымен, шаруашылық үшін маңызы зор болған. Оның айналасы шалғынға толы, жері суландыруға ыңғайлы, бұта, шенгел, төңірегі аң-күстың базарына айналған. Сондықтан қысы-жазы оның басынан адам арылмаған.

4. Аккөл де Асы өзенінің суын қабылдап, оны Таласқа жіберетін болған. Көлдің айнала ұзындығы 5 шақырымға дейін жетіп, айналасы көкорай шалғын мен құнарлы топырақпен тұрған.

...Бірнеше ащы көлдер бар [129].

Таулар. 1. Боралдай. Боралдай және Бөген өзендері бастау алады. Жоғарыда көрсеткеніміздей бұл өзендер – суы мол, балыққа, жан-жануарларға бай, егістік алқаптарын суландыру үшін өте қолайлы болған. Бұл тау сол кездің өзінде еркін саудамен айналысатындардың назарын аударып, өндіріс орнына айналған. Себебі, таудың жоғары ормансыз жалаңаш баурайынан алтын қоры табылып, оған қосымша тас көмір, темір кен орындары ашылған. Сондай-ақ, Боралдайда жабайы шошқа, марал, арқар, тау ешкі, бұғы, тау барысы, шиебөрі, қасқыр, аю басқа да аң-күстардың түрі көп болған.

2. Қаратау. Оның биіктігі 2 мың метр. Ең биік тұсы Мыңжылқы деп аталады. Қаратау Түркістанға қарама-қарсы маңдай түйістіріп жатыр. Қаратаудағы Батпақсудан жер асты кендерінің мол қоры ашылған. Түркістанға жақын жерден құрамында сапалы қорғасыны бар кен орны табылған. Қазақтар қорғасын шығаруды қокандықтардың тұсында игеріп, Қокан, Ташкент, Бұқарға сату үшін тасымалдап отырған.

3. Енді Аксайдың шоқыларын зерделейік. Қазыкүрттың биіктігі 4 мың метр. Қазақтардың ұғымында бұл Арарат секілді киелі тау. Себебі, ертеде жер бетін топан су басқанда Қазыкүрттың басына Нұқ пайғамбардың адам баласы мен жан-жануардың тұқымын су тасқынынан құтқарған кемесі тоқтаған.

4. Бадамбасы, Машатбасы, Сайрамбасы бұлардың беткейін өткен ғасырда қазақтардың көкорай шалғынға толы жайлаулары алып жатқан. Сондай-ақ, Машат, Аксу, Сайрам, Бадамның сулары көлемді егіс алқаптарын суландыруға қолданылған. Төбе, жазық, тау беткейлері мен сайсала, тіпті, құлама жарларда барлық жерді егіс алқаптары алып жатқан. Тауда жабайы шошқалар мен қасқырлар малдармен араласып, толып жүрген [130].

Ауа райы. Жазда (тау аймақтарын есептемегенде) ауа барлық жерде бірдей ыстық, құрғақ болған. Мұнда жауын-шашын қазан немесе қараша айларынан басталған. Рас, кейде жауын ол айлардан ертерек те түскен. Бірақ, ол сирек кәрініс. Сондықтан, бұл өлкеде 3-4 мың метр биіктіктен басқа жерлерді тек суландырылса ғана күнды болып саналған. Осыны еске сақтаған қазақтар ыстық өз күшіне енген күннен бастап, бірте-бірте тауға қарай биіктей берген. Тек, егіншілер ғана орын ауыстырмаған.

Қазан немесе қараша айларынан бастап бұл өлкеде жаңбыр немесе қар жауып, аяз басталған. Жаңбырлы қыста жауын қыркүйекте басталып, маусымға дейін толастамаған. Көп жағдайда жаңбыр қарға ұласқанымен, ертеңінде еріп кетіп отырған. Ал қатал аязда, қыста, күз айлары құрғақ болып келеді. Бұл өңірде 25 аяз тек қараша айының екінші жартысынан басталған.

Қардың қалыңдығы кейде бір кезге дейін жетіп (кез деген ұзындық өлшемі, шамамен 71 см) бір-екі ай қатарынан жататын кезі болған. Кейде, керісінше, қыс бойына үш-төрт күн, әрі кетсе, бір-екі апта, бір ай ғана жауып, еріп кеткен. Өзен сулары қараша айының соңы мен желтоқсан айының басында қатып, ақпан айының екінші жартысында сең жүре бастаған. Айтты, айтпады тауда қар өте көп мөлшерде түскен де, таудың биіктігіне қарай мамыр, шілде, тіпті тамыз айларына ұзақ уақыт бойы ерімей жатқан. Осы таулардың ішінен Ақсай ғана мәңгілік қар жамылған.

Жаз қазақтар үшін ұзақ та, қатал қыс сынынан соң мереке, демалыс болып саналған [131].

Өлкені негізінен қазақтар мен сарттар (өзбектер) мекендеген. Сарттар бұл өлкенің жеті қаласында – Шымкент, Сайрам, Манкент, Қарабұлақ, Қарамұрт, Сұлтанрабат, Жаншанғылық және Шолаққорған (бұл сегізінші қала кокандықтар тұсында Түркістан құрамында болған. Сол себепті Жетікент қатарына қосылмаған) мен Тоғызлау және Құмыш сияқты шағын қорғандардан тұрған. Олардың жалпы саны:

Шымкентте	756 үй
Сайрамда	1000 үй
Манкентте	322 үй
Қарабұлаққа	550 үй
Қарамұртта	250 үй
Сұлтанрабатта	68 үй
Шолаққорғанда	19 үй

Тоғызлауда 19 үй

Жаншаңғылықта 38 үй

барлығы – 3084, 1520 адам болған. [132]

Тарихи аңыздарға сенер болсақ, бұл өлкенің отырықшы халқы қарастырып отырған кезеңнен бұрын он есе көп болғанға ұқсайды. Моңғол шапқыншылығына дейін Сайрам 50 мыңдай қора-қопсысы бар, көлемі 80 шақырымға жететін үлкен қала болған. Әзірет сұлтанның арғы атасы Исакебаб осы қаланың халқын күштеп мұсылман дініне бас идірген. Бұдан кейін қала халқы екінші рет Галяку бастаған қалмақтардың қырғынына ұшыраған. Қалмақтар бұл жолы қаладан 40 мың отбасын кейіннен жаңа Сайрамның негізін қалаған Қытай Түркістанына алып кеткен. Сол Сайрам қаласының қалдығынан кейіннен Жетікент (Жетікала) пайда болған.

2. Қазақтар. Өлкеде негізінен (күрамында аздаған Орта және Кіші жүздің адамдары бар) Ұлы жүздің қазақтары мекендеген. Үлкен Орданың казак даласының оңтүстік шығысында жатқаны белгілі. Сондықтан, Ұлы жүз халқының бір бөлігі Алатау өлкесінде, бір бөлігі қытай жонғарында, үштен бір бөлігі Ташкент аймағында өмір сүрген. Осы Үлкен Орданың басты рулары болып – Дулат, Жалайыр, Албан, Суан, Шапырашты, Ысты, Сіргелі, Ошақты, Қаңлылар саналған. Онда жоба-мәліметтерге карағанда 95 мың отбасы болған. Оның 46 мыңы Алатау өлкесінде, 15 мыңы қытайдың жонғарында, 34 мыңы Түркістан облысында, ал 17 мыңы Шымкент өлкесінде тұрған.

Енді осы өлке қазақтарының жазғы және қысқы қоныс аудару бағыттарымен, отбасымен, егіншілік кәсібімен танысып көрелік. Алдымен Дулат руына жататындар хақында.

1. Тоғыз мың отбасынан тұратын шымырлар - Әулиеатада, Шымкент өлкелерінің жерін мекен еткен. Қыстаулары Белкөлдің маңындағы Әулиеатадан 50 шақырым жердегі Ұя өзенінің сол жақ жағалауы Боралдай және Құлынды далаларының оңтүстік беткейлері, Арыс және Белкөл аймағын алып жатқан.

2. Сикым бес мың отбасынан тұрады. Жартысы Алатау өлкесінде. Шымкенттегілері екі жарым мың. Олар шымырлармен бірге өмір сүрген. Негізінен Машат өзенін бойлай егіншілікпен айналысқан.

3. Жаныс жеті мың отбасынан тұрған. Жартысы Алатау өлкесінде. Шымкенттегілерінің саны екі жарым мың. Қыстаулары Қазықұрт тауының (Қазықұрт Шымкенттен оңтүстік бағытта 20 шақырым жерде) баурайы мен Келес өзенінің бойындағы Шарапхана (Шарапхана

Шымкенттен 45 шақырым жерде) маңайында орналасқан. Жайлаулары мен егіс алқаптары Асы, Сайрам және Бадам (Бадам Шымкенттің шығысында) өзендерінің жоғары ағыстарының бойында жатқан.

4. Ботбай алты мың отбасынан тұрған. Жартысынан астамы Алатау өлкесінде. Шымкенттегілері 400. Жазғы және қысқы коныстары, егіс алқаптары Арал бойында және Сайрамның маңында болған.

5. Сарыүйсін бес жүз отбасынан тұрған. Шымкенттегілері 150. Қалғандары Алатау өлкесінде сиқымдармен бірге көшіп-конып жүрген.

6. Қасқарау бес мың отбасынан тұрған. Және Сұлтанкелді бес жүз отбасынан тұрған. Олардың бәрі де Алатау өлкесін мекендеген.

7. Сіргелі бес мың отбасынан тұрған. Бәрі де Шымкент өлкесін мекен еткен. Байжігіт, Қарабатыр және Батырлар қыста Бестаңбалыны, жазда Қаратаудың оңтүстік баурайындағы үлкен және кіші Бөген, Шаян және Сасық бойын жайлаған. Екіншілікпен де осы, алқапта шұғылданған. Сіргелінің қалған жартысы қыста Сырдарияның оң жақ жағалауы мен Келес, Арыс өзендерінің бойында, жазда Бадам, Келес, Аксу өзендерінің жоғары бөлігінде отырған. Олар екіншілікпен Келес өзенінің бойы мен Арыс өзенінің Қараспан төменгі бөлігінде шұғылданған.

8. Бестаңбалы бұл бес рудың бас қосып, тізе қосуынан пайда болған әкімшілік бірлік (қоқандықтардың тұсында). Ол рулар – ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр және жаңа ғана айтылып өткен сіргелі рулары.

9. Ысты төрт-бес мың отбасынан тұрған. Оның үштен бірі Алатауда. Қыстаулары Талас пен Шу өзендерінің аралығы және Қаракөл маңындағы күм. Жайлаулары Қаратаудың баурайлары мен Таластың сағалары. Егіс алқаптары да осында болған.

10. Ошақты екі мың отбасынан тұрған. Ыстылармен бірге көшіп-конып жүрген. Екіншілікпен Шаян, Талас өзендерінің бойында айналысқан. Шапырашты он екі мың отбасынан тұрған. Шымкенттергілері 250. Олар ошақтылармен бірге Қарабұлақ пен Сайрам қалаларының маңын иемденген. Қалғандары Алатау өлкесін мекендеген.

11. Жалайыр он екі мың отбасынан тұрған. Шымкенттегілері 100. Бұлар да ошақтылармен еншілес болған. Қалғандары шапыраштылар сияқты Алатау өлкесін мекен еткен.

12. Қанлы және Шанышқылар бес мың отбасынан тұрған. Олардың төрт мың түтіні Ташкент аймағына қарасты Шыршық өзенінің жоғарғы бөлігін иемденген.

13. Албан мен Суан жиырма бес мың отбасынан тұрған. Олар негізінен Алатау аймағы мен Қытай жонғарына тұрақтаған.

14. Орта жүздің (екі жүз отбасы) арғындары мен наймандары өлкенің бар түпкірінен кездескен. Алайда олар Сайрам маңына көбірек шоғырланған.

15. Мұнда Орта жүздің кыпшак руы мен Кіші жүздің бір-екі руларынан да екі жүзге тарта отбасы болған. Олар негізінен Шымкент қаласының маңында тұрған [133].

Көшпелі халықтың саны. Отырықшы халықтың санын шамамен үйлердің есебінен анықтауға болады. Егер әр үйде, орта есеппен бес адамнан болған десек, онда 3084 үйде 15-16 мың аралығында адам болғаны. Ал сол кездегі көшпелі халықтың санын қандай тәсілмен анықтауға болады. Бұл жерде ештеңені басшылыққа ала алмайсың. Нақты әрі сенімді деректер жоқ. Бұрын да олардың түтін санын ешкім білмеген. Біз қарастырып отырған кезеңде де бұл мәселе шешіле қоймаған. Себебі қоқандықтарға да, қазақтардың өздеріне де түтін санын есептеудің қажеті болмаған. Олай дейтініміз қоқандықтардың тұсында жеке адамның қажеті болмаған. Олай дейтініміз қоқандықтардың тұсында жеке адамның басына немесе түтін санына байланысты салынатын салықтың түрлері болған жоқ. Ал тұрақты анықталған, анықталмаған және уақытша деп аталатын алым-салық түрлерінің түтін санына ешбір қатысы болмайтын. Сондықтан, мал шаруашылығымен егіншілікке байланысты алым-салық түрлері тек қана заттай алынып отырылған. Осыған қарағанда қоқандықтар әкімшілік тұрғыдан алғанда түтін санын білудің қаншалықты пайдалы екендігін түсінбеген. Керек десеніз, орыстардың өздерінің де кезінде, түтін сөзінің дәл анықтамасы мен оның қай бірлікке жататындығын (санактық па, әлде әкімшілік пе?) білмей, дәл болғандығы таңданарлық іс.

Сонымен, түтін ретінде нені қабылдауға болады? Қазақтың бір киіз үйін бе, жоқ әлде отбасын ба? Егінші тұратын қамыс күрке, жер үйшік немесе балшықтан соғылған жаппа ма?

Әр уақытта қазақтың екі-үш немесе одан да көп киіз үйі болса, ал байларының киіз үйлерінің саны бестен онға дейін жеткен. Сондықтан, әр ауылдың үшінші не төртінші бөлігі тұтас бір отбасының иелігіне жатқан. Осыған қарама-қарсы көпшілік кедейлердің жеке киіз үйлері болмаған. Олар көбіне күркелерде немесе екі отбасы бір баспада тұрған. Мысалы, егіншілердің күркелерінде екі, үш, тіпті төрт отбасы бірігіп өмір сүрген кездері болған. Сондықтан, жоғарыда атаған баспананың кез

келгені әкімшілік бірлік немесе жалпы отбасының саны ретінде қабылданбауға тиіс.

Отаршыларға бұл мәселені шешу оңайға түспеген. Ал, орыстарға казактардың өздері айтқан баспана саны да, халық есебі де нақтыланбаған. Нақты деректерге сүйенбеген бос долбар болып шықты. Сол себепті де, кезінде орыс миссионерлері көрсеткен сан казак халқының нақты есебін көрсетпейді. Олар мұнда XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында барлығы 45 мың көшпелі казак болған деген қосымша деректі көлденең тартады. Бірақ бұл біздің ойымызша, сол кезде Шымкент өлкесін мекендеген халық санының тең жарымы ғана [134].

Сөйтіп, біздер қолымызда ешқандай айғақты дерек болмағандықтан өлке тұрғындарының санын есептен шығаруды айтарлықтай қиындықтарға ұшырадық. Әйтседе, өлкенің сол кездегі егін шаруашылығы ісімен таныса отырып, ондағы халық саны жөнінде мынадай пайымдаулар жасадық.

Өткен ғасырда Шымкент өлкесі казактарының 4800 егіншілік костарымен, жоңышқаға арналған мыңнан аса десе жері болған (Десятина орыстардың 1,09 гектарға тең өлшем бірлігі). Егер әрбір коста 2-3 адам жұмыс істеді десек, онда барлығы 10 мыңға жуық егінші болған. Бұған жоңышқаны игеру үшін сарттарға (өзбектерге) жалданған. Сарттардың 1000 егістік костары болған. Сондықтан оларға кемінде 3200 егінші қажет еді. Оған жоңышқа өсіру үшін жалданатын 100 адамды қосыңыз. Сөйтіп, кезінде егістік алқаптарында істейтіндердің тең жарымы жалданған казактардан тұрған десек асырып айтпағанымыз. Себебі олар табиғатынан билікке құмар, өзін көпес, бай, қожайын ретінде көрсетуді ұнататын жандар екендігі белгілі. Оның үстіне мыңнан астам Шымкент казактары Ташкентте өз бақтарын сынағанын айтсақ, онда дала жұмыстарымен айналысқан казактардың саны 12-13 мыңға жеткен. Ол кезде дәл осыншама адам ауылдағы мал соңында болуға тиісті. Себебі, казактар қокандықтардың тұсында да, орыстардың тұсында да ешқандай алдамшы тыныштыққа сенбеген. Әрі өткен ғасырда жиі болып тұрған барымта кәсібі де оларды сақ болуға міндеттеген. Сондықтан, қойлы ауылдарға және ауылдан 50-100 шақырым қашықта жайылатын жылқы мен түйелерді барымташылардан қорғайтын күш керектің. Оның үстіне ауылдағы басқа жұмыстарды атқару үшін және мініске ат пен түйелерді бағу үшін де біраз адамдар бөлінген. Сондай-ақ, казактар тамаша керуен айдаушылар деп саналған.

Мысалы, осы керуен басының карауында 3-4 түйе болса, онда осыншама малды қарайтын 500 лаушы қажет екен (лаушы-түйе айдаушы, оның міндеті жол бойы түйелерді бағып-күтіп, жүктерін, артып, аман-есен сақтау). Бұл орайда есте сақтайтын бір жай, тек кедей казактар ғана егістіктерде жұмыс істеп, мал бағумен және көш айдаумен айналысқан. Сонымен жоғарыда айтқандай кара жұмыспен айналысатын 12 мың адаммен қатар, бұл өлкеде ең кемінде ауыр жұмыспен шұғылданбайтын 10 мыңдай бай казактар тұрған. Осының барлығын сараптай келіп, XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында Шымкент өлкесінде жұмысқа жарамды 22 мың еркек және соншама әйел тұрған деп қорытынды шығаруға болады. Осыдан барып мұның отбасындағы балалар санына сәйкестігін ескерсек, өлкедегі тұрғын халық санының (казактардың) 100 мыңнан асқанын немесе 100 мың мен 110 мыңның аралығында болғандығын көреміз [135].

Қокандықтар тұсында өлкеден казынаға түскен пайда көзі қандай болған. Қокан билеушілерінің казактардан алатын алым-салықтарының ең табысты көзі қой малынан зекет түрі болыпты. Жыл сайын олар осындай алым-салық жинау жолымен, тек бір Шымкент өлкесінің казактарының өзінен-ақ күміс ақшамен санағанда 50-80 мың сом аралығында таза пайда тауып отырған. Мұның өзі казактардың тұрмыс жағдайы мен зекет жинаушы төрелердің ептілігіне байланысты болған. Егер қыс жайлы болып, қой түлігінің өлім-жітімі аз болса, зекет жинау жұмысы қызу басталып кеткен. Мысалы:

Бестаңбалылардан	8000-10000 қой
Сіргеліден	6000-8000 қой
Сыйқымнан	2000-2500 қой
Шымырдан	2000-2500 қой
Жаныстан	2000-3000 қой

барлығы 20000-25000 қой басы жиналған [136].

Жоғарыда біздер зекет жинаушы төрелердің ептілігі туралы тегін айтқамыз жоқ. Себебі казактардың оларды алдауға тырысып отырғандықтары анық. Бұл жерде казактар малдарының тең жарымын немесе үштен бір бөлігін жасырып қалып отырған. Осы арайда зекет жинаушылардың өздері де казактармен келісе отырып, Қокан мемлекетін, билеушілерін үнемі тақырға отырғызып келген. Осыны ескеріп, өткен ғасырдың соңында Шымкент өлкесінде 800 мың емес, 1000000 қой болған деген деректі қолдаймыз.

Зекет мынадай жолмен жиналған. Зекет жинаушылар ең алдымен нөкерлерімен бір ауылды аралап шыққан. Бірақ казактар артық койларын баска жақка айдап кетпесін деп әр ауылда алдын-ала екі-үш жансызын койып кеткен. Сөйтіп олар казак ауылдарынан күнан койлар мен ең жақсы деген саулықтарды ғана сұрыптап алып отырған. Зекет жинау кезінде зекет жинаушылар мен билерден бастап, солардың кастарына еріп жүрген нөкерлері мен ауылдың атка мінер старшындарына дейін тегін олжаға кенелген. Егер зекет жинаушы ұрлық жасаған болса, онысын нөкерлерімен бөліскен. Ал нөкерлер болса, өз кезегінде зекет жинаушылардан жасырын тағы да ұрлаған.

Зекет тек кой түлігінен ғана жиналған. Баска мал-түйе, жылкы, ірі каралардан салық алынбаған. Соған карамастан зекеттің жоғарыда айтқан бір түрі ғана бойынша Шымкент өлкесі казактарынан коқандықтардың казынасына ең кем дегенде жылына 6000 сом таза пайда түсіп отырған [137].

Астық салығынан (хираджъ) жиналатын байлық, егер бірден мемлекеттің казынасына түсіп отырса, онда хандық үшін маңызды табыс көзіне айналар еді. Бірақ астық салығынан жиналатын байлық белгілі бір каражат, қай бектің басқаруында болса, сол бектің есебіне түсіп отырған. Бек бұл байлықтың есебінен әскер бөлімін ұстап, мемлекеттің талабы бойынша хандықты баска елдермен қактығысы кезінде белгілі мөлшерде сарбаздармен қамтып тұрған. Астық салығы костардан жиналған. Қос деп жер иесінің екі өгізбен жыртып, өндеген егіс алқабының көлемі айтылған.

Бірақ, қос – есептік, әкімшілік бірлік ретінде геометриялық тұрғыдан дөп анықталмаған және астық салығын жинау кезінде де арнайы өлшем ретінде сирек қолданылған. Сондықтан кімнен қанша астық жинау төрелердің еркінде болған. Мәселен, бір қосқа 3 батпан тұқым себілсе, екінші бір қосқа 5-6 батпан тұқым себілген. Мұның өзі қос ұғымында кезінде қанша алшақтық болғандығын білдіреді. Сонда әр қостың кем дегенде 3 батпан астық себер егістігі бар десек, салық жинаушылар дикандардан одан артық өнім талап етпеген. Содан да егістік көлемінің айтарлықтай айырмашылығына ешкімнің ешқандай наразылығы болмаған.

Егістігі аз кедейлер 3 және одан да көп батпан тұқым себу үшін күш қосып, аз алқаптарын біріктіріп отырған. Ал, байлар болса, өздерінің 4-5 батпан тұқым себілген жерлерін де қос деп атаған. Мұнда жерді өлшеу бірлігі ретінде танап ұғымы пайдаланылған. Бір танаптын

көлемі 60 шаршы метр (60 м). Бір танапка 78 фунт (фунт-казак, орыстың бұрынғы 409,5 грамдык өлшемі) тұқым сепкөн. Бұл қазіргі өлшеммен 32 кг. Егер бір қосқа 3-5 батпан аралығында тұқым себілді десек, онда ол шамамен 1260-2000 қадак немесе 31,5-52,5 пұтпен есептелген. Сонда әр қоста 15-20 танап болады екен. Ол танаптардың көлемі 2,5-4,3 орыс десятинасына тең [138].

Бұл өлкенің жерінен өнім әдеттегіден 20-30 есе артық алынған. Тіпті, өңделмеген жердің өзі бидайдан 10 есеге дейін өнім берген. Сонда әр танаптан 20 пұт астық жиналған. Мұның өзі әр қосқа шаққанда 300-400 пұттан айналады екен. Астық салығы егіс алқабының оннан бір бөлігінде ғана салынатын болғандықтан, бекке әрбір қостан заң жүзінде 30-40 пұт аралығында төлем тиесілі болған. Бірақ, көзін тапқан бек өзіне бағынышты алқап иелерінен астық салығын салып, одан алынатын өнімнің бестен бір бөлігін иемденген. Осылай ресми түрде хандық мемлекеттігі деп аталғанымен, оған шын мәнінде өкіметтің ешқандай қатысы болмаған. Алайда, бұл жеке адамдарға, отбасыларына немесе туыстас отбасыларына қарайтын, арық суымен суландырылған алқаптан алынатын астық өнімінің оннан бір бөлігі бектердің үлесіне тиген. Ал қолдан суландырылмайтын таулы, қыратты жерлердегі егіс алқаптатынан астық салығының бір бөлігі талап етілген. Сөйтіп, бек орта есеппен алғанда әр қостан 40-70 пұт аралығында астық жинаған [139].

Енді өткен ғасырда Шымкент өлкесінде егін шаруашылығы үшін қанша жер пайдаланылған деген мәселе төңірегінде ой жүгіртсек, онда әзірге қолда бар төмендегідей мардымсыз деректерге сүйенуге тура келеді. 1860-1870 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өлкесінің казактарының меншігінде:

Бестаңбалы руында	80 қос
Сіргелі руында	11000 қос
Жаныс руында	1500 қос
Сикым руында	800 қос
Шымыр руында	700 қос

барлығы 4800 қос немесе 70-100 мың танап болған.

Ал сарттарда казактарға қарағанда аздау болса да

Шымкентте	450 қос
Манкетте	150 қос
Сайрамда	450 қос
Қарабұлақта	250 қос
Қарамұртта	150 қос

Тоғызлауда	30 қос
Сұлтанрабатта	80 қос
Құмышта	20 қос
Жаншаңғылықта	70 қос

барлығы 1650 қос немесе 30-35 мың танап болған [140].

Егістік жердің аумағы халық санына карағанда әлдеқайда аз, шағын болғанына карамай, бек бұл алқаптардан айтарлықтай астық салығын алып отырған. Мысалы, сарттардың барлық егіс алқабының ауданы 30 мың танаптан тұрған. Әр танаптан алынатын өнім мөлшері он есе болған. Осы өнімнің бір-ақ бөлігін салыққа алып отырған. Бек соның өзінде олардың 60 мың пұт астығын иемденген. Мұны ақшаға шаксақ, онда 30 мың шамасында. Ал қоқандықтар казактардың бұдан да көп, ең кем дегенде әрбір костан екі ділдадан, яғни 6 сом 70 тиыннан, барлығы 10 мың ділдаға жуық, күміс ақшамен 38 мың сомның салығын алып тұрған. Сөйтіп, бек сарттар мен казактардан тек астық салығынан ғана күміс ақшамен бағалағанда 60-70 мың сомға дейін таза пайда түсіріп отырған.

Қоқандықтардың казак костарынан сарттарға карағанда екі ділда көлеміндегі салықпен шектелу себебі, олар казактардан койларының кырықтан бір бөлігі мөлшерінде зекет те жинап, пайдаға шаш етекпен батқан. Ал сарттардан мал салығы алынбаған. Бұл заңның кара кырғыз катысы болмаған. Себебі, олар біз карастырып отырған кезеңнен (1870 жылдар) 15 жыл бұрын Әулиеата мен Меркеге, ең алдымен Тоқмак пен Бішкекке 20000 батпан бидай жеткізіп отырған. Кейін салықтың мөлшері азайтылып, 7000 батпан бидай не 14000 сабан бауына түсірілген. Сөйтіп, қоқандықтарға Шымкент өлкесінен түсетін нақты пайда көзі 130 мың сом көлемінде болған. Оның 60 мыңы зекеттен, 70 мыңы астық салығынан түскен [141].

Салықтың осындай тұрақты түріне қосымша ретінде уақытша және төтенше деп аталатын тармақтары да заңдастырылған. Уақытша алым-салық казактардың бағыныштылы, яғни күлак кесті күл болғандығы үшін, әр казак руынан бір-екі мың ділда көлемінде алынып тұрған. Салық заңының осы тармағына сәйкес қала казактары жүз-екі жүз ділда аралығында айып төлеген. Мұның өзі, яғни ақшалай алым-салық көлемінің тұрақты болуы немесе үнемі өзгеріп отыруы Ташкент әміршісінің көңіл-күйіне орай шешілген. Алым-салықтың тағы бір түрі көрші елдермен соғыс бола қалған жағдайда жиналатын төтенше салық деп аталған. Бұл салық казактардан ақша, түйе, жылкы, ірі кара, астық

және жонышка түрінде жиналған. Салық көлемі өлке әміршісінің, не әскер басшысының бұйрығымен белгіленіп, бұл жағдайда көбіне жергілікті тұрғындардан алдын – ала толық бір жылдық зекет талап етілген.

Қокандықтар заң жүзінде белгіленген салықты жинау кезінде шарифат жолын үнемі ұстанбаған. Олар кейде астық салығының оннан бір немесе бестен бір бөлігінің орнына төрттен бір, тіпті үштен бір бөлігін күштеп алған. Сондай-ақ, зекетке әрбір қыркыншы қойдың орнына, әрбір отызыншы қойды айдап әкеткен. Осының бәрі де аз болғандай, олар енді қазақтардан заңнан тыс, әр түйеден 1 сом, әр сиырдан 60 тиын көлемінде қосымша салық талап ете бастаған. Отырықшы халықтан астық салығын жинау үшін басшылар (саркерлер) тағайындалған. Кезінде Шымкентке және оны қоршаған кіші қалашықтарға бір-ақ адам басшылық еткен. Оның есесіне, бұл басшы әрбір қалада өзінің төрелерін, дуан белгілерін ұстаған. Ал, осы төрелер мен дуан бегілері өз кезегінде әрқайсысы жеке хатшыларды иемденген. Сөйтіп, басшының маңайына айтарлықтай мөлшерде қызметшілер топтасқан. Басшы астық салығынан басқа, өзіне әр қостан екі пұттан, дуан бегі 1 пұт, хатшы бір пұттың ширегіне жуығын иемденген. Сөйтіп, тек Шымкент өлкесінің сарттары ғана қокандықтардың төрелері мен шабармандарына жыл сайын 6000 пұт астық салығын төлеп тұрған. Оның үстіне осы басшылар мен көмекшілер астық салығын жинау кезінде жоспардан тыс келіп түсетін олжа өнімнің өзінен-ақ, көл-көсір пайда тапқан. Олар осындай қолайлы сәтте жер мәселесін шешуден де тыс қалмай, оны айтарлықтай табыс көзіне айналдырған. Сондай-ақ, басшылар мен дуан бегілері дикандардың өзара дау-дамайларына араласу, төрелік жасау, егістіктердің суландыру жүйелерін қадағалау, арықтардың сапалығы мен тазалығы үшін жауап беру ісін де өз міндеттеріне алған.

Кезінде бұл өлкедегі егіс алқаптарының көп бөлігі тау өзендерінен жүргізілген арықтар арқылы нәрленіп жатқан. Кейбір арықтар егістікке 10-20, тіпті 30 шақырым жерден тартылып, көбіне 5-10 шаршы шақырым алқапты суландырған [142].

Сондықтан, бұл арықтар жеке адамның меншігі емес, бүкіл қалаға немесе өкіметке, хандыққа ортақ меншік ретінде саналған. Егер осы арықтар кенеттен арнасын бұзып, су дұрыс жүрмей қалса, дуанбегі халықты жұмысқа шығарып, арықтың тез қалпына келтірілуін қамтамасыз еткен. Бұдан басқа қаладағы арықтардың жұмысын

қадағалап, бақылау да дуан бегілеріне жүктелген. Себебі бұл арықтар қала ішіндегі бау-бақшаны да суландырып, оған жан бітірген. Дуан бегілер жер шаруашылығына байланысты сарттар мен казактардың арасында жиі болып тұратын дауға төрелік жасауға өресі жетпеген жағдайда ғана бұл іске тікелей ханның өзі немесе Ташкенттің губернаторы араласқан.

Көшпелі халықта сарттардағы сияқты басшылар (саркер) болмаған. Себебі, олардан астық салығы заттай да емес, жер көлеміне де байланысты емес, алынған өнім мөлшеріне де қатысты емес, қарапайым түрде, әр қостан екі ділда есебінде алынған. Сондықтан, кезінде коқан мемлекеті олардың егіс алқаптарына бақылаушылар кою міндет деп есептемеген. Бірақ, олар керек жағдайда казактарға билік жүргізуден бас тартпаған. Тек, сарттардың арасынан бір ақсақал казактардың қостарының санын анықтап, екі ділда салық жинап, қазынаға өткізу үшін сайланатын болған.

Астық шаруашылығы. Жоғарыда айтқанымыздай, Шымкент өлкесінде өткен ғасырдың екінші жартысында барлығы 20 мың десе (десятина) егістік алқабы болған. Сонда, казак жерін мекендеген әрбір еркек кіндіктілердің еншісіне десеңіз үштен бір бөлігіндей жер тиген. Дұрысын айтсақ, егістікті суландыратын әр адамға шаққанда, десеңіз үштен бір бөлігіндей ғана жер жеткен.

Өйткені, мұнда астық шаруашылығына жарамды алқап көп болғанымен дикандары су тапшылығы тығырыққа тіреген. Ал нәрсіз жер, дәнсіз жер демекші өнімді аз берген. Алайда, осындай себептерге байланысты өңделетін жер көлемі аз болғанымен, дикандардың еңбекқорлығының арқасында өлкені астықпен қамтамасыз етуге жараған. Тіпті, артылғанын Ташкентке саудалаған. Тек, сарттардың өздері ғана арпа мен тарыны қоспағанда, жылына қамбаларына 500 мың пұт астық күйған. Олар бұл астықтың 300 мың пұтын тамаққа жұмсап, 80 мыңын тұқымға сақтағанның өзінде, қалған 100 мың пұтын шетке, саудаға салған. Мұның өзі бейбіт уақытта ғана мүмкін болған. Өйткені, коқандықтардың тұсында ел тыныштығы аз болған. Кейде сыртқы соғыс, кейде казактар мен сарттардың арасындағы өзара қырқыс, кейде кең даланың мал-жандарын сендей соғыстырған барымта, астық шаруашылығымен түпкілікті түрде айналысуға мүмкіндік бермеген [143].

Орыстар коқандықтарды ығыстырып, бұл өлкені жаулап алғанда, егін шаруашылығына жарамды деген алқаптардың үштен бір бөлігінің

еш күтүсіз қалғандығынын куәсі болған. Сондықтан, ол кезде нанның бағасы өте қымбатқа түскен.

Өлкеде уақытша тыныштық орнауына байланысты егіншілік кәсібі қайтадан жандана бастаған. Мысалы, 1865 жылдың өзінде күтүсіз қалған жер жаңадан өнделіп, 1866 жылы дикандар егіс алқабына су жеткізу үшін өзен, көлдерден каналдар казып, арықтар жүргізген. Ал бұған дейін көбіне қазақтар тау ішіне көшіп, сарттар өздерінің қорғандарын паналап, егістік жерлерді өндеуге шамалары келмей, иесіз қалдырып кетуге мәжбүр болған. Мәселен, Қарамұрттын тұрғындары қаладан он шақырым жерде жатқан егіс алқаптарын өндеп, тұқым себуге қорыққан.

Қокандықтар кетіп, орыстар келгенде де жергілікті халық тыныштық пен бейбіт өмірдің біржолата орнай қоятынына сенген жоқ. Себебі, патша өкіметі олардың жеке бастары мен мал-мүліктерінің күш көрсету, талан-таражыға түсуден қорғалатына кепілдік бермеді. Сөйтіп мұнда егін шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы жағдайлар болғанымен де, оның дамып, кең канат жаюына шаралар қолданылмады. Ең басты себеп су тапшылығы болды. Өлке бойынша бұрынғы ескі арықтарға қосымша тек екі, не үш арықтың құрылысын ғана салуға күш жетті. Одан артыққа қаржы табылмады. Сондықтан суармалы егіс алқаптары өте қымбатқа түскен. Содан да дикан болу құрметіне тек ауқаттылардың ғана қолы жеткен. Мысалы, суарылатын жер бағасы 5-8 ділда, күміс ақшамен 18-20 сом, ал көлемі бір десте егіс алқабы 120-180 сомға бағаланған. Әрине, кейбір жерлерден жаңа арық казып, мысалы, Арыс, Машат, Ақсу сияқты үлкен өзендерден, өлкені астықты аймаққа айналдыруға болар еді. Бірақ, мұның өзі кезінде көп қаржыны қажет етті. Ал, ондай байлық қазақтардың қолында болмады. Орыстар бұратаналар үшін басы артық шығынға батқысы келмеді [144].

Өткен ғасырда қазақ жерін мекендеген сарттардың арасында иелігіне жиырмадан, жүз елуге дейін егістік танаптары бар бірнеше ірі байлар болған. Олар өз иеліктерін, тіпті үш жылға дейінгі мерзімге жалға беріп отырған. Ал, егіншілікпен айналысқысы келгендер жерді олардан төмендегідей келісім шарт жасау арқылы жалға алған:

-
1. Егер жер шаруашылығымен сарттардың өздері айналысқан күнде, онда ол жұмысшыны жаз айларында мынадай уағадаластық негізінде жалдаған.
-

а) Жұмысшы егістікті жыртып, тырмалап, тұқым сеуіп, суландыруға және астықты жинап беруге тиісті. Мұның бәрі де кожайынның құрал-саймандарымен жүргізілген жағдайда, жалданушы түскен өнімнің төрттен бір бөлігін алады.

ә) Жұмыстың бәрін өз құрал-сайманымен орындаған жалданушы астықтың үштен бір бөлігін алады.

б) Егістік алқабына себетін өз тұқымы, құрал-сайманы бар жалданушы астықтың тең жартысын алады.

2. Жалданушы жұмысшының күнделікті еңбек ақысы

а) Өз құрал-саймандарымен жыртыса	60-80 тиын
ә) Қожайынның құрал-саймандарымен	30-40 тиын
б) Өз тырмасымен өндесе	30-50 тиын
в) Тұқым сепкен үшін	20-30 тиын
г) Егіп. органы үшін әр танаптың	½ бөлігі
д) Қожайынның атымен не өгізімен дестелегені үшін	20-30 тиын
е) Асытқы бастырғаны үшін (әр батпаннан)	15-20 тиын

[145].

Бірақ бұлайша жалданып, өндеушілер өте аз болған. Сондықтан, сарттар жұмысшыларды егін науқанының барлық кезеңіне бірден жалдаған. Себілген тұқым 8-25 есе өнім береді. Орта есеппен 10-15 немесе 12 есе деп алсақ та, сонда әр танаптан 20-40 пұт аралығында астық алынады екен. Орташа өнім 20 пұт делік, оның бес пұты жалданған жұмысшыға, қалған 15 пұты кожайынның еншісіне тиеді. Танап 20 сом тұрады десек, онда оған жұмсалатын шығын үшін 2 сом және тұқым үшін тағы бір сом үстеме ақы төленеді. Екі өгізбен бес танап жерді 80 тиынға жыртуға болады. Бұл, әр танапты жырту үшін 16 тиын жұмсалады деген сөз. Астықты дестелеп, бастыру үшін бес тиын шығын жұмсалады. Сонда әр танапқа шамамен үш сом акша бөлу кажет. Егіншінің 15 пұт астығы ең кемінде 7,5 сом тұрады. Егер, осыдан жоғарыда айтылған шығынды алып тастасақ, онда әр танаптан түсетін таза пайдасы күміс акшамен есетегенде 4 сом 20 тиын болады екен. Қыс айларында бір пұт астықтың бағасы бір сомға дейін жететінін ескерсек, әр танаптан алынатын таза кіріс 15, ал әр десятинадан 100 сомға бағаланады.

Бұл жағдайда астық он-жиырма есе өнім берген болып саналады. Ал, шын мәнінде өнім 20-50 есе көп жиналады. Бұдан мынадай ой қорытуға болады. Егер жерді дұрыс өндеп, дұрыс күтсе және ысырапсыз

жинаса, әр танаптан 40-80 пұт, әр десятинадан 350-500 пұт астық жинауға толық мүмкіндік болған [146].

Алайда мұнымен қатар казак даласында суарылуы қиын, қарапайым құралдармен өңдеуге келе бермейтін құнарсыз жерлер де болған. Ондай егістік алқаптарынан жоғарыда айтылған себептерге байланысты себілген дәннің жартысы ғана өнім берген. Себебі, кесек диканшылардың нашар тырмаларымен толық ұнтақталмауынан дұрыс тегістелмеген. Алқапқа жіберілген су қатты екпінімен себілген тұқымның тең жартысын өзімен бірге алып кетіп, сыртқа шығып қалғандықтан көктемейді, не күс жеп кетеді.

Бұл туралы өткен ғасырда казактардың астық шаруашылығымен қалай айналысып отырғандықтары жайлы зерттеп, түрлі көзқараста материалдар жариялаған бір орыс миссионері: "Кезінде орыстарға да осы жоқшылық егіс алқабына су шығарып, астықтың суармалы түрінен мол өнім алуға үйретті. Енді қырғыздар өз жерлеріне игі ниетпен қоныс аударып келген орыс шаруаларының сол өнерлерін игеруге тиіс. Бірақ, орыстардың өздері де сарттар мен қырғыздардың таулы аймақ арқылы 10-30 шақырымдық арықтар жүргізген шеберліктеріне таң қалады. Мысалы, үш мың десятина жерді сурауға толық жететін Сайрам-Шымкент каналын салуға қаншама күш жұмсалып, қаншама мың адамның маңдай тері төгілді десеңізші", - деп жазыпты [147].

Өлкеде мал шаруашылығымен тек казактар ғана айналысқан. Жасырып қажеті жоқ, бұл олардың ата кәсіптері болып саналғанымен, олар малдың тұқымын асылдандыру, жемшөп дайындау жұмыстарына немқұрайлықпен қараған. Алайда, мал шаруашылығы казактардың өмір-тынысы болған. Мейлі жерге егін шықпай қалсын, олар нансыз-ақ күнелте берген. Ал малдың жұтқа ұшырап, қырылуы казактар үшін астықтың болмауынан әлдеқайда қауіпті болған. Осыны біле отырып, олар жоғарыда айтқанымыздай, мал шығынының алдын алу, малды қысқы суық пен аштықтың сақтау шараларымен айналыспаған. Олар тек сол малдың пайда-кірісімен ғана өмір сүрген. Әрине, көшпелі казактардың отырықшы казактардың мал шаруашылығына көзқарасындай жауапкершілікті талап етпейсің. Себебі, қысы-жазы қаһарлы қыстың қақаған суық кездерінде қарауындағы малға қорған болмақ түгілі, ашыққан малға жемшөп тауып бере алмаған. Ал жаз айларында керісінше, казактардың үйір-үйір жылқысы мен отар-отар қойларына тамашалап қараудан еш адам жалықпаған. Қайтадан қыс айына оралатын болсақ, онда бұл кезде казактардың өздері де аяушылық

гудырған. Олардың да не суықтан қорғанар тұрақты баспанасы, не ашықса талшық ететін басқа тамағы болмаған [148].

Дегенмен, казактардың арасында бірен-саран болса да малдың қысқы азығын жаз айларынан бастап (бес мыңнан он мыңға дейін), тіпті, (отыз мыңнан елу мыңға дейін шөп немесе жоңышка бауларын) дайындап, ұсак мал мен ірі караға арнап, қора-қопсы, қыстау салған адамдар болған. Олар мал азығын қыстау маңына жинап, қыс айларында малды сол жерге жайған. Бұл өлкедегі тізеден келетін қалың қар бар-жоғы бір не екі апта ғана жатқан. Егер казактың осындай қыстауы болып, жиған-терген шөбі екі аптаға жететін болса, онда мал да, жан да қыстан ешбір киналмай шыққан.

Әрине, біз айтып отырған бұл бес мың бау шөп пен жоңышканы екі жүз жылқы, елуге тарта түйе мен мың шакты қойға азық еткен. Алайда, казактардың шөл мен аштыққа төзімді малдары көбіне иесінің көмегінсіз-ақ, қыстың қаһарлы қысымынан аман-есен шығып отырған. Әсіресе, қой мен түйе, жылқы мен сиырға қарағанда шөпті аз тұтынған және өз беттерінше азық тауып отырған. Қоректенуге бейім болып келген. Мысалы, казактың байына бір мыңнан бес мың бауға дейін шөп дайындау міндеті тұрды. Бұл мың малды түрлі табиғат апатынан (жұт, жауын-шашын, боран, аяз) сақтау үшін қажет еді.

Ал қос өгізі, екі-үш сиыры, оншакты қойы мен екі жылқысы бар кедей үшін қыстан қысылып-қымтырылмай шығуға жүз бау шөп пен соншама бау жоңышка да жеткілікті болған. Мұның барлығы да кезінде казактардың қолынан келетін, сондықтан олар үшін таңсық іс емес-тін. Мысалы, казактардың ең ірі шонжарларының жылдық мал азығындық қорына елу мың жоңышка жеткен. Осы мақсатқа байлар 500-1000 батпан шамасында қонақ (көпжылдық шөп) тұқымын жыл сайын егістік алқабына сеуіп отырған. Шындығында, ол адамдардың атағына сай малдары да көп болған. Мәселен, мың жылқы, үш жүз түйе, екі жүз өгіз бен сиыр, бес мың қой. Осыншама мал басы бола тұра, олар берік жемшөп қорын жасау арқылы ешқандай табиғат апатынан қорықпаған. Кедей шаруаға да өзінің алдына салған азғана малы үшін мол жемшөп қорын қыс түспей дайындап алу онша қиынға түспеген. Себебі ерте көктемнен сарғайған күзге дейін бүкіл дала жасыл шөппен көмкеріледі. Бар да ора бер. Тіпті, белі бекімеген он жасар баланың өзі аз уақыт аралығында екі мың бауға дейін шөп дайындап алуға шамасы жеткен [149].

Бірақ, ұзақ жылдар бойы бұл өлкеде тыныштық бейбіт өмірдің сақталмауы, қазақтардың бойындағы қорқыныш бен үрейді бұрынғыдан да тереңдете түсті және ертеңгі күнге деген сенімділіктерін жоғалтты.

Қокандықтарға тәуелді кезінде Шымкент өлкесінің жалпы бар қойының қырықтан бір бөлігін зекетке беріп, жыл сайын жиырма мың қойын қазына есебіне аударып отырған. Яғни, осы жиырма мың қойды қырыққа көбейтсек, онда өлкедегі барлық қойдың саны сегіз жүз мың болып шығады. Бұл жерде қазақтардың жоғарыда айтқандай, зекет жинаушылардан мал басының шамамен бестен бір немесе жетіден бір бөлігін жасырып қалып отырғанын ескерсек, онда ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарында Шымкент өлкесінде сегіз жүз мың емес, бір миллион екі жүз мыңға дейін қой басының болғандығына күмәнданбаймыз. Мысалы, орта есеппен алғанда бір қазақтың байында мың қой болса, екіншісінде мыңнан аса жылқы, жиырма-отыз түйе мен елу сиыр және жиырма жұмыс өгізі болған. Бұл сәйкестікті шындыққа ең жақын сәйкестік деп түсінген жөн. Сөйтіп, Шымкент өлкесінің тұрғындарының бір миллион екі жүз мың қойы болған десек, оған қосымша жүз мың жылқы, жиырма мың түйе, елу мың сиыр мен жиырма мың жұмыс өгізі тағы да санақта тұрған [150].

Қазақтарда ХІХ ғасырдың екінші жартысында мал шаруашылығы одан әрі дамып, мал басы көбейді ме деген сауалдарға нақты деректер арқылы жауап іздеп көрелік. Мәселен, бір миллион қой (700 мың басы саулық десек), оның ішінде егіз коздайтыны бар, сонда бір жылда 900 мың бас жас төл алынады. Бұдан көретініміз қазақтардың қой басының саны бір жылдан соң екі миллионға жуықтамақ. Сөйтіп, қой шаруашылығына жұмсалған қаржы бір жылдан соң жүз процент кіріс беріп, 7 миллион сом табыс көзіне айналмақ. Бұл төл өсімі есебінен түсетін пайда, ал қойдың жүні, сүті, етінен тағы да он процент қосымша өнім алынады. Осы капитал жыл сайын қайталап айналымға түсіп отырғандықтан, оның өсімі де екі еселеніп көбейіп отырмақ.

Алайда, осындай алғы шарттарға қарамастан мал санының (қой басының) көбейгені туралы нақты деректерді кездестірмедік. Қайта, мал иелері бұрынғы жылдарға қарағанда қой басының күрт кеміп бара жатқандығын айтып, шағынған. Осы орайда қазақтардың өздерінің жылына қанша қойды тамаққа жаратқанын, қаншасын сатып, ақшалағанын және қанша мың малдың барымташылардың қолында кеткендігін есептеп шығару оңайға соқпайды. Бір ғана шындық, ол

осыншама шығынның жыл сайынғы алынатын жас төлдің есебінен өтеліп отырылатындығында.

Қыс айларында койдың шығыны аз болған. Себебі кой түлігі басқа малдарға карағанда суыққа төзімді әрі қыстыгүні өз бетімен корек табуға бейім болған. Бірақ, қалың түскен қар, қатты аяз кейде олардың аштан қырылуына себеп болған. Екіншіден, кой шығынының бір бөлігі жыртқыш аңдардың – шиебөрі, барыс, әсіресе, қасқырдың есебіне жатқызған жөн. Көбіне, таулы аймақтардың қасқырлары отардағы койдың санын біршама кемітіп отырған. Меншігіндегі кой санын бәрінен бұрын қазақтардың өздері де азайтқан.

Кой қазақтар үшін ақшаға немесе тауарға айырбастайтын бірден-бір ыңғайлы түлік болып есептелген. Оларда ақша өте аз мөлшерде болған. Байларының сандықтарында ділда мен қокан сақталса (ділда қокандықтардың алтын теңгесі) күміске шаққанда 3 сом 80 тиын тұрады (қокан-күміс ақшаның үштен бір бөлігіндей мыс теңге ғана), ал, көпшілігінде ол да болмаған. Міне, осындай себептерге байланысты қазақтардың орыс көпестерімен сауда ісіне араласа бастаған кезінен бері олардың шаруашылық, отбасы, жеке бастарына байланысты есеп-қисаптарының бәрі де кой арқылы жүзеге асқан [151].

Қазақтар хандыққа астық салығын да, ақшалай салынған айыпты да, зекетті де коймен өтеген. Көпестерден сатып алынған заттың бәрі де коймен есептелген. Әрине, осының барлығы да қазақтар үшін айырбастың тиімсіз түрі болған. Сондай-ақ, қазақтар айыптарын төлеу үшін немесе барымтамен есептесуге сарттардан қарызға ақша алып отырған. Олар бір ділдаға үш койдан (3 сом 80 тиынға 3 кой) берген. Егер қазақ ол койларды сартқа сол жылы қайтаратын болса құнан коймен төлеген. Демек, сарт өзінің бір ділдасын бір жылдан соң қазақтан 6 сом етіп қайтарып алып отырған. Ал қарызды алу мерзімі екі жылға созылса, сарттың ақшасы 12 сомға, үш жылға созылса 18 сомға айналып шыға келген [152].

Базарда койдың ең арзан құны 3 сомға бағаланса, ал сарттар қазақтың әрбір койын бір сомға сатып алған. Көпестермен екі арадағы сауда да осылай жүргізілген. Саудагер татарлар мен сарттар және қазақтар өз заттарын ауыл-ауылды аралап жүріп койға айырбастаған. Егер қазақтардың затқа айырбастаған койлары тоқты не тұсак болса, онда зат алушы қазақпен тамыр болғаны үшін, тағы да бір жыл тегін күтіп бер деп борышқа қалдырған. Бұдан қазақтар ұтылған да, татар мен сарт қазақты ұтқан. Сондықтан да Ташкент базарында қазақтардың

өздері де малдарын базарға апарып сатып, одан түскен акшаға керек заттарын алатын болған. Бұл дала казактарының да акша ұстай бастағанының көрінісі болатын.

Қойға қарағанда түйеден алынатын төл саны өте шектеулі болған. Атан түйе 20-25 жыл, інген 15-20 жыл өмір сүреді. Ал інген бес жасқа толған соң екі жылда бір рет боталайды. Сондықтан, Шымкент өлкесінің казактары түйе жануарларынан жыл сайын екі мыңдай бота өсіруімен шектелген. Қазактар үшін түйе ерте заманнан бері қадірлі де қасиетті, кез келген жұмысты атқаруға бейім жануар ретінде саналған. Содан да олар түйелерін сыртқа сатпаған. Қайта өздері басқалардан сатып алуға ынталы болған. Өткен ғасырда түйелер негізінен көпестердің керуенін тасымалдауға пайдаланылған. Шығынға да көп ұшырамаған. Көбінесе барымтаға түсіп, қолды болған [153].

Түйеге қарағанда жылқы түлігінің өсімі әлдеқайда қомақты еді. Бұл өлкенің жылқыларынан жыл сайын орта есеппен 20 мыңдай құлын алынған. Қазактар түйе сияқты жылқыны да, әсіресе биелерді аз сатқан. Оны әрдайым сақтап қалуға тырысқан. Сондықтан, өлкедегі жылқы үйірлерінің үштен бір бөлігі биелерден тұрған. Айтарлықтай мөлшердегі құлын-тайлар сарттарға сатылған. Жылқы малының шығыны соғымға сойылатындағы, өлім-жітіміне және қокандықтар тұсында ерекше бел алған барымтаға байланысты болған.

Қазактардың жылқының күтіміне ерекше мән бергені белгілі, сондықтан, олар тек жылқының үстін тазалау, оның тұратын орнын тазартуға, уактылы жем-суын берумен шектеліп қоймай, жылқының тұқымын көбейтумен, асылдандыруға да көп көңіл бөлген. Осының бір дәлелі, казактар Бұқара асып, түркімендерден әкелінген арғымақтар-қарабайлардың құны 50 сомнан 100 сомға дейін, тіпті 300 сомға жеткен [154].

Бұл арғымақтарды алыс жолға дайындау жұмысы алдын-ала жүргізілген. Мысалы, оған берілетін жемнің мөлшері күн санап азайтылып отырылған да, жол жүруге екі күн қалғанда бір бау жоңышқамен шектелген. Ал, керісінше, соңғы күні арғымаққа қойдың құйрығы қосылған жемазық тойғанынша берілген. Осы күндері арғымақты жетекке алып немесе күніне 5-8 сағаттан жеңіл мініске үйреткен. Міне, осындай баптаудан өткен арғымақ мініске төзімді әрі шапшаң жүрісті болып шыққан. Мұндай арғымақ күніне жүз шақырымнан астам жылдамдықпен екі апта бойы жүруге жараған.

Кезінде соғыс немесе үлкен жорықтарда атты әскерлер алдын-ала осындай дайындықтан өтетін болған.

Бұл өлкенің қазақтары ірі қарадан да айтарлықтай төл өсіміне қол жеткізген. Жылына сиырлардың соңынан 10-15 мың аралығында бұзау ерген. Ірі қараның бір бөлігі тамаққа жұмсалған да, қалғаны шетке сатылған немесе өлім-жітімге ұшыраған. Алайда, қазақтар төрт түлік малдың ішіндегі осы малға онша мән бермеген [155].

Бау-бақша шаруашылығы. Шымкент өлкесіндегі барлық қалалар баумен көмкерілгеніне қарамай, ондағы бау шаруашылығы кезінде Ташкент пен Ходжент қалаларындағыдай арнайы кәсіпке айналған деп айтуға болмайды. Осы жерде бұл өлке сарттарының күнделікті тұрмыс-тіршілігінің жақсы, тұрған жерінің шырайлы болуы үшін ғана бау отырғызғандықтарын айта кету орынды. Сондықтан, мұндағы бауларда жеміс ағаштары да аз кездескен. Дегенмен, жазғы мезгілде базарда жергілікті жердің өрік, алма, жүзім сияқты өз өнімдері де пайда болған. Алайда, олар осы өлкенің халқына жеткіліксіз болғандықтан, алмадан өзге жеміс-жидектер Ташкентен әкелінген. Манкент пен Шолакқорғанның, әсіресе, соңғысының алмамен аты шыққан. Оның алмасы өте дәмді болған және саз балшықтан күйдірілген арнайы ыдыстарда қыс уақыттарында жақсы сақталған. Ал, Қарабұлақтың жүзімінің ауыздан дәмі кетпеген.

Сондай-ақ, өлкеде бақша шаруашылығы айтарлықтай дәрежеде дамыған. Бақшаларда, әсіресе, қауын-қарбыз көп өскен. Қауын-қарбыз өсірумен сарттар да, қазақтар да айналысқан, әрі ол өзге шаруашылық дақылдарынан пайдалырақ болды. Бір танаптан екі мың мен төрт мыңның аралығында қауын алған. Мысалы, бір танаптың орташа өнімі үш мың қауын делік. Базарға жүз қауынды бірден сатқанда 20 сом 40 тиын тұрған. Ал даралап сатқан әр қауын төрт-бес тиыннан бағалағанның өзінде жүз қауынан 4-5 сом пайда түскен. Сонда әр танаптан түскен пайда топтан сатқанда 72 сом, даралап сатқанда 120-150 сом шамасында болған [156].

Жоңышка өсіру. Жоңышка топырағы ылғалды және суармалы жерлерде ғана өседі. Жоңышка тұқымы себілген алкаптан 7-8 жыл ұдайы өнім алып тұруға болады. Бұған жоңышканың жылына төрт-бес рет орылатынын қоссақ, онда бір себілген тұқымнан 28-40 рет өнім алуға болады.

Танаптың әр орылымы 300-400 бау жоңышка немесе 75-100 пұт өнім береді. Сонда әр танаптан жылына 1200-1600 бау жоңышка

жинауға болады. Бір бау жоңышқа жаз айларында жарты тиын, ал қыс айларында 2-5 тиын, кейде 8-10 тиын бағамен сатылған. Яғни, бір танап жерден бір жылда 10 сомнан 100 сомға дейін таза табыс табуға болады. Мұның өзі жоңышқаны жылдың қай мезгілінде сатылуына байланысты шешілетін іс. Мәселен, ақпан айлары мен наурыз айының басында жоңышқаға құны Шымкентте ең кемі 4 сом, Ташкентте 6 сом тұрған. Сөйтіп, бір жылда жоңышқа өсірген әр танаптан орта есеппен 30-40 сом кіріс алынады екен. Ал, оған жұмсалатын шығын жылына 10 сом деп есептегенде, сегіз жылда бар жоғы 80-ақ сом [157].

Жоңышқаның салмағы жай шөпке қарағанда екі есе ауыр. Бірақ жай шөпке қарағанда нәрлі әрі жұғымды. Мысалы, қолда ұсталатын жылқыға төрт бау жоңышқа берілген. Сарттар үш бау жоңышқамен, ал жемшөп қымбатқа түсетін қыс айларында екі бау жоңышқамен шектелген. Жоңышқа қуаты күшті азық. Егер оны қыстан көтерем болып шыққан арық-тұрық малға шамадан тыс беріп қойса, онда олар оның қуатына шыдай алмай іштері жарылып өлген. Әсіресе, бұл күйге сиырлар көп ұшырайды. Тек қыстан сүйегін сүйретіп, ашығып шыққан қойлар ғана аузына жоңышқа дәмі жетсе болды, аз уақыт ішінде қонданып, козы – лақтары ойнақтап шыға келген.

Біз қарастырып отырған кезеңде бұл өлкеде жоңышқа өсіру жақсы дамыған. Әрі қазақтардың арасында кең тараған. Оның өзіндік себептері бар. Біріншіден, бұл пайдалы әрі жұғымды азық. Екіншіден, оны уақыт пен қажеттілік талап еткен. Әйтседе, бұл көп жылдық шөпті қазақтар тым аз мөлшерде сепкен. Ал сарттар мүлде оны өсірумен айналыспаған. Себебі ол көп қажыр, қайрат пен күтімді қажет еткен. Арық, тіпті каналдар қазып су жүргізумен, күндіз-түні бағып-күту оңайға түспеген. Әр шаруа өзіне қажет жоңышқаның артық бөлігін шетке, әсіресе керуен жолымен өтетін жолаушыларға сатқан. Ал жексенбі күндері базарға шығып, сарттармен сауда-саттық жасауға келген өз ағайындарымен де жоңышқаларынан бөлісіп отырған.

Екінші тарау
Тарихтың “актандақ” беттері
I Қазак халқының өткен өмірінен тарихи
деректер мен дәйектер

Қазақстанның Россияға қосылуы қазақ халқының тарихи тағдырына кейбір қайшылықтарымен қатар оның бейбіт түрде дамуында айтарлықтай роль де атқарды. Мұның өзі өлкені жат жұрттық жортуылдардан, феодалдық бытыранкылық пен өзара қырқыстан құтқарып, оның экономикалық мешеулігі мен оқшаулығын жоюға, табиғи байлығын игеруге ықпал жасады. Бұл тарихи шындықты біздер қанша жерден Россия Қазақстанды жаулап алды десек те, бүгінгі тәуелсіздік алған кезімізде де жоққа шығара алмаймыз.

Сонымен Қазақстанның Россияға қосылуы немесе жаулап алынуы бір күнде немесе бір жылдың ішінде аяқтала қойған жоқ. Оның тарихында төрт кезең айқын көзге түседі. Бірінші кезең XV ғасырдың соңына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл уақытта орыс патшалығының шығыстағы мемлекеттер, оның ішінде қазақ елі жөніндегі саясаты дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстар орнатуға деген ынта-ықыласқа негізделген болатын.

Екінші кезең XVII ғасырдың басынан XVIII ғасырдың отызыншы жылдарына дейін созылды. Бұл кезең тек дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға деген себеппен сипатталады. XVIII ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап XIX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейінгі уақытты қамтитын үшінші кезеңде қазақ жерлерін Россияға қосудың аса күрделі процесі өтті. Ал, XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан Қазан төңкерісіне дейінгі төртінші кезеңнің басты сипаты Россия капитализмінің қазақ аулына кең таралуы мен патрархтық-феодалдық қатынастардың қирай бастауы болды.

Осындай аса күрделі тарихи процесс нәтижесінде халықтардың материалдық және рухани өндіріс саласында әртүрлі байланыстар жасау мүмкіндіктерінің кеңейуі журналистиканың дамуына, оның жаңа мән-мазмұн алуына, демократиялық бағыттың қалыптасып, өркен жаюына жағдай туғызды.

Әсіресе, «Современник», «Дело», «Отечественные записки» сияқты журнал беттерінде қазақ тақырыбына жарияланған хабар, мақала, очерк, ғылыми зерттеулер қазақ елін өзге ұлттарға танытуға, олармен қарым-қатынас жасап, достасуға игі әсерін тигізді. Кейінгі ұрпаққа

тәрбиелік маңызы зор, казак халқының тарихына, өткен салт-сана, әдет-ғұрпына байланысты дәстүрге ерекше көңіл бөліп, оны оқырмандар арасына кеңінен таратып отырды.

Қазақтар туралы алғашқы күнды, деректі зерттеу еңбек «Отечественные записки» журналының 1830 жылғы №113-121 сандарында жарияланыпты. Оның авторы ерекше Сібір корпусы Бас штабының бастығы, генерал-майор С.Б.Броневский. Ол казак халқының өмірінен осы жолсапар очеркін жазу үшін екі мың шақырым жол жүріп, бес округты және көптеген болыстармен ауылдарды аралаған. Броневский өзінің «Орта Орданың қырғыз-қайсақтары туралы жазбаларында» казак халқының шығу тегін, кәсібін ғылыми тұрғыдан зерттеуге тырысып, алғашқы пікір білдірген адамдардың бірі. Ол татардың қырғыз-қайсақ сөзі (қыр-дала, ғыз-адам) дала адамы, ал (қай-кім, сак-секемшіл) кім секемшіл деген екі ұғымды береді деген тұжырым айтады және қазақтар татар тілінді сөйлеседі дейді.

Осы тұста Броневскийдің бұл пікірі дұрыс па, бұрыс па деген заңды сұрақ туады. Өкінішке орай тарихта әлі күнге дейін «казак» сөзі қайдан, қалай, қай кезде шыққаны туралы нақты мәлімет жоқ. Бұл жайында Ә.Диваев «Қырғыз өмірінің беттерінен» [158] деген еңбегінде казак ұғымы «ак каз» деген сөзден шыққан десе, басқа зерттеуші ғалымдар казак сөзін еркін халық, дала халқы деген әртүрлі ертегі, аңыздармен байланыстыра айтады.

Броневский қазақтар татар тілінде сөйлейді дегенді өз еңбегінің өн бойында қайталап отырады. Осыдан оның кейбір тарихи жағдайларға көңіл бөлгемендігі байқалып тұр. Мысалы бізге Қазақстанның Шығыс және Оңтүстік аудандарында біздің дәуіріміздің сонау алтыншы ғасырдың өзінде-ақ, Батыс Түрік қағанатының құрылғаны мәлім. Ендеше, сол дәуірдің өзінде-ақ, Барлық Орта Азия халықтары сияқты қазақтар да ортақ түркі тілінде сөйлеген. Соған қарамастан біз қазақ халқының шығу тегі жөніндегі проблеманың жете зерттелмегенін, «казак» деген этнонимнің табиғаты туралы және казак халқының қашан қалыптасқандығы туралы ғылымда әртүрлі болжамдар барлығын жақсы білеміз.

Броневский де басқа зерттеушілер сияқты қазақтардың шығу тарихын Алтын Орданың құлауының және Жошы әулеттерінің Дешті-Қыпшақта өкімет билігі үшін жүргізген өзара күресіне, онан қала берді Орта Азиядағы көшпелі тайпалардың казак жеріне ауып баруына байланыстыра қарастырады. Осы сияқты қазақтардың үш жүзге бөлінуі

туралы очеркте былай деп жазылады: «Ханның шенгелді қолынан қашқан казактар Есім өзенінің қасынан көшіп бара жатқанда бір үйір жылқыдан көз жазып қалады. Жылқыларды іздеуге олар үш еркек пен екі әйел жібереді. Жок іздеумен далادا жүріп, өз адамдарынан адасып қалған олар амалсыз осы Есім өзенінің бойында тұрақтап қалуға мәжбүр болған. Кейбіреулер жок іздеп қалғандар саны отыз үш емес, үш-ақ адам болған, кейіннен Үлкен, Орта, Кіші жүзді құрған солар болатын дейді.

Осы арада А.Янушкевичтің де «Дневники и письма из путешествия по казахским степям» [159] кітабындағы «Қырғыздардың шығу тегі» жазбаларының да осы тектес екі автордың да ойларының да бір жерден шығып жатқандығында дер едік.

Янушкевич: «Түркияда денелерінде әртүрлі дақтары бар ала адамдарды қаладан бездіріп жіберу әдеті болған. Міне, қалада сондай адамдардың бірі Якуб әулиенің ұрпағы (алаш) пайда болды. Сұлтан оны қаладан шығуға жарлық берді дейді.

Алаш өз маңына қаңғыбастарды жинап, тонаумен айналысады. Кейіннен сұлтанның ең жақсы көретін ұлы ауруға ұшырайды. Оны жазып алу үшін елдің бар жақсы емшілері жиналғанмен түк бітіре алмайды. Осыдан хабардар болған Алаш сұлтанға келіп, оның баласының жазылуына көмек етеді. Алаштың ісіне риза болған сұлтан оған тархан атағын береді. Бірақ, алаш ол елде қалмай өзінің кезбелерімен Персия арқылы Хива хандығына көршіліс жерлерге барып қоныс тебеді. Олар енді үш өзеннің бойында орнығып, көшпенді өмірмен айналыса бастайды. Сол кезде Хиваның әмірі оларды жазаламақшы болып үлкен қолды бастап шығады.

Бұл хабарды естіген ең ақылды, сөзге шебер деген билер әмірдің алдынан шығып, оның қаһарын қайтаруға бар өнерлерін салады. Алаштардың ержүректілігіне, ақылдылығына, сөзге шеберлігіне разы болған әмір: «Сендер қазап емес, казак екенсіңдер ғой (Сендер ел арасын бұлдіріп жүрген тонаушы, қаракшы емессіңдер, жақсы адамсыңдар, казак-күшті, өткір деген мағынаны білдіреді, егер баз біреу өзін ақылды, парасатты қып көрсете білсе: Ә, Қазак! дейді,) – деп ризашылығын білдіреді. Осыдан барып казак деген атау пайда болды. Ал оларды үш өзеннің бойында көшіп жүрген Үлкен, Орта, Кіші Ордалар сендер екенсіңдер ғой дейді. Осыдан барып казактарда жүзге бөліну басталыпты деп қорытынды жасайды автор. Осы проблема айналсында белгілі орыс тарихшысы әрі публицисі В.Н.Татищев (1686-1700) кезінде «...Европа

жазушылары... барлық шығыс-батыс Азияны Ұлы Татария деп атайды. Бірақ, халықтардың өздері бұл сөзді қолданбайды», ...қырғыз-қайсақтар ежелден татарлар деп аталғанмен «олардың татарлармен байланысы аз» [160], - дейді.

Бұл арада біздер жоғарыда аталған екі автордың да (С.Броневский, А.Янушкевич) өз істеріне атүсті карап, аңыз-әңгіме желісімен кетіп қалғанын көреміз. Әйтпесе, жүз дегеніміздің өзі шаруашылық және география жағынан біршама жекеленген, бір топ казак тайпалары мекендеген казак хандықтары мен казак халқы құралғанға дейінгі тайпалық одақтың меншігі болған өмір екендігі белгілі.

Ал жүздердің құрылуына негіз болған нәрсе жеке рулар мен тайпалардың одақтарға бірігуі. өйткені, жүз деген сөздің өзі «бағыт», «жак», «бөлік» дегенді көрсетеді. Броневский казак халқының орыстарға қосылуының тарихи маңызын айта келіп, хандықтың мемлекеттік басқару жүйесіне наразылық білдірген. Ол, Әбілқайырға берген уәдемен орыс мемлекеті қырғыз бостандығына қарсы бағытта болды. Хан сайлаудың еркін сайлау арқылы емес, бөтен мемлекеттің сайлауы арқылы басқарды деп жазды.

Шындығында, біз тарихтан Әбілқайыр ханның орыстарға адал болатындығы туралы жазбаша түрде уәде бергенімен іс жүзінде уәдесінен тайқып кетіп отырғанын білеміз. Нәтижесінде осының бәрі шекара бастығы Неплюевпен ханның арасында бітіспес өшпенділік тудырған. Істің соны насырға шапқан соң оларды татуластыру үшін Орынборға Тевкелев (Тәуекелов) мырза жіберілген. Бірақ, оны Барак сұлтан өлтіріп кетеді. Бұл оқиғадан соң Неплюев ханды орнынан түсіруге себепкер болудың орнына 1743 жылы хандыққа Әбілқайырдың баласы Нұралыны сайлайды. Неплюевтің біл шешіміне риза болмаған халық өздеріне хан етіп Әбілқайырдың қас жауының баласы Батыр сұлтанды атайды.

Патша өкіметінің тағы бір қателігі дейді С.Броневский: «Өзі сайлаған ханды қолдау үшін шапқыншылықпен, ұрлық-қарлық жасағандарды шекарада ұстаса ханның әмірі бойынша жазалауға рұқсат берген. Россияға аз да болса пайда келтірмейтін бұл шара қырғыздардың жни көтерілісуіне себеп болды. Өйткені, рұқсатты өз пайдасына шешкен хан адал жандарды себепті де, себепсіз де ұры-қары ретінде көрсетіп, аяусыз жазалады» [161].

Бұл жерде С.Броневскийдің шындықты айтып отырғанын көрсетпей кетуге болмайды. Себебі, қырғыздар көбіне линияға айырбас

жасау үшін барғанда ұсталатын болған. Екіншіден, Нұралының қолында еш билік болмаған, халық оны орыстармен байланыс жасағаннан гөрі, әлсіз, әрі екіжүзділігі үшін жек көрген. Үшіншіден, көшпенділерге орыстардың өз жерлеріне қоныс аударулары мен камалдар салуы ұнамаған. Тарихтан бізге Неплюевтің орнын басқан Давыдовтың да ханды жек көргені белгілі. Сондықтан казактар 1761 жылға дейін шекараға жақын орналасқан орыс елін тонап қана қоймай, казак жері арқылы өтетін сауда керуенін тоқтатып тастаған.

«Қырғыздар II-Екатерина такка отырған кезде де оның сеніміне кіріп алып, екінші жағынан Қытаймен қарым-қатынас жасаған. 1771 жылы Волганың солтүстік жағалауында тұратын калмактар да Кіші Орданың жері арқылы Қытайға өтіп, байланыс жасап отырған. Кезінде Орал камалының әскері калмактарға қарсы шара қолдануға дәрменсіз болған. Ал, казак хандары болса, әрине, Россияға жандары ашығандықтан емес, ежелгі ата-жауына деген өшпенділікпен босқындардың малдары, қыз-келіншектерін талан-таражыға салып, калмактарды үнемі тонап отырған», - деп көрсетіледі журналда.

Осы оқиға жайында С.Броневский өз очеркінде: «Егер сол кезде біздің әскерді Нұралы қолдаған болса, калмактарды тоқтатуға болар еді. Алайда, Нұралы өйтпеді. Себебі, ол шапқыншылықтан түскен олжаны ешкіммен бөліскісі келмеді. Пугачев көтерілісі кезінде де қырғыздар істің әлібін бағып, андысумен болды. Өйткені, казактар мен башқұрттар олардың ата-жаулары еді» [162], - дейді.

Бұл жерде Броневскийдің шындықты жасырып, болған оқиғаны бүркемелеп келгені көрініп тұр. Себебі, 1773-1775 жылдары болған шаруалар соғысы казак халқына ортақ болған. Соғыс Жайық қаласының маңында басталды. Кіші жүз көтерілді. Кейіннен Пугачевтің ұсталуына себепші болса да алғашқыда Нұралы хан оған қолғамаққа қамшы, айбалта, жібек шапан, арғымақ жібереді. Шаруалар 1773 жылдың 7-қазанында Орынборға шабуыл жасады. Олардың қатарында Беріш пен Серкеш руларынан 2 мыңға тарта казактар болды.

Пугачев 1774 жылы казактардан әскер қатарын толтыру үшін қол жинауды ойлап, үндеу тастады. Осыдан соң хан мен патша әкімшілігіне наразы жекелеген сұлтандар көтеріліске қосылды. Мысалы, Қобды-Елек маңайында көшіп жүретін Досалы сұлтан, баласы Сейдалыға ертіп 200 адамды Пугачевке көмекке жіберді. Ал, шаруалар Елек бекінісіне шабуыл жасағанда әскер құрамында Орта жүздің жігіттері болды»

[163],- деп жазды кейінірек Д.Мордовцев «Отечественные записки» журналының бетінде.

1773 жылдың қараша айында Пугачевке Орта жүзден 70 казак көмекке барған. Олар өздеріне қоса 300 жылқы, 100 өгіз, 3 мың кой айдап келген. Осы сияқты Салават Юлаев бастаған башкұрт отрядында да көптеген казактардың болғаны мәлім. Бір сөзбен айтқанда 1773-1775 жылдары болған шаруалар соғысының казак халқының өмірінде алған зор маңызы болды. Өйткені, бұл соғыста казак еңбекшілері тұңғыш рет орыс еңбекшілерімен бірігіп крепостнойлық езгіге қарсы шықты.

«Отечественные записки» журналының 1866 жылғы 5-санында «Литературная летопись» бөлімінде «Орынбор ведомствосының кырғыз даласы» атты мақала жарияланды. Онда Пугачев көтерілісінен кейінгі казак даласындағы тарихи жағдайдың қалыптасуына шолу жасалды:

«II-Екатерина 1772 жылы Орынборда кырғыздарға арнап ерекше басқарма (шекара экспедициясын) ұйымдастырды. Ол кырғыз малдарын қыста Россия аймағына жіберуге, кырғыздармен әділ қарым-қатынас жасауға және мешіт, мектеп, сауда орталықтарын салу үшін көлемді түрде қаржы босатады. Алайда, бұл шаралар еш өзгеріс бермеді. Шабуыл жалғаса берді. Қырғыздар мен шекара тұрғындарының арасындағы қатынасты шешу үшін шекара соты жіберілді.

Қырғыздардың кіріс, не пайда алу тек олардың малдарын шекараның бер жағына өткізгенде ғана болды. Әр жылқы үшін 1 тиын, ірі қара 1 сом, қойлар 1 тиын. Оларға шекара тұрғындарына жұмысқа жалдануына рұқсат етілді. Қырғыздардың аштыққа ұрынуына байланысты балаларын күлдыққа сатуға мәжбүр етті.

1806-1807 жылдар жұт болып, мал көп қырылды. Князь Балконский кедей кырғыздарға нан сатуға рұқсат берді.

1830 жылдардың басында кырғыздар екі оттын ортасында қалды. Бір жағынан оларды орыстар, екінші жағынан Хива мен Қокандықтар өздеріне бағындыруға күш салды.

1833 жылы тағайындалған жаңа губернатор, генерал-адъютант Перовский малдарды қыста ішке жібергенде алынатын алым-салықтың мөлшерін көбейтті. Қырғыздардың бұған көндігіп, келісуі үшін ол екі шара қабылдады. Каспий теңізінің шығыс жағалауында Ново-Александровск қорғанын салдырды. Оның ойы кырғыздардың басшыларын бағындыру, көнбегендерді тұтқынға алу әрі орыстардың Азиямен сауда байланысын нығайту еді.

Орыстардын бұлай қоныстануы қырғыздарды қатты шошындырды. Олар далаларға от қойып, шапқыншылық жасауларын тоқтатпады. Мысалы, 1834 жылы Орынбордын дәл жанындағы қорғанға шабуыл жасады. Қырғыздарды тәртіпке келтіру үшін жекелеген экспедицилар жіберілді.

Бұл кезде Орынбор даласында Қасым сұлтан мен оның баласы Кенесары басты роль атқарды. Олар орыстарға қарсы қырғыздарды көтерді. 1843 жылы сайланған жана губернатор Обручев оларды көтерілісшілер есебінде түсініп, бірнеше экспедиция ұйымдастырды. Осыдан соң Кенесары Шу өңіріне кетті де орыстарға қарсылығын тоқтатты.

1840 жылдары далада өз билігін жүгізуді орыстар мықтап қолға алды. Бұл мақсатқа жетуде Обручев Орал және Сырдарияда қорғандар (бекініс) салып, көп іс тындырды. Бекіністердің жолынан сауда орталықтары ашылды. Осының барлығы да қырғыздарға ыңғайлы әрі пайдалы еді.

Осындай оқиғаларға байланысты кезінде Ф.Энгельс Яксартын (Сырдария) бойынша мал шаруашылығы, егіншілік кәсібі туралы, өзінің «Россияның Орта Азияға қарай жылжуы», «Россияның Қиыр Шығыстағы табыстары», «Орыс патшалығының сыртқы саясаты» деген мақалаларында Россияның отаршылдық саясатын көрсете отырып, оның бұратана халықтар үшін цивилизациялық роль атқаратындығын да жазған болатын.

Ақыры осындай жағдайларға орай қырғыздар өздерінің көшу жолдарындағы орыс бекіністерін көріп, орыстар тек алым-салық алу үшін келіп қана қоймай, өздерінің ата жаулары хивалықтар мен коқандықтардан қорғануға да сеп тигізетіндіктеріне түсінді.

Обручев 1847 жылы Сырдарияның саласынан лайықты деп тапқан Райым шатқалына қорған салу үшін отряд жіберді. Ол Сыр бойында өз билігін жүргізу үшін Арал теңізі мен Сыр өзенінде кеме қатынасын ашты. Кішігірім Қосарал фортын ұйымдастырды. 1849 жылы Райымға 25 Орынбор казактарының отбасылары қоныстанды.

Сырдарияда орыстар коқандықтармен кездесіп Түркістанды (қырғыз сұлтандарының астанасы) алды. Ақмешіт қырғыздарға оңайға түскен жоқ. Ол қанаудың орталығы болды. Орыстардың көмегімен қырғыздар енді коқандықтардың ең басты бекінісі Көш-Қорғанды басып алды. Бұл кезде (1851 жыл) аймақтың генерал-губернаторы болып қайтадан Перовский тағайындалды. «Ол қырғыздар Россияға тек

көшпелі күйінде ғана пайдалы, оларды отрыкшыландыру орыстар үшін қауіп» [164].-деп түсінген. Ол Оралдың арғы бетіне қырғыздарға жер лашық салуға тиым салды. Бекіністер мен камалдардың санын азайтуға мұрындық болды. Тіпті, Орынбор камалын мүлде жойып жібергісі келді. Алайда, осы жайында жасаған баяндамасында І-Николай: «Қырғыз жеріне бекіністер салынғаннан бері шапқыншылық азайып, тұтқындау азайды. Қырғыздар кокандықтардың бірігейік деген ұсынысын қабылдамай тастады. Осының бәрі де біздердің саясатымыздың дұрыс екендігін көрсетеді» [165].-деп Перовскийге тойтарыс берді.

Осындай себеппен орыстар Сыр бойында тұрақтап қалды. Бірақ, тыныштық бірден орнамады. 1855 жылы Есет Көтібаровтың бастауымен шапқыншылық күшейе түсті. Қырғыздарға заңнан тыс алым-салық салу, оларды аяусыз қудалау, форт тұрғындарымен екі арадағы алауыздық, Ақтерек ойпатындағы егістік алқабын тартып алу және Бұқар көшін Сыр арқылы орыстардың кемесімен өткізу сияқты жайлар халықты көтеріліске шығарды. 1856 жылғы оқиғаларда, әсіресе, Бөрі сұлтан ерекше көзге түсті. Осының барлығы да жалпы билеушілерге деген наразылығын көрсетті.

1867 жылғы қазақ халқының өмірінде тағы бір жана елеулі оқиға болды. Сол кезде Орынбор және Батыс Сібір губернаторлығының құрамына еніп, Түркістан облысы атанып келген аймақ енді жеке өз алдына жеке Түркістан генерал-губернаторлығы атанды. Сырдария және Семей облысының бір бөлігінен тұратын бұл өлке Қытай және Орта Азия хандықтарының шекарасымен шектесіп жатты. Сөйтіп, жана өлке шартты түрде екі облысқа Сырдария және Жетісу облыстарына бөлінген. Ал, бұл екі облыстың арасын тек Құрғаты өзені ғана бөліп жатты. Жаңадан құрылған өлкенің бас басқармасы тікелей генерал-губернаторға ал облыс басқармалары сол соғыс губернаторына бағынатын болды. Осы Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып бұрынғы Солтүстік батыс өлкесінің генерал-губернаторы фон Кауфман тағайындалады. Ал облыс губернаторы болып генерал-майор Головачев бекітілді.

Қазақстанда осындай жана өлкенің құрылу себебін «Отечественные записки» журналы өзінің «Саяси хроника» бөлімінде былай деп түсіндіреді: «Біріншіден, жүз жылдан астам уақыт бойы қырғыздардың ісіне тек сырттай ғана араласып, үнемі зыян шегіп келе жатқан Россия енді отар ретінде оларды тікелей бағындырып, басқаруды өз қолдарына алды. Екіншіден, Англияның Индиядағы отаршылдық саясаты көрсеткендей бұдан былайғы кезде патша өкіметіне қырғыздарды ұлттық

салт-сананы сақтай отырып, билікті өз қолдарына беру, оларды тек жоғарыдан бақылап, тізімден отыру, пайдалы болады» [166].

Бұлар алпыс жылдан астам шығып «Отечественные записки» журналының беттерінде жарияланған казак халқының тарихына катысты кейбір зерттеу еңбектерге байланысты ой-тұжырымдар. Енді осы кезеңдерде журналда казак халқының өткен өмірінен қандай тарихи деректер жарияланды деген мәселеге келсек, төмендегідей небір қилы фактілерге тап боламыз.

«Отечественные записки» журналының 1853 жылғы №12 санында П.Небольсиннің «Заволжье, Орал және Волга бойымен саяхаттаушының әңгімелерінің» соңғы оныншы мақаласы «Қырғыздар» деген атпен жарияланды. Онда автор: «Мен Левшиннің «Қырғыз-казак немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» еңбегінен басқа қырғыздар туралы соншалықты шыншылдықпен, саликалықпен жазылған бірде-бір шығарманы білмеймін, бірақ Левшиннің жазбалары өте ерте кезеңге жатады, біздің дәуіріміздің отыз жылдары жүздеген жылдарға татиды, қазіргі қырғыздарды бұрынғылармен салыстыруға болмайды. Біздің кең байтақ Отанымызды мекендейтін халықтардың тұрмысын зерттеуді жан-жақты қолға алған география қоғамына алғысымды білдіремін, бірінші кезекке этнография мен статистиканы (есеп, санақ) қою керек деп ойлаймын, бұл Россияны оқып, білудің негізгі жолы болуы керек. Жер шаруашылығының басқа салаларын зерттеу әзірге ертерек деймін, бұлар бізден ешқайда қашып кетпейді, асығыс зерттеу, білімнің ірге тасынсыз зерттеу ешқандай пайда бермейді. Егер алдатағала маған денсаулық берсе, қоғамның алға қойып отырған міндетіне адал болып, бес жылдың ішінде Левшиннің жазбаларын басшылыққа ала отырып, қырғыздар туралы жана, нақты жан-жақты жазбалар жазып шығамын», - деп уәде берді.

Енді П.Небольсиннің «Қырғыздар» мақаласынан ел-жұрт өміріне арналған кейбір деректерге тоқталық.

- «Барымта, азиаттық көзқараспен қарағанда жаман нәрсе емес сияқты. Бірақ барымта қанат жайған сайын қарапайым халыққа жұт болып тиюде. Бұл іске христиан емес қырғыздың көзқарасымен қарасақ барымтаның кейбір заңдылықтарын қабылдамауға болмайды. Барымта-бағасын ақтамаған күн немесе өлтірілген туыс қанының бағасы. Бірақ, қандай да болмасын христиан заңдылығы озбырлыққа, өзара қырқысуға, малдарды талан-таражыға салуға, сөйтіп барымтаның кесірінен төменгі таптың іштей күйзеліске ұшырауына қол қусырып шыдап отырмауға

тиіс. Сондықтан қырғыздардың арасындағы өзара қырқысты тоқтату үшін, барымтаның күшін жою үшін сұлтандардың қарамағына казак отрядтарын беріп, қырғыздың ең даласында тарыдай шашылып жатқан көшпенділер арасында тәртіп орнату керек» [167], - дейді.

Екінші дерек: «Қырғыздың «байғұс» сөзінің екі мағынасы бар. Бұлай деп есінен айырылған немесе кейбір себеппен аяныш білдіруге тиісті адамдарды айтады. Орыстың сорлы, бишара сөздерімен астарлас. Мәселен, ауқатты адамның әйелі өлсе: «Е, байғұс әйелінен айырылды» деп аяныш білдіреді. Бірақ «байғұстың» тағы да үшінші бір мағынасы бар, ол орыс тіліне де тән. Біз әбден қайыршыланған қырғыздарды солай деп атаймыз.

Байғұстар өмір сүру түріне қарай-егінші және ұйқышы деп екі дәрежеге бөлінеді. Бірінші деп байларға жалданған немесе өз күшімен астық егіп, өндіретін, жер шаруашылығымен айналысатын қырғыздарды атайды. Ал, ұйқышы деген ат тек орыс қалалары мен елді мекендеріне жұмыс іздеп, еңбек табу үшін кеткендерге, астық егумен айналыспайтындарға беріледі» [168].

Үшінші дерек: «Төлеңгіттер туралы. Олардың қарапайым қызметшілерден айырмашылығы, қызметшілерді кез келген, қалаған адам жалдай алса, төлеңгіттерді тек сұлтандар ғана жалдай алады. Оларды билер тандап сұлтандарға қызметші ретінде тағайындайды. Бұл төлеңгіттен сұлтандар өздеріне қажетті адамдарды тандап алады. Олар сұлтандардың сеніміне кіріп, адал қызмет етеді» [169].

Жалпы, «Отечественные записки» журналының бетінде төлеңгіттер жайында түрлі пікір, ой-таластар көп жарияланған. Біреулер төлеңгіттерді құлдар десе, екіншілері қатардағы казактар, кедей-шаруалар дейді. Броневский, Небольсин, Абрамовтар төлеңгіттердің шығу тегін казактардың қалмақ, башқұрт, жоңғарлармен шапқыншылық кезінде қолға түскен тұтқындарға байланыстырса, Даль, Потанин, Радлов, Зобнин төлеңгіттердің көпшілігі казактардың өз арасынан шыққан, әбден кедейленген шаруалар деген пікір айтады. Төлеңгіттердің шығу тегі туралы осындай екі пікірді – салыстыра қарап көрейік.

Бірінші пікір бойынша Қазақстанда XVIII және XIX ғасырларда казак халқының төменгі табы болып, түрлі жаугершілік, шапқыншылықта тұтқынға түскен карақалпақ, башқұрт, қалмақ, жоңғарлар мен ташкенттіктер есептелген. Қазактар оларды қырып-жойып, тонап, құлдыққа салып, мал есебінде санап, шекара казактарына мал есебінде сатып отырған. XIX ғасырдың басында, әсіресе, екінші

жартысында төленгіттер саны Қазақстанда күрт өскен. Бұл туралы Небольсин жоғарыда аталып өткен еңбегінде: «Төленгіттер соңғы кезде тез өсіп, көбеюде. Олар кең далада қырғыздармен қатар көшіп-қонып жүреді. Сұлтандар оларға қыз береді. Бірақ, қалмақтарды өздерінен төмен санайды», - деп жазды.

Қазақстанда төленгіттердің көбею себебінің екінші бір сыры бұқарлықтар, ташкенттіктер, кокандықтар, наманғандықтар, қашқарлықтардың өзара келіспеушілігі негізінде казак сұлтандарының қол асытынан пана табуы деп есептеледі. Олар негізінен саудамен айналысатын болғандықтан, аңғал казактарды оңай алдап-арбап, күнелтудің жеңіл жолын тапқан. Төленгіттердің бұл қылығы «Европалықтарды сызға отырғызған еврейлердің іс-әрекетін еске салады», - деп жазған П. Небольсин.

Абрамовтың айтуынша казактар төленгіттерді өз аттарымен атамай кекесін түрде «сарғтар» деген. Осындай кемсітуге байланысты ірілі-ұсақты қактығыстар жиі болған. Әсіресе, төленгіттердің арасында қалмақтар көп болған.

Ал төленгіттер жайлы келесі пікір не атайды? Даль, Радлов, Потаниндер казактар төленгіттер деп таза құлдарды атамаған. Әрине, олардың қатарында шапқыншылық кезінде қолға түскен қалмақ, жоңғар, башқұрт, карақалпак т.б. да бар. Әйтседе, төленгіттер би-сұлтандардың сеніміне кірген, олардың қарауында жұмыс істейтін казактардың кедейленген шаруа, яғни, төменгі табы деген қорытынды шығарады.

Ал, Ф. Зобнин өзінің «Қырғыз даласындағы тұтқындар, құлдар және төленгіттер мәселесіне орай» [170] мақаласында төленгіттердің казактардың өз ішінен, төменгі кедей-шаруа табынан шыққандығы туралы нақты деректер беретін мынадай үш түрлі мысал келтіреді:

Біріншіден, Зобнин істің мән-жайын анықтау үшін көптеген казак болыстарын аралап, тарихты жақсы біледі деген сол кезде сексеннен асқан Ақтөбет болысының биі Өжет Көпенов сияқты би-сұлтан, ақсақалдарға жолыққан. Сонда олар төленгіттер дегеннің кедей-шаруа екендігі, себебі, олардың күндерін көру үшін байға жалданып, өмір бойы бала-шағасымен иесінің қол астында болатынын айтқан.

Екіншіден, аздаған малдары бар, орта шаруалардың өздері де жұт, шапқыншылық сияқты түрлі оқиғалардан қорғану үшін байға жалданып, оның сенімді серігі болуға тырысқан.

Үшіншіден, оңшап-мұннан қашқан қылмыскерлер де байдың қол астына кіріп, өз жанын қорғау үшін оның қолшоқпарына айналуға даяр

тұрған. Міне, тәлімгердің шығу тегі біздің ойымызда осы екінші пікірге сай келетін сияқты.

Сондай-ақ, журналдың 1860 жылы 2-санында «Қырғыздар тұтқындарға еркіндік берді» деген хабар жарияланып, онда:

«Шаруалар ісіне байланысты міндетті еңбекті жою туралы алғаш хабар Ташкент пен Қокан шекарасынан, Арал тегісі мен Балқаш аралағындағы көшпелі қырғыздарды келіп түсті. Бұл жолы қырғыздар Россия мемлекетіне берілгендіктерінің күжі ретінде осы уақытқа дейін немеленіп келген барлық тұтқындарға еш ақысыз еркіндік беруге шешім қабылдады. Енді бұрынғы тұтқындар еркіндік алған соң қырғыздармен ген қатарда, дала халқына тән барлық привилегияларды пайдаланатын болады», деп оқырмандарын қуантты.

«Отечественные записки» журналының әр санын, әр бетін ашып оқыған сайын, өткен тарихтың құпиясы мен қызығына бойлап, тереңірей бересің. Өзі халқының осыдан бір ғасырдан астам, тіпті, одан да бұрын кететін тарихы, мәдениеті мен әдебиеті туралы деректер мен мәліметтер көз алдында көзбен дең тұрып алады.

Мәселен, Лобусевич деген автордың «Сырдариядағы орыс бекіністерінің линиялары туралы деректер» [171] атты шағын ғана мақаласын алайықшы. Автор Сырдариядағы Перовский форты туралы нақты мәліметтер Россия түгел Орынборға да толық жетіп бітпеген. Орынбордан онда баратын жол шөл дала арқылы өтеді. Пochта қырғыздардың қолында.

Почтаны ұстаушы қызмет етуші қырғыздар әр минут сайын күлауға даяр тұрған, саз кірпіштен салынған станция құрылысында ешқашан тұрмайды, шабармандыққа олар ең аз төлемге келісе кететін әбден келіленген, иерге асы жоқтарды пайдаланады. Одан әрі шекаралық линияға қарай почта Орал бекінісінен Сырдарияның бірінші форты Қазалыға дейінгі 400 шақырымдай тақыр, құмды дала арқылы түйелермен жеткізіледі. Бұл форт күйдірілмеген кірпіштен салынған. Құрылыстар далада ағаштың болмауына орай камыспен жабылған. Орынбордан жеткізілетін ағаштың құны өте қымбат. Әрбір дөңбек қырық сомнан тұрады. Форттың қасынан Сырдария өзені ағып жатыр. Онда Арал флотилиясы-кемелер, қайықтар, баркас пенен баржылар орналасқан. Перовскийге дейінгі жолдың екі аралығында тағы да бір кішігірім Қармакшы форты бар. Ол жолаушыларға арналған. Онда түйелер ауыстырылып, жолдан шаршаған адамдар дем алады. Осы форттың айналасында камыс қаулап өсіп кеткен көптеген көлдер бар.

Сондықтан онда сан-алуан ан-күстар: акбөкен мен жолбарыстар кездеседі. Содан да қырғыздардың арасында құралайды көздеп ататын аншылар өте көп. Мұнда сексеуіл ағаштары да баршылық. Бірақ, олар тек отынға ғана жарамды.

Перовский форты дала астанасы және Сырдария линиясы басқармасының резиденциясы болып есептеледі. Форттың көлемі үлкен. Жақсы қаруланған және онда маңызды әскери гарнизон орналасқан. Бірақ мұндағы құрылыстар да күйдірілмеген кірпіштен салынғандықтан, саз топырақтан әрі сапасыз материалдан көктемде және күзде іргетастар жиі бұзылады.

Адамдар, әсіресе, солдаттар өте қиын жағдайда тұрады. Сырдың балығынан басқа азық-түлік жағы жеткіліксіз. Жазда тропикалық ыстық, көз аштырмас күм бораң және масалар. Мұндағы әскерлер орыстардың Орта Азиямен сауда қатынасын жақсарту және Россияның қол астына кірген қырғыздардың өмірін қорғау мақсатында Сырдария мен Сібір линияларын қосу мүмкіндіктерін қарастыруда», - дей келе автор осы аймақтың және Іле Алатауы маңын күнделікті әдебиетте толық мәлімет, деректер беретін еңбектердің жоқтығына өкініш білдіреді.

Бұдан біздер, кейінгі ұрпақтар жоғарыда аталған аймақтардың ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін толық зерттелмей келгенінің куәсі боламыз.

Енді, «Отечественные записки» журналында әр жылдары жарияланған жалпы қырғыз-қайсақ (казак) халқының жеке басына тән кейбір жекелеген деректерге талдау жасап көрелік.

Қырғыз халқының қарапайым табы өздерінің «казак» деген аттарын мақтан тұтады. Қазак сөзі еркін, өз еркіндігінің бәрінен де жоғары қоятын, өз сұлтандары мен билерінің ығында қалып қоймайтын, қандай да бір болмасын езіп-таптаушылыққа шыдамайтын еркін адам деген мағынаны білдіреді.

Қырғыздардың дене бітімі мығым, бойлары биік, толық, бірақ сымбатты. аяқтары тынымсыз ат үстінде жүргендіктен қисықтау, бет әлпеттері кескінді, татар мен қалмақ қаны араласқан, қара шашты, қараторы, жалпы ноғай татарларына ұқсас болып келеді [172].

«Қырғыздардың ең ержүрек мінездері шатақ болып келетіндері-адайлар. Олар көп. 20 мыңдай үй басы бар. Қыстаулары – Маңғыстау. Бозашы түбегі. Ақпан айының бірінші жартысында немесе наурыз айының басында Ембі, Сағыз, Тайсойғанға қарай бет алады. Каспий

теңізінің жағалауында солтүстік адайлары - Таз, Есентемір, Серкеш, Ыссы және Кетелер қыстайды.

Ал, басқа қырғыздар болса батыс бөлікте тұрады. Олар негізінен Табын, Тама, Кердері, Байбакты, Алшын, Қызылқұрт, Бөрте сияқты руларды құрайтын момын, бейбіт сүйгіш халық. Бұдан басқа батыс бөлік қырғыздарына – Қыпшак, Керей, Арғын, Жаппастар да жатады.

Қырғыздар бір-бірлерінен таңба және ұран арқылы ажыратылады. Мысалы, Жаппас руының ұраны «Баймұрат», Қыпшак руыныкі «Үйбас», Арғын руыныкі «Аманжол». Сондықтан, соғыста Сидор, Иван, Онуфрий, Кузьма кайдасың деп жүргеннен, «Бактыбай», «Дәуқара», «Қарабура» деп ұран салған әлдеқайда артық сияқты.

Қорытындылай айтсақ, қырғыздар өте сабырлы да ержүрек, өзі дегенге жанын беретін, адамшылығы мол, достыққа берік те, бейім халық. Осыған қарамастан олар бізді өзара бас араздық, шапқыншылық пен барымтаға жиі баруларымен танқалдырады» [173].

Бұл деректер журнал беттерінде өз материалдарын жариялаған орыс авторларына тән болса енді шетел саяхатшылары мен ғалымдары қазақ елі туралы не жазады екен, соған тоқталалық.

«Отечественные записки» журналының 1865 жылғы 9-10 сандарында Вамберидің «Орта Азия халықтарының тарихы» зерттеу мақаласы жарияланды. Онда венгер ғалымы Вамберидің Орта Азия халықтарының тарихы, өмірі, әдет-ғұрпы турасындағы көрген-білген, көңіліне түйген жайлары баяндалған. Автор Бұқар хандығын мекендейтін өзбек, тәжік, мерв, парсы, еврейлер мен қатар қазақтар туралы да көптеген мәліметтер келтіреді.

Қырғыздар (түрікше дала көшпенділері деген мағынаны білдіреді) немесе өздерін қайсақтармыз деп атайтындар, олар негізі көп болса да, алғашында бүкіл Орта Азияны мекендеген тамаша халықтың ұрпағы. Бұл хандықта қазіргі кезде аз кездеседі. Өз жолымда көшпенді қырғыздардың үйлерін жиі кездестірем де, мен олардың сандары туралы мәліметтер мүлде жинай алмадым. Олар менің тарапымнан болған мұндай сұраққа үнемі қалжындап «Ең алдымен даладағы құмның санын, одан соң қырғыздары сұрап ал» деп жауап беретін еді. Сондай-ақ, олар мекен ететін және көшіп жүретін жерлердің де шекаралары да нақты белгіленген. Біз олардың Сібір, Қытай, Түркістан және қытай теңізінің аралығындағы кең даланы иемденетінін білеміз. Қазіргі Қоканның үш миллионға жуық тұрғыны болса, солардың елу мың үйі өзбек, тәжік, қырғыз және қыпшақтар мен қайсақтар,- дейді.

Енді «Отечественные записки» журналында жарияланған кейбір кен орындары, табиғаттың байлықтары туралы деректерге назар аударарлық: Журналдың 1873 жылғы 5-санында «Россиядағы толық темір жол қатынасы туралы зерттеу» атты А.Ермаковтың түрлі мәліметтерге бай мақаласы жарияланды. Автор бүкіл россиялық экономикалық талаптарға сай, халықтың қажетін қамтамасыз ету үшін казак жерінің территориясындағы теміржол торабын дамыту қажеттігі туралы мәселені күн тәртібіне қойды.

Мақалада ұзындығы бес жүз шақырымдық Сібір-Орынбор, Орал-Илецк (240 шақырым), Илецк-Орск (265 шақырым) теміржолдарын салу қажеттігі туралы тіке айтылды. Бұл ұсыныс қырғыз даласындағы өндіргіш күштерді арттыру, оның табиғат байлықтарын игеру, азиялық аймақ пен орыстардың орталық губернияларының аралығындағы шаруашылық (сауда) байланыстарын нығайту мақсатында қажет болды.

Сол кездің өзінде-ақ орыстар қырғыз даласындағы Индер және Батпакты көлдерінде тұз өндіру ісімен айналысқан. Индер тұз шаруашылығы Оралдан 390 шақырымда орналасқан, оның аумағы 112 шаршы шақырым жерді алып жатқан. Екінші тұз орны Гурьевтен шығысқа таман 15 шақырым жерде жатқан. 1896 жылы осы Орал тұзының 716,910 пұды өндірілген.

Тұздан басқа қырғыз даласының Акмола, Семей облыстарымен Ходжентке таяу Түркістан өлкесінің Сырдария облысының бассейндерінде тас көмір қоры ашылған. Барлық осы бассейндер 1869 жылы жалпы алғанда 81164 пұт тас көмір және 170000 пұт отын түрлерін берген.

Осы деректерге қосымша «Отечественные запискидің» 1867 жылғы төртінші санының екінші кітабында Шымкент округінің табиғат байлығы туралы көлемді материал орын алған. Одан Бадам және Сайрам өзендерінде алтын қоры барлығын, жуыр арада орыс мемлекеті бұл жерлерде алтын приискілерін қатарға қосатындықтарын айтады. Сондай-ақ, Боралдай тауында ұзындығы 20 шақырым, ені 2-5 шақырымға жететін құрылыс ағаштарына қажетті орман алқабы барлығы, ал Боралдайдың жалаңаш жоғары жағында алтын кен орындары мен табиғи қоры өте көп тас көмір, темір рудалары табылғандығы туралы мәліметтер берілген.

Журналдың тиісті бағасын алып, оның сандарына неғұрлым реалистік мән-мазмұнымен жарияланып тұрған сол кездегі басты казак тақырыптарының бірі-әйелдер жайында болды. Қазак әйелдерінің ауыр

тұрмысы, теңсіздігі жайлы материалдар журнал беттерінде көптеп кездеседі.

«Отечественные записки» журналының 1825 жылғы 59 номерінің наурыз айындағы санында «Ұлы мәртебелі императордың Орынборға келу сапары туралы» деген мақала жарияланды. Онда ұлы мәртебелі императордың қырғыздардың хандары – Кіші Орданың ханы Серғазы Айшуақовпен, Астрахань губерниясында көшіп жүретін Бөкей ордасының ханы Жәңгір Бөкеевпен, Кіші Орданың басқарушы, сұлтандары Жұма Құдаймендиев, Темір Ерғалиевтер және олардың отбасылары, сондай-ақ, Елек тұз қорғанындағы казак жатақтарымен болған кездесулері жайында баяндайды.

Император әсіресе, бұл кездесуде Серғазы ханның жұбайының ұлттық киімі мен «киелі бас» деп аталатын ерекше сәукелесіне назар аударып, одан Сізге Орынбор ұнай ма, әлде дала өмірі қызық па? – деп сұрайды. Сонда ел басшысының әйелі, ұлы мәртебелім! Мұнда сондай жақсы. Бірақ, туган жерім одан да артық па деп қалдым,-деп жауап береді. Қазак әйелінің ұтымды жауабына риза болған император осы сапарында кездескен казак әйелдеріне хан, кара демей бағалы силықтар табыс етеді.

Сондай-ақ, Броневский өзінің «Орта Орданың қырғыз-қайсақтары туралы» деген очеркінде: «Қырғыз әйелдерінің көпшілігі қыр мұрынды, ат жақты, кең иықты, ұзын бойлы болып келеді. Оларды біздің орыс сұлуларының қатарына ұялмай-ақ қосуға болар еді. Әйткенмен де, олардың арасынан көздері қысық, аласа бойлы ебедейсіз әйелдері де кездестіруге болады (Ол қырғыздарға монғолдардың қалдырып кеткен мұрасы болуға тиіс). Алайда, осындай әйел затына қатысты жұмбақ қасиеттеріне карамастан, көбіне олар қауқары жоқ кәрі шалдарға қалың малға сатылып ете барады», -деп ашына жазады.

Бұдан біздер казак әйелдерінің ол кезде паранжа кимегенімен ешқандай бас бостандығының болмағанын көреміз. Шешелері қыздарын он жасынан бастап, іс тігіп, текемет басуға, алаша тоқуға үйрете бастаған. Қыздар ұлдарға карағанда ерте есейіп, еңбек сүйгіштігімен көзге түскен. Олар бастарына көмшат бөрік киіп, құлақтарына алтын, меруерт сырға, саусақтарына көптеген балдақ пен жүзіктер такқан. Қыздардың өнегелігі, сыпайылығы сондай, ерлердің бетіне тура карап сөйлемеген. Ішкі сырларын да сыртқа көп шығара қоймаған. Міне, осындай қасиеттердің барлығы да казак әйелдеріне сұлулық пен табиғи шынайлық беріп тұрған. Олар ерлерімен тең терезелі болмаса да

өздерінің өмірге деген күштарлығын адал махаббат пен аналық парызын, сүттей ак көңілін жоғалтпаған.

Сол кезде, яғни, XVIII ғасырдың басында-ақ, Европаша тәлім-тәрбие алып, айналысындағы ортаға қадірменді болған казак әйелдері де табылған. Ондай деректі біздер П.Небольсиннің «Қырғыздар» атты мақаласынан оқыдық.

«Қажы Нұрмұхаметтің әйелі, Нұралы ханның қызы Тайкара 1805 әлде 1806 жылы қайтыс болған. Тайкара ақылды, сұлу, сұлулығымен көп еркектердің жүрегін арбаған, нәзік жанды әйел еді. Әсіресе, «И» деген барон ол десе ішкен асын жерге қойып, үлкен жүрекпен сипап өткен. Ұлы мәртебелі Екатерина ханша Тайкараға хас шебердің қолынан шыққан карета (тарантас, арба) сипап, бір губерниядан мәңгілік пайдалануға жер бөліп берген. Қырғыздардың Тайкараны сыйлағандары соншалық, тіпті, оның аға-інілерімен басқа да сұлтандар оған қарсы айтатын сөз таппай, үнемі ақылын тыңдап жүрген. Тайкара Петербургтен ел ішіне 1797 жылы оралып, қашан көз жұмғанша Орынборда өмір сүреді» [174].

Әрине, бұл арада біздер жоғарыда келтірілген кейбір журнал деректері казак әйелдері хақында толық мәлімет бере алды деп ойламаймыз. Өйткені, Тайкара сияқты бұрынғы кезде де (оқып, европаша тәлім-тәрбие алмаса да) бүкіл елге қадірменді болған абзал аналар аз болмаған. Оларды бүкіл ел болып сипаған. Жалпы казак халқы әйелдерді ана ретінде жоғары қойып, бар сый-сияпатын соларға арнаған.

Осы кезеңде орыс журналистикасында «Отечественные записки» журналынан басқа да басылымдарда казак тақырыбы кенінен қамтылып отырған. Енді осы тақырыпта келтірілген тарихи зергтеулер мен деректерге салыстырма ретінде казактар жайында басқа басылымдарда не жарияланды деген мәселеге қысқаша тоқталатын болсақ, онда 1755-1764 жылдар аралығында Петербургте академик Г.В.Миллердің редакциялауымен шығып тұрған «Ежемесячные сочинения к пользе и увеселению служащие» журналында орыстар мен казактардың қарым-қатынастары туралы П.И.Рычковтың «Орынбор губерниясының топографиясы немесе жазылуы», «Қазан және Орынбор губернияларындағы жер шаруашылығы турасындағы хат», т.б. мақалалары жарияланды.

XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында А.Н.Боровковтың «Соревнователь просвещения и благотворения» [175] журналында қырғыз-қайсақтардың кең даласы европаша тұрақтанып, үлкен қалалар

бой көтеріп, ол елдің халқы білім алып қана қоймай, ғылымға да қолы жететін күні туады. Қырғыздардың көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа өтуі тарихи шындыққа айналады деп жазған. Сондықтан, бұл автордың «Елек қорғанына сапар» мақаласы бүгінгі таңда жүзеге асып отырған өткен тарихтың жаңғырығы сияқты.

«Северный архив» журналының 1826 жылғы 22-санында Г.Мейендорфтың «Орынбордан Бұқараға саяхат» еңбегінен қазақтың тарихы, елі-жері, оның географиясы, әдет-ғұрпы туралы баяндайтын жекелеген тараулар жарияланды. Қырғыз өміріне байланысты жазылған үшінші тарауда «Арал теңізі деңгейінің төмендеу себептері» атты тақырыпша бар. Онда автор қырғыздардың оған соңғы жылдары Арал теңізінің құрылықтан 60 шақырымға дейін шегініп кеткендігі жайында айтқанын әңгімелей келіп, бұл шындық. Себебі, біздің жол бастаушыларымыздың бірі теңіздің Көлді және Сапақтан қалай тартылып кеткендігін өз көзімен көрген. Мен болсам теңізден 60 шақырым алыста жатқан Сарыбұлақтан су орнын көрдім. Жер қыртысынан теңіз ұлдарының түрлі көлемдегі қабыршықтары мен көпетеген балық сүйектерін таптым. Ал, арада бір жыл өтпей Сырдарияның үлкен қолтығы Қамыстыбастың шығысқа қарай 3 шақырымға ұлғайғандығының куәсі болдым, дейді.

Біздіңше ХХ ғасырдың апаты болып саналатын Арал тағдырының күйреуінің сыры ХVIII ғасырдың басында жатқан сияқты. Тарихты білмеу деген осыдан шығады. Екі ғасыр бойы теңізді емдеу орнына, оны сорып келдік. Соның нәтижесінде жомарт табиғаттан сазамызды тартып отырмыз.

Бұдан басқа «Современник», сатиралық «Искра», «Военный сборник» т.б. көптеген газет, журнал, альманахтардың беттерінде қазақтарға хат танытудың қажеттігі, қазақ жұмысшыларының түз өндіру орындарындағы қиын хал-жағдайлары, көшпелі ауылдардағы тап қайшылықтары, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің кенжелеп қалу қаупі турасындағы және қазақ даласындағы отарлық саясатты жүргізіп отырған патша өкіметінің топас іс жүргізушілері хакысындағы еңбектердің авторлары Е.Карпович, А.Евреинов, К.Губарев, Н.Курочкин, А.Гейнстердің есімдерін мақтан тұтамыз.

Оларды мақтан тұта отырып К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Бұрынғы жергілікті, ұлттық томаға-тұйықтықтың орнына және өзі өндірген өнімнің есебінен күн көрудің орнына ұлттар бір-бірімен барлық жағынан байланыс жасап, барлық жағынан бір-біріне тәуелді болып отырады.

Мұның өзі материалдық өндіріске, рухани өндіріске де бірдей дәрежеде қатысты. Жеке ұлттардың рухани ісінің жемістері барша ұлттың игілігіне айналады. Сөйтіп, толып жатқан ұлттық және жергілікті әдебиеттерден бүкіл дүниежүзілік бір әдебиет құралады» [176], - деген ұрандай иманды сөздерінің жүзеге асқандығының куәсі боламыз.

2 Қазақтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдениеті және білімге құштарлығы

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында жоңғар шапқыншылығынан әбден титықтап, экономикалық, рухани және саяси дағдарысқа ұшыраған казак халқы болашақ тағдырын патша самодержавиясының қолына беріп, орыстарға бөдан ел атанғаны мәлім. Сондықтан да патша өкімшілігі казак жеріне де барлық отарлық аймақтары сияқты тек тонаушылық, эгоистік мақсатпен қарады.

Екінші жағынан, Россияның озық адамдары қашан да халықтардың шын мәнісінде достасуына ниеттес болып, соған қолқабыс жасап отырғанын да ұмытпауымыз керек. Мәселен, өткен ғасырдың басында-ақ, А.И.Герцен Россия мен оның үкіметін қалай болса солай қатар қоя салуға болмайтынын, Қысқы сарай, тіпті, бүкіл Россия, әрі беріден соң Петербург те еместігін тебірене ескерте отырып, "Өзге бір Россия сіздерді өз баурындай құшак жая қарсы алады, сіздерге өз қолдарын созады..." [177], - деп езілген халықтарға арнап үндеу тастаған болатын.

Бұдан біздер патшалық Россия карамағандағы халықтардың өзара қарым-қатынастарында бір-біріне карама-қарсы екі тенденция болғанын көреміз. Біріншіден, үстем тап өкілдері халықтарды бір-біріне қарсы қойып, оларды өзара жауластыруға әрекет жасаған. Екіншіден, түрлі ұлттар мен халықтардың өкілдері арасында өзара достасу, әлеуметтік-экономикалық мүдде бірлігінің ынтымақтасу идеялары барған сайын күшейе түскен. «Отечественные записки» журналында казактар туралы жарияланған түрлі тарихи, зерттеу, этнографиялық материалдарда осы екі түрлі басты бағыт та көрініс тапқан. Ол – реакциялық-шовинистік және демократиялық – реалистік бағыттар.

Журналдың 1827-1830 жылдар аралығындағы сандарында жарияланған Ф.Булгариннің «Иван Выжигин» повесі мен И.Скоблевтің «Қырғыздар туралы әңгімелері» казак халқының (қазіргі Солженицын сияқты) ар-намысына тиіп, қорлап кемсітуге арналған. Ал, керісінше А.С.Пушкин, В.И.Даль (Луганский), В.А.Ушаков, В.В.Радлов,

Г.Н.Потанин секілді каламгерлер казак халқынын ауыр, езілген жағдайын, тұрмысын, мәдениеті мен ауыз әдебиетін, өнерін, орыс халқымен достық қарым-қатынастарының басталуын биік адамгершілік тұрғыдан суреттеген.

Мысалы, орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин 1830 жылы Е.Пугачев туралы жазбақ болып, дерек жинауға Орынбор мен Оралға сапар шеккенде қасына В.И.Дальді ертіп жүрген. Ал, Даль болса бізге зерттеуші ғалым ретінде тарихтан жақсы таныс. Ол 1832-1840 жылдар аралығында Орынбор мен Орал камалдарында орыс әскерінің чиновнигі болып қызмет істеген. Қызмет бабымен казак ауылдарын жиі аралап, казак халқынын тұрмысы, кәсібі және салт-сана, әдет-ғұрпы туралы көптеген очерк, әңгімелер жазып: «Қазақтар өнерге, білімге, ғылымға күштар. Тек, соның бұлақ-бастауын ашсан-ақ болды, бұл ұлтқа тоқтау жоқ. Шіркін, білім бұлағынын кайнар көзін аршитын пенде болса» деп армандаған адам. Оның кезінде Белинский, Добролюбов, Некрасовтардан жоғары бағасын алған «Майна», «Түншіл», «Орал қазағы», «Солдаттын бос уақыты» әңгімелері мен «Бекей мен Мәулен» повесі және көптеген басқа да зерттеулері - әлі күнге дейін мазмұн, мәнін жоймаған дүниелер.

Егер журнал материалдарына сүйенетін болсақ, біздің ата-бабаларымыздың үй шаруашылығына қажетті заттары тек ең керекті деген санаулы мүліктерден ғана тұрған. Көшпелі халық қысы-жазы киіз үйлерде тұрғандықтан олардың олардың басы артық көлденен заттары болмаған. Олар киіз үйдің ішін кілем, жібек жапқыш, тоқылған шимен әсемдеген. Ал, ыдыс-аяққа тек тегене, қазан, ожау, жылқының, өгіздің, қойдың иленген терісінен жасалған торсық пайдаланған. Пышак, кездік, балта, орақ, шот, кетпен сияқты қару-жарак, құрал-саймандар қазақтардың арасында күнделікті өмірге пайдаланатын заттар ретінде кенінен тараған.

П.Небольсин өзінің «Жолаушының әңгімелері» деген жолсапар очеркінде казак халқының қолөнері ісіне біраз тоқтала келіп: «Кездік, сауыт, атқа арналған ертоқым қола, мыс, күміспен көмкеріліп, әшейкейленеді. Қырғыздар қой, түйе жүндерін шебер пайдаланады. Алаша, кілем тоқып, текемет басады. Қап жасайды. Ірі қара мал мен жылқының терісін сыртқы киімге, қойдың терісін тонға жаратады» [178], - деп көрген -білгенін ортаға салған.

Біздің ойымызша, П.Небольсиннің бұл казак халқының қолөнері туралы жолсапар очеркі терең зерттелмей, ауызекі әңгіме негізінде

жазылған. Өйткені, біздер осы тақырыпқа жазылған Твердов, Иванов, Богданович, Броневскийлердің зерттеу еңбектерінен. Небольсиннің жазғанына карағанда, әлдеқайда мазмұнды да мәнді, әрі қызықты деректер таптық. Соның бірі казактардың киімі туралы.

Кедейлер қой, ешкі терісінен жарғақ шалбар, кеудеше тіккен. Ал, жазғы сыртқы киімді жас құлынның терісінен жасаған. Олар жазда қалпақ, қыста тымақ киіп жүретін болған. Бас киімдерінің формалары биік әрі цилиндр тәріздес дөңгеленген болып келген. Аяқтарына қой терісінен тігілген саптама етік киіп жүрген. Белдеріне жалпақ белдік бұынып, оған қажетті заттарын таққан. Қарулары – қылыш, найза, садақ, сауыт, дулығадан тұрған.

«Отечественные записки» журналында казак халқының салт-сана, әдет-ғұрып, оның ішінде қонақжайлығы туралы түрлі көзқарас білдірген материалдар көптеп кездеседі. Мысалы, Броневский: «Қырғыздар жолға аттанғанда күрт пен кептірілген ет, торсық алып жүреді» [147] десе, Даль: «Қырғыздар өз халқының қонақжайлығына сенетін болғандықтан жолға орыстар сияқты тамағы мен сусынын алып жүрмеген» [179],- деп жазады. Біз бұл жерде Дальдің айтқанына қосыламыз. Өйткені, ертеден қонақасы казактарда қонақжайлылықтың ең бір басты белгісі болып саналған. Сондықтан, қандай да бір жолаушы болмасын жолшыбай кездескен ауылға ат басын бұрып, сәлем беріп кетуге тиісті болған. Егер жолаушы бұл тәртіпті, салтты бұзса, оны жауымыз деп санап, соңынан қуып барып жазалауға дейін барған. Ал, сәлем беріп келген бейтаныс жолаушыны үй иесі мейлі ол қас жауы болсын алдынан шығып, атынан түсіріп, алдына сусын қойған. Тек, содан соң ғана жөн-жосық сұрасып, егер жолаушы қонатын ниет білдірсе, қой сойып, бата жасатқан.

П. Небольсин де казактардың салт-сана, әдет-ғұрып, қонақжайлығының жақсы жақтарын айта келіп: «Қырғыздар - өте сабырлы да ержүрек, өзі дегенге жанын беретін, адамшылығы мол, достыққа берік те бейім халық. Осыған карамастан бізді олардың өзара бас араздық, шапқыншылық пен барымтаға жиі баруы танқалтырады» [180],- деп кейістік білдіреді.

Жалпы бұл «кәсіп» туралы журналда аз материал жарияланбаған. Онда Орданың әлсіреп, кейбір болыстардың құрып кетуінің себебін де осы барымтаға апарып тірейді. Мысалы, Броневский: «Келтірілген залалды мойындамау, кісі өлімі, қалың мал мен құн дауы, әлсіздің жерін тартып алу, барымтаға барымтамен жауап қайтару сияқты сойқандықтың

соны кыргыздардын өз ішінде әлсіреп, түбі күні кұрып кетуіне апаратын жол» [181], - деп казактардын болашағын ойлады.

Журналда казактардын барымтасы туралы әр түрлі пікірталасқа толы материалдар бар. ХХ ғасырдын басына дейінгі Қазакстан барымтаның нағыз ордасы болды. Барымта төменгі тап үшін жұт, байлар үшін күт болып отырды. Ал, казактардын бұл кәсібі орыстарға Әбілқайыр хан тұсынан етене таныс болғандықтан, патша үкіметі оны өз пайдасына шешіп отырған.

«Отечественные запискиде» казактардын құда түсу және қыз ұзату салтына байланысты да көптеген деректі материалдар жарияланған. Соның бірі - құда түсуге байланысты. Бұрын ата-аналар балаларын бесікте жатқанда-ақ атастыра берген. Кейін өсе келе олар бір-бірін сүйе ме, жок па деген сұраумен есептеспеген. Олар құда түсуді қалың мал беру арқылы жүзеге асырған. Кім бай болса, сол іс жүзінде бірнеше әйел алуға құқылы болған. Ал, кедейлер болса, көп қалың мал беруге шамасы болмағандықтан әрдайым жалғыз әйелмен шектелген. Қыздар тұрмысқа он төрт-он бес жасында шыққан. Оған казактын он үш жас-отау иесі немесе тымакпен ұрғанда құламаса, балигатқа жеткені деген кертартпа, діни ұғымдары себеп болған. Алайда, сол кездің өзінде-ақ, қалың малы жастайынан төленіп қойылған кейбір қыздар туған үйлерінен безіп, өз сүйгендеріне қосылуға ұмтылған. Бірақ, көбіне оның соны түрлі сылтау-желеулермен барымта, кісі өлтіруге дейін ұласқан.

Мәселен, казактардын құда түсуі және қыз ұзату салтын Ә. Диваев былай деп суреттейді: «Егер қайсы бір казактын әйелі ұл тапса, өзіне тең деген адамның қызына құда түседі. Ең алдымен ол жақын туыстарының арасынан елге қадірменді деген біреуін құдалыққа (жаушы) жібереді. Егер қыздың әкесі жақсы деп келісім берсе, бірден сол арада қалың малдың көлемі белгіленіп, бата жасалынады» [182].

Қалың малдың көлемі құда түсушілердің ауқаттылығына байланысты әр түрлі болып келген. Оның ең жоғары түрі сегіз құлынды бие, он үш жылқы және тоғыз түйеден тұрады. Ал, қыздың әкесі болса, сыйлыққа жүз қой киіт береді. Одан сол жігіттің әкесі бата аяққа бір түйе және жылқы жібереді, ал жігіттің әкесінен бата аяқты әкелген адамдар қыздың әкесінен бір-бір ат пен шапан алады.

Бұдан соң жігіттің әкесі құдаларды қабылдап, оларға қалың малдың үштен екі бөлігін береді. Соңында қалың малға келген құдаларға бір-бірден түйе немесе ат, әйтпесе, жағдайына қарай бір-бір шапаннан сыйлайды. Сөйтіп, той басталады. Той кезінде құдалар қонақтарға

арналған киіз үйден жігіттің әкесінің үйіне шақырылады. Ал, құдалары шақыруға келген адамға шапан кигізіледі. Құдалар келердің алдында күйеу баланың әкесінің үйі мұқият тазартудан өтеді. Құдалар бұл үйге кіруден бұрын мынадай сынақтан өтеді:

Киіз үйдің алдына арқан керіледі. Құдалардың бірі үйге кірем дегенде байқаусызда арқанға соғылып құлайды да, әзіл-күлкінің объектісіне айналады. Немесе, табалдырық алдына шұңқырға құлайды. Осыны аңдып тұрған әйелдер қунакка (тері шелек) жас қойдың төсін, өрік және баска да тәттілерді салып, киіз үйдің шаңырағы арқылы төмен түсіреді. Осының барлығын құдалар алып жейді де, ыдысқа әркім шама-шарқынша ақша салып қайтарады. Оны әйелдер өзара бөлісіп алады.

Күйеу бала мен қалыңдық кәмелеттік жасқа жеткенше, олардың ата-аналары бір-бірлеріне сүйеу болып, қарым-қатынас жасауға тырысады. Қыз бен жігіт кәмелетке жеткенде, күйеу бала қасына екі жақын досын алып, қайын жұртына барады. Мұндай жағдайда күйеу бала айыбына өзінің атасына бір түйені айдап келеді.

Күйеу бала ауылға кешке немесе түнде келіп, ауыл сыртына тоқтайды. Күйеу баланың келгенінен хабардар болған қыздар мен әйелдер қолдарын өкпелеріне алып жігітке жарыса жүгіреді де, одан еңтікпе талап етеді. Ұзақ даудан соң күйеу баладан жиырма-отыз метр шыт алып, оны өзара бөліске салады. Бұдан соң олар күйеу баланы отауға кіргізеді де бәрі ұйқыға жатқан соң, қалыңдықтың ата-анасының үйінен қызды ұрлап шығып, күйеу баладан жеңгелік жасағандары үшін он-жиырма сомнан алады.

Салт бойынша қалыңдықтың еншісіне киіз үй, мінер ат, мылтық немесе садақ, кілем, киім – кешек, төсек-орын берілген. Жас келіншек алғаш нәрестесі дүниеге келгенше ата-енесінің көзіне түспеуі керек болған. Неке-жар, отқа май күйеу сияқты біздің заманымызға дейін сақталған кейбір әдет-ғұрыптар жасалған. Қыздар көбінесе кәрі шалдарға тигендіктен араларында берік махаббат болмаған. Осыдан барып бәйбіше-тоқалдардың арасында күндестік туған.

Бұдан басқа журнал бетінен орын алған тағы бір мәселе өлген адамды жерлеу мен еске алу оқиғасы болды. Ол туралы Радлов, Даль, Потанин, Броневский және т.б. жазған.

Ал, А. Янушкевич болса өзінің «Қазақ даласындағы саяхаттың күнделігі мен хаттары» кітабында: «Қырғыздарда өлген адамды жерлеу процесі өте қысқа. Қырғыз өлісімен әйелдер киіз үй үшін үрейлі айқайға толтырады. Сосын одан тезірек құтылу үшін, апыл-кұпыл жуындырып-

шайындырып, алдын ала Бұқарадан сатып алынған ак матаға орап, саяз казылған қабірге жеткізеді. Қабірдің бетін талмен немесе шөппен жауып, үстін топырақпен тегістейді» [183], - дейді.

«Отечественные запискиде» жарияланған басқа материалдар бойынша казактар өлген адамды таза арулап, жуып, жүзін шығысқа каратып қойған. Зират басына ағаштан немесе тастан үй сияқты биік ескерткіштер соққан.

Егер отбасы немесе оның үйленген балаларының бірі қаза тапса, оны жерлегеннен кейін сыртына ұзын сырыққа қара мата ілінген. Бұл қара мата қара жамылу, жоқтаудың белгісін көрсеткен. Соған байланысты өлген адамның әйелі, анасы және туған-туыскандары танертеңгілік пен кешкілік екі мерзім сыртқа шығып, тізерлеп отырып жоқтау айтқан. Жоқтау кезінде қаза болған адамның бар жақсылық жағы айтылып, еске алынған. Ал, оның ең жақсы көрген әйелі болса, бір жыл бойы өзінің бетін өзі тырмалап, шашын жұлмалап, ерекше белсенділік танытқан. Әйтсе де, олардың бостандыққа деген талпынысы елеусіз қалған. Себебі, жесірлер қалың малы төленіп қойылғандықтан марқұм күйеуінің інісіне немесе оның жақын туысына екінші не үшінші әйелі болып ерге шығуға тиіс болған.

Е.К.Мейендорф «Орынбордан Бұқараға саяхат» еңбегінде: «Қырғыздар барлық шығыс халықтары сияқты қаза болғандарға үлкен ізетпен қарайды. Әдетте, жерлеуге өлген адамның туыстары мен достары қатысады. Әйелдері үйлерінде қалып, жоқтау айтады. Одан соң туыстары жесірлерге көңіл айтуға келеді. Көңілдерін басқан әйелдер енді қонақтарды дұрыс сыйлау үшін қой, жылқыларды союға бұйрық етеді» [184], - дейді.

Қазақтардың зираты сабан қосылып иленген балшықтан соғылатын болған. Тек, қожалардың зираты ғана күнге кептірілген кірпіштен қаланған. Көптеген жерлерде қалаларға ұқсас молалар болған. Зираттар көбіне судан және т.б. табиғат апаттарынан қорғану үшін дөңес жерлерге орналасқан. Егер қайтыс болған адам кедей болса, зират салуға жағдайлары болмаса, жерлеуге қатысқан туыстары тастан биік етіп, көзге алыстан шалынатындай белгі соққан.

Қазақтардың өлген адамды еске алу салттары туралы «Отечественные записки» журналының 1826 жылғы екінші санында мынадай хабар берілген: «Қырғыздарда қайтыс болған адамды еске түсіретін ас беру – ең салтанатты да ұмытылмас шак. Әсіресе, сұлтандар мен старшиналарды еске алу үшін 3 мыңға жуық адам жиналып,

жүздеген бас малдың етін жеңіп, бәйгеге бәлен мың сом бөліп, тұтқын қалмақтарды тігіп, көмбеге аттар жіберіп қызықтаған шақтары болған. Мысалы, орыс мемлекетінің сеніміне ие болған сұлтан, майор Шаншар Сұлтанмамбетовтың қазасын еске алып, ас беру кезінде 50 шақырым қашықтыққа көмбеге 80 ат жіберілген. Оларға 12 басты сыйлық тағайындалған.

Бір елеулі мәселе сол кезде қазақтармен достасып, араласып кеткен қазақтар да еске алу, ас берулерге жиі араласып, жүйрік аттары барлар кейде басты сыйлықты да жеңіп алып отырған. Әрине, бұл жерде айтылып отырған пікірлердің барлығы да құнды деуден аулақпыз. Журнал заман ағымына сай, көбіне бай, сұлтандардың қазасына байланысты мақтау материалдар жариялау арқылы қазақтардың өлгендерді жерлеу мен еске түсіру түрін көрсетпек болған.

Қазақтар арасында кездесетін түрлі аурулар және сол ауруларға қарсы қолданылатын ем. Бұл жайында «Отечественные записки» 1853 жылғы 12-санында: «Көшпелі өмір, күшті тамақ пен таза ауа қырғыздарды кең сахарда кездесетін түрлі аурулардан сақтап қалып отырған. Олардың көпшілігі жүз жасайды. Жетпіске келіп, ауырып өлетіндері кемде-кем. Әйткенмен де, барлық өмірлерін түтінге қақталған киіз үйде өткізгендіктен олар көбіне көз ауруымен ауырады. Ал, ара-тұра сүзек ауруы да кездесіп қалады. Тымауға онша мән бермейді. Монша жағып, суға түспегендіктен қышыма ауруы да тараған», - деп жазыпты.

Ал, осы ауруларды емдеумен ақсақалдар, яғни, дәрігерлер айналысқан. Олар жара мен сынықты түрлі маймен сылап, қыздырылған темір киізбен күйдіру арқылы емдеген. Дәрілік емге бұдан басқа көптеген жабайы өсімдіктің түрлері пайдаланылған. Ал, қызылшаға қарсы қолданылатын ем болмағандықтан, одан қазақтар, әсіресе, балалар көп қырылған. Ақсақалдардан басқа бұл салада бақсылар да жұмыс істеген. Бақсылар туралы «Отечественные записки» журналы: «Олар халықтың санасын ұлап, қазақтардың төменгі табының сенгіштігін пайдаланып, алдап, арбап, тонаумен келеді» [185], - деп шындығын айтқан. Бақсылар туралы неғұрлым толық мәліметті біздер Потаниннің «Путешествие» атты зерттеу еңбегінде кездестірдік. Онда бақсылардың дәрігерлерге ешқандай қатысының жоқтығы, мамандық халықты алдап-арбаудың, қанаудың құралы екендігі айтылады.

Мысалы, бақсы ауру адамды емдегенде мынадай айла-әдістер қолданған. Біріншіден, кобыз ойнап, жарапазан салған. Оның мәнісі, бақсы халықтың діни түсінігі бойынша, аурудың бойын жайлап алған

жын-шайтанды осылай қуып шығатын болған. Екіншіден, ауруды айнала жүгіріп, көзге көрінбейтін әлдекімдермен алысып, қашан аузынан ақ көбік ағып, құлап түскенше тыным таппаған. Бұл баксының, аурудың бойындағы жын-шайтандармен алысып, жеңіске жеткендігін көрсетеді. Үшіншіден, онсыз да киналып жаны мұрнының ұшына келіп жатқан ауруға қол тигізіп, қаза болуын тездеткен. Халық баксылардың бұл әрекетін аурудың құдай алдындағы күнәсінің көп болғандығынан, сондықтан жын-шайтанды оның бойынан аластап қуса да шықпай қойды деп түсінген.

Ал, П.Небольсин болса, баксылар туралы: «Баксы - әр түрлі көз байлап, алдаушылықпен айналысатын қырғыздардың сикыршысы. Олар қолдарына қыздырылған темірді алып, денелеріне тигізеді, ауыздарына салады. Жалаң қолдарымен қылыштың ұшына сүйеніп, қылыштың ұшымен іштерін тілгілеп, әр түрлі айлакерлікпен халықтың басын айналдырады. Тәкаппар баксылар көшеде өнер көрсетпеген. Олар өз білімдерін кейде шын мағынасында, кейде айла-шарғымен ауруларды емдеуге қолданады.

Қырғыздар төтенше шебер хирургиялық операция жасауға бейім. Ең мықты баксылар дала өсімдіктерінің құрамын зерттеп, түрлі ауруларды емдеуде табысқа жеткен. Мысалы, шешек, безгек т.б. Халық оларды құрметтеп, енді баксы емес, дәрігер деп атаған» [186] деген сөздер бар.

Бұған керісінше, А.Янушкевич: «Киіз үйлердің барлығын қайыршылық пен ауру мендеп алған. Безгек екі адамның бірінде кездеседі. Балалар шешек, қызылшамен ауырады. Баксылар болса, ауруды емдеудің орнына, алдап-арбаумен айналысады» [187], - дейді.

Біздер журналдан казактардың адалдығы, аңқаулығы туралы да көптеген материалдармен таныстық. Мәселен, көпестерге казактарға қарызға ешқандай зат бармеуге және казактарға олардан қарызға ештеңе алуға тиым салынғанмен, іс жүзінде керісінше болған. Көпестер мен казактар өте тығыз байланыста болып, бір-біріне сенім артқан. Мысалы, П.Небольсин казактардың адалдығы туралы «генерал Гейнстің ауызынан естідім» деп төмендегідей әңгіме айтады:

«Орынборда Осоргин деген саудагер тұрған. Ол өте бай, бірақ қулық-сұмдығы мол, тым саран адам болған. Кезінде, көзінің тірі шағында казактарға қарызға астық, қант беріп тұрған. Сондықтан қайтыс болар алдында хат танымағандықтан артына ештеңе жазып қалдырмаған. Оның баласы әкесінің қарызын тек өзі білетіндерден ғана алған. Содан

арада біраз жылдар өткен. Бірде жас Осоргин аула сыртында бір казактын Темір баласы (үлкен Осоргинді казактар каталдығына орай Темір деп атаған) деп шақырып тұрғанын көреді. «Осыдан жиырма жыл бұрын мен сенің әкене отыз қой қарызданып едім – дейді ол. Шапқыншылық, одан жұтқа ұрынып қарызымды өтей алмай келдім. Сен мені кешір. Қойларыңды аулана кіргізіп, санап ал» дейді. Қазактын адалдығына таң қалған саудагердің баласы қуанғаннан жыл сайынғы төл есімін сұрауды да ұмытып кетті.

Екінші бір мысал, білімге күштарлық жайында. Мұнда автор өзі куә болған оқиғаны әңгімелейді. Мен Ахмет Жантурин сұлтанның тарантасынан ойла жоқ жерден «Северная пчела» мен «Русский инвалидтің» жана сандарын, ал оның жорық калтасынан Пушкин, Карамзин, Голубковскийдің «Индия туралы жазбаларын», кырғыз даласына байланысты Рычков, Левшин, Эверманның шығармаларын таптым. Одан тіпті кырғыз халқының әдет-ғұрпы туралы саудагер Кайдаловтың естелігінен басқа да құнды шығармаларды көрдім деп таңқалады.

Сонымен қатар Ахмет Жантурин көзінің тірісінде кішігірім саяхат жасауды армандаған. Алдымен Волга бойымен, одан Қырымға, Одессаға барып, Дунай бойымен саяхаттап, Венада аялдап, Варшава арқылы Петербургке қайтып оралуды жоспарлаған.

Әрі орыс география қоғамына мүше болса, оған өз үлесін қосуға сөз берген.

Қазак халқының тұрмыс, мәдениетін терең зерггей, дұрыс баға берген тағы бір адам А.К.Гейнс. Оның «Қырғыз» очерктері, мазмұнды күнделіктері мен басқа да публицистік материалдары автордың казак еңбекшілерінің өміріне деген болашағына сенімділіктен, карапайым халықтың еңбеккерлігіне, зеректігіне деген сыйластықтан туған дүниелер.

«Қазактармен көп жылдар бойы жақын катынаста болуым – дейді автор – олардың әрнәрсеге өте бейім, алғыр, сөздерінде тұратын қайсар, болашаққа деген сенімдері мол, бауырмал халық екеніне көз жеткіздім. Олардың ұлттық мінездерінен ақкөңілділік, адалдық, кек сақтамаушылық, қонақжайлықты көрдім» – дейді.

Қазактардың тұрмыс-жағдайы, салт-сана, әдет-ғұрпы туралы үнемі материал жариялап, олардың мүддесін қорғап, патшалық самодержавиенің отарлау саясатына қарсы шығып отырған Н.М.Ядринцевтің «Восточное обозрение» газеті болды. Бұл мерзімдік

басылымда казак балаларына арналған интернаттардағы оқу-тәрбие жұмыстарының сапасыздығы, осы интернатта оқитын балаларға ана тілінде сөйленуіне тиым салынғандығы туралы, көшпелі ауылдарға көрсетілетін медицина қызметінің ауыр жағдайы жайында материалдар жарияланған. Әсіресе, бұл тақырыпқа орыс акын-жазушылары, зерттеушілері А.П.Крюков, В.И.Даль, Г.Н.Потанин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, А.Н.Плещеев, В.Г.Короленко және тағы да басқалардың қосқан үлестері зор.

Қорытынды

Қазак жері ғасырлар бойы шектес мемлекеттердің шабуыл нысанасына айналып келгендіктен XVIII ғасырдың алғашқы жартысында казактардың бір бөлігі патшалы Ресейдің қол астына кіріп, бағынуға мәжбүр болғандығы тарихтан белгілі.

Осы кезеннен бастап, Ресейде болған әлеуметтік өзгерістердің казактар тарапынан қабыл алынып, өздерінен күшті солтүстік көршілеріне деген бағыныштылығының арта түскендігі байқалады. Ресейдегі бұл әлеуметтік өзгерістердің жемісті болғандығы сондай, олар енді казактардың тұрмысы мен салт-саналары туралы, оларды зерттеп білу қажеттігі жайлы жиі айта бастады. Мұның негізінде әкелік «қамқорлық» (бірінші жағынан) және «ризашылық» (екінші жағынан) қатынастары жатқан болатын. Мәселен, Сперанскийдің 1822 жылғы «Сібір казактары» туралы жарғысында қоғам өміріндегі өзгерістерге көп жол беріледі. Жарғы казактарға тән ғасырлар бойы қалыптасқан басқару жүйесін жоққа шығарып, оның орнына әлеуметтік бөлудің «еуропалық тәсілдерін» таңды. Осының нәтижесінде патша әкімшілігі Орта жүздегі хандық билікті жойып, оның орнына округтер мен приказдар құрды. Осы жарғының негізінде Кіші жүз Орынбор шекаралық комиссиясына бағынатын болды. Мұның барлығы ақыр аяғында казактардың оған қарсылық көрсетіп, көтеріліске шығуына жол ашты.

Халық көтерілістері, казактардың өздерін сыртқы жаулардан қорғау әрекеттері (әсіресе, Хиуа, Бұқара, Қокан, Қытай елдерінен, оның ішінде Ресейге де қарсылық көрсетулері) отарлық басқару тұсында ерекше орын алды. Ал, орыстар казактарды өз діндеріне бағындыру мақсатында басқарудың еуропалық үлгісін оларға күштеп таңды. Осының барлығы ұлттық сананың дамуына ұзақ жылдар бойы қасақана құрылған тор болып келеді. Ал, жергілікті байлардың қанау тәсілдері мен патша әкімшілігінің ауыр алым-салықтары, казактардың күш көрсетуі-казак халқын қайыршылыққа әкеп тіреді. Мәселен, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Орал, Ұя, Есім, Ор және Қаратал, Денсі, Ақсу, Іле т.б. өзендері бойлай орналасқан ұшан-теңіз алқапты казактар иемденді. XIX ғасырдың соңында олардың саны жүз мың адамнан асып кетті. Патша өкіметі оларға казактардың жерлерінен жер беріп, көптеген жеңілдіктер жасап, ал казактарды кең сахарада пайдаланатын ұрда-жық қолшоқпарына айналдырды.

Қазак жерін отарға айналдыру саясатының тиімді түрі миграция тәсілі болды. Егер Қазақстанға Ресейдің орталығы мен оңтүстігінен 1896 жылға дейін 294 мыңнан астам адам көшіріліп әкелінсе, 1906-1910 жылдары олардың саны 770 мыңға артты.

Ел билеуші жергілікті бай-манаптардың халық санасына үнемі Ресей мемлекеті тарапынан бізге бар жақсылық жасалуда деген, қоғамдық пікір тудыруға тырысып баққаны байқалады. Олар басқаларға казак халқы орыстарға бағынғанға дейін негізінен көшпенді өмір сүрді. Сөйтіп, еуропалық елдерден артта қалған «жартылай жабайы халық болды» деген жел сөз таратып, казактарды отырықшылыққа үйретудің қажеттігі туралы екі ұшты жоспарлар құра бастады.

Өткен ғасырдағы патшалық Ресейдің осындай саясаты кешегі кеңес үкіметіне де мұра болып қалғандай. Себебі, соңғы кезенге дейін казактар туралы сөз қозғалса «олар тек дала көшпенділері болған, оларда шаруашылықтың егіншілік түрі мүлде болмаған еді» деп еске алынып келді. Алайда, казіргі қолда бар көптеген архив және сол кезеңде шығып тұрған демократиялық бағыттағы басылымдардың материалдарына сүйене отырып, біздер казак жерінде Ресей Қазақстанды жаулап алған кезенге дейін де мақта, астық шаруашылығы, көкөніс, бау-бақша, жеміс-жидек, алма бақтары болғандығын, сол тарихи кезеңде Қазақстанда суландыру құрылыстарының кең жүйесі жасалғандығын, казактардың ерте заманда да суландырылған алқаптарда жұмыс істегендігін, оларға малға жем-шөп дайындау ісінің де етене таныс болғандығын, казактардың XIX ғасырдың басынан-ақ отырықшы және көшпелі өмір сүріп, ол кезде де казіргі малшылардың өміріне ұқсас шаруашылық түрлерінің болғандығын мақтанышпен айта аламыз.

«XIX ғасырда Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын (әсіресе ет, май) ірі отар елге айналды. Казактардың өміріне бойлап енген сауда, тауар айырбасы және жәрменке оларды Еуропа мәдениетіне жақындастырып, ерекше рөл атқарды» [188].

Алайда, сауданың келуіне байланысты казак даласында жергілікті халықтың орыс заңдары мен нарықтық құнын жете білмегендіктерін алдау, тонау, күш көрсету көбейіп кетті. Сол кезеңдегі «Отечественные записки» сияқты кейбір жанашыр басылымдардың «Қырғыздардың жер бетінен толық жойылып кету қаупі төнді», -деп дабыл қағуы да тегін емес. Екіншіден, мұның барлығының себебі, өзінің шет аймақтарында, әсіресе, аз ұлттардың арасында патшалық Ресейдің жүргізіп отырған саясатына байланысты еді. Өйткені, Ресей Қазақстанды жаулап алғаннан

сон, оның жерін шикізат қоймасы мен арзан жұмыс күшіне айналдыруды көздеді. Өлкенің өнеркәсібін игеру көп экономикалық шығынды қажет етті. Сондықтан, Ресей пайдалы қазбаларымен мал шаруашылығының өнімдерін қанағат тұтты. Ресейге Қазақстанда астық шаруашылығын дамыту ол кезде пайдасыз болды. Оған көп шығын жұмсау қажет еді. Сөйтіп, казак даласында ауыл шаруашылығы нашар дамыды. Тіпті ұсақ тауар өндірісі саласында да Қазақстан өз саудасын Ресеймен байланыстырғандықтан, Шығыстың бай саудасынан айырылып, күнделікті өмірлеріне қажетті заттарды шығаруға да мүмкіндігі болмай қалды. Осының нәтижесінде Қазақстанда ХІХ ғасырдың соңында да мал шаруашылығы, «мамандырылған» шаруашылықтың басты түрі ретінде қала берді.

Белгілі Еуропалық түсінік бойынша ХІХ ғасырда «казактардың мәдениет дәрежесі орыстармен салыстырғанды әлдеқайда төмен болған». Алайда мұндай теңестіру казактардың мәдениетіне орыс мәдениетінің тұрғысынан қараудың негізінде пайда болғандығы шындық. Бірақ, әділін айту керек, кезінде демократтарды былай қойғанда, кейбір миссионерлердің өздері де казак халқының ұлттық өзіндік мәдениетін жоғары бағалап, казактар бейбіт, бауырмал адамдар ретінде сипатталған.

Әйтсе де, өкінішке орай, казак елін басқару (патшалы Ресейдің тарапынан) өте шиеленіскен, қиын жағдайда жүргізілді. Мәселен, 1868 жылы далалық облыстарды басқару жағдайының жобасын талқылаған министрлер кабинеті казактарға қатысты барлық заңдардың бұрмаланып отырғанын атап көрсеткен. Ал, осы кезде казак жеріне Ресейден орыстардың шектен тыс қоныс аударуы демократиялық бағыттағы зиялыларды қатты ойлантқан. Бұл орайда Н.Ядринцевтің «Сібір бұратаналары және олардың құрып бітуі» деген мақаласындағы «Жер мәселесі барлық жүгенсіздіктер мен кедейшіліктің басталуы болды» деген жолдар патшаның оспадыр саясатының нәтижесінде бір ұлттың құрып кету қаупінің туғанын меңзеді. Өзінің әріптесінің бұл ойын қостай отырып, Л.К.Чермак «Қырғыздар қырылып бара ма?» деген мақала жазып, онда «Қырғыздардың барлық тағдыры тек жеке басының қамын күйттеген орталықтардағы бишігештердің қолында болды», - деп казак жеріндегі отарлау саясаты халықты құрту мен қанауға құрылғанын атап көрсетті.

Сөйтіп, патша отарлау саясатын өрістетіп, бар шұрайлы жерлерді орыс қоныс аударушыларына беру арқылы өзі шығарған заңды өзі

бұрмалап, казактардың жерін орыстардың меншігіне айналдырған. Бұл жөнінде казак даласын басқару туралы заң жобасына пікір ұсынған комиссия былай деген: «Қырғыз даласына шекаралардан казактарды, сондай-ақ ішкі және Сібір губернияларынан орыс шаруаларын кіргізу, олардың казактар даласына тереңдей енуіне мүмкіндік берді. Приказдардың тұрақты орналасқан жерлері қоныс аударушы орыстардың легін көбейте түсті. Орыс қоныс аударушылары Жайық пен Ертіс өзендерінен есептегенде мың шақырымға жуық оңтүстік аймақты басып алып, бұрындары Ресейдің шекаралық аудандары болып келген казак даласы патшалықтың ішкі бөлігіне айналып шыға келді». Бұл хабарды кезінде деректі құжаттар негізінде патша генералдары Ф.Грис пен Л.Баллюзек жазған. Сол кезде «Современник», сатиралық «Искра», «Военный сборник» тағы басқа көптеген газет-журналдар мен альманахтардың беттерінде казактарға хат танытудың қажеттілігі, казак жұмысшыларының түз өндіру орындарындағы қиын жағдайлары, көшпелі ауылдардағы тап қайшылықтары, казак халқының әдебиеті мен мәдениетінің кенжелеп калу қаупі турасында және казак даласындағы отарлау саясатын жүргізіп отырған патша үкіметінің топас іс жүргізушілері хақында еңбектер жазып қалдырған Е.Карпович, А.Евреинов, К.Губарев, Н.Н.Курочкин, А.Гейнстердің азаматтығына ризалығымызды білдіреміз.

Қорытындылай айтсақ, отарлау саясатының жүгенсіздігі үкіметтің барлық шет аймақтары сияқты Қазақстанда да тек өз жеке бастарының қамы үшін, жергілікті халықтың хал-жағдайымен есептеспегенінен-ақ көрініп отырды. Олар өз мақсаттарына жету үшін «мамандырылған» шаруашылық саясатын да жүргізді. Мұның өзі Қазақстандағы индустрияландырудың, өнеркәсіпті дамытудың, ауылшаруашылығы жүйесінің қолданбалы түрлерін дамытудың орнына, өлкені пайдалы қазбалар мен мал шаруашылығы өнімінің қоймаларына айналдыруға әкеп соқтырды. Осының бәрі жергілікті халықтың өміріне, әдет-ғұрпына үлкен әсер етті. Оларға күштеу арқылы еуропалық дүниетанымның белгілері енгізіле бастады. Отаршылдар казак мәдениеті еуропалықтар мен орыстардың мәдениетімен салыстырғанда «екінші сортты» деп кемсітті.

Міне, осындай себептермен казак халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы жоққа шығарылды. «Халық көшпелі рулар мен тайпалардың жиынтығы болғандықтан, олардың мәдениеті мен әдебиеті ауызға алғысыз», - деп көрсетілді. Осыдан барып, орыстар өздерін

басқаларға «аға халықпыз» деп мойындатуға тырысты. Қазақ халқының осылайша бұрмаланып келген ғасырлар бойғы тарихының сыр-сипатын тек бүгінгі дербес ел болған таңда ғана ашық айтуға мүмкіндік тулы.

Әдебиеттер тізімі :

1. "Вестник Европы" журналы. 1809 жыл. №7. 168-170 б.; №8. 271-272б.
2. «Вестник Европы» журналы. 1818 жыл. №9. 28-64 б.; 98-202 б., 1823 жыл. №1. 1-8 б.
3. «Вестник Европы» журналы. 1869 жыл. №3. 231-260 б.
4. «Вестник Европы» журналы. 1879 жыл. №5. 385- б.
5. «Вестник Европы» журналы. 1879 жыл. №5. 386- б.
6. «Вестник Европы» журналы. 1870 жыл. №10. 732 б.
7. «Вестник Европы» журналы. 1867 жыл. №4.
8. «Вестник Европы» журналы. 1870 жыл. №2,3. 372-402 б.
9. Фомченко А.К. Русские послания в Туркестанском крае в конце XIX – начале XX вв. Ташкент, 1983. с.15 .
10. Озғанбай О. Ресей мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жылдар).- Алматы: Қазақтан Республикасы парламенті баспаханасы, 1997.-460 б.(134).
11. Балакшин Н.Н. О киргизах вообще о подвластных России мусульманах. СПб., 1887. с.34.
12. Нұрқанов А. Мызғымас достық салтанаты.- Алматы. 1974. 15 б.
13. Омбы қаласы өткен ғасырда да ірі шаһарлардың қатарына жатқызылған. Кезінде онда ірі басқару орталығы орналасқан. Сонымен қатар мұнда түрлі бағытта білім беретін оқу орындары өте көп болған. Ол кезде Сібірдің ең үлкен қалалары болып есептелетін Томбы мен Үркітте де мұншама оқу орындары болмаған. Қаланың тағы да бар ерекшелігі мұнда өте бай музей және кітапханасы бар Орыс География қоғамының бөлімшесі жұмыс істеген.
14. Русский вестник . 1897. №9.
15. Сонда.
16. ҚРОМА. 79-қор. 4-ізбе. 236-бет. 6 парак
17. Қазак. 1915. № 100-101.
18. Васильев А. О киргизском языке и его транскрипции // Русский вестник. 1897. №7.
19. Сонда.
20. Орысшасы «Киргизская степная газета» деп аталған.
21. Русский вестник. 1898 . №8
22. Русский вестник. 1897. №7.
23. Сонда.

24. Сонда.
25. «Московские ведомости» газеті. 1892. №162.
26. «Московские ведомости» газеті. 1892. №162.
27. «Московские ведомости» газеті. 1892. №163.
28. Казакстан Орталык мемлекетік архиві. 64-кор. 436-іс.
29. «Московские ведомости» газеті. 1892. №230.
30. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 4.
31. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 5.
32. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 9.
33. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 7.
34. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 3.
35. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 10.
36. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 11.
37. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 10.
38. «Восточное обозрение» газеті. 1891. № 10.
39. Березина В. Г. Русская журналистика. 1 четв. XIX века. М., 1965.
40. «Исторический вестник» журналы. 1884. № 4.
41. «Исторический вестник» журналы. 1884. № 4.
42. «Жұлдыз» журналы. 1985. № 3.
43. «Исторический вестник» журналы. 1889. № 5.
44. «Исторический вестник» журналы. 1913. № 10.
45. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. IV. 1882.
46. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. IV. 1882.
47. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. I. 1870. 59 – бет.
48. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. I. 1870. 67 – бет.
49. Парсы тілінде «мұраптар» - «мұр»- арык, «ап»- бастык легенді білдіреді.
50. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. IV. 1882. 17 – бет.
51. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. II. 1882. 22 – бет.
52. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. II. 1882. 37 – бет.
53. Плотников И. «Критические заметки к очерку «Свадьба у киргизов» И. А. Алтынсарина. Записки Оренбургского ИРГО. 1870. Вып. II. 42 - бет.
54. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. I. 1880. 86 – бет.
55. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. I. 1880. 89 – бет.
56. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. I. 1880. 91 – бет.
57. Записки Оренбургского ИРГО. Вып. I. 1880. 93 – бет.

58. Плотников И. «Критические заметки к очерку «Свадьба у киргизов» И. А. Алтынсарина. Записки Оренбургского ИРГО. 1880. Вып. II. 43-бет.
59. Записки Оренбургского отдела ИРГО. 1880. Вып. I. 29 – бет.
60. Бұл да сонда ...
61. Записки Оренбургского отдела ИРГО. 1880. Вып. I. 48 – бет.
62. Записки Оренбургского отдела ИРГО. 1880. Вып. I. 71 – бет.
63. «Колокол» газеті. 1862 жыл. 1-мамыр.
64. «Колокол» газеті. 1867 жыл. 1-тамыз.
65. «Колокол» газеті. 1863 жыл. 8-шілде.
66. «Колокол» газеті. 1863 жыл. 8-шілде.
67. «Колокол» газеті. 1863 жыл. 8-шығарылымы.
68. «Колокол» газеті. 1867 жыл. 1-тамыз.
69. Бұл да сонда. 1857 жыл. 1-шілде.
70. «Отечественные записки» 1830; №11,12.
71. Казань. 1896 жыл.
72. «Материалы к истории казахского народа». Ташкент. 1925.
73. История Российская самых древних времен, через тридцать лет собранная и описанная. СПб. 1768.
74. «Отечественные записки» 1868; №8.
75. «Хронологический перечень событий из истории сибирского казачьего войска. со времени водворения западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории». Омбы. 1891.
76. «Изложение начал мусульманского законовещения. СПб. 1851 жыл.
77. «Отечественные записки». 1867, №5.
78. «Отечественные записки». 1867, №5.
79. Образцы народной литературы. СПб. 1897.
80. «Отечественные записки». 1830. №119.
81. «Сибирский вестник». 1812. №8.
82. «Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска...». Омбы, 1891.
83. П.С.Х.З.Ш. №9823.
84. «Орыстан география коғамы жазбалары». 1865. №3.
85. «Отечественные записки». 1826. №27.
86. «Отечественные записки». 1867. №12.
87. «Отечественные записки». 1823. №100.
88. «Отечественные записки». 1853. №8.
89. «Отечественные записки». 1830. №119.

90. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям». А., 1968.
91. «Путешествие из Оренбурга в Бухару». М., 1975.
92. Г.М.Потанин. «Путешествие». Петербург. 1881.
93. Үлкен Осоргинді казактар қаталдығына орай Темір деп атаған.
94. Егор Казимирович Мейендорф 1794 жылы әскер генералының отбасында дүниеге келген. 1811 жылы патша әскерінің қатарына алынып, 3,5 айдың ішінде прапорщик дәрежесіне көтеріледі. Ал, 1818 жылы капитан атағын алады. Ол Наполеонға қарсы 1812 жылғы Оған соғысына қатысып, ерлігі мен батылдығы үшін бірқатар ордендер мен аты жазылған алтын қылыштың иесі атанады. 1820 жылы Орта Азияға жіберілген орыс елшілігінің құрамында Бұхараға аттанады. Оған осы сапар кезінде Орынбордың бос жатқан жерлерін қоныстандыру үшін қырғыз даласына шолу жасау, яғни зерттеу жұмыстары жүктеледі.
95. А.Янушкевич. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. А., 1966.
96. "Северный архив" журналы. 1826, №22.
97. Қ.Алдабергенов. «Отарлау саясатының ойрандары», А., «Рауан», 1993, 34-бет.
98. Джакомо Леопарди. Лирика. М., 1967, стр. 126.
99. Ш.Сәтбаева. Әдебиет мерейі. А., «Қазақстан», 1981, 19-бет.
100. «Отечественные записки» журналы, 1830, №110-121.
101. Қазаннан 1896 жылы басылып шыққан.
102. История Российская самых древнейших времен, через тридцать лет собрания и описанная. СПб. 1768 год.
103. С.Б.Броневский «О киргиз-кайсаках Средней Орды». «Отечественные записки» журналы. 1830, №110-113.
104. Сонда.
105. Павел Иванович Небольсин 1811 жылы Нижегород қаласында дүниеге келген. Санкт-Петербург университетін бітірген. Небольсин 1828 жылы қаржы министрлігіне қызметке орналасады. Осы жерде ерекше еңбекқорлығымен танылған ол 1863 жылы қаржы және сенатор министрі болып бекітіледі. 1867 жылы Ресейдегі таможнялық тарифтың басқару жүйесінің тексеру органының төрағасы. 1868 жылдан мемлекеттік кеңестің мүшесі болған. Этнограф, ғалым, публицист.
106. «Министерство Внутренних Дел» журналы, 1852 ж., №7,8.
107. Бұл да сонда.
108. П.Небольсин. «Очерки Волжского низовья» С.Петербург, 1852.

109. «Неделя» журналы. 1896 жыл, №10.
110. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №11.
111. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №11.
112. «Русский вестник» журналы. 1858, №17, 41-45 беттер.
113. А.К.Гейнс. Кыргыз очерктері. «Военный сборник» журналы, 1866 жыл, №109.
114. Бул да сонда.
115. А.К.Гейнс. «Военный сборник» журналы, 1866, №109, 111-112 бет.
116. Бул да сонда, 115-116 бет.
117. А.Моруа. Дюма. М., 1962, 342-345 беттер.
118. «Дада уалаятынын газеті». 1888. №36-37.
119. «Польская поэзия». Т. 1. М., 1963. 376-бет.
120. А.Янушкевич. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям». А., 1966. Стр. 212.
121. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №12.
122. «Отечественные записки» журналы. 1868 жыл, №7.
123. «Отечественные записки» журналы. 1874 жыл, №10.
124. «Отечественные записки» журналы. 1846 жыл, №8.
125. «Отечественные записки» журналы. 1830 жыл, №121.
126. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №12.
127. «Отечественные записки» журналы. 1868, №8.
128. Венюков М. Карта Туркестанского генерал-губернаторства // «Известия императорского Географического общества». 1863, №4.
129. Сонда.
130. Западский А.К. Русское царство. При-Аральскому краю. Природа, население и ее особенности. С-Петербург, 1874.
131. Макшев А. Исторический обзор Туркестана и поступительного движения в него русских. С-Петербург, 1890.
132. Арандаренко Г. Досуги в Туркестане. С-Петербург, 1889.
133. Вамбери Г. Путешествие по Средней Азии в 1863 году. Москва, 1866.
134. Васильев И. Кочевники Туркестана. Опыт экономического обзора. Самарканд, 1890.
135. КРОМА., 230-кор, 3-тізбе, 321-іс.
136. КРОМА., 44-кор, 2-тізбе, 7807-іс.
137. КРОМА., 44-кор, 2-тізбе, 7807-іс.
138. КРОМА., 649-кор, 1-тізбе, 75-іс.
139. КРОМА., 1489-кор, 7-тізбе, 26-іс.

140. ҚРОМА., 71-қор, 1-тізбе, 391-іс.
141. ҚРОМА., 5-қор, 1-тізбе, 1350-іс.
142. «Русский вестник» журналы. 1880, №4.
143. ҚРОМА., 44-қор, 2-тізбе, 7807-іс.
144. «Отечественные записки» журналы. 1868, №8.
145. ҚРОМА., 44-қор, 2-тізбе, 7807-іс.
146. Венюков М. Общий обзор расширения русских владений в Азии и способ обороны их // «Военный сборник» журналы. 1879, №2.
147. «Киргизы в Средне-Азиатской степи» // «Воскресение» газеті. 1892, №11.
148. Туркестан и его жизнь. Из Сыр-Даринской области // «Восточное обозрение» газеті. 1883, №19.
149. Из Чуйской долины Семиреченской области // «Восточное обозрение» газеті. 1886, №33.
150. Дингельштедт Н.А. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. С.-Петербург, 1893.
151. Дингельштедт Н.А. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. С.-Петербург, 1893.
152. Жакман А.К. К вопросу о колонизации киргизских степей // «Московские ведомости» газеті. 1892, №159.
153. Сонда.
154. Шымкент округі // «Отечественные записки» журналы. 1868, №5.
155. Сонда.
156. Сонда.
157. Сонда.
158. Ә.Диваев. Қырғыз өмірінің беттерінен. Қазан, 1896.
159. А.Янушкевич. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям». Алматы, 1962.
160. В.Н.Татищев. История российская с самых древнейших времен. через тридцать лет собранная и описанная. СПб. 1768.
161. «Отечественные записки» журналы. 1868 жыл, №8.
162. «Отечественные записки» журналы. 1830 жыл, №11.
163. «Отечественные записки» журналы. 1866 жыл, №5.
164. Сонда.
165. «Отечественные записки» журналы. 1867 жыл, №7.
166. «Русский вестник» журналы. 1858, №17.
167. Сонда.
168. Сонда.

169. «Отечественные записки» журналы. 1852 жыл, №8.
170. «Отечественные записки» журналы. 1865 жыл, №1.
171. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №1.
172. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №12.
173. «Отечественные записки» журналы. 1830 жыл, №121.
174. «Русский вестник» журналы. 1858, №17.
175. «Соревнователь просвещения и благотерпения» журналы. 1819, V-бөлім.
176. К.Маркс. Ф.Энгельс. Шығармалары. Екінші басылуы. Т.16. 160-бет.
177. История Казахской ССР. Т.3. 1979.
178. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №12.
179. «Отечественные записки» журналы. 1830 жыл, №121.
180. Даль В. «Путешествие».- Петербург, 1881 ж.
181. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №12.
182. «Отечественные записки» журналы. 1830 жыл, №121.
183. Диваев А. О свадебном ритуале киргизов Сырдаринской области. – Казан. 1900 г.
184. А.Янушкевич «Дневники и письма из путешествия по казахским степям». А., 1966 г.
185. Мейендорф Е. Орынбордан Бұқараға саяхат. – Ташкент, 1975 ж.
186. Потанин Г. «Путешествия».-Петербург, 1881 г.
187. «Отечественные записки» журналы. 1853 жыл, №12.
188. А.Янушкевич. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям». А., 1966.

Мазмұны

Кіріспе	3-5
Бірінші бөлім. Патшалы Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты туралы орыс басылымдарында жарияланған материалдар	6-100
Бірінші тарау. Реакциялық бағыттағы газет-журналдар казактар туралы	6-65
1. "Вестник Европы" журналындағы отарлық шет аймактар тақырыбы.....	6-12
2. "Русский вестник" журналы казак жеріне коньс аудару, тіл, шокындыру және мал шаруашылығы мен егіншілік туралы.....	12-30
3. "Московские ведомости" газеті отарлау саясатын жактаушы.....	31-36
4. "Восточное обозрение" газетінде казактар мәселесінің жазылуы.....	36-40
5. "Исторический вестник" журналындағы казак жеріне деген кызыгушылық.....	40-47
6. "Императорлық орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбалары" казак даласында калыптасқан саяси-экономикалық катынастар мен салт-дәстүр мәселелері туралы.....	47-65
Екінші тарау. Демократиялық бағыттағы газет-журналдардағы казак тақырыбы	66-100
1. «Қолоколдағы» ашық әңгіме.....	66-71
2. «Отечественные запискидің» озык ойы.....	71-100
Екінші бөлім. Патшалы Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты туралы орыс және шетел публицистері жариялаған материалдар	101-122
Бірінші тарау. XVIII - XIX ғасырлардағы орыс публицистері казактар туралы	101-111
1. Мейендорфтың еңбектерінде казактардың салт-сана, әдет-ғұрыптарының жазылуы туралы.....	101-103
2. Броневскийдің шығармаларындағы казактардың шығу тегінің, тілі мен кәсібінің жазылуы туралы.....	103-105
3. Небольсиннің очерктеріндегі казактардың	

сауда, колөнер, салт-сана, білімге күштарлық мәселелерінің жазылуы туралы.....	105-108
4. Гейнстің еңбектеріндегі казак халқының өмір- тағдырларының жазылуы туралы.....	109-111
Екінші тарау. XVIII – XIX ғасырлардағы шетел публицистері казактар туралы.....	112-122
1. Француз ғалым, жазушы, зерттеушілері – Дюма, Жюль Верн, Капю мен Бонволо және Эжен Мельхиор де Вогиоэ казак жерінде.....	112-114
2. Поляк революционерлері – акын Г. Зелинский, жазушы А. Янушкевич, суретші Б. Залесскийлер казак жерінде.....	114-122
Үшінші бөлім. Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының зардаптары.....	123-186
Бірінші тарау. Тарихи шындықтың ашы сабақтары.....	123-159
1. Зынданнан шыққан зерде.....	123-127
2. Қазақтардың саяси-әкімшілік, ел басқару формалары турасындағы материалдар.....	127-136
3. XVIII-XIX ғасырлардағы Түркістан өлкесінің отарлануы және оның табиғи байлықтарының талан-таражыға түсуі.....	136-159
Екінші тарау. Тарихтың «актаңдақ» беттері.....	160-186
1. Қазақ халқының өткен өмірінен тарихи деректер мен дәйектер.....	160-177
2. Қазақтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдениеті және білімге күштарлығы.....	177-186
Қорытынды	187-190
Пайдаланылған әдебиеттер	191-197

Қырықбай Алдабергенов

**Патшалы Ресейдің Қазақстанды отарлау
саясатының тарихынан (1731-1917 жылдар)**

Монография

Подписано в печать 15.07.2003.

Гарнитура Times.

Формат 29,7 × 42 1/2 Бумага офсетная.

Усл.печ.л 11,3 Тираж 300 экз.

Заказ № 0353

Научно-издательский центр
Павлодарского государственного университета
им. С. Торайгырова
637000, г. Павлодар, ул. Ломова, 64